Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811'271 Қолжазба құқығында

КЕРИМОВА САНИЯ МАКЕЖАНОВНА

Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері

6D020500 – Филология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филол.ғ.д., профессор К.Н. Смағұлова

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, профессор Т.Мауқанұлы

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 3

1 МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМ – ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМИ БАҒЫТ

1.1 Мәдениаралық қатысымның теориялық-әдістемелік негіздері: пәннің қалыптасуы және даму тарихы 14

1.2 Жаңа ғылыми парадигмалар жүйесіндегі мәдениаралық қатысым мен лингвистиканың арақатынасы 28

1.3 Қазақ тіл біліміндегі мәдениаралық қатысым туралы зерттеулер 46

2 МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЖӘНЕ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

2.1 Қазақстандық орыстілді БАҚ дискурсындағы казахизмдердің лингвомәдени ерекшеліктері 56

2.2 Түр-түс атауларының мәдениаралық қатысымдағы семантикасы мен символикасы 78

2.3 Аударма – мәдениаралық қатысым үдерісінің басты көрсеткіші 95

3 МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМДАҒЫ ТІЛДІК САНАНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

3.1 Шетел азаматтарының мәдениаралық қатысымдағы қазақстандық этномәдени реалийлерді қабылдауы: ассоциациялық тәжірибе нәтижелері 110

3.2 Мәдениаралық қатысым жағдайында қазақтардың тілдік санасындағы жаңа бейнелердің қалыптасуы 118

3.3 Мәдениаралық қатысымда этностереотиптердің қалыптасуы 128

ҚОРЫТЫНДЫ 144

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 147

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Мәдени антропологияда әр түрлі мәдениеттер байланысады. Соның нәтижесінде екі немесе одан да көп мәдениеттер тоғысында түрлі формалармен адамдар қарым-қатынасында жүзеге асырылатын іс-әрекеттер «мәдениаралық қатысым» деген атауға ие болған. Қарым-қатынас жағдайында екі жақ тек өз дәстүрі мен салттарын ғана емес, күнделікті қарым-қатынаста өзге ұлттың өмір сүру, тіршілік ету қағидаларынан туатын қатысым тәртібімен танысуды мақсат етуі тиіс. Коммуникация (қатысым) кезінде қарым-қатынас жасаушылар екі түрлі ұлт өкілдері болса (кейде бір ұлттың адамдары арасында да екі түрлі мәдениет болады), олардың таным болмысында өзіндік ерекшеліктер кездеседі. Мәселен, ұлтқа тән сөйлеу әдебі мен мәдениеті, білім қорында жинақталған салт-дәстүрі, әлеуметтік мәртебесі, діни көзқарасы, тұтас менталдық ойлау ерекшеліктері. Индивид әлем туралы түсінігін өзінің кімдермен қалай мәдениаралық қарым-қатынас жасауы арқылы кәсіби жағынан толықтыра түседі.

Мәдениаралық қатысымды зерттеушілер **әлеуметтік, психологиялық, лингвистикалық** бағыттарға бөледі. Бұлай бөлу зерттеу нысаны мен қолданатын әдістерге байланысты. Мәселен, әлеуметтанушылар мәдениаралық қатысымды түрлі ұлт өкілдері арасындағы көбінесе бизнес ортасында жүргендерге дәстүрлі сауалнама жүргізу арқылы анықтайды. Олар практикалық қажеттілігі көпұлтты транскорпорацияларда көрініс табады.

Ал психологиялық бағыттың мақсаты мәдениеттің әсерінен болған түрлі әлеуметтік топтардағы өзгерістерді (мәселен, ұлт тіліне қатысты тілдік жағдаяттар), дағдылы (стереотип) көріністердің ерекшеліктерін (салт-дәстүрлер) анықтау. Соңғы уақытта дискурстың прагматикалық факторлары басқа да мәдени деректерді анықтады. Мысалы, іскери хаттар, шаршы топтағы сөз мәдениеті тағы басқалар мәдениаралық қатысымда қарастырылады.

Ал *мәдениаралық қатысымның лингвистикалық бағыты* аталған екі бағытқа қарағанда, ең алдымен мәдени байланыс, мәдени қарым-қатынас тіл арқылы қалай қалыптасады деген сұрақтарға жауап іздейді. Түрлі мәдениет өкілдерінің пікір алысуы, өзара түсінісуі, түсінбестіктері, хабар алмасуының тілдік сипаты қалай, қандай коммуникативтік контексте жүзеге асырылатындығын зерттейді. Лингвистикалық бағыттың тағы бір ерекшелігі дискурсқа айрықша көңіл бөлуі қатысым әрекеттерін тұтастандыруға (интегралдау процесі) әкеледі.

Диссертацияда мәдениаралық қатысымның лингвистикалық мәселелерінің теориялық-әдістемелік тәсілдері қарастырылады. Түрлі ұлт өкілдерінің өзара қатысым аспектілерінде ұлттық мәдени мазмұн мәдениаралық қарым-қатынаста тіл құралдары арқылы қалай көрініс табатыны айқындалады. Жаһандану, бірігу үдерістері, бұқаралық қарым-қатынас құралдарының ерекше мүмкіндіктері өзге тілдік жүйенің енуіне ықпал етеді, сондықтан барлық этномәдениеттер мәдениаралық өзара әрекет ету үдерісіне қатысады.

Мәдениаралық қатысым мазмұнының, нысандарының және шарттарының көпқырлылығы мәдениаралық қатысым теориясын жасауға ғылымдар тоғысындағы лингвистер, антропологтар, әлеуметтанушылар, психологтар және басқа мамандардың бірлесе зерттеуіне жол ашты. Мәдениаралық қатысым құбылысының пәнаралық табиғаты және құрылымының күрделілігі түрлі білім саласындағы мамандарды біріктірді. Түрлі мәдениеттер арасында өзара ақпаратты алуға және беруге кедергі келтіретін факторлар саны назар аудартады. В. Гудикунсттің және Й. Кимнің пікірінше, мұндай деректерге қарым-қатынасқа түсушілердің психо-мәдени, әлеуметтік -мәдени және жалпы мәдени ерекшеліктері, сондай-ақ, қоршаған ортаның әсері жатады.

Психо-мәдени ерекшеліктерге адамдардың өмір сүру жүріс-тұрысы, құндылықтары, әр түрлі деңгейде бекітілген нормалары (әдет-ғұрып, салт-дәстүр, заң), нысандары және бағалау тәсілдері жатады. Әлеуметтік- мәдени ерекшеліктер белгілі бір әлеуметтік ұйымға (әлеуметтік рөлдер, топтар, мәртебелер және т.б.) қатыстылығы арқылы көрінеді. Біздің көзқарасымыз бойынша, мәдениаралық қатысымды лингвистикалық феномен ретінде зерттеу ерекше рөл атқарады.

Зерттеудің өзектілігі. XXI ғасыр әлемдегі түрлі ел, халық, ұлттар арасындағы мәдени байланыс арқылы бір-бірін «тану», білу мүмкіндіктерін мейлінше нығайтуға ден қойды. Әлеуметтік топтар мен мемлекеттік институттар, қоғамдық қозғалыстар және жекелеген мәдениет қайраткерлері арасындағы мәдени қарым-қатынас барынша тереңдеп, жан-жақты өркендеуі үшін мұндай үдеріс барлық елдің қоғамдық өмірін түгел қамтыды.

Қазақстан тәуелсіздік алған уақыттан бері әлем халықтарымен мәдени, экономикалық байланыс күн өткен сайын мейлінше тереңдеп отыр. «Мәдениет пен өркениет соғысының» XXI ғасырда белең алғандығы соншалық, білім беру мен ғылым саласында мемлекеттердің дүниежүзі бойынша біріншілікке барынша ұмтылатыны түсінікті.

Қазіргі әлемде мәдениаралық өзара қатынас әртүрлі салада: мемлекетаралық қатынастарда, кәсіпкерлік, ғылыми және білім беру қызметінде тұлғааралық тілдесу деңгейінде жүзеге асырылады. Сондықтан мәдениаралық өзара әрекет етудің түрлі аспектілері - діниаралық диалог, жаһандану кезеңінде мәдениеттердің ұқсастығы, мәдениеттің мақсаты ретінде диалогтың орны, мәдениаралық диалогтың стратегиялары және т.б. түрлі ғылым салаларының зерттеу нысаны болып тұр. Мәдениаралық қатысым әлем халықтарының көптеген бірегей мәдениеттерінен тұратын әлемдік өркениеттің тұтастығы мен бірлігін аша түседі.

Мәдениаралық қатысым мәселелерінің өзектілігі өзге мәдениетке деген танымдық әрекетті білдіру және өз мәдениетін байытумен ғана шектелмейді. Сондай-ақ, ол жан-жақты әлеуметтік, саяси және экономикалық үдерістермен, қазіргі қоғамдық өмірдің сан қырлы салаларында әртүрлі халық өкілдерінің арасында күн санап өсіп келе жатқан әртүрлі қатысымға да байланысты. Қазіргі жаһандану бір жағынан халық пен мәдениетті бірегей өркениетті кеңістікте

тоғыстырса, екінші жағынан әлеуметтік мәдени сәйкестендіру тәсілдері мен дәстүрлі мәдени сәйкестіктің алшақтау үдерісіне де қатысты болып тұр.

Тақырыпқа қатысты әдебиетті қарастырғанда АҚШ, Еуропа және Ресей елдерінде мәдениаралық қатысым шет тілдерін меңгеру және оқытумен байланысты пайда болғанын дәлелдейді. Осы арада Қазақстанда мәдениаралық қатысым мәселесін өзектендіру мемлекеттің негізгі қоғамдық саяси идеологиясымен, яғни ұлтаралық келісім мен бейбіт ел, ынтымақтастық, мәдени диалог пен төзімділік қағидаттарын жария етумен байланысты.

Осыған орай, диссертация тақырыбының өзектілігі қазіргі Қазақстандық саяси-мәдени қоғам талабында мәдениаралық және ұлтаралық қатысымды зерттеу нысанының маңыздылығымен анықталады. Қазақстандық мәдениаралық қатысым үлгісі жүзден астам ұлт өкілдерінің ұлттық сәйкестігін құруға негізделген. Әр этникалық топ бірегей мемлекеттік құрылымның құраушы бөлігі болып табылады. Бұл ретте жергілікті ұлттық мүдденің қорғалуы түрлі этникалық топтармен араласқанда тек орыс тілділерге ғана басымдық берілгендігі белгілі. Сол себепті қазақ-орыс мәдениаралық қатысымы ерекше назарда болған. Ал басқа ұлт өкілдерімен мәдениаралық қатысым түрлі қарым-қатынас тәжірибелеріне негізделіп, өзіндік ерекшелігін қалыптастырған.

Отандық ғылымда мәдениаралық зерттеулер әлеуметтану, мәдениеттану, психология тұрғысынан көбірек зерттеліп, тікелей коммуникативтік іс-әрекетпен байланысты дискурстық, прагматикалық, лингвомәдени аспектілері назардан тыс қалған. Қазақстандық тіл білімінде жаңа бағыттардың бірі ретінде мәдениаралық қатысымға біраз зерттеушілер қызығушылық танытты. Алайда оның аспектілері көптеген, әсіресе лингвистикалық мәселелері мен әдістері жан-жақты зерттелмей, тек жеке мақалаларда сипаттау мен шолу нысанында жарияланған. Сондықтан осы диссертациялық жұмыс қазақ тіл білімінде алғашқы рет мәдениаралық қатысымның лингвистикалық мәселелерін арнайы зерттеуге арналған.

Қазіргі уақытта мәдениаралық қатысымның мәселелері пәнаралық деңгейде, мәдениеттану, әлеуметтану, психология және т.б. сынды түрлі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар аясында қолға алынған. Сонымен бірге, әлі күнге дейін мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу нысаны болған емес. Әртүрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасқа түсушілері өзге тілдік нұсқаларды және дискурсивтік стратегияны пайдаланады. Тіл бірліктеріндегі мәдени семантика және тілдесу жағдайының күрделігіне қарай этномәдени құбылыстарды тілдік фактілермен жүйелі сипаттап, жан-жақты қарастыру керек. Осыған байланысты, бұл зерттеу жұмысының өзектілігі - мәдениеттер диалогының ауқымын кеңейту және жаһандану жағдайында дискурсты сәтті ұйымдастыру. Ал оның тетігі мен тәсілдеріне кіретін мәдениаралық қатысымның лингвистикалық негіздері қарым-қатынас қызметін зерттеудің басты факторы болып қалады.

Тақырыпты зерттеу деңгейі. «Мәдениаралық қатысым» академиялық пән ретінде ең алдымен мәдени антропологияның жетістігі мен қоғамдағы коммуникативтік үдерістерге қатысты зерттеулер нәтижесіне сүйенеді. Коммуникацияны зерттеуде оған когнитивтік және әлеуметтік психология, әлеуметтану, когнитивтік лингвистика және тілдердің типологиясы сияқты ғылым салалары айтарлықтай үлес қосқан. Аталған ғылым салаларының әдіс-тәсілдері де әр алуан. Оның себебін еш уақытта аяқталмайтын, керісінше мазмұндық және формалық жағынан үнемі толыға беретін және тек адамға ғана қатысты **қатысым** (коммуникация) сияқты аялық (фондық) құбылыстың ерекшелігі деп түсіну керек. Зерттеудің қолданылатын әдістеріне байланысты мәдениаралық қатысым аясында дәстүрлі түрде зерттеудің әлеуметтік, психологиялық және лингвистикалық бағыттары айқындалған. Мәдениаралық қатысым пәнаралық және интеграцияланған ғылым ретінде американдық зерттеушілер Флоренс Клакхон мен Ф.Л. Стродбектің [1] мәдени анропология және әлеуметтік психология бойынша еңбектерінен және этнолингвистер Джон Гамперц пен Делл Хаймстың тіл мен мәдениеттің арақатынасы туралы еңбектерінен бастау алады.

«Мәдениаралық қатысым» термині алғаш рет 1954 жылы Э. Холл мен Д. Трагердің «Culture as Communication» («Культура как коммуникация» – «Коммуникация ретіндегі мәдениет») [3] мақаласында қолданылған. Мәдениаралық қатысымның негізгі ережелері мен пікірлері Э.Холлдың «The Silent Language» («Немой язык» – «Мылқау тіл») [4] атты белгілі еңбегінен соң дами бастады. Мұнда автор мәдениет пен қатысымның арасындағы тығыз байланысты анықтап, мәдениаралық қатысымның дербес академиялық пән ретінде дамуының негіздерін қалады.

Мәдениаралық қатысым ұғымы жан-жақты тереңдеп, аударма теориясы, шет тілін оқыту, салыстырмалы мәдениеттану, контрастивтік прагматика және т.б. салаларда жан-жақты тереңдеп, ол туралы көптеген ғылыми еңбектер жариялана бастады.

Мәдениаралық қатысым теориясы Еуропа елдерінде және Ресейде XX ғасырдың 90-жылдарында қарқынды дамиды және ол шет тілдерін оқытумен және зерттеумен байланысты болды. Бұл ретте М. Беннеттің, М. Хупстың, В.С. Библердің, В.П. Фурмановаңың, В.П. Кузовлевтің, С.Г. Тер-Минасованың, В.В. Красныхтың, Д.Б. Гудковтың, И.Э. Клюкановтың, Л.Н. Ваулинаның, Л.И. Гришаеваның, А.П. Садохиннің, О.А. Леонтовичтің еңбектерін атап өткен жөн.

Қазақстанда мәдениаралық қатысымның дамуының алғышарттары А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Е.Н. Жанпейісов, Ә.Т. Қайдаров, М. Копыленко, Э.Д. Сүлейменова, Р.Ғ. Сыздықова және т.б. қазақстандық тіл білімінің белгілі өкілдерінің еңбектерінде қаланған. Ғылыми ілімнің қазіргі антропоөзекті парадигмасы олардың лингвокогнитивтік және лингвомәдениеттік мәнін түсіну позициясы арқылы тілдік құбылыстарды зерттеу мәнін өзектендірді. Сондықтан лингвистикалық зерттеулердің қайнар

көзі мәдениаралық байланыстардың, когнитивтік-дискурсивтік және шет тілдерін оқыту мақсатында мәдениаралық қатысымды, инновациялық лингводидактиканы, сондай-ақ, салыстырмалы тіл білімі мен аударма мәселелерін зерттеудің салыстырмалы аспектілерін зерттеуден бастау алады.

Алғаш рет Қазақстанда мәдениаралық қатысым XX ғасырдың 90-жылдары зерттеле бастады [5]. Қазіргі мәдениаралық зерттеулер философиялық-мәдени аспектіде жүргізіледі. Осылайша, бұл мәселе А.М. Ержановаың «Массовые коммуникации и их влияние на глобальные трансформации культуры» [6] диссертациялық жұмысында зерттелген. Ж.М. Досхожинаның «Культурологический анализ межкультурной коммуникации в условиях глобализации» [7] диссертациясы Қазақстандағы мәдениаралық қатысым үдерісін сипаттауға арналған.

Мәдениаралық қатысым нысандары мен тәсілдерінің қалыптасуы мен дамуында әлеуметтік мәдени алғышарттар – ақпараттық қоғам, әлеуметтік және академиялық ұтқырлық, көші-қон үдерістері, халықаралық байланыс пен мәдениаралық байланыстар маңызды рөл атқарады. Бұл тіл мен мәдениеттің, мәдениет пен қатысымның және коммуникативтік тәрбиенің ұлттық негізі мен байланысы жағынан мәдениаралық өзара әрекет етудің лингвистикалық аспектілерін зерттеу қажеттілігін негізге алады. Алайда қазақстандық лингвистикада мәдениетке негізделген әлем бейнесі мен тілдік сананы терең және жан-жақты сипаттауға арналған кросс-мәдени зерттеулер жоқтың қасы. Қазақ тіл біліміндегі мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілерінің жеткіліксіз зерттелуі осы олқылықтың орнын толтыру мақсатын алдына қояды.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілерін жаңа ғылыми парадигмалар, мәдениаралық зерттеулердің қазіргі тенденциялары контекстінде зерттеу, сондай-ақ тілдік құбылыстардың этномәдени таңбалану ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Зерттеудің міндеттері. Жұмыста қойылған мақсатты іске асыру үшін диссертациялық зерттеуде келесідей **міндеттер** қойылады:

- қазіргі мәдениаралық қатысымның өзекті мәселелерін антропоөзектілік парадигма аясындағы лингвистика және қарым-қатынастың жаңа талаптары болып табылатын мәдениаралық қатысым дискурсы арнасында зерттеу;
- қазақстандық лингвистика ғылымында мәдениаралық зерттеулердің негізгі үрдістерін сипаттау;
- БАҚ-та, көркем шығармаларда және олардың аудармаларындағы тілдік бірліктердің ұлттық мәдени ерекшеліктерін сипаттау негізінде әлемнің тілдік бейнесіне кросс-мәдени талдау жүргізу;
- мәдениаралық қатысымның лингвомәдени және лингвокогнитивтік негіздері аясында БАҚ дискурсындағы казахизмдердің лингвомәдени ерекшеліктері мен түр-түс атауларының мәдениаралық қатысымдағы семантикасы мен символикасын анықтау;

- аударманы мәдениаралық қатысым феномені және аудару үдерісін аудармашының әлем бейнесін қабылдау ерекшелігіне негізделген мәдениаралық қатысымның әрекеті ретінде сипаттау;

- мәдениаралық қатысым үдерісі кезінде дұрыс түсіну үшін қажетті этно-әлеуметтік және этномәдени өзгешеліктерді анықтау;

- мәдениаралық қатысым жағдайындағы шетел азаматтарының қазақстандық этномәдени реалийлерді қабылдауын ассоциациялық тәжірибе арқылы зерттеу;

- мәдениаралық қатысымда қазақтардың тілдік санасындағы басқа ұлттардың ерекшелігіне қатысты образдардың қалыптасуын зерттеу;

- мәдениаралық қатысым жағдайында қалыптасқан этностереотиптерді (авто- гетеростереотиптер) сипаттау.

Зерттеу нысаны – қазіргі мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері және мәдениаралық қатысым жағдайында тиімді тілдесудің лингвокогнитивтік тетіктері.

Зерттеу пәні – қатысымдағы түрлі мәдениет өкілдерінің коммуникативтік мақсаттары мен міндеттеріне жету мақсатында әлемнің тілдік және екі немесе одан да көп мәдени-тұжырымдамалық бейнесінің өзара әрекеттесуіндегі мәдениаралық қатысым үдерісі.

Диссертациялық зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі. Әлемдік лингвистикада және қазақ тіл білімінде мәдениаралық қатысым салалары бойынша жасалған ғылыми тұжырымдар мен басты қағидаттар зерттеудің теориялық-методологиялық негізі болып табылады. Зерттеу тақырыбы кешенді ғылыми аспектілерде (мәдениеттану, философия, әлеуметтану, оқыту әдістемесі (педагогика) психология, тіл білімі) қарастырылатындықтан, аталған салалардың әлемдік және отандық қол жеткен ғылыми-теориялық зерттеу ұстанымдары мен ұғым-түсініктер басшылыққа алынады. Зерттеудің әдістемелік негізі Э.Холлдың мәдениаралық қатысым тұжырымдамасы, Г.Хофстеденің мәдениет зерттеу параметрлері, Т.Парсонның, Ф.Клакхонның және Ф.Стродбектің қатысым теориясына сүйенеді. Сондай-ақ, ғылыми зерттеудің методологиялық базасын тіл және таным, тіл және мәдениет, тіл және менталдылық (А.А.Потебня, Т.А. Дейк Ван, А.Вежбицкая, В.А Маслова В.В.Колесов және т.б.), елтану бағытында тілді оқыту (Е.М.Верещагин, В.Б. Костомаров және т.б.) және аударматану (В.Н.Комиссаров, Н.К.Гарбовский, О.В.Петрова және т.б.) сияқты проблемаларды қарастырған шетелдік және отандық тілші ғалымдар Ә.Т.Қайдар, Э.Д.Сүлейменова, Б.Хасанов және т.б. еңбектері құрайды.

Өз жұмысымызда біз мәдениаралық қатысым жөніндегі іргелі еңбектерге; тіл мен ойлаудың, халықтың тілі мен мәдениетінің байланысы туралы лингвофилософиялық ережелерге және тілдік бірліктердің антропоөзектілік сипаты туралы қазіргі көзқарастарға; ғылыми бағыт ретінде лингвомәдениеттің негізгі түсініктеріне; аударма қағидаттары мен аударма баламалығының әмбебап үлгілері мен тұжырымдамаларына сүйендік.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

– қазақ тіл білімінде *алғаш рет* мәдениаралық қатысымның лингвистикалық мәселелері арнайы зерттеледі;

– мәдени ұғымға негізделген тілдік бірліктер арқылы әлем бейнесін айқындау және оны мәдениаралық салыстыру мақсатында таңбаланған ұлттық тілдік құбылыстарды кросс-мәдени тұрғысынан зерттеу ұсынылады;

– жаһандық өркениет жағдайында мәдениаралық қатысымды зерттеуде қазіргі заманғы лингвистакадағы антропоөзектілік және когнитивті бағыттардың рөлі ашылып сипатталады;

– өзге елдің мәдениетін қабылдаушылар үшін аударманың маңызы ерекше болғандықтан, ұлттық мәдениеттегі менталдық ерекшеліктердің аудармадағы сипаты талданады;

– орыс тілді БАҚ-тағы казахизмдердің жаңа қолдану үрдістері қарастырылып, сипатталды. Жаңа окказионалды семантикаға ие болған кросс-мәдени неологизмдер талданып, олардың сөзжасам элементтері жүйеленді;

– БАҚ-та, көркем шығармаларда және олардың аудармаларындағы тілдік бірліктердің ұлттық мәдени ерекшеліктерін сипаттау негізінде әлемнің тілдік бейнесіне кросс-мәдени талдау жүргізу когнитивтік, психолингвистикалық және социолингвистикалық тетіктерге негізделген тәжірибелік мәліметтерге сүйенеді.

– қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның болмысы және өзге мәдениеттегі тілдік тұлғаны қабылдаудың этникалық сипатының ерекшелігі туралы түсінік қалыптастыру тәсілдерін сипаттау мақсатында түрлі мәдениет өкілдерінің тілдік санасына мәдениаралық зерттеу жүргізілген;

– *алғаш рет* мәдениаралық қатысымда қазақтардың тілдік санасында басқа ұлттардың ерекшелігіне қатысты образдардың қалыптасуы тәжірибе арқылы зерттелді. Зерттеу нәтижелері заманауи қоғамдық үдерістердің айқын сипатын беріп, тілдік санада жаңа бейнелердің қалыптасуына мәдениаралық қатысым феномені тікелей әсер ететіні дәлелдеді.

– *алғаш рет* тілдің мәдениаралық қарым-қатынас жағдайында тілдің рөліне бағынышты болатын және мәдениаралық қарым-қатынастың сәттілігіне және сәтсіздігіне әсерін тигізетін лингвокогнитивті механизмдер анықталған.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері этнотілдік құбылыстарды сипаттаудың жүйелі тәсілі және тіл мен ойлаудың өзара әрекеті, тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасы мәселелерін зерттеуге өзіндік елеулі үлес қосады. Мәдениетаралық коммуникациядағы тілдің әлемдік сипаты және тілдің мәдени шартты бірліктерінің жетекші рөлі туралы ғылыми тұжырымдар мәдениаралық қатысым теориясын толықтыра түседі. Бұл дискурсты ұйымдастырудың лингвистикалық негіздерін құрайды. Сонымен бірге, мәдениеттану, коммуникация теориясының, лингвомәдениеттанудың, когнитивтік лингвистиканың, этносемиотиканың, психолингвистиканың, социолингвистиканың, мәтін лингвистикасы және дискурс лингвистикасының

мәліметтерін біріктіретін мәдениетаралық коммуникация үдерісінің көп аспектілі әдістерінің тиімділігі көрсетілген.

Жұмыстың практикалық маңызы. Зерттеу жұмысында алынатын нәтижелердің маңыздылығы мен қажеттілігі, әсіресе, қолданбалы сипатында. Әлемді қабылдаудың аксиологиялық және когнитивтік моделі, қарым-қатынас пен жүріс-тұрыс модельдеріндегі мәдени айырмашылықтарды анықтау мақсатында мәдениетаралық зерттеулердің кешенді әдістемесін (лингвистикалық, социолингвистикалық және психолингвистикалық) жасауда, мәдениетаралық коммуникацияның тілдік заңдылықтарын зерттеуде пайдаланады.

Диссертацияның негізгі тұжырымдары, қағидалары мен қорытындылары лингвистикалық циклды қамтитын «Мәдени қатысымның теориясы мен тәжірибесі», «Лингвомәдениеттану», «Когнитивтік лингвистика», «Дискурс-талдау», «Психолингвистика», «Әлеуметтік лингвистика» оқу пәндерінің, сонымен бірге тіл мен мәдениеттің және заманауи мәдениетаралық үдерістердің өзара қарым-қатынасын зерттейтін арнаулы курстардың мазмұнын құрастырып, жетілдіру мен жаңартуда қолданыла алады.

Зерттеу әдістері. Диссертацияда зерттеу әдістерінің қолданылуы зерттеліп отырған материалдың ерекшелігіне және оны зерттеу міндеттеріне байланысты. Жұмыста алынған мәліметтерді жалпылау, мәліметтерді сараптау және түсіндіруге, оларды жүйелеуге және жіктеуге бағытталған бақылау, салыстыру және сипаттау секілді жалпы ғылыми әдістер қолданылған.

Жұмыста нәтижелі *психолингвистикалық әдіс* ретінде еркін ассоциативті эксперимент қолданылған. Ол шетелдік студенттердің өзге мәдениет, тілдер мен дүниетаным өкілдері ретінде қабылдауындағы заманауи қазақстандық болмыс сипатталатын тілдік таңбалармен ассоциацияланған білімнің вербалды формасын сырттай көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл білім белгілі бір дәрежеде бейсаналы деңгейде қызмет ететіндіктен, олардың вербалды сырттай сипатталуы арнайы талдау объектісі ретінде қарауға мүмкіндік береді. Талдауды өңдеу және алынған эксперименталды мәліметтерді жүйелеу барысында, сонымен бірге мәліметтерді компьютерлік өңдеу әдісі де қолданылады. Алынған нәтижелер Чарльз Осгудтың семантикалық дифференциал әдісі ретінде белгілі бақыланатын ассоциациялар әдісімен толықтырылды. Ол жеке және топтық әдеттегі сана моделін құруға, заманауи Қазақстандық қоғамның болмысы туралы және өзге мәдениет тілдік тұлғасының санасындағы этникалық сипат ерекшелігін саналы және бейсаналы түсініктер жүйесін анықтауға мүмкіндік береді.

Жұмыста қолданылған *топтау әдісі* түрлі семантикалық объектілердің басын қосатын интегралды түсініктерді анықтауға мүмкіндік береді. Толық және шынайы ақпарат алу, сонымен бірге когнитивті және аялық білім формасында информанттардың социомәдени позициясын анықтау мақсатында жазбаша социомәдени сауалнама әдісі және дискурс-талдау қолданылады. Респонденттердің жауаптары мен пікірлері олардың қазақ халқының ұлттық-

мәдени құндылықтарына қатысты позициясын түсінуге және сипаттауға, сонымен бірге мәдениетаралық қарым-қатынастағы әлеуметтік мәдени болмысты қарсы қоюға және информанттардың әлеуметтік мәдени позицияларын түсінуге мүмкіндік берді.

БАҚ-тан алынған мысалдарды өңдеу үшін белгілі бір елдердің образын қалыптастыру ерекшеліктері туралы ақпарат беру немесе көрсету сипатын анықтауға мүмкіндік беретін *контент-талдау* қолданылады. Лингвистикалық талдауға қарағанда контент-талдауда лингвистикалық бірліктер емес, мазмұн элементтері есептеледі. Бұл алынған нәтижелерді субъективті етеді.

Зерттеу материалы ретінде автор түрлі мәлімет көздерінің: лексикографиялық (қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, екітілді аударма сөздіктері, синонимдер, фразеологизмдер сөздіктері мен қанатты сөздер сөздіктері); көркем шығармалар және олардың аудармалары; масс-медиа ресурстары мен БАҚ: қазақ тілінде жарияланатын жалпыұлттық газеттер мен қазақстандық орыс тілді газеттері алынды. Аталған дереккөздердің материалы бойынша 2000-нан астам контекстілі сөз қолданыстар картотекасы қамтылып, диссертация жұмысында пайдаланылды.

Сонымен қатар, Қазақстанға академиялық мақсатпен келген шетел азаматтарының (батыс мәдениетінің өкілдері – американдықтар және шығыс мәдениетінің өкілдері – қытайлықтар, корейліктер, жапондықтар мен вьетнамдықтар) тілдік санасында мәдениаралық қатысым барысында және басқа да масс-медиа құралдары арқылы қалыптасқан этнодескрипторлар мен қазақстандық этномәдени реалийлерді қабылдаудағы ассоциациялары тәжірибе арқылы зерттеліп, сипатталды. Ассоциациялық тәжірибе нәтижелері өңдеуден өтіп, талданды және сипаттауы мен қорытындылары диссертациядағы кестелерде келтірілген сөзтізбелер мен ассоциаттар саны арқылы берілді.

Қорғауға ұсынылатын диссертацияның негізгі **тұжырымдары**:

1. Мәдениаралық коммуникацияны лингвистикалық феномен ретінде зерттеу семиотикалық қарым-қатынастың *белгі – зат, белгі – белгі, белгі – адам* үш типіне байланысты. Қатысым мақсатына жеткізетін вербалды және бейвербалды амалдардың өлшемдері бар. Олар: коммуникациялық-жүріс-тұрыс стратегиялары мен когнитивті механизмдер, шарттар сипаты және коммуникацияға қатысушылардың әлеуметтік мәдени ерекшеліктері.

2. Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері әртүрлі ұлт өкілдерінің өзара қарым-қатынас орнату барысында тілдік хабарлаудың белгілі бір коммуникативтік жағдаяттар аясында іске асуын қамтиды. Коммуникативтік іс-әрекетті және оған сәйкес мәдени сценарийлерді белгілейтін жеке қағидаларын салыстырмалы талдауымен кросс-мәдени прагматика айналысады. Кросс-мәдени прагматика сөйлеу актілерімен байланысты тыйым салыну, өтініш айту, сұрақ қою, сыпайылық көрсету және басқыншылық жасау мәселелерін зерттейді, сондықтан ол өзінің функционалды бағытымен ерекшеленеді.

3. Мәдениаралық зерттеу тілдік сананы когнитивтік және аялық (фондық) білімдерге негізделген әлем бейнесі бөлшектерінде (фрагменттерінде) өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Сондықтан сананың жете түсінбейтін сыртқы көріністері ретінде ассоциативті өрістерді қалыптастыратын вербалды ассоциацияларды зерттеу – мәдениаралық қарым-қатынас барысында ақпарат алушылардың әлеуметтік мәдени позициясын анықтау үшін ерекше маңызды.

4. Коммуниканттың әлемнің тілдік бейнесі мен оның қарым-қатынас мақсатына жету үшін іске асыратын дискурсивті стратегиялары дискурстың ұйымдастырылуы мен оның интерпретациясына тікелей әсер ететін лингвистикалық негіздердің өзегі болып табылады. Мәдениаралық қатысым үдерісі екі немесе бірнеше мәдени-концептуалды және әлемнің тілдік бейнелері арасындағы өзара әрекеттестік осы үдеріске қатысушылардың коммуникативтік мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін жүзеге асырылады. Әлемнің түрлі тілдік бейнелерінің арақатынасы аялық (фондық) білімдегі, сонымен бірге мәдени құндылықтар мен ұлттық мінез-құлық және коммуникативтік нормаларындағы айырмашылықтарды анықтайды.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Негізгі ғылыми-теориялық нәтижелер таяу және алыс шет елдердің халықаралық конференцияларында және баяндамаларда баяндалды. Диссертациялық зерттеу идеясы мен қорытындылары ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған мерзімді баспасөз басылымдарында, сондай-ақ Web of Science және Scopus халықаралық деректер базасында индекстелетін журналдарда және халықаралық конференция материалдары жинақтарында жарияланған.

1. «Межкультурная коммуникация: о переводах “Диван –и хикмет” Ясави» атты тақырыпта The 4 th International Scientific Congress «Science and Education in the Modern World», 2015; 1052 p. - New Zealand, 5-7 january, (ISBN 978-0-845-57459-7) (135-140 бет) журналында мақала жарық көрді.

2. «Мәдениаралық қарым-қатынастың ғылым деңгейінде зерттелуі жөнінде» атты тақырыпта филол.ғ.д., профессор Р.С.Әмірдің 85 жылдығына арналған “Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде: теориясы мен практикасы” атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы, - Алматы қ., 24 сәуір, 2015 ж. 179-181 бет.

3. «Лингвокультурные единицы перевода в межкультурной коммуникации» атты тақырыпта ҚазҰУ Хабаршысы (Филология сериясы) № 2 (154), - Алматы қ., 2015 ж. 396-400 бет.

4. «Лингвокультурологическая модель перевода в межкультурной коммуникации» // III Международный научно-практический форум «Языки. Культуры. Перевод» 19–25 июня 2015 г. материалы: электронное издание. - М.: Издательство Московского университета, 2015. – 433 с. (ISBN 978–5–19–011088-3) (149-154 бет)

5. "Түр-түс атауларының мәдениаралық қатынастағы семантикасы мен символикасы" ҚазҰУ Хабаршысы (Филология сериясы) № 6 - Алматы қ., 2015 ж.

6. "Культурная семантика цветообозначений в межкультурной коммуникации" «Перевод как средство взаимодействия культур» Краков қаласында 17.12. – 21.12. 2015 жылы өткен халықаралық конференция материалдарына жарияланды.

7. "Культурно обусловленная семантика языковых единиц в межкультурной коммуникации" атты тақырыпта Scopus деректер базасына енетін "Вопросы когнитивной лингвистики" журналы (ISSN 1812-3228), №1 басылым 2017 жыл.

8. "Орыстілді бақ-тағы казахизмдер: мәдениаралық қатынас мәселелері" Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы (филология сериясы № 4\2016жыл) №4 - Көкшетау қаласы, 2016 ж.

9. "Violation of Priority in Media and Political Discourse Dialogue (On the Basis of Kazakhstan Talk Shows)" атты тақырыпта Scopus деректер базасына енетін "The Social Science" журналы (ISSN: 1818-5800), 2016 жыл, 4440-4447 бет.

10. "Мәдениаралық қатысымдағы тілдік сананың этномәдени ерекшеліктері" Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы (филология сериясы № 3\2017 жыл) №3 - Көкшетау қаласы, 2017 ж.

Диссертация құрылымы және көлемі. Жұмыстың құрылымы оның тақырыбын ашу логикасына, алға қойылған мақсаттар мен диссертациядағы шешілетін міндеттердің ерекшелігіне негізделген. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМ - ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМИ БАҒЫТ

1.1 Мәдениаралық қатысымның теориялық-әдістемелік негіздері: пәннің қалыптасуы және даму тарихы

Мәдениаралық қатысым – лингвистиканың, мәдениеттанудың, ортақ тілдік қатынас пен лингводидактиканың тоғысқан жерінде қарқынды дамып келе жатқан сала. Бұл қазіргі кезде өзге мәдениет пен өзге тілді адамдардың нәтижелі қарым-қатынасы үшін қоғам талап етіп отырған теориялық, әрі қолданбалы ғылыми бағыт.

Мәдениаралық қатысымның негіздері пәнаралық және біріктірілген ғылым ретінде американдық мәдени антропология мектебінде, сондай-ақ, Еуропа мен Ресей прагмалингвистикасында, әлеуметтік психология мен этнология саласында білім синтезімен қаланған.

Қолданбалы мәселелерді шешуге бағытталған мәдениаралық қатысым ең алдымен оқу пәні ретінде қалыптасты. Сондықтан шет тілдерін үйрену және оқыту мәдениаралық қатысымды дамытудың маңызды алғышартына айналып, бұл пәнді оқу барысына енгізудің мүмкіндігі туды.

Э. Холл мәдениаралық қатысымның негізін қалаушы, американдық антрополог. Ол өзінің *Culture as Communication» – «Культура как коммуникация» 1954* [3, 19 б] деген еңбегі арқылы басқа мәдениет иелерімен тікелей қатынас жасау кезінде туындайтын адамдар арасындағы мәдениаралық тілдесу деректерін тәжірибеде қолдана отырып, өзіндік жасаған қорытындылары арқылы мәдениетаралық қатысымды пән ретінде оқыту керек деп айтады. Бұл бағыт автордың «Немой язык» (*The Silent language, 1959*) [4, 56 б] деген танымал кітабы жарық көрген соң, ары қарай дамыды. Онда автор мәдениет пен қатысым арасындағы тікелей байланысты, сондай-ақ барлық мәдениеттерге тән жалпы ортақ белгілерін қарастыра отырып, түрлі мәдениеттерді салыстыру мүмкіндігін дәлелдеді. Шет тілдерін әмбебап грамматикалық санаттар (категориялар) арқылы үйренудегі ұқсастықтарды келтіре отырып, Э. Холл басқа мәдениеттерді де осылай меңгеруге болатындығын анықтайды. Ортақ өркениетке қадам басқан адамзат өзінің қажетті игіліктері үшін бір-бірінен мәдениаралық қарым-қатынасты дамыту үшін өзге мәдениет пен тілді үйрену қажеттілігі туралы тұжырым жасайды.

Мәдениаралық қатысым аясындағы қазіргі теориялық және практикалық зерттеулер үш автордың мәдениет үлгілерінің тұжырымдамасына сүйенеді:

- негізгі (алғашқы) ақпараттық жүйелер теориясы, Э.Холл (*Hall, 1959*);
- мәдениеттің құндылықты бағдар теориясы, Ф. Клакхон мен Ф. Стродбек (*Kluckhohn, Strodbeck, 1961*);
- мәдениет өлшемдері жүйесі, Г. Хофстеде (*Hofstede, 1997*).

Осы авторлардың мәдени антропологиялық, философиялық және психологиялық білімдер негізінде әзірлеген мәдени өзгешеліктердің санаттары, сондай-ақ, қарым-қатынас теориясының ережелері қазіргі уақытта

мәдениаралық тілдесуді болжау мен талдау үшін пайдалы және маңызды болып отыр.

Э. Холл мәдениаралық қатысым мәселесін тек ғылыми зерттеулер пәні ретінде ғана емес, сонымен қатар дербес оқу пәні ретінде жасауды бірінші болып ұсынды. Оның идеялары осы пәннің тұжырымдамасын әзірлеуге және оқу құралдары мен оқу бағдарламаларын жасауға негіз болды. Ол оқыту барысының нәтижесінде білім алушылардың мәдениаралық құзыреті кеңейіп, басқа мәдениет адамдарымен күнделікті қарым-қатынас жасау барысында қиындықтарды жеңуге болатындығына мәдениаралық тілдесудің нақты мысалдарын талдау арқылы көз жеткізген.

Өткен ғасырдың 60-жылдарында мәдениаралық қатысым теориясы АҚШ университеттерінде оқытыла бастады. Осы кезде мәдениаралық қатысымды оқытудың екі бағыты анықталды. Олар:

- шетелде жұмыс жасауға кадрлар даярлайтын оқу орындарында (интернационалдық);
- әртүрлі этникалық құрамдағы балалар оқитын мектепте (ұлтаралық).

Бұл ретте, зерттеушілердің алдына қойған міндеттері тәжірибе түрінде ғана іске асырыла бастады:

1) американдықтардың шетелде тиімді қызмет жасауына ықпал ету арқылы (бұл әсіресе екінші дүниежүзілік соғыстан кейін белең ала бастады);

2) шетел студенттеріне және тағылымдамадан өтушілерге АҚШ-та тез бейімделуге көмектесу үшін;

3) 20-ғасырдың 60-жылдары азаматтық құқық үшін көтеріліс өз күшіне ене бастағанына қарай нәсілдер мен ұлтаралық дауларды шешуге ықпал ету үшін.

Э. Холлдың мәдениет пен қатысымның диалектикалық бірлігі туралы, әртүрлі мәдени топтардағы жеке адамдар қатынасы, олардың мінез-құлқының мәдени шарттылығы туралы тұжырымдамасы АҚШ-та, басқа шет елдерде үлкен танымалдылыққа ие болды. Алайда бұл тұжырымға ресми академиялық топтарда бірден баға берілген жоқ, тек ғылыми парадигма өзгерген соң ғана мойындала бастады.

Қазіргі зерттеушілер мәдениаралық қатысымның дербес зерттеу саласы ретінде қалыптасу тарихындағы Э.Холлдың маңызды рөлін ерекше атап өтеді: «Hall's personal experiences brought the problems of intercultural communication to his attention, but scholarly influences brought Hall to theinvestigation of intercultural communication. Hall's graduate training in anthropology at Columbia University and his work as an applied anthropologist in the Foreign Service Institute brought him in contact with scholars who influenced his conceptualization of intercultural communication. Hall identified four major influences on his work: (1) cultural anthropology, (2) linguistics, (3) ethology, the study of animal behavior, and (4) Freudian psychoanalytic theory» [8, p. 5].

«Холлдың жеке тәжірибесі оған мәдениаралық қатысым мәселесінің назарын аударды, ал ғылыми қызығушылықтары оның мәдениетаралық қарым-

қатынастарды зерттеуіне әсер етті. Э.Холлдың Колумбия университетіндегі антропология мамандығы бойынша магистратурада оқуы және Сыртқы сервис институтында қолданбалы антрополог ретінде жұмыс жасауы оны мәдениетаралық қарым-қатынастарды тұжырымдаумен айналысқан ғалымдармен байланыстырды. Э.Холл оның жұмысына төрт маңызды әсерін анықтады: 1) мәдени антропология, 2) лингвистика, 3) этология, жануарлардың мінез-құлқын зерттеу және 4) фрейдтік психоаналитикалық теория» (аударма біздікі – *С.М.Керимова*)

Э.Холлдың ең басты қол жеткізген ғылыми жетістіктерін атап өтетін болсақ:

- зерттеу өзегінің дара мәдениет үдерісінен түрлі мәдениет үдерісіне ауысуы;
- мәдениет тұжырымдамасының макро-дан микро деңгейге өтуі;
- мәдениеттің коммуникативтік үдеріспен бірігуі;
- мәдениеттің адам мінез-құлығына ықпалын зерттеу.

Бұдан басқа, ол алғаш рет **уақыт, кеңістік, контекст** сынды этномәдени бірліктің коммуникативтік өлшемдерін бөліп көрсетті.

Кейінірек Г. Хофстеде коммуникативтік өлшемдердің көпкомпонентті түсіндірмесін ұсынды. Олар:

- белгісіздікке қатынас (uncertainty avoidance);
-алшақтық (power of distance);
-гендерлік аспект (masculinity – femininity);
-ұжымға деген қарым-қатынас (individualism – collectivism);
-уақытқа қатынас (long-term and short-term) деген параметрлер [9, p. 5].

Г.Хофстеденің **мәдени өлшемдер теориясы** әлемнің 40 елінде жүргізілген жазбаша сауалнама нәтижелеріне негізделген. Мәдениет өлшемдеріне:

- билік алшақтығы (биліктен шамалас алшақ болу мәдениеттің демократиялық қатынастарды билікпен қоса қабылдауын білдіреді, ал қоғам оны тең көреді. Биліктен алшақ болу – билігі аз қоғам мүшелері өз орнын біледі және формалды иерархиялық құрылымдардың барын сезінеді);
- ұжымдасу – жекелену (саясатқа қатысы жоқ, жеке тұлғаларға қарағанда топтарға қатысы бар. Жекелікке мән беретін мәдениеттер жеке мақсатқа жетуге көбірек мән береді, ал ұжымдық тән қоғамдарда қоғамдық мақсаттар мен ауқаттылық жеке бастан жоғары тұрады. Мысалы: жапондықтар өздерінің сыпайылығымен ерекшеленеді, олар тіке сөйлемей астарлап айтқанды ұнатады, себебі тіке сөйлеу дауға әкелуі мүмкін дейді, ал жеке басын алға қоятын елдерде керісінше дауласу керек деп ұғынады. Себебі дауласу кезінде шындық туындайды дейді. Әркімнің өз ойы, пікірі бар дегенді ұстанады.);
- маскулинизация – феминизм (бұл ер адамдардың билікке деген құмарлығы, мінезі, амбициясының деңгейін, және әйелдердің адамдық қатынас, мәдениетті сипаттайтын өлшемдері жатады. «Ерлер» типі анық аңғарылатын мәдениеттерде бақталастық байқалады және мақсатқа жетуге құмар болады.

«Ер» мәдениеті бар елге АҚШ, Ұлыбритания, Швейцария, Германия, Италияны жатқызуға болады. Ал «әйел» мәдениетті елдерге Жапония, Голландияны жатқызамыз (сыпайы));

- белгісіздікке деген қөзқарас (қоғамның бөтен жайттарға, аяқ асты оқиғаларға, көшу қысымына деген реакциясын сипаттайды. Бұл индекс жоғары мәдениеттер өзгерістерге шыдайды, өздеріне белгілі бір заң мен қағидаларды орнату арқылы әбігерліктен қашуға тырысады) жатады.

Г. Хофстеде белгілеп көрсеткен мәдениет түрлері бойынша:

-биліктің жоғары және төмен алшақтығымен ерекшеленетін мәдениеттер (мысалы, түрік және неміс);

-ұжымдық және жеке мәдениет (мысалы, италиялық және американдық);

- маскулиндік және феминистік (мысалы, неміс және даттық);

-белгісіздікті болдырмаудың жоғары және төмен деңгейі (жапон және американдық) [10].

Мәдениаралық қатысымның оқу пәні ретінде қалыптасу барысы 1960 жылдары АҚШ-тың бірқатар университеттерінде аталған пән оқытыла бастағаны белгілі. Жаңа пәннің ары қарай дамуына американдық зерттеушілер Флоренс Клакхон мен Ф.Л. Стродбектің (*Kluckhohn F.R., Strodbeck F.L., 1961*) құндылық бағдарлардың мәселелері туралы, сондай-ақ этнолингвист Джон Гамперц пен Делл Хаймстың (*Gumperz, Hymes, 1972; Gumperz, 1982*) тіл мен мәдениеттің ара-қатынасы туралы мәдени антропологиялық еңбектері түрткі болды.

Мәдениаралық өзара әрекеттесу жолындағы өзара түсіністік мәселелері шетелдік тілшілердің, антропологтардың қызығушылығын танытып, қатысым саласындағы мамандардың бас назарында тұр. Бұл ретте құндылық бағдарлар, этномәдени бірегейлік мәселелері, өзге мәдениет ортасындағы оқшаулықты сезіну, «мәдени есеңгіреу» және сәйкессіздік дағдарысын зерттеу *(Р. Бенедикт, М. Беннет, Дж. В. Бери, С. Бочнер, М. Мид, Дж. Хофстеде және т.б.). ғалымдардың басты міндеті болды. Мысалы, көптеген батыс ғалымдары (Г. Колье, В. Гудикунст және Р. Хаммер, М. Пейдж және Дж. Мартин, М. Хупс, М. Беннет және т.б.)* мәдени қатысымды оқыту кезіндегі өз тәжірибелерін сипаттап, мәдениаралық оқытуды ұйымдастыру үлгілерін ұсынды.

Мәдениаралық қатысым теориясының қалыптасуы мен дамуына М. Беннеттің, М.Хупстың, В.С. Библердің, В.П. Кузовлевтың, С.Г. Тер-Минасованың және т.б. ғалымдардың еңбектері негіз болды.

Мәдениаралық қатысым теориясы Еуропада да қарқынды дами бастады. Оған дәлел 1966 жылы Берлинде «Дамыған және дамушы елдердің арасында интернационалды және мәдениаралық қатысым» атты ғылыми симпозиум өткен болатын. 1970 жылдары шет тілдерінің мамандары өзара қарым-қатынас жасауының елтанымдық аспектілеріне жүгінетін болды. 1989 жылы Мюнхен университетінде «мәдениаралық қатысым» жаңа мамандығы ашылды.

Ресейде мәдениаралық қатысымның қалыптасуы Мәскеу мемлекеттік университетінің шет тілдері факультетінде шет тілдерін оқыту мен осы пәннің

негіздерін қалауға байланысты С.Г. Тер-Минасованың, М.Павловскаяның еңбектері жарыққа шықты. Қазіргі мәдениаралық қатысымның зерттеу саласы мен оқу пәні ретіндегі теориялық-әдістемелік негіздері мәдениаралық қатысым туралы оқулықтарда берілген. Мәдениаралық тілдесудің теориясы мен тәжірибесі үшін оқулықтар жарыққа шыға бастады. Мәселен, С.Г.Тер-Минасованың «Язык и межкультурная коммуникация» [11, 89 б] кітабы мәдениаралық қатысым ұғымы толығырақ ашылған және шет тілдерін үйрену кезінде бұл оқу пәнінің қажеттілігі дәлелденген базалық және алғашқы басылымдардың бірі болды (Бұл еңбекті Елбасының "Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі жүз жаңа оқулық" бағдарламасы бойынша Ұлттық аударма бюросы 2018 жылы "Тіл және мәдениетаралық коммуникация" деген атаумен қазақ тіліне аударды).

Автор орыс және ағылшын тілдерін салыстыру негізінде мәдениет ерекшеліктеріне мысалдар келтіреді, мәдениет қайшылықтарына әкеп соғатын жағдайларды сипаттайды. Кітапта әлеуметтік мәдени түсініктемелердің мәдениетті меңгеру тәсілі ретіндегі маңыздылығы туралы айтылады. Бұл оқулық көптеген шет тілдерін, оның ішінде орыс тілін шет тілі ретінде жүргізетін оқытушылар мен зерттеушілер үшін аса қажетті және сұранысқа ие еңбекке айналды.

Мәдениаралық қатысымның мәселелерін XX ғасырдың соңында қарқынды зерттеле бастады. Мәдениаралық әрекеттесу мәселелері тереңінен және жан-жақты қаралған еңбектерді атап өтуге болады: Иконникова Н.К. «Современные западные концепции межкультурной коммуникации (модели индивидуального поведения в ситуации контакта культур)» (1994); Фурманова В.П. «Межкультурная коммуникация и языковая прагматика в теории и практике преподавания иностранного языка» (1994); Клюканов И.Э. «Динамика межкультурного общения: системно-семиотическое исследование» (1998); Астафурова Т.Н. «Стратегии коммуникативного поведения в профессионально-значимых ситуациях межкультурного общения» (1997); Шамне Н.Л. «Актуальные проблемы межкультурной коммуникации» (1999); Грейдина Н.Л. «Основы системной концепции коммуникативно-культурного взаимодействия (теоретико-экспериментальное исследование)» (1999) және т.б.

Ресейдегі Тверь мемлекеттік университеті мәдениаралық қатысымды зерттеудің маңызды орталығы болып табылады. А.А.Залевскаяның еңбегінде тіларалық және мәдениаралық салғастыру мәселелерін талдағанда зерттеу тәсілдері жүйеленген, түрлі ұлттар мен әлеуметтік топтардың тілдік санасын тәжірибе түрінде қарастырудың негізін құрайтын теория ұсынады. Бұл теория жалпы теориялық білімнің бір бөлігі болып табылатын жеке білім ерекшелігінің концепциясына негізделеді. Сөйлеу қызметінің нәтижесі белсенді субъектінің жетістігіне қарай адамдардың түрлі қызметі арқылы жинақталған ұжымдық білімі ретінде қарастырылады **[**12, 55б].

Алғашқы оқулықтардың бірі 2002 жылы мәдениаралық қатысым туралы «Основы межкультурной коммуникации» деген еңбек жарыққа шықты

(Грушевицкая және т.б.) [13, 98 б.]. Мәдениаралық қатысымның әртүрлі: лингвистикалық (Гудков 2003; Донец, 2001); психологиялық (Кочетков, 2002); менеджмент (Персикова, 2002) қырлары жөнінде еңбектер жарияланды. Авторлар күрделі және қолданбалы зерттеулер аспектісінде мәдениаралық қатысымды тілдесудің ерекше қасиеттері, түрлері мен нысандары бар қарым-қатынас жүйесі ретінде қарастырады. Сондай-ақ, теориялық ережелерді сипаттау үшін әртүрлі мәдениет өкілдерінің өзара қарым-қатынастарына көптеген мысалдар келтіріледі, әртүрлі елдердің коммуникативтік мінез-құлқы мен олардың тілдесу дәстүрлерінің ерекшеліктері сипатталады.

Түрлі лингвомәдениет өкілдерінің арасындағы табиғи тілдесу үдерісі – мәдениаралық қатысым теориясының нысаны. Әр мәдениет өкілдерінің арасындағы өзара қарым-қатынас жасау түрлерімен, оған ықпал ететін факторлар мәдениаралық қатысым теориясының мәні болып табылады. Мәдениаралық қатысымның өзіне тән зерттеу пәні мен әдістемелік базасы болса да, кейбір американдық ғалымдар мәдениаралық қатысымның пәнаралық екенін баса айтып, осы ғылыми парадигма аясында белгіленген заңдылықтардың тәуелсіз сипатына күмән келтіре отырып баға береді. «At the present time, as is true of communication studies in general, intercultural communiation is more involvedin describing and defining specific instances than in the development of any general theory. Of course, those methodologies that had been borrowed from prior communication studies, the social sciences, and in turn, from the physical sciences have not resulted in the discovery of anything comparable to lawlike responses in human actions» [14, p. 280]. «Қазіргі уақытта коммуникациялық (байланыс) зерттеулерге қатысты жалпыға ортақ мәдениаралық қарым-қатынас кез-келген жалпы теорияны дамытуға қарағанда, нақты жағдайларды сипаттауға және айқындауға көп қатысады. Әрине, бұрынғы байланыс зерттеулерінен, әлеуметтік ғылымдардан және өз кезегінде, физика ғылымдарынан алынған әдіснамалар, адам әрекетінде бір нәрсе анықтау кезінде заңды жауаптармен салыстыруға болатын нәтиже бермеді» (аударма біздікі – *С.М.*).

Мәдениаралық зерттеулердің теориялық-әдістемелік негіздерін жасау барысында мәдениаралық тілдесуді мәдениет нысандарының бір-бірімен байланысуын бекітетін жалпы тәсіл ғана емес, сондай-ақ, мәдениаралық қарым-қатынасқа қатысатын субъектілер мен олардың өзіндік қырларын талдауға бағытталған өзіндік жеке тәсілдер анықталды. Осы арада Ю.Ю. Ким ұсынған «аккультурация және мәдениеттегі ұқсастықты дамыту» теориясында (the theory of acculturation and intercultural identity) [15, 11 б.] тұлғааралық және әлеуметтік қарым-қатынас сынды ауыспалы қарым-қатынас, тілдік құзыреттілік, жеке ынталандыру мен қабылдаудың психологиялық ерекшеліктері белгіленеді. Түрлі тілдік тұлғалардың (иммигранттардың) коммуникативтік әрекеттерін зерттей келе, Ю.Ю. Ким қатысым дискурсының талабына қарай, олардың қолайсыздығы мен тиімділігінің төмендігін белгілеген. Зерттеуші аккультурация феноменін жаңа ортаға біріктіру арқылы

мәдениет ішіндегі сәйкестікті ары қарай дамыту арқылы қарсы әсерлердің әрекет етуіне қарай бейімделуін (мінез-құлық кодының өзгеруі) анықтайды. Ю.Ю. Кимнің пікірінше, ауызша қарым-қатынас жасау бір мәдениеттен екінші мәдениетке өтуді жеңілдететін дәнекерші болып табылады. Ол – мәдениетаралық тілдесу үдерісінің сәттілігін психологиялық факторға байланысты екендігін алғаш атап өткендердің бірі. Бұл *мәдени-психологиялық бейімделу теориясы* ретінде қарастыруға болатын жаңа теорияның туындауына ықпал етті [16, 6 б.].

«Мәдениет» ұғымының көптеген анықтамасын үш топқа жіктеуге болады. Бірінші топ мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын мәдени пәндердің белгілі бір жиынтығы деп есептейді. Екіншісі – қызмет тәсілдерінің жиынтығы ретінде түсіндіреді. Ал үшіншісі – адамның қоғамда өмір сүру тәсілі ретінде баяндайды. Бұл жағдайда барлық мәдениет ұлттық және жергілікті болып бөлінеді. *Жергілікті мәдениет* термині белгілі бір кеңістік-уақыт континуумында қаралған мәдениеттің кез келген жүйесін анықтайды [27, 8 б.]. Американдық антропологияда көп тұжырымдамалық түсінік ретінде мәдениет кең және әртүрлі түсінікке ие. Барлық анықтамалар *тіл, сана, мәдениет* және *тұлға* компоненттерінің өзара тәуелділігі туралы постулатқа (дәлелдеусіз қабылданатын негізгі пікір) негізделеді. Г.Хофстеде мәдениет пен ойлаудың арасындағы байланысты атап өтеді: «Culture is the collective programming of the mind which distinguishes the members of one group from another» – «Мәдениет – бұл бір топ мүшелерін өзгелерден ажырататын ақыл-ойдың ұжымдық бағдарламалары. Р.Брислин мен Т.Йошида мәдениеттегі құндылықтар мен мақсаттардың таратылатынына назар аударады: «Culture consists of concepts, values and assumptions about life that guide behavior and are widely shared by people… [These] are transmitted generation to generation, rarely with explicit instructions, by parents… and other respected elders» – «Мәдениет адамдар арасында кең таралған және адамдарға тән мінез-құлық беретін өмірге қатысты ұғымдар, құндылықтар мен жорамалдардан тұрады. ...[Бұл] ұрпақтан ұрпаққа, сирек нұсқаулармен, ата-аналармен және басқа да құрметті ақсақалдармен беріледі». Ал Роберт Коулз мәдениетке, оның ішінде тілге түсініктемелердің жеткілікті кең шоғырын жинақтады: «Culture is an integrated system of learned behavior patterns that are characteristic of the members of any given society/ Culture refers to the total way of life for a particular group of people. It includes what a group of people thinks, says, does and makes – its customs, language, material artifacts and shared systems of attitudes and feelings» – «Мәдениет - қоғамның кез келген мүшесіне тән игерілген жүріс-тұрыс үлгілерінің тұтас бір жүйесі. Мәдениет белгілі бір адамдар тобы үшін жалпы өмір сүру салтына жатады. Оған адамдар тобының нені ойлайтыны, айтатыны және оның салты мен тіліне, материалдық артефактілеріне, жалпы қарым-қатынас жүйесі мен сезімдеріне ықпал ететіні жатады.» (аударма біздікі – *С.М.*) ([28, p. 18] дәйексөз бойынша). Жоғарыдағы пікірлерге сүйенсек, американдық зерттеушілер мәдениаралық қатысымды *тіл,*

сана, мәдениет, тұлға түсініктерін өзара байланысты және анықталған категориялар ретінде қарастырады.

«Мәдениет» ұғымын анықтайтын барлық құбылыстар мәдени мета-үлгілер түрінде жүйеленген: объективті-субъективті (objective-subjective cultural model), айсбергтік (the icberg model), пирамидалық (the pyramid model), көпқабатты (the onion model). Осылайша, «айсбергтік» үлгіге «су үстіндегі», яғни түсінікті және қолжетімді артефактілер және «су астындағы» – құндылықтар, пікірлер (assumptions) (rules of conscious awareness)» кіреді. Г.Хофстеде ұсынған мәдениеттің пирамидалық үлгісіне үш компонент кіреді: үшбұрыштың шыңына орналасқан *тұлға* (personality), *адам болмысы* (human nature) – негізін құрайды және шоғырландыратын үзбе – *мәдениет* (аударма біздікі – *С.М.*) [10].

Тіл мен мәдениетке арналған көптеген еңбектерде [20, 22, 23, 31, 32] тіл мен мәдениет бір-біріне кейде бағыныңқы немесе бірде жеке дара қарастырылады. Адам қызметінің түрі ретінде қабылданатын тіл мен мәдениет бір-біріне негізделген бірлік болып табылады: тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді, сол сияқты мәдениет те тілден тыс өмір сүрмейді. Тіл мен мәдениеттің ұқсастығы олардың коммуникативтік, кумулятивтік, рефлексивтік, топтастыратын, трансмиссиялық және тағы басқа бірыңғай қызмет атқаратындығынан байқалады. Тілде өмір бейнесі, діл, ұлттық сипат, мәдени мақсаттар мен халық құндылықтары көрсетіледі. «Мәдениет – халықтың өзіндік тарихи жады» – деген В.фон Гумбольдт [29, 111б]. Тіл өзінің кумулятивтік қызметінің арқасында оны сақтайды, өткеннен осы шаққа ғана емес, сондай-ақ, осы шақтан болашаққа диалогтың жетуін қамтамасыз етеді». Даму ерекшелігі, құндылықты бағдарлау, тарихилық, ұрпақтан ұрпаққа жалғастық сынды мәдениеттің мұндай онтологиялық қасиеті «мәдениет – бұл семиотикалық табиғатқа ие дүниетаным мен дүниеге көзқарас. Осындай көзқараста мәдениет пен тілді адамның дүниетанымын білдіретін сананың түрлері деп санаған абзал. Тіл мен мәдениеттің детерминацияланған өзара байланысы субъектінің қауымында (сөйлеу субъектісі мен оның адресаты – бұлар әрқашан да мәдениеттің субъектісі болып табылады), нормативтілік пен тұрмыстың жеке және қоғамдық түрлерінің бірлігінде байқалады» (аударма біздікі – *С.М.*) [33, 222–225 б.].

Тіл мен мәдениеттің өзара бірлігін Е.Ф.Тарасов «адам және мәдениет» контекстінде қарастырады. «Адам» призмасы арқылы талданатын мәдениет адамның үш қабілеті: мәдениет дүниелерін, қызметін және ментальды бейнесін бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Мәдениеттің генетикалық аспектісін іске асыру адам қабілетін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге негізделеді: «Адам биологиялық жаратылыс болғандықтан, мәдени дүниелерімен байланысқа түседі және осы дүниелердің бейнесінде «қатып қалған» қызметті игере отырып оларды жандандырады. Мәдени дүниелерді жандандыру кезінде қалыптасқан адам қабілеттері адамды биологиялық жаратылыстан мәдениетті жаратылысқа айналдырады» (аударма біздікі – *С.М.*) [34, 46 б7]. Мәдениеттің мәндік және

қызметтік нысаны туралы ереже оның менталды түрінің «түрленуін» көрсетсе, тілдік белгілердің өзі сана түрлерін түрлендірушілер қызметін атқарады. Моно-билингвалды қарым-қатынасқа түсушілер санасының күрделі құрылымын анықтайды.

Өз кезегінде қарым-қатынасқа түсушілер үшін әлемнің тілдік бейнесі - өз мәдениетің мен өзге халық мәдениетінің құндылықтары, нормалары, әдет-ғұрыптары, ділі туралы білім мен түсініктердің жиынтығы болып табылады. Әлемнің бейнесі дегеніміз – әлемнің жаһандық бейнесі дегенмен тең. Ол адамның рухани белсенділігінің жемісі, сондай-ақ рухани белсенділік адамның әлеммен байланысқа түсуі кезінде қалыптасады. Әлемнің тілдік бейнесі - сол тілдік ұжымның күнделікті санасында тарихи қалыптасқан және шындықты тұжырымдау тәсілі, әлем туралы түсініктер жиынтығының тілде көрініс тапқан әлемнің концептуалдық бейнесінің бөлігі. Әлемнің концептуалдық бейнесі және әлемнің тілдік бейнесінің арасын Е.С.Кубрякова: «Әлемнің бейнесі – адамның өз қиялында әлемді бейнелеуі – әлемнің тілдік бейнесінен әлдеқайда күрделі құбылыс. Яғни тілдік формалар арқылы көрініс тапқан және тілге «байланған» адамның тұжырымдамалық әлемінің бөлігі» – дейді (аударма біздікі – *С.М.*) [35, 142 б.]. Тіл өмірді белгі, тәсілдер арқылы көрсетеді. *Дейксис, модальдылық, экспрессия* және *эмоция* сынды сөйлеудің арнайы атрибуттары қоршаған әлем көрінісінің арнайы түрлері деуге болады.

Әлемнің тілдік бейнесінің мәні былай түсіндіріледі: «... қазіргі адамның санасында қалыптасқан және көрінетін әлемнің тілдік бейнесі оған түрлі когнитивті үдерістерді жүзеге асыруға көмектеседі» [36, 7 б.]. Әлемнің тілдік бейнесі тілдің *номинативтік, функционалдық, бейнелі, дискурсивтік* құралдары арқылы құрылады, сондай-ақ *фоносемантика* арқылы да көрініс табады. Номинативтік құралдар арасында *лексемалар, тұрақты номинациялар, фразеологизмдер* қолданылады. Бұл бірліктер коммуникативті жағынан нақты түсінікті болғанда қызмет атқара алады. Бейнелі құралдарға метафоралар, метонимиялар, ауыспалы мағыналар жатса, дискурсивтік құралдар қатарына әртүрлі жанрдағы мәтіндерді құрудың арнайы стратегиялары жатады.

Лингвистикада «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымы В.фон Гумбольдтың («тіл – халықтың рухы») пікіріне және Э.Сепир мен Б.Уорфтың лингвистикалық салыстырмалылық болжамына сай келеді. Әлемдік бейне – объективті шынайылықтың субъективті бейнесі. Әлемнің тілдік бейнесі және әлем бейнесі бір-бірімен байланысты түсінігі: тілдік бейне және әлемнің ұлттық бейнесі (Г.Д. Гачев); әлемнің тілдік бейнесі мен әлемнің тілдік үлгісі (А.Д. Шмелев); «тілдік үлгі» термині тілдік жүйеде жүзеге асырылған әлем туралы түсініктердің сұлбасын көрсетеді; әлемнің тілдік бейнесі және әлемнің қарапайым бейнесі (Ю.Д. Апресян) деп көрсетіледі.

Тілдік тұлға тілді меңгере келе және әлемнің ұлттық тілдік бейнесіне «ене отырып» тілді тасымалдайтын белгілі бір этномәдени қауымдастықтың өкілі ретінде қалыптасады. Тілдік тұлғаны этномәдени сәйкестендірудің теориялық негізінде ұлттық-әлеуметтік ерекшелік туралы білім жатыр. Бұл Э. Фром,

И. Кант, В.Ю. Ключевский, Н.С. Трубецкой, Н.И. Толстой, Н.А. Бердяев, П. Адлер, У. Гудикунст, Р. Уильмс және т.б. еңбектерінде жете зерттелген.

Ю.Н. Караулов тілдік тұлғаның үш деңгейін бөліп қарайды: вербалды-семантикалық, когнитивтік және прагматикалық. Вербалды-семантикалық деңгей тасымалдаушының тілді қалыпты меңгеруін болжайды. Когнитивтік деңгей әрбір тілдік тұлғада қалыптасқан құндылықтар иерархиясын көрсететін қандай да бір реттелген әлемнің бейнесіндегі түсінік, ой, концептілер сынды бірліктермен ресімделген. Ал прагматикалық деңгейге мақсаттар, себептер, мүдделер және интенционалдылық жатады [37, 37 б.].

В.И. Карасик мәдениаралық қатысым жағдайында тілдік тұлғалардың топтамасын олардың білімі мен түсініктерінің «өзге» когнитивтік базаға жататындығын ұсынады:

1) туған тілінде өз коммуникативтік ортасында еркін сөйлейтін адам;

2) өзге тілде тілдесу табиғи құбылыс деп санайтын адам (эмигранттар, «табиғи» ортадағы ғалымдар);

3) оқу мақсатында өзге тілде сөйлейтін адам (тілдесудің табиғи ортасынан тыс) (аударма біздікі – *С.М.*) [38, 12 б.].

Мәдениаралық қатысым теориясында тілдік тұлға – бұл мәдениаралық трансформацияға қабілетті құндылықтар жүйесіне және мәдени әлемнің бейнесіне негізделген қарым-қатынасқа түсушінің ұлттық түрі. Мәдениаралық қатысым әрекетінде өз және өзге мәдениет бейнелерінің айырмашылықтарын ажырату операцияларын жүзеге асыратын тілдік тұлғалар қатысады. Демек, тілдік тұлға когнитивтік-дискурсивтік жағынан қарастырылатын көзқарасқа ие. Бұл «интеракция әлеуметтік мәдени қауымдастықта тілдік құралдарды пайдаланған кезде тілдесу ерекшелігін, әлеуметтік мәдени және қарым-қатынасқа түсушілердің жеке-психологиялық өзгешеліктерін, сондай-ақ сол тілді игеру деңгейінің бар екендігін» [39, 143 б.] білдіреді. Бұл тұрғыдан қарау қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері бар орыс, британ, американдық және т.б. тілдік тұлғалар туралы айтуға болатын заңдылықты білдіреді.

Әр халықтың дүниетанымы мен дүниеге көзқарасы негізінде заттық мағыналар, әлеуметтік стереотиптер және когнитивтік сұлбалар жүйесі жатыр. Олар жеке тұлғаның, сондай-ақ жалпы қоғамның ұлттық сана этникалығын анықтайды. Мәдениаралық қатысым жағдайында тілдік тұлғаны этнолингвомәдени сананы тасымалдаушы немесе этнолингвомәдени тұлға ретінде түсіндірген жөн. Тілдік құралдар қорында көрінетін тілдік фактілер арқылы олардың (этнолингвомәдени тұлғаның) ұлттық ерекшеліктерін жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді. Нақты этнолингвомәдениетке қатысты сипатталған біздің зерттеуіміздің ұлттық-мәдени сананың тілдік маркерлері инварианттардың негізгі мәні ретінде қарастырылады, оларды жүзеге асыру үшін әрбір этномәдениеттің өзіндік вариативтік тілдік құралдар жиынтығы бар. Оларды зерттеу белгілі бір этнолингвомәдениеттің өкілі, яғни тілдік тұлғаның сөйлеу/лингвистикалық портретін құруға мүмкіндік береді [40, 41 б.].

Лингводидактикада мәдениет көп түрлілігін белгілеу үшін *қосымша тілдік тұлға, инофон, ксенолекттік тілдік тұлға, үшінші мәдениет өкілі* сынды анықтамалар пайдаланылады. Зерттеуші Н.В. Халееваның: екінші тілдік тұлға тұжырымдамасы бойынша: «мәдениаралық қатысымды жүзеге асыру үшін тұрақты түрде білім алушылардың санасында «өзге» тіл, «өзге» мәдениетті «екінші қатарға ауыстыра отырып жою қажет дегенге саяды. Екінші тілді «өзге емес мәртебесіне аудара отырып, біз меңгерілетін тілдің «рухына» енуге қабілетті екінші тілдік тұлғаны құру міндетін қоямыз ...» – дейді (аударма біздікі – *С.М.*) [41, 45б.].

«Үшінші мәдениеттің өкілі» деген түсінік американдық ғалымдар бастамасы жасаған мәдениаралық қатысымды зерттеу нәтижесінде пайда болды. Фред Кэсмир тұжырымдамасына сай мәдениаралық өзара қарым-қатынас жасау нәтижесі үшінші (ауыспалы) мәдениеттің (third culture building theory) тілдік тұлғасының туындауы болып табылады. Осы тұжырымдамаға сай зерттеу өзегінде «аккультурацияға ұшыраған» тұлға ғана емес, сондай-ақ, қабылдаушы мәдениетте болып жатқан ассимилятивті үдерістер бар: «The third culture is built only when the participants engage in an active, coordinated, mutually beneficial process of building relationship», «melting pot», «salad bowl», «mosaic» – «Үшінші мәдениет тек қатысушылардың арасында белсенді, үйлесімді, өзара тиімді қарым-қатынас үрдісі болған кезде ғана қалыптасады: «балқыту пеші», «салат ыдысы», «мозаика» (аударма біздікі – *С.М.*) [42, 115б]. Осы тұжырымдамадағы мәдени бірігу нәтижелері туралы болжамның орнына келген «үшінші мәдениеттің адамы» түсінігі талас тудырады.

Мысалы, Р. Шатер кез келген өркендеуші көпұлтты қоғам әлеуметті құру жолымен келеді деп біледі, оның мүшелері «үшінші мәдениет» өкілдері болып табылады: «since third culture is a product of synthesis and accommodation – it is an ethic process because it values commonality over difference and seeks to create a new culture to accommodate differences» – «Үшінші мәдениет синтез және орналасу үрдістерінің нәтижесі болып табылады – бұл этикалық процесс, өйткені ол айырмашылыққа қарағанда ортақ қасиеттерін бағалайды және айырмашылықтарды сақтау үшін жаңа мәдениетті қалыптастыруға ұмтылады» (аударма біздікі – *С.М.*) [43, p. 429]. Ф. Кэсмирдің «third culture building» (үшінші мәдениет құру) тұжырымдамасын және Ю.Ю. Кимнің «the theory of acculturation and intercultural identity» (аккультурация және мәдениаралық сәйкестік) теориясын екі жақты тәсіл біріктіреді. Бұл бір жағынан аккультурацияға ұшыраған тұлғаны, екінші жағынан – эммигранттарды қабылдайтын мәдениеттегі өзгерістерді зерттейді. Бұдан басқа, «үшінші мәдениетті» және «аккультурацияны» құру үдерістеріндегі басым дүние - бұқаралық ақпарат құралдары.

Осы арада «үшінші мәдениеттің адамы» деген түсінікті жан-жақты талдау керек. Біз оқыған ғаламтор желісінен алынған еңбектерде үшінші мәдениет өкілдері деген түсінік бұл иммигранттардың екінші ұрпақтарының мәдениетіне қатысты ұғымды білдіреді екен. Бұл өзге тілді көпмәдениетті қатысымның

контексінде түсіндіріледі. Мәселен, 90-жылдары Қазақстанға шетелдіктер оқу, жұмыс барысымен көшіп келіп жатты. Олардың осындағы өсіп келе жатқан ұрпақтары үшінші мәдениет өкіліне жатады. Осылардың мәдениаралық қатысымды сәтті жасауы интермәдени кеңістікте үшінші мәдениет өкілін қалыптастырады. Бұл үшінші мәдениет өкілі деген мәселе толық шешімін таппағандықтан, бұл тілдердің байланысындағы парадигмаларда зерттелуі тиіс.

Қазіргі зерттеулерде мәдениаралық тілдесуді көрсету үшін бір-бірін қайталайтын көптеген түрлі терминдер пайдаланылады, бірақ әрқайсысының мағынасы бөлек. Мәселен: кроссмәдени қатысым, интермәдени қатысым, трансмәдени қатысым, контрмәдени қатысым дегендер бар. Алғашқы екі термин: кроссмәдени қатысым, интермәдени қатысым жиі кездеседі және синоним болып келеді. Бұл екі түрлі ұлттың өзара әрекеттесу үдерісінде өздерінің мәдени өзгешеліктерін зерттеуді білдіреді.

Ал енді, контрмәдени қатысым бұл мәдениеттанушылардың айтуына қарағанда басым мәдениеттің құндылықтарын жоққа шығарады. Бұл арада субмәдениеттің өкілдерін айтуға болады.

Трансмәдени қатысым дегеніміз екі немесе бірнеше ұлт мәдениетінің бір-бірімен тоғысуы және бірін-бірі толықтыру. Ол маркетинг, қоғамдық пікір және әлеуметтік даму кіретін жаһандық қатысым нысаны ретінде қарастырылады.

Мәдениаралық қатысым – бұл түрлі лингвомәдени қауымдастықтарға тиесілі тілдік тұлғалардың тілдесуі. Сондықтан, мәдениаралық тілдесу жағдайында тілдік тұлғалардың қарым-қатынасқа түсуі «өзім» – «өзге» қарама-қайшылықтары және «мәдени тілдік тұлға» дихотомиясында жүзеге асырылады.

Қорыта келгенде, пәннің құрылу және даму тарихын шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөлуге болады:

1. Мәдениаралық қатысым пәні шет тілдерін меңгеру / оқыту шеңберінде қалыптасты. Шет тілін меңгеру /оқытудағы елтану білімдерінің қажеттілігі Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаровтың «Язык и культура. Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного» кітабында негізделген [18, 78б.]. Бұл кезеңде түйіні шешілмеген мына мәселелерді атап айтуға болады:

а) мәдениаралық қатысым ерекшелігін сипаттайтын тұжырымдама әзірлеу;

ә) шет тілдерінің мәдениаралық қатысым контекстіндегі рөлі;

б) мәдениаралық қарым-қатынасқа түсуге дайын мәдени-тілдік тұлғаны қалыптастыру.

Демек, мәдениаралық қатысым проблемалары XXI ғасырға дейін лингвистердің зерттеу аясы болып қалды, оның ішінде шет тілін оқытатындардың еншісінде болды. Уақыт өте келе, тіл мен мәдениеттің, мәдениет пен коммуникацияның, коммуникативтік құлықтың ұлттық негізділігінің ара қатынасының, сондай-ақ мәдениаралық коммуникация теориясының жалпы мәселелері түсіндіріле бастады.

2. Келесі кезең мәдениаралық қатысымның оқу пәні ретінде қалыптасуымен, «Мәдениаралық қатысым» пәнінің және «Лингвистика және мәдениаралық қатысым» мамандығының оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуімен сипатталды. Пәнді өту барысында мәдениаралық лингводидактика қалыптасты, сондай-ақ коммуникативтік әдістемеде «әлеуметтік тәсіл», «біріктірілген елтану», «мәденитанымдық тәсілдеме» деген түсініктер пайда болды. Екінші тілдік тұлғаның мәдениаралық құзыреттілігі және кәсіби ортада мәдениаралық өзге тілде тілдесу, бейімделу және меңгеру туралы мәселелері зерттеу нысанына айналды. Мәдениаралық тілдесу тәжірибесі бойынша оқулықтардың құрылымы мен мазмұнының теориялық негіздерін, кәсіби өрістегі мәдениаралық шет тілдік қарым-қатынасты және екінші тілдік тұлғаның мәдениаралық құзыреттілігін қалыптастырудағы педагогикалық шарттарына зерттеу жүргізілді.

3. Мәдениаралық келелі мәселе пәнаралық сипатын растай отырып, әлеуметтанушылардың, психологтардың, педагогтардың, философтардың, мәдениеттанушылардың, этнологтардың және т.б. қызығушылығын танытып отыр. Мәдениаралық қатысымның өзге ғылым жүйесіндегі орны мен рөлі сияқты мәселелер де өзекті. Мәдениаралық қатысым мен мәдениеттанудың ерекшелігі тілдік қатысымның аясында қарастырылды.

4. Коммуникациялық ілгерілеу адамның, қоғамның, мемлекеттің жан-жақты өмірінің қалыптасуына әсерін тигізеді, сондықтан заманауи қоғамның өзекті мәселелерінің біріне айналды. Қазіргі мәдениаралық зерттеулер жаһандану, бірігу, транскультурация үдерістерінің белсенділігімен, бұқаралық қатысым құралдарының ықпалымен байланысты. Сонымен қатар шекараның ашықтығы қазіргі электронды-ақпараттық қоғамдағы мәдениаралық қатысым сипатына және қоғамдық санаға үлкен ықпал тигізетін жаңа трансмәдени кеңістік қалыптастырады.

Қазіргі кезде мәдениаралық қатысым теориясында жаңа мүдделер ауқымы анықталды. Олар:

- мәдениеттің жаһануы жағдайындағы қатысым;
- мәдени империализм;
- бұқаралық мәдениаралық қатысым мәселелері;
- тікелей және жанама қатысымның заманауи виртуалды құралдарының негізгі нысандары: ғаламтор, сандық теледидар, ұялы телефон байланысы, әлеуметтік желілер және олардың мәдениаралық байланыстарды жеделдету мен рухани мәдениетке жағымды немесе жағымсыз ықпалы туралы айтуға болады.

Мәдениаралық қатысымның заманауи нысандары мен тәсілдерінің құрылуы мен дамуына ақпараттық қоғам, әлеуметтік және академиялық мобильділік, көші-қон үдерістері сынды әлеуметтік алғышарттар маңызды рөл атқарады.

5. Соңғы кездегі трансмәдени құбылыстарға аса қызығушылықтың өсуі жаңа трансмәдени парадигманың пайда болуына алып келді. Түрлі мәдениет элементтерінің жаңа үйлесімінің пайда болу себептеріне тығыз қарым-қатынас,

мәдениеттердің бір-біріне сіңіп, ықпалдасуы, әмбебап мәдени көзқарастың пайда болуы жатады. Кеңістік және уақыт өлшемдерінен тыс әртүрлі мәдениеттерге сіңісу қабілеті заманауи тұлғаларға тән қасиет. Заманауи әлемдік ахуалдың жаңа белгілерін қалыптастыратын үрдістер қатарына трансмәдени аясында іске асатын коммуникациялық қақтығыстардың кең таралуы жатады.

Сонымен қатар кросс-мәдени қатысым екі немесе одан көп мәдениеттерде кездесетін нақты бір құбылысты сипаттап, әртүрлі мәдениет өкілдерінің коммуникативтік құзыреттіліктерін салыстырады. Кросс-мәдени зерттеулер мәдени негізі қаланған әлем бейнесін анықтауды көздейді және коммуникативтік араласудың қағидалары мен шарттарын зерттейді.

Мәдениаралық қатысымның оқу пәні және жеке ғылыми бағыт ретінде қалыптасу кезеңдері келесі сызбада көрініс табады.



Сурет-1 – Мәдениаралық қатысымның оқу пәні және жеке ғылыми бағыт ретінде қалыптасу кезеңдері

1.2 Жаңа ғылыми парадигмалар жүйесіндегі мәдениаралық қатысым мен лингвистиканың арақатынасы

Қазіргі заманғы антропоцентрлік бағыттағы линвистиканың өзекті мәселелерінің бірі – жаһандану мен ықпалдасу жағдайларында өзінің тілдік коды, мінез-құлық стереотиптері, құндылық мақсаттары, әдет-ғұрпы мен дәстүрі бар әртүрлі мәдениет өкілдерінің арасындағы өзара әрекеттесу үдерісі ретіндегі мәдениаралық тілдесу. Қазіргі антропоөзектілік лингвистикада мәдениаралық қатысым ерекшеліктері туралы проблемаларды анықтау ғылыми зерттеулердің басты нысанына айналды. Бұл соңғы он жылдықтағы зерттеулерден ерекше байқалады [8, 44- 54].

Әлеуметтік қарым-қатынас түрлерінің бірі ретіндегі мәдениаралық қатысым тіл арқылы жүзеге асады, сондықтан тек жеке тіл бірліктерінің ғана емес, жалпы тіл жүйесінің де ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерделеу қажеттілігі туындайды. Мәдениаралық диалог аясында тілдік деректерде кездесетін адамдық фактор ескеріле отырып талданады. Сондықтан көптеген гуманитарлық ғылымдар үшін адам басты санат және базалық әдіснама болып танылады.

Қазіргі жаһандану жағдайында жедел дамып келе жатқан әлемде мәдениаралық қатысымның ықпалдасқан білім саласы ретінде тез дамуына қазіргі әлемнің нақты үдерістері, әртүрлі мәдениет адамдарының күнделікті қажеттіліктері, кәсіптер, әлеуметтік институттар себеп болды. Экономика мен қызмет көрсету саласын жаһандандыру және интернационалдандыру, туризм мен бизнесті дамыту, білім ықпалдастығы, қыруар көші-қон үдерістері нәтижесінде мәдениаралық қатысым туындайды. Осындай жағдайларда тілдесу барысында туындайтын қателіктер мен түсініспеушіліктер, әр ұлттың мәдениет ерекшеліктері халықаралық, мәдениаралық қатысым мәселелерінің өзекті болуына ықпал етті. Сондықтан мемлекеттер арасында мәдениет өрісінің шегі кеңейіп, белсенді дамып келе жатқан қазіргі мәдениаралық қатысым диалог барысында туындайтын мәдениеттер қайшылықтарын ымыралы шешу секілді жаһандық мәселені үйлестіреді.

Қазіргі уақытта мәдениаралық қатысым мәселелері мәдениеттану, психология, лингвистика, әлеуметтану, этнология аясында пәнаралық деңгейде зерттеледі. Бұл ретте әр ғылым саласы осы ерекшелікті қарау мен талдауға өз тәсілдерін пайдаланады. Мәдениаралық қатысым тек тіл мәселесіне ғана байланысты емес екендігі анық. Өзге мәдениеттің тілін білу қажет, алайда қарым-қатынасқа түскен қатысушылардың саналы өзара түсінісуі де жеткілікті бола бермейді. Бұдан басқа, мәдениаралық қатысым екі әртүрлі тілдің арасындағы айырмашылықтың барын ғана емес, сондай-ақ, бір тілді пайдалану кезіндегі өзгешелікті де қамтиды. Сондықтан таңба және таңбалар жүйесі арқылы әртүрлі деңгейде және түрлі нысандарда жүзеге асырылатын адамның өмір сүру аясында екі және одан көп мәдениеттер арасында өзара әрекетті мәдениаралық қатысым деп түсінеміз.

Әлеуметтік қарым-қатынас түрлерінің бірі ретінде мәдениаралық қатысым тіл арқылы жүзеге асырылады, сондықтан жекелеген тілдік бірліктерді ғана емес, сондай-ақ, жалпы тілдік жүйенің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігі туындайды.

Мәдениаралық диалог аясындағы тілдік феномендер адам факторына қатысты екендігі белгілі, сол себепті гуманитарлық ғылымдар адамды басты категория және базистік әдістеме деп есептейді. Сонымен қатар, мәдениаралық тілдесудің ерекшелігін көрсету үшін көптеген түрлі терминдер: кроссмәдени қатысым (cross-cultural communication), интермәдени қатысым (intercultural communication), трансмәдени қатысым (transcultural communication), контрмәдени қатысым (contracultural communication) және т.б. екендігін жоғарыда сөз еттік. Сонымен алғашқы екі термин жиі қолданылады және синоним болып келеді: «cross-cultural communication» халықтың өзара әрекеттесу үдерісінде өздерінің мәдени өзгешеліктерін зерттеуді білдірсе, ал «intercultural communication» түсінігінің ауқымы кең, яғни құрамына тек қатысымды ғана емес, сондай-ақ маркетинг, қоғамдық пікір және әлеуметтік даму кіретін жаһандық қатысым нысаны ретінде қарастырылатындығын тағы бір рет еске саламыз.

Тиімді мәдениаралық қатысым дағдыларына баулумен айналысатын білімдер аясының көптеген атаулары бар: мәдениаралық білім беру (multicultural education, intercultural learning, cross-cultural training), екі тілді білім беру (bilingual education), мәдениаралық сана (cross-cultural awareness, cross-cultural perspective) және т.б. Қазіргі қазақ қоғамында осы аталған қатысым дағдыларына үйретететін білімдер аясының түрлері қалыптаса бастады. Ал енді даму үдерісінің нәтижелері көріне бастады. Қазақ және орыс тілін жақсы меңгерген және үш және одан да көп тілді меңгеруге ден қойған қазіргі қазақ жастарының көбейіп келе жатуы осыған дәлел.

Мәдениаралық қатысым үдерісі – қатысушылардың (адресат пен адресант) қарым-қатынасқа түсуі. Олар мақсаты мен міндеттеріне жету үшін екі немесе одан көп мәдени-тұжырымдамалық және әлемнің тілдік бейнесінің өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ету керек. Осыған байланысты мәдениаралық қатысым теориясының негізгі түсініктеріне: *мәдениет, қатысым, мәдени сәйкестік, тілдік тұлға, әлемнің тілдік бейнесі, коммуникативтік құзыреттілік* жатады.

Теориялық лингвистика ережелері мен төменде тізбелеп көрсетілген қазіргі лингвистикалық бағыттар дербес білім саласы ретіндегі мәдениаралық қатысымның теориялық-әдістемелік қорын жасады. Атап айтқанда:

1. *Тіл философиясы*. Тіл философиясы мен теориялық тіл білімінің еуропалық дәстүрінің негізін салушы В. фон Гумбольдттың идеяларына негізделген «тіл – халықтың рухы» деген еуропалық тіл философиясы («О различии строения человеческих языков и его влияние на духовное развитие человечества») [17, 145б]. В. фон Гумбольдттың идеялары тіл мен мәдениеттің байланысы туралы қазіргі заманғы ұғымдардың дамуына үлкен

ықпал етті. Бұл идея Ш. Баллидің, Бодуэн де Куртенэнің, Л. Вайсгербердің, В. Вундттың, Я. Гримнің, Р. Расктың, Р.О. Якобсонның және т.б. ғалымдардың еңбектерінде өз жалғасын тапты.

2. *Тіл біліміндегі психологиялық бағыт*. Бұл тұжырымдамалар Ресей тіл білімінде А.А. Потебняның, Бодуэна де Куртенэнің, Л.В. Щербаның еңбектерінде өріс алды. Осы бағыт арқылы сөйлеу қызметінің теориясы қалыптасып, XX ғасырдың екінші жартысында психология мен лингвистиканың тоғысуы арқылы біріктірілген ғылым – психолингвистика пайда болды (Л.С. Выготский, Н.И. Жинкин, А.А. Леонтьев, А.Р. Лурия).

3. *Мәдениаралық қатысым*. Бұл бағыт әртүрлі лингвомәдениет өкілдерінің өзара түсіністігі, сондықтан оның негізін тіл мен мәдениет арасындағы өзара қарым-қатынас құрайды. Тіл мен мәдениеттің байланысын анықтауда Сэпир-Уорфтың атақты «тіл тек ойды жеткізу құралы ғана емес, ол біздің ойымызды қалыптастырады» деген *лингвистикалық болжамы* елеулі үлесін қосты. Сэпир-Уорфтың болжамы бойынша, шынайы әлем, әлемнің ұғымдық бейнесі және әлемнің тілдік бейнесі секілді қоршаған ортаны қабылдау түрлері туралы пікірлері тілдің, ойлау мен мәдениеттің өзара байланысу саласында көптеген зерттеулерге түрткі болды. Бұл шет тілдерін үйрену мен оқыту тәжірибесінде қажеттілікті өтеді. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерделеу барысында жаңа бағыттарды қалыптастырып, мына төменде көрсетілген оқу пәндерінің пайда болуына себепші болды:

а) *Лингвоелтану* – үйренетін тіл елінің ерекшеліктері туралы ғылым. Бұл терминді 1971 жылы «Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного» [18, 15 б.] кітабының авторлары Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаров енгізген. Бұл бағыт 60-жылдары белсенді түрде дами бастады және орыс тілін шет тілі ретінде оқыту тәжірибесінде осы күнге дейін үстемдік танытып отыр. Авторлар «әр ұлт мәдениетіне жататын коммуникативтік актіге қатысушылардың өзара түсіністік танытуларын» мәдениаралық қатысымға жатқызады [18, 43 б.]. Бұл ретте «мәдениаралық қатысым» термині аккультуризация мәселелерімен байланысты әдістемелік сауалдар кешенін анықтайтындығын білдіреді. Ұлттық-мәдени ақпарат әдістемелік мақсатпен түсіндіріледі, яғни орыс тілін шет тілі ретінде тиімді үйрену үшін қолданылады. Бұл зерттеулерде қазіргі лингвомәдениеттану негіздерінің салынғанында ескерген жөн.

ә) *Этнолингвистика* – тілді этноспен өзара байланыстыра отырып зерттейтін ғылым. Ол А.С. Гердтың еңбектерінде кездеседі [19, 46 б.]. Кітапта тілдік ахуал түрлері, «этнос», «тіл саясаты», «этногенез», «халық мәдениеті туралы білімді модельдеу» ұғымдары қарастырылады. Ресей ғылымдар академиясының академигі Н.И. Толстой – орыс этнолингвистика мектебінің негізін қалаушы. Оның «Язык и народная культура. Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике» [20, 66 б.] еңбегінде славян этнолингвистикасы мәдениет тарихы, мифология, фольклор, этнография, этностық психология, этногенез теориясы сияқты салалармен тығыз байланысты қарастырылады.

б) *Лингвомәдениеттану* – әлемнің ұлттық-тілдік бейнесі, сөйлеу әдебі, тіл мен мәдениеттің, тіл мен діннің өзара қарым-қатынасы, сондай-ақ мәтінді мәдениет бірлігі ретінде қарастыратын тіл біліміндегі кешенді жаңа бағыт. Бұл бағыттың негізін салушылардың бірі: фразеологизмдердің ұлттық-мәдени коннотацияларын, яғни орыс халқының үйреншікті менталитетінің эталондары мен стереотиптері болатын және осы негізде мәдениет белгілерінің рөлін лингвомәдени талдауға арналған В.Н. Телияның лингвомәдениеттану зерттеулерін атаймыз [21, 95 б.].

В.В. Воробьевтың еңбектерінде лингвокультурема (лингвомәденирема) терминін ғылым саласына енгізу негізделген [22, 122 б.]. В.А. Маслова лингвистика мен мәдениеттанудың тоғысуынан туындаған, халық мәдениетінің пайда болуын зерттейтін, тілден көрінетін және орныққан лингвомәдениеттану негіздерін жасады [23, 23 б.]. Зерттеуші тіл категориялары мен ұғымдардың қалыптасуына, мәдениет арқылы сөйлеуші адамның ойлау қабілетінің дамуына, тілдің күрделі қызметтерінің бірі – мәдениетті жасау, дамыту, сақтау және тарату құралы болудың қалай жүзеге асатынына көңіл аударады.

в) *Когнитивтік лингвистика* тілмен байланысты танымдық үдерістерді, білімді нығайту, сақтау, қайта өңдеу мен берудің негізгі құралы ретінде зерделейді. Тіл әлем туралы білімді нығайту, сақтау, тарату және жинақтау құралдарының бірі болып табылады, сондықтан когнитивтік лингвистика – білім мен таным туралы, адамның қызмет барысындағы әлемді ұғынуы туралы ғылым.

Е.С. Кубрякованың пікірінше, когнитивтік лингвистика дегеніміз – тілдің жалпы когнитивтік тетік, когнитивтік құрал, яғни ақпаратты қайта таныстыру (кодтау) мен өзгерту барысында рөл ойнайтын белгілер жүйесі ретінде басты назарда тұратынын білдіретін лингвистикалық бағыт [24, 53 б.].

Концептілер лингвомәдениеттанудың базалық ұғымы мен әлемнің тілдік бейнесінің негізі ретінде когнитивтік лингвистиканың маңызды бөлігін құрайды. Концептілерде әрбір сөйлеуші адамның мәдени деңгейі топтастырылады, ал концептінің өзі тек сөзде ғана емес, сөз тіркестерінде, айтылған пікірлерде, дискурста, мәтінде және т.б. кездеседі. Концептілер когнитивтік лингвистикада лингвомәдени ерекшелігімен белгіленген, әртүрлі тіл формаларында көрінетін, көп өлшемді менталды білім беру ұғымын білдіреді (Н.Д. Арутюнова, А. Вежбицкая, С.Г. Воркачев, В.И. Карасик, Е.С. Кубрякова, Ю.С. Степанов, В.А. Маслова және т.б.).

г) *Психолингвистика* түрлі ұлт өкілдерінің сөйлеу қызметін зерттейді. Аталмыш зерттеулердің теориялық іргетасын Л.С.Выготскийдің, А.С. Лурияның, А.Н. Леонтьевтің тіл, ойлау, сөйлеу қызметі туралы ойлары қалады. М. Коул [25] мен У. Лидің [26] еңбектерінде Л.С. Выготскийдің психиканы дамытудың мәдени-тарихи теориясын мәдениетаралық сөйлесу теориясын жасаудың психолингвистикалық негіздері ретінде пайдалану мүмкіндіктері талқыланады. Мұнда қарым-қатынастың кез келген түрлері, оның ішінде кросс-мәдени қарым-қатынас танымдық үдерістерді жанамалайтын тетіктер ретінде

қаралады. Мәдениаралық қатысымның психолингвистикалық амалы тілдің, мәдениеттің, сананың өзара қарым-қатынасын зерттеу негізінде жүзеге асырылады.

д) *Әлеуметтік лингвистика* мен мәдениаралық қатысымды ғалымдар осы уақытқа дейін тұтас, ажырамас бағыт ретінде қарастырған. Себебі тілдік құбылыстар мен тілдік бірліктер әлеуметтік факторлармен сипатталады: бір жағынан – коммуникация шарттарымен (уақыт, мекен, қатысушылар, мақсаттар), екінші жағынан – өзара тілдесетін ұжымның қоғамдық және мәдени өмірінің ерекшеліктері. Әсіресе көпмәдениетті елдерде пайда болатын ұлтаралық түсінбеушіліктер, сөйлеу агрессиясы, коммуникативтік қақтығыстар және олардың пайда болуына әсер ететін этностереотиптер мен әлеуметтік жағдайлар. П. Яплдың пікірі бойынша, мәдениаралық зерттеулердің әлеуметтік тарихи келешегі өз алдына жекелеген тұлға мен тұтас бір этникалық топтың коммуникативтік қызметін зерттеу тәсілін білдіреді, оның нәтижесінде жаңа мәдени жүйе туындайды [55, 23 б.].

е) *Коммуникативтік лингвистика* (дискурс теориясы*)* – ауызша (вербалды) және бейвербалды белгі түрлерінің көмегі арқылы оймен, хабарлармен, ақпаратпен алмасу. Қатысымның негізгі санаты ретінде қолданылатын дискурста, оның ішінде мәдениаралық қатынасқа қатысушылардың өзара әрекеттесуі жүзеге асырылады. Мәдениаралық қатысым теориясының негізгі бірлігі – дискурстық жағдай. Бұл – жалпы коммуникативтік мақсаттарға жетуге бағытталған қатынасқа қатысушылардың елеулі сөйлеу және сөйлеуден тыс әрекеттерінің жиынтығы. Мысалы, *өтініш, шақыру, амандасу* дискурстық жағдайы. Коммуникативтік жағдай дегеніміз – адресатқа бағытталған сөйлеу әрекетінде тілдесушілердің сыртқы жағдайы мен ішкі жай-күйінің күрделі кешені. Коммуникативтік жағдайдың компоненттері: *адресант, адресат, тақырып, себеп, мақсат, код, стиль, экспрессия, орын, уақыт, орта, ұлт*. Ал, коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз – тілдесудің (қарым-қатынастың) тиімді үдерісін қамтамасыз етуге қажетті коммуникативтік тетіктерді, тәсілдерді және стратегияларды игеру. Коммуникативтік құзыреттілік тілдесу барысында тілді пайдалану жолынан басқа, әлеуметтік және мәдени білімдерді, тұлғааралық өзара қарым-қатынасқа түсу икемділігі мен дағдыларын игеруді білдіреді.

Мәдениаралық қатысымды анықтауда негізгі назар аударатын нәрсе – нәтижеге бейімделу, яғни тілдесудің сәттілігіне/сәтсіздігіне бейімделу. Қарым-қатынасқа түсушілердің өзінің серіктесінің ұлттық мәдениетін білу мәдениаралық тілдесуде маңызды рөл атқарады. М.Б. Бергельсон мәдениаралық қатысымда мәдениеттердің өзара ықпалы ең маңызды белгі емес, оның нәтижесі маңыздырақ дейді: «мәдениаралық қатысым» термині коммуникативтік құзыреттілік әртүрлі болған жағдайларға жатады, бұл тіптен қарым-қатынас оқиғасының соңында көрініс табады [77, 47 б.]. Демек коммуникативтік өзара әрекет ету сәттілігі немесе коммуникативтік сәтсіздік

қарым-қатынасқа қатысушылардың коммуникативтік құзыреттілігіне байланысты.

ж) *Прагмалингвистика* – тілдік белгі/пайдаланушы арақатынасы аспектісіндегі сөйлеудегі тілдік белгілердің іске асуы әлеуметтендіру барысында адам тілдік құзыреттілікке – тіл заңдылығын меңгеруді; коммуникативтік құзыреттілік – тілдесу заңдылықтарын меңгеруді; прагматикалық құзыреттілік – түрлі коммуникативтік жағдайларда тілдесу заңдылықтарын игереді және тілді әлеуметтік, жағдаяттық, психологиялық, мәдени тұрғыдан қатысым құралы ретінде қарастырады. Прагматика мәдениаралық қатысымды сәтті іске асыруда маңызды қызмет атқарады. Әртүрлі мәдениет өкілдерінің коммуникативтік әрекет барысында өзара адекватты түсіністігі өзге тілдік код, мінез-құлық формалары, салт-дәстүрлер, нұсқамалар, қатынастың күнделікті амалдары арқылы байқалады.



Сурет 2 – Мәдениаралық қатысымның пәнаралық байланыстары

Тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасқа түсу мәселелерін қарастыратын лингвистикалық пәндерге: *лингвоелтану, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, аударма теориясы, когнитивтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика*, *прагмалингвистика* және т.б. жатады. Мәдениаралық қатысымның пәнаралық байланыстары төмендегі сызбада көрсетілген.

Бүкіл әлемде мәдениаралық зерттеулер ғылым мен білім беру саласымен қатар қолданбалы, прагматикалық сипатқа ие. Аталған ғылыми бағыттың қолданбалы сипаты мәдениаралық қатысымды зерттеу пәнін айқындауға ықпалын тигізді, ол әртүрлі мәдениет өкілдерінің өзара әрекеттесуі немесе мәдени құбылмалылыққа негізделген қатысым ретінде белгіленеді. Осыған байланысты қазіргі зерттеулерде әртүрлі лингвомәдениет өкілдерінің тілдесуі кезіндегі коммуникативтік сәтсіздіктердің өзіндік типологиясы әзірленіп, мәдениаралық қатысымдағы прецеденттік өзгешеліктер қаралады, мәдениаралық бейімделу мен жанасу мәселелері сипатталады.

Тіл – мәдениаралық коммуникациялық үдерістің негізгі дәнекері, ол тек қана сөйлеу нысандарын тасымалдаумен шектелмей, мәдениаралық қатысым үшін қолайлы орта мен жағдай құрады. Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері әртүрлі ұлт өкілдерінің өзара қарым-қатынас орнату барысында тілдік хабарлаудың белгілі бір коммуникативтік жағдаяттар аясында іске асуын қамтиды. Сәтті мәдениаралық қатысым шет тілін жетік меңгерумен қатар сұхбаттас адамның коммуникативтік мінез-құлығын адекватты түсініп, қабылдауын талап етеді.

Әртүрлі коммуникативтік стильдерді зерттеу және оларды коммуниканттардың қолдануы. Аккомадацияның, яғни бейімделудің, психологиялық ұғымы коммуникацияның келесі параметрлеріне қатысты зерттеледі: сөз қарқыны, сөйлеу жағдаяттарына байланысты сәйкес лексиканы таңдау, грамматикалық құрылымдарды күрделендіру немесе жеңілдету.


Лингвистикалық методологиялардың ішінде мәдениаралық қатысым феномендерін зерттеу бағыттары коммуникацияның этнографиясына, этносемантикаға, дискурстық талдауға, тұрмыстық коммуникацияны зерттеуге, кросс-мәдени прагматикаға, тіларалық прагматикаға құрылған. Коммуникативтік әрекет үшін ортақ үдеріс болып табылатын дискурсты зерттеу лингвистикалық зерттеулердің маңызды бағыты.

Коммуникативтік іс-әрекетті және оған сәйкес мәдени сценарийлерді белгілейтін жеке қағидаларды салыстырмалы талдаумен кросс-мәдени прагматика айналысады. Кросс-мәдени прагматика сөйлеу актілерімен байланысты тыйым салу, өтініш айту, сұрақ қою, сыпайылық көрсету және басқыншылық жасау мәселелерін зерттейді, сондықтан ол өзінің функционалды бағытымен ерекшеленеді.

Өзге социум өкілдерінің коммуникативтік мінез-құлығын зерделеу сол тілді иеленушілердің концептуалдық жүйесіне, дүниетанымына, құндылықтық

бағдарына бейімделіп, мәдениаралық қашықтықты қысқартуға, өзге елдің мәдениетін қабылдауға мүмкіндік туғызады.

Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері коммуникативтік мәселелерді қамтиды: сөйлеу актілері, коммуникативтік стильдер, сценарийлер мен мінез-құлықтар, кросс-мәдени прагматика, дискурс-талдау және т.б. төменгі сызбада көрсетілген.



Сурет 3 – Мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері

Соңғы кезде виртуалды желі арқылы коммуникацияға негізделген мәдениаралық зерттеулер ерекше өзектілікке ие болды. Осылайша, ғаламтордың негізгі мәдениаралық қызметтерінің ерекшеліктеріне назар аударсақ:

- мазмұн байлығы (кең бұқаралық ақпаратқа жедел қол жетімділік);
- ақпараттың уақытында берілуі (нақты уақыт түзілімі);

- концентрация (қысқа уақыт аралығында өзінің кез келген нүктесінде сол немесе өзге ақпаратты ұжымдық талқылау мақсатында бүкіл әлемнен көптеген қарым-қатынасқа түсушілерді біріктіру мүмкіндігі);

- плюрализм;

- сын мен бұқарашылдықтың жоқ болуы;

- тілдік кедергілерді еңсеру;

-«тікелей» қарым-қатынас (жеке деңгейде мәдениаралық қатысым үшін шексіз мүмкіндіктер);

-гипер сілтемелер жүйесі (бір веб сайттан екінші веб сайтқа жылдам ауысу мүмкіндігін беретін веб сайттарды біріктіру тәсілі) сияқты құндылықтар ғаламтор желісіндегі мәдениаралық қатысымның түрлерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі мәдениаралық қатынастар үшін нақты екі мәдениеттің өзара әрекеттесуінен туындаған мәдениаралық байланыстарды зерттеу өзекті болып табылады. Тіл білімінде орыс және американдықтардың мәдениаралық өзара әрекеті туралы О.А. Леонтовичтің еңбегі бар [56]. Мұнда:

- Ресей мен АҚШ-тың әлемдегі көлемі мен ықпалы, екі мемлекет арасындағы бақталастық тарихы;

- ағылшын тілінің американдық нұсқасы мен американдық мәдениеттің басқа лингвомәдениеттің дамуына, оның ішінде орыс мәдениетіне ықпалы, орыстар мен американдықтар арасындағы өзара қатынастың даму жеделдігі;

- Ресей мен АҚШ арасында қарым-қатынастың тиімді жүйесін әзірлеу қажеттілігі бойынша, ұлттар мен тілдерді салыстыру себептеріне байланысты техномәдениетке орайласқан, визуалды қарым-қатынас арқылы мәдениаралық өзара әрекет ету бойынша нәтижелі жұмыстар жүргізу маңызды деп есептейді.

И.В. Привалова орыстар мен американдықтардың ұлттық-мәдени құндылықтарын салыстыруды келесідей түрде негіздейді: «Мәдениаралық тілдесу үдерісінде тілдік феноменнің ұлттық-мәдени таңбалануы айқын бола бастайды, сондықтан біз орыс және американдық этнолингвомәдениет өкілдерінің тілдік тұлғасының өзара әрекет етуінің нәтижесін зерттейміз. Орыс және американдық этномәдениетті салыстыру келесідей себептерге байланысты қызығушылық танытады: екі ұлт экономикалық қауымдастыққа мүшелі болуымен және геосаяси ауқымдылықтары бойынша салыстырылады. Орыстардың да, американдықтардың да салтынан, әдет-ғұрпынан, әдеби шығармашылықтарынан көрініс табатын бай мәдениеті бар. Американдық және орыс халықтары көп ұлтты, көптеген этникалық топтардан және иммиграциялық-эмиграциялық үрдістері арқылы жан-жақты көрініс табатын халықтардан тұрады» (аударма біздікі – *С.М.*) [35, 5 б.]. Бұдан басқа, қазір ағылшын тілді БАҚ-та Ресейді және орыстарды қабылдау, Ресей мен Батыстағы орыстардың мифологиялану мәселелері белсенді зерттелуде [56; 57] және т.б.

Орыс-неміс қарым-қатынасын мәдени варианттар парадигмасында зерттеу Г. Хофстеденің параметрикалық үлгісіне сәйкес жүргізіледі. Неміс мәдениетіндегі маскулиндік тәріздегі үрдістері мен биліктің кішігірім

дистанциясы басымдылық танытатын даралығымен сипатталады. Немістердің тұрғысынан алып қарағанда орыс мәдениетінде ұжымдық үдерістер, биліктің үлкен қашықтығы байқалады, феминистік құндылықтар басым [10, 91–92 б.]. Зерттеушілер индивидуализм / ұжымдасу орыстар мен немістердің әлеуметтік тұрмысының айырмашылығынан байқалады деп есептейді [58, 11 б.]. Ұжымдық мәдениеттердің өкілдері, Ресейді қоса алғанда тәрбиеге үлкен ықпал ететін берік, топ ішілік эмоционалды-экспрессивті байланыстарға ие. Мұнда өздерінің тұрақты мәртебесіне негізделген бір-бірімен өзара ықыласты міндеттер мен үміттерге тәуелді туыстардың, көршілердің, ұжымдастардың қауымдастығы ерекше рөл атқарады. Ал немістер керісінше өздерін бірінші жеке индивидуум ретінде таниды, содан кейін ғана қандай да бір топтың мүшесі ретінде көреді, неміс мәдениетінде салт-дәстүр жеке автономиялық аймақта жоғары бағаланады. Бұл вербалды, сондай-ақ, бейвербалды белгілер деңгейінде көрініс табады. Жекелеп айтқанда, неміс сөйлеу тілі сөйлеу және тақырыптық сипаттағы бірқатар коммуникативтік табулар арқылы белгіленеді.

Соңғы жылдары қарым-қатынастың сәйкесті жаңа нысандары мен стратегияларын іздестіретін жаһандық қауымдастықтың жаңа даму кезеңінде Ресей мен Қытайдың мәдениаралық өзара әрекет етуінің мәселелеріне ерекше назар аударылуда. Бұл мәдениеттану, әлеуметтану мен философия шеңберіндегі бірқатар диссертациялық зерттеулердің нысаны болды [60-62]. Бұл ретте Интернет қарым-қатынастардың мәдениаралық зерттеулері өзекті, бұл тұлғааралық, сондай-ақ топтық қарым-қатынаста шексіз мүмкіндіктер құрады [63].

Көпұлтты Қазақстан қоғамында өзара әрекет ететін екі мәдениетке – қазақ және орыс мәдениетіне назар аударылады. Бұл географиялық жағдайларға ғана емес, сондай-ақ, Қазақстан мен Ресейдің көпғасырлық үздіксіз тарихи-мәдени және қоғамдық-саяси байланыстарына, сондай-ақ, қазақ және орыс ұлттарының тарихи байланыстарының ұзақтығы мен тереңдігімен (қазақстандық мәдениаралық зерттеулерінің сипаты *1.3. Қазақстандық лингвистикалық ғылымдағы мәдениаралық зерттеулер* параграфында келтірілген) байланысты.

Өзге мәдениетті түсінуге деген ынта мен оның өкілдерінің мәдениеттегі айырмашылықтары мен ұқсастықтарының себептерін ұғыну – қатысым теориясының негізгі мәселелерінің бірі. Сондықтан қазіргі мәдениаралық қатысым феномені лингвистердің ғана емес, сондай-ақ, әлеуметтанушылардың, этнографтардың, когнитологтардың, психологтардың, этнопсихологтардың (У Липпман, И.С. Кон, Ж. Коллен, Ю.Д. Апресян, Ю.А. Сорокин, В.А. Рыжков, Ю.Е. Прохоров, В.В. Красных, П.Н. Шихирев, А.В. Михеев, С.М. Толстая, Е. Бартминский, А.К. Байбурин, Г.С. Батыгин, С.В. Силинский және т.б.) еңбектерінде қарастырылатын этномәдени стереотиптерді зерттеуге көп көңіл бөлінуде. Бұл ретте стереотип: менталды-лингвалды білім [64- 66], мәдениеттің доминантты құрастырушыларының кумулятивті-трансформацияланатын тетігі [67-69], әлемнің тұжырымдамалық немесе тілдік бейнесі ретінде [70] көрініс табады.

Мәдениаралық тілдесу – бұл коммуниканттар сана-сезімінің үйлесімді тұтастығы жоқ кезінде нормадан ауытқушылық («патологиялық») жағдайларында сана-сезімнің әрекет ету жағдайы. Сондықтан дәл осы этномәдени стреотиптерінің айырмашылығы мәдениаралық қатысым барысындағы түсінбеушілік себептерінің бірі болып табылады. Басқа мәдениет «нормадан ауытқушылық» секілді қабылданады, бұл орайда өз мәдениетінің бейнесі қалыпты болып саналады, ал басқа мәдениет өз мәдениетінің бейнесіне басқа сана-сезім бейнесін келтіру арқылы ұғынылады» (аударма біздікі – *С.М.*) [73, 18 б.]. Осыған байланысты мәдениаралық тілдесу барысында туындайтын негізгі кедергілерге байланысқа түсетін мәдениеттердің өзіне тән ұлттық ерекшеліктері жатады. «Өзге» мәдениетпен байланысқа түсе отырып, рецепиент оны өз мәдениетінің әсерімен интуитивті қабылдайды. «Өзге» мәдениеттің ерекшеліктерін рецепиент лайықсыз талқылауы мүмкін, соның салдарынан түсінбеушіліктің түрлі деңгейі туындайды.

Қазіргі зерттеулерде «мәдениаралық қатысым» терминінің мағынасы алуан түрлі. Мұнда бірнеше көзқарастар бар. Мәселен, ең алдымен мәдениаралық қатысымды мәдениеттердің өзара әрекеті деп сипаттайтын еңбектер басым. Мәселен, И.А.Стернин: мәдениаралық қатысымды мәдениеттердің тікелей өзара әрекеттесу үдерісі деп анықтайды және бұл үдеріс қарым-қатынасқа түсуші тараптардың өзара қатынасына елеулі ықпал ететін сәйкес келмейтін (кейде толығымен) ойлау мен мінез-құлық ұлттық стереотиптер аясында жүзеге асырылады дейді [75, 97–112 б.].

Керісінше, Д.Б. Гудков мәдениаралық қатысымды «түрлі лингвомәдени қауымдастықтарға жататын тілдік тұлғалардың тілдесуі» - дейді [76, 51 б.]. Бұл мәдениаралық қатысымға келтірілген сипаттамалардың бірі – мәдениетке, екіншісі – тілге бағытталғандығын білдіреді.

Фондық білім немесе пресуппозиция түрлерінің тұтастығы (семантикалық, прагматикалық, фреймдік және т.б.) түрлі тілдер мен мәдениеттер өкілдерінің қақтығыссыз өзара әрекет етуінің негізгі шарттары арқылы көрініс табады. Мәдениаралық қатысымның қарым-қатынас сәтсіздіктерінің аздаған топтарында вербалды аспект басымырақ. Д.Б. Гудков коммуникативтік сәтсіздіктердің көп жоспарлы сипаты жөнінде былай дейді: «Ауызша белгілерден ауызша емес белгілерді бөлудің мүмкін еместігі мен қажетсіздігі мәдениаралық қатысымның ерекшеліктерін талдау кезінде және соның нәтижесінде туындайтын қарым-қатынас сәтсіздіктерінде көрініс табады. «Мінез-құлық» деп аталатын сәтсіздіктер мәдениаралық қатысымда жиі кездеседі және бейвербалды мәнсіз-құлық семиотикасынан бөліп қарастыруға болмайтын вербалды қарым-қатынасқа тікелей ықпал етеді» (аударма біздікі – *С.М.*) [76, 58 б.].

Мәдениаралық әрекеттесудің барлық басқа үлгілерін жетекші ауыспалы және ақпаратты беру тәсілі бойынша топтастыруға болады. Ауыспалы мәдениаралық өзара әрекет етуге дискурстық бөлік, тілдік тұлға, мәдениет жатады. Ақпаратты беру тәсілі бойынша сызықтық, трансакциондық,

айналмалы, шиыршықты үлгілер кіреді. Сызықтық үлгіге ақпараттың жіберушіден алушыға дейінгі бір бағытта қозғалуын жатқызуға болады. Зерттеушілердің пікірінше бұл үлгі «жазбаша қатынас жасауға, алушы әрекет етуші ретінде қаралатын бұқаралық ақпарат құралдарына әрекет ету үшін жарамды» [8, 151 б.]. Айналмалы үлгіде кері байланыс ең маңызды рөл атқарады, оның бар болуы мәдениаралық қатысым үдерісіне ақпаратты қабылдау, түсіну және трансмиссия сынды маңызды бөлшектердің қосылғандығын аңғартады. Осылайша, Р. Портер мен Л. Самовардың мәдениаралық қатысым жайындағы белгілі үлгісінде мәдениет ауыспалы болып келеді, ол барлық қатысым өкілдеріне «қалыптастырушы» әрекетті көрсетеді. Мәдениаралық тілдесу екі немесе бірнеше байланысқа түсуші мәдениеттердің өзара әрекеттесуі ретінде түсіндіріледі дейді [78, 69 б.].

Сондай-ақ айналмалы, интерактивті үлгіге У. Гудикунисттің және Ю. Кимнің мәдениаралық тілдесу үлгісі жатады, мұнда негізгі ауыспалы қатысым ретінде басқа тұлғамен өзара әрекет ететін байланысқа түсуші тұлғасы көрініс табады. Мәдени, әлеуметтік және психологиялық факторларды қарым-қатынас үдерісіне ықпал ететін байланысқа түсушілердің вербалды әрекеті анықтайды [79, 101 б.].

Мәдениаралық қатысымның шиыршықты немесе пирамидалы үлгісін Р. Коулз ұсынған болатын [80]. Мұнда негізінен Ф. Клакхон мен Ф. Стродбек әзірлеген мәдени құндылықтар иерархиясы ауыспалы рөл атқарады. Пирамиданың жазықтық фазаларын салыстыру мәдениаралық тілдесу барысында айқын көрініс табатын мәдени құндылықтардың сәйкес келмеуі мен айырмашылықтарына әкеліп соғады.

Коммуникативтік концептосфераның абстрактілі-логикалық теорияның авторлары В.И. Тузлукова мен В.В. Богуславская коммуникативтік үлгінің кеңістік-графикалық бейнесі үшқырлы пирамиданың бейнесін анық байқатады. Себебі бөлшектерін бірлікте және байланыста байқауға, бөлшектердің жүйе ішінде өзара әрекет ету тетігін түсінуге мүмкіндік береді. Үдеріс, парадигма және технологиялар сынды қатысым аспектілерін ескере келе, авторлар оларды барлық элементтерінің өзара әрекет етуімен пирамида түрінде бірқатарға қояды. Бұл ретте пирамиданың вертикалды өзегі («қатысым теориясы») қарым-қатынас үдерісінің сипаты мен ерекшелігін айқындайтын лингвомәдени факторларды тізеді [81, 25 б.].

Мәдениаралық қатысымды күрделі көпкомпонентті феномен ретінде түсіну зерттеушілерді осы үдерістің көпвариантты үлгілерін әзірлеуге мәжбүр етеді. О.А. Леонтовичтің мәдениаралық қатысымның жүйелі-динамикалық үлгісі И.Э. Клюкановтың апробациялаған мәдениетті талдау қағидаттарына сүйенеді, соның аясында мәдениет жүйесін құраушы ретінде жеке мәдениетке сіңіп кеткен адам өркениеті ауқымында көп деңгейлі ашық жүйе ретінде қарастырылады [49, 32 б.]. Автордың ұсынған теориясы бойынша, мәдениаралық қатысымның тиімділігіне ықпал ететін мынадай макрофакторлар көрсетілген:

- мәдениеттер иерархиясында Ресей мен АҚШ-тың орны (адам өркениеті – Батыс-Шығыс) және олардың арасындағы өзара әрекет ету сипаты;


- Ресей және Америка қоғамының әлеуметтік стратификациялар ара-қатынасы;

- орыс және американдық тілдік тұлғалардың типологиялық сипаттамаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтары;

- тілдесу кезінде қолданылатын мәдени-тілдік кодтардың ара қатынасы [49, 85–86 б.].

Бұл үлгінің ауыспалы түріне «мәдениет», «ұжымдық тілдік тұлға», «түрлендірілген идиолекті тілдік тұлға» түсініктері жатады. Мәдениеттер, тілдік тұлға және тілдік, мәдени және коммуникативтік құзыреттілік деңгейінде жүзеге асырылатын мәдениаралық трансформация ойы осы үлгінің өзегі болып табылады.

Мәдениаралық тілдесу мен билингвизм (Қазақстандық орыс тілі материалдары бойынша) жағдайында коммуникативтік үлгілердің нұсқаларын Г.М. Бадагулова ұсынады [82, 101 б.]. Зерттеушінің пікіріне сүйенетін болсақ, мәдениаралық тілдесу жағдайында олардың ұлттық ерекшелігі болып табылатын әлемнің тілдік бейнесі мәдениаралық өзара әрекет етеді. Мәдениаралық қатысым – тасымалдаушылары бір әлеуметтік мәдени кеңістікте өмір сүретін әлемнің тілдік бейнесінің ұлттық ерекше бөлігінің өзара іс-әрекеті. Автор коммуникативтік үлгіде қостілді коммуниканттарды мәдениаралық қатысымның негізгі дәнекері ретінде қарастырады.



Сурет 4 – «билингв 1 – билингв 2» коммуникативтік үлгісі

Қазіргі мәдениаралық қатысымның басты лингвистикалық ерекшелігіне Л.И.Гришаеваның және М.К. Попованың [83, 8 б.] пікірі бойынша келесі деңгейлер жатады:

- тілдің әлеуметтік билігі: себебі **СӨЗ** өзара әрекет етудің арнасы, оның құралы, ал бірқатар жағдайларда оның нәтижесі (қарым-қатынас) де болады;

- ұлттық сәйкестілік: дәл осы нәрсе оның маңызы, адамның әлеуметтенуі болып табылады, соның арқасында адам жеке тұлға болып қалыптасады. Сәйкестілік мәдени және мәдениаралық диалогта (коммуникант) мәдени үлгілер ретінде коммуниканттар арасында өзара сәтті әрекет ету факторларының бірі және оның шарты болып табылады;


- диалог пен өзара түсінушілік – адам мен қоғамның өмір сүру және өзара әрекет ету нысаны, сол арқылы адамның барлық қызметі жүзеге асырылады, оның барлық қажеттіліктері қанағаттандырылады (кедергілерді жеңу).

Мәдениаралық қатысым үрдісінде қоғамдық және дара түрінде этнолингвомәдени сана қалыптасады, оны құрайтын бейнелер үш кеңістіктің бірліктерінен тұрады: лингвистикалық, когнитивтік, мәдени.

Когнитивтік кеңістік үш функционалды бірліктермен қамтылған: когнитивтік түптұлғалар (Э. Рош бойынша); концептуалды метафоралар (Дж. Лакофф және М. Джонсон бойынша); концептілер мен концептосфералар (Е.С. Кубрякова бойынша); фрейм-құрылымдар (В.В. Красных бойынша). Әрине, аталған үш функционалды бірліктердің табиғаты әртүрлі, бірақ олардың бәрінің ақпарат пен білімге тікелей қатысы бар.

Мәдени кеңістікте біз культурема, мифологема, салт- жоралғылар, мәдени стереотиптер, эталон мен символдарды қарастырамыз.

Ал лингвистикалық кеңістікке – тілдік әмбебаптар, семантикалық модельдер және ұлттық-мәдени сананың тілдік элементтерін жатқызамыз. Аталған үш кеңістік бір-біріне кірігіп, ортақ ұлттық сана-сезіммен байланысты *лингво-мәдени-когнитивтік кеңістік* құрайды. Осы кеңістік виртуалды-шынайы, ақпараттық-эмоционалды өрістерден құралады, олардың бірліктерін пайдалана отырып, тілдік тұлға коммуникациялық және мәдениаралық қатысым үдерістеріне қатыса алады. Айтылған тұжырымдардың графикалық түсінігі келесі сызбада көрсетілген.



Сурет 5 – Тіл, мәдениет және сананың функционалды бірліктері

Қорыта айтқанда, заманауи мәдениаралық қатысымның негізгі лингвистикалық мәселелерін төмендегідей тұжырымдаймыз:

1. Тіл мен мәдениеттің өзара әрекет ету мәселелері бойынша тіл мәдениет нәтижесі, мәдениеттің бөлшегі, мәдениеттің шарты ретінде қазіргі мәдениаралық қатысымда орын алатын басты амалдар.

2. Қатысым құрылымы мен мәдениаралық қатысым ерекшелігіне қарай қатысым құзыреттілігі және мәдени құзыреттілік орын алады. Коммуникативтік тәрбиенің оның тілдік қоғамдастықтың мәдениетімен анықталуы. Әлеуметтік мәдени стереотиптер сөйлеу әдебінің қатынасына қарай жүзеге асырылады (мысалы, сөйлеу әдебінің қағидасы). Тілдік үлгі мен тілдік тұлғаның түсінігі. Әлемнің тілдік бейнесінің мәселесі және оны сипаттаудың бірқатар тәсілдері (мысалы, түрлі лингвомәдени қоғамдастықтардағы кеңістік туралы түсінік). Сепир-Уорфтың болжамы және аталмыш мәселеге заманауи көзқарас.

3. Шет тілін оқыту теориясы мен тәжірибесіндегі тіл мен мәдениеттің мәселесі. Сауал қою тарихы мен тәсілдері (лингвоелтаным, этнопсихолингвистика, мәдени сауаттылық теориясы, қосымша тілдік тұлға тұжырымдамасы). «Тіл-мақсат, мәдениет-құрал» және «мәдениет -мақсат, тіл-құрал» тұжырымдамасы.

4. Пресуппозиция түсінігі және пресуппозиция типтері. Пресуппозиция және қарым-қатынасқа түсушілердің білімі. Кодты білуі және кодтан тыс білім. Когнитивтік база түсінігі, оның құрылымы. Когнитивтік база және жеке когнитивтік кеңістік. Когнитивтік база және прецеденттік феномендер (үлгі боларлық мәтін, үлгі боларлық сөз, үлгі боларлық есім, үлгі боларлық жағдай). Лингвомәдени қоғамдастықтың әлеуметтік кодындағы үлгі боларлық феномендердің орны. Мәдени минимум және мәдени құзыреттілік деңгейінің мәселесі. Тілдік құзыреттілікті бейнелі өнер тілінің материалында құратын және рухани ұлттық құндылықтар жүйесіне білім алушыларды тартуға ықпал ететін өнердің түрлі синтезі ретіндегі елдің көркем мәдениеті.

5. Тілдік бірліктердің мазмұнының мәдени компоненті. Оның мәдениаралық қатысымға ықпалы, оны табудың, талдаудың, шет тілін оқыту тәжірибесінде есепке алудың семантизациясының тәсілдері.

1) Сөз деңгейі. Есім ұлттық-мәдени ақпараттың негізгі тасымалдаушысы. Жеке және жалпы атаулар (*Абай / ақын*). Коннотация. Сөздің ассоциативті аясы (салыстырмалы түрде: "піл" орыс және үнді тілінде). «Қарапайым» және «мифологиялық» мағынасы (мысалы, қасқыр аң мағынасында және қасқыр осы аңды сипаттайтын ерекшеліктер мен анықтауыштардың жиынтығы). «Коннотативті» және «денотативті» сөздерінің қолданылуы (Оның ақылды есегі бар - Бұл адам есек секілді ақымақ). Баламалы және баламасыз лексиканың мәселесі. Ұлттық терминделген концептілер және олардың шет тілін оқыту тәжірибесінде есепке алынуы (мысалы, қазақ лингвомәдениетінде дала, аспан, тағдыр және т.б.). Лексикографикалық тәжірибе мен мәдениаралық қатысымды оқыту (лингвоелтанымдық сөздіктер, идеографикалық сөздіктер, мәдени минимумдар, түсіндірме сөздіктердегі сөздің коннотативтік аясын

есепке алу). Үлгілі есім мен оның қызмет етуінің ерекшеліктері (мысалы, орыс және моңғол мәдениетіндегі Шыңғыс хан есімі).

2) Фразеологизмдер, паремиялар мен мәдениаралық қатысымның мәселелері. Фразеологизмдердің семантикасы және әлемнің концептуалдық бейнесі. Прецеденттік пікір ұғымы, оның түрлері мен қызмет ету ерекшеліктері.

3) Әлемнің тілдік бейнесі. Коммуникативтік жағдай. Прагматикалық баламалар. Тіл қоғамының мәдени нормаларына негізделген тіл бірлігін таңдау талаптары. Конситуация ұғымы және оның тіл бірлігін таңдауды айқындайтын өлшемдері (мысалы, *Сен/сіз* сөздерін таңдау кезіндегі әңгімелесушінің әлеуметтік мәртебесі).

4) Мәтін және мәдениаралық қатысым. Мәтінді қабылдау мәселесі. Көркем мәтін. Әртүрлі мәдениет аясындағы көркемдік/көркемсіздік шегі. Мәтінді қабылдау инварианты. Прецеденттік мәтіндер және олардың таңбалары. Мәтінді «дұрыс»/«бұрыс» түсіну мәселесі. Мәтін және аударма мәселелері. Лакун теориясы. Лакунды бейтараптандыру тәсілдері (өтеу және алмастыру). Мәдениаралық қатысым мәселелері тұрғысынан оқу және көркем мәтіндер.

6. Коммуникативтік сәтсіздіктер («тілдік», «мағыналық», этномәдениет») мен мәдениаралық қайшылықтардың түрлері, олардың себептері және оларды бейтараптандыру тәсілдері. Тілдердің когнитивтік базасын сипаттау тәсілдері.

Осылайша, Э.Холлдың, Ф. Кэсмирдің, Т.Г. Грушевицкаяның, И.Э. Клюкановтың, В.Д. Попковтың, А.П. Садохиннің, С.Г. Тер-Минасованың және т.б. зерттеулеріне сүйене отырып, біз қазіргі мәдениаралық қатысымның ықпалдастық білім аясы ретінде бірнеше негізгі сипаттамаларын белгіледік:

1. Мәдениаралық қатысым мәдени ерекшеліктері бар жекелеген адамдар мен түрлі топтар арасындағы таңбалық өзара әрекет ету барысына негізделеді. Сондықтан вербалды және бейвербалды қатысымның ерекшелігі қарым-қатынасқа түсушілердің мәдениеттерінің ерекшеліктеріне байланысты. Бұл микродеңгейді (тұлғааралық қатысым, кіші топтар деңгейі, орта топтар деңгейі) және макродеңгейді (үлкен топтар деңгейі) бөлуге мүмкіндік береді. Барлық деңгейде мәдениаралық өзара түсіністікті жүзеге асырудың базалық талабы - субъектілердің таңбалық жүйені дұрыс түсінуге әрекет етуі. Бұл жағдайда сол бір заттарды, құбылыстарды және үдерістерді қабылдау, түсінісу және бағалау кезінде мәдени айырмашылықтар елеулі кедергі болып табылады.

2. Күрделі ұйымдасқан, қарқынды үдеріс ретінде мәдениаралық қатысымның өзіндік инварианттық және вариативтік белгілері бар. Инварианттық ерекшеліктеріне кез келген қарым-қатынастың негізгі, міндетті компоненттерін көрсететін ерекшеліктерді атап өтуге болады: хабарламаны жасаушы (коммуникатор); қарым-қатынас мәні; кодтау; хабарламаны алушы (рецепиент); декодтау; қарым-қатынас нәтижесі. Көрсетілген мәдениаралық қарым-қатынас үдерісінің құрылымдық сипаттамасы кез келген қатысымның негізгі, міндетті компоненттерін көрсетеді. О.А.Леонтович бойынша мәдениаралық қатысымның ауыспалы белгілеріне: қарым-қатынасқа қатысушылардың сипаттамалары, қарым-қатынасқа түсушілердің арасындағы

өзара қарым-қатынас; мәдениаралық қатысымға деген қатынасы; нысаны; арналары; құралдары; контекст; ақпарат параметрлері және т.б. [44, 56 б.].

3. Қатысым әртүрлі мәдениет тасымалдаушылары арасында өтетін болса мәдениаралық болып танылады, ал сол мәдениеттер арасында айырмашылықтар тілдесуде қандай да бір қиындықтарға әкеліп соғады. Қиындықтар түрлі мәдениеттерде кездесетін болжамдар мен жалған сенімдегі айырмашылықтармен байланысты. Мұның бәрі қарым-қатынасқа түскен кезде ғана маңызды және ол түсініспеушілікке және қарбаластыққа, қиындыққа және тілдесе алмаушылыққа әкеліп соғады. Талдау барысында мәдени айырмашылықтардан бөлек, қарым-қатынасқа түсушілердің жасы, жынысы, кәсібі, әлеуметтік мәртебесі ықпал етеді. Сондықтан әрбір нақты қарым-қатынас актілерінің қиындық деңгейі оған қатысушылардың төзімділігі мен жеке тәжірибесіне байланысты болады.

4. Мәдениаралық өзара әрекет етудің сипаты мәдениеттер бір-біріне кедергі келтірмей және араласпай өмір сүргенде бейтарап болуы мүмкін. Мәдениеттер бір-бірін белсенді түрде ығыстырған жағдайда, әрқайсысы басым күшке ие болуға ынталанады және өзге мәдениетке үлгі ретінде өз көзқарастарын мойындатқысы келгенде альтернативті (контрмәдениетті) болады. Басым күшке ие болуға таласу барысында мәдениеттер арасындағы қатынастың құндылықтары мен стандарттары альтернативтілік пен конфликт аясына ауысқан жағдайда, бәсекелестік туындайды. Алайда, біздің пікірімізше мәдениаралық қатысымның мұндай ерекшелігі шартты болып табылады, атап айтқанда бұл көпұлтты және көпконфессиялық өңірлерге қатысты.

5. Мәдениаралық өзара әрекет ету ерекшелігі ассимиляция (ықпалдасуы), сепарация (бөліну), маргинализация және интеграция (бірлесуі) нысандары туралы айтуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта бір мәдениеттік немесе көпмәдениеттік тұлғаны туындататын бірігу аккультуризацияланудың ерекше нысаны болып саналады. Бірігу (интеграция) тараптардың аз бөлігінен, сондай-ақ, көпшілік тараптан ерікті болуы тиіс. Себебі ол осы топтардың өзара бейімделуін, екі топтың да өздерінің халықтың мәдени ерекше топтары екендігін мойындауын білдіреді. Қазақстан секілді көпұлтты мемлекет үшін оны мекендейтін халықтың бірігу мәселесі алдыңғы қатарда тұр деуге болады.

1.3 Қазақстандық лингвистика ғылымындағы мәдениаралық зерттеулер

Соңғы жылдары мәдениаралық зерттеулердің маңызы артып келеді, бұл әр мәдениетте, атап айтқанда лингвомәдениетте тарихи қалыптасқан әлеуметтік мәдени тәжірибеге, білімге, ұғымдар мен құндылықтарға тікелей байланысты болып отыр. Мәдениаралық байланыстардың табысты болуы үшін сыртқы әлемге қазақ ұлтының айқын болмысы негізгі көрсеткіш болып табылады. Бұл ретте қазақ мәдениеті өзінің ақпараттық-коммуникативтік кеңістігін кеңейте отырып, өзінің бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігін кейде әлсіретіп, әлемдік ақпараттық ағынға ілесіп барады.

Қазақ тіл білімінде мәдениаралық қатысым қазақстандық ғылымның жаңа бағыттарының бірі болып табылатындығына қарамастан, қазіргі уақытта мәдениаралық қатысым мәселелері пәнаралық деңгейде, мәдениеттану, психология, лингвистика, әлеуметтану және т.б. ғылымдар аясында белсенді зерттеліп жатыр. Мәдениаралық қатысым бойынша алғашқы зерттеулер Қазақстанда XX ғасырдың 90-жылдары қолға алына бастады [5, 23 б.]. Қазіргі мәдениаралық зерттеулер философиялық-мәдени аспектіде жүргізіледі. Бұл мәселе А.М. Ержановаңың «Массовые коммуникации и их влияние на глобальные трансформации культуры» диссертациялық жұмысында зерттелінді [6, 115 б.].

Ж.М. Досхожинаның «Культурологический анализ межкультурной коммуникации в условиях глобализации» [7, 136 б.] диссертациясы бейбітшілік, ынтымақтастық, мәдени диалог, төзімділік қағидаттарын үндейтін ел ретінде Қазақстандағы мәдениаралық қатысымның үдерісін сипаттауға арналған. Автор Қазақстанда мәдениаралық қатысымның қалыптасуына ықпал еткен негізгі тарихи кезеңдерді белгілейді: Жібек жолы, КСРО құрамына ену, мемлекеттік тәуелсіздікті жариялау, жаһандану жағдайында мәдени бірегейлікті жою қауіпін туындатқан өзекті қауіп-қатерлер мен мәдениаралық қатысымның даму барысындағы тәуекелдер. Зерттеушінің пікірінше, «жаһандану барысындағы мәдениаралық қатысымның ерекшелігі коммуникативтік үдерістерге тек тұлғалық ерекшеліктер, дәстүрлері, қалауниеттері және т.б. бар жеке тұлғалар ғана емес, сондай-ақ, тұтастай мета-тарихи қоғам ретінде мәдениеттердің енетіндігі жатады. Жеке тұлғалар бір уақытта тұлғалық, «авторлық» сипаттарын және өз мәдениет өкілдерінің ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Жаһандық технократикалық өркениеттің ықпалымен мәдениаралық қатысым тілдесудің форма құру, дара биліктен айрылу үдерісіне ие, бұл тілдесудің виртуалды нысандарының қарқынды дамуын негізге алады» [7, 9 б.].

Қазақстандық лингвистер тілдік байланыстар және мәдениаралық қатысым, когнитивтік-дискурсивтік және мәдениаралық өзара әрекет етудің салыстырмалы аспектілерінің, шет телдерін, инновациялық лингводидактика мен кәсіби қатысымды зерттеу/оқыту теориясы мен тәжірибесінің өзекті мәселелері бойынша зерттеулер жүргізеді [84].

Қазақстандық лингвистика ғылымында мәдениаралық қатысым теориясы мен тәжірибесінің пайда болуы этнолингвистика, когнитивистика мен лингвомәдениеттану зерттеулерінің жан-жақты дамуымен тығыз байланысты. Бұған қазіргі лингвистика білімінің мәдени экспансиясы, антропоөзектілік, функционалдылық және экспланаторлық (кейбір тілдік құбылыстарды түсіндіруге ұмтылыс) белгілері себеп болды. Қазақстанда жаңа бағыттардың дамуының алғышарттары қазақстандық лингвистика ғылымының Ә.Т. Қайдаров, М.М. Копыленко, Р.Ғ. Сыздықова, Э.Д. Сүлейменова және т.б. сынды әйгілі өкілдерінің еңбектерінде жазылған.

М.М. Копыленко этнолингвистиканың лингвоантропоөзектілік бағыттардың бірі ретіндегі ерекшелігін «Основы этнолингвистики» кітабында ашып талдады: «Народ в ходе своей истории строил свой язык, закладывал в него то, что представлялось ему ценным внутренних и внешних судьбах, в его исторических и географических условиях, в процессе становления роста духовной и материальной культуры для того, чтобы осмыслить мир и овладеть им» [85, 46 б.].

Академик Ә.Т. Қайдаров тілдің кумулятивтік қызметінің маңыздылығын фразеологизмдер мен паремияларда терең індете зерттеген [86]. Этнолингвистикалық түсініктеме берілген қазақ-орыс фразеологиялық сөздігінде зерттеуші фольклорлық деректерді келтіре отырып және этимологиялық талдауды қолданып, бейнелі сөздердің мәдени мағынасын кеңінен ашып көрсетеді.

Қазақ тіліндегі когнитивтік лингвистика аясында алғашқы ірі еңбекке К.А. Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» монографиясы жатады [87]. Автор «тілдік үлгі», «гештальт теориясы», «көркемдік дискурс», «концепт» түсініктерін қарастырады.

Б.К.Момынованың монографиясы когнитивтік бірліктер репрезентациясының аксиологиялық аспектісін сипаттауға арналған [88].

«Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» монографиясында Ж.А.Манкеева этномәдени атаулар құрылымында тілдің когнитивтік қызметін зерттейді [89].

Қазақ тіл білімінде когнитивтік теорияның даму кезеңдерін жалпылау мәселесіне Э.Н.Оразалиеваның «Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма» докторлық диссертациясы арналған [90, 82 б.]. Зерттеуші қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигманың қалыптасуын талдайды. XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап (А.Байтұрсыновтың, Қ.Жұбановтың, С.Аманжоловтың және т.б. тіл білімінің табиғатының концепцияларын) қазіргі когнитивтік зерттеулермен аяқтай отырып (XX аяғы - XXI ғасырдың басы) оның дамуының бес негізгі кезеңдерін бөліп қарастырады. Жұмыста когнитивтік ғылымның келесідей құрылу кезеңдері сипатталған: тілтану парадигмасының қалыптасуы; тілдік бірліктердің танымдық парадигмасы; тіл танымдық қағидалардың жалпы

теориялық парадигмасы; тіл танымдық «этюдтер парадигмасы»; қазіргі когнитивтік парадигмалар. Осылайша, автор тілдің когнитивтік (танымдық) және куммулятивтік қызметі когнитивтік-лингвистикалық зерттеулер пайда болғанға дейін қазақ ғалымдарымен танылып, зерттелінгендігіне көз жеткізеді.

Оқу пәні ретінде когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттану филология бағытында мамандарды даярлайтын білім беру бағдарламасына енгізілген, осыған байланысты қазақ тілінде оқу әдебиеті жарық көреді, оның ішінде Б.И. Нұрдәулетованың, С.А. Жиреновтың, Ш.М. Мажитаевтың және т.б. оқулықтары мен оқу құралдары шығады.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ары қарай зерделеу лингвомәдениеттанудың дамуымен байланысты. Онда әлемнің тілдік бейнесі, ұлттық менталитеттің тілдегі көрінісі, әлемнің көрінісінің ұлттық тілдердегі тұжырымдамалық сипаты секілді т.б. мәселелерге көңіл бөлінген. Қазақстан зерттеушілері ұлттық таңбалы сөздер мен фразеологияны, олардың тарихи-мәдени және мағыналық-функционалдық жақтарын мысалға ала отырып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, сондай-ақ, басқа тілдерге аудару мен мәдениаралық тілдесудегі кемшіліктерді жою тәсілдерін үлкен қызығушылықпен зерттеді [90- 94].

Қазақстан лингвистика ғылымында соңғы онжылдықта орыс және қазақ тілдерін тарихи-мәдени және әлеуметтік саяси факторлар жағдайында өзара тығыз байланысқан екі жүйе ретінде салғастырмалы түрде зерделеу мәселесі өзекті болып қалады. Қазақ және орыс тілдерінің лексикалық жүйесін салғастыра отырып зерттеу барынша өзекті болып отыр. Қазақ және орыс тілдерін салғастырып зерделеу жөніндегі күрделі жұмыстардың бірі – Э.Д. Сүлейменованың «Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики» атты еңбегі [95]. Кітапта контрастивтік лингвистиканың негіздері дербес ғылым және оқу пәні ретінде қаланған әрі қазақ және орыс тілдерінің контрастивтік ерекшеліктері берілген. Қазақ және орыс тілдерінің контрастивтік сипаттамасы тілдердің жалпы генеалогиялық, типологиялық және әлеуметтік-функционалдық жіктелу талаптарына сәйкес жүзеге асады.

Қазақ және орыс тілдері лексикасының жүйелік сипаттамасы А.К. Жұмабекованың "Основы системного описания лексики казахского и русского языков" атты монографиясында талданады [96, 145 б.]. Автор лексиканың жүйелі сипаттамасында кешенді логикалық-лингвистикалық тәсілін зерттейді: қазақ және орыс тілдерінің лексикалық жүйелеріндегі мағыналық байланыстардың әмбебап түрлері бөлінген, тілді іштей қарастыру барысында да, тіларалық аспектіде де лексикалық бірліктер талдауының, яғни жүйе бөлшектерінің бірыңғай критерийлері белгіленген.

XX ғасырдың 90 жылдарының соңында және XXI ғасырдың басында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы диссертациялық кеңесте әлемнің қазақ және орыс тілдеріндегі бейнесін салғастыра отырып сипаттау бойынша біраз ғылыми еңбектер қорғалды. Онда лингвомәдениет бірліктері мен құбылыстарының барлық түрлері талданып, Қазақстанда мәдениаралық

қатысымның қалыптасуына себеп болды. Осылайша, А.Д.Сейсенованың, К.Ж.Айдарбектің, А.Жолдасбектің, Р.Д.Ашимбетовтың, С.К.Сансызбаеваның, Ж.С.Бекетаеваның, Ж.М.Уматованың және т.б. кандидаттық диссертацияларында қазақ және орыс тілдерін салыстыра отырып жазылған материалдар негізінде тілдік бірліктер мен құбылыстардың мәдени негізделген лингвомәдени сипаттамасы келтірілген.

Мәдениаралық қатысым үдерісі мәдениетке негізделген тіл бірліктерін аудару мәселелеріне байланысты және ол әрдайым зерттеушілердің назарында болады, әрі көркем шығармалардың аудармалары мысалға алына отырып салғастырмалы сипатта жасалған жұмыстар қатарынан көрінеді. А.Алдашеваның "Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер" атты іргелі жұмысында қазақстандық аударматанудың негіздері берілген және орыс тілінен қазақ тіліне көркем және публицистикалық мәтіндердің аудармаларына салыстырмалы лингвомәдени талдау жүргізілген. Автор тіл мен мәдениеттің өзара байланысын негіздейді және аударма мен аялық білімнің мәдениаралық қатысымдағы орнын анықтайды: «Әр халықтың мәдениеттерінің арасындағы айырмашылықтардың бар екендігі ақиқат. Алайда ХХ ғасырдың өн бойында өзге де ұлт ғылымындағы сияқты қазақ ғылымында да бұл шындық көмескіленіп, мәдениет ұғымы ұлтқа қатыссыз, ұлттық бітімнен бөлек, өзге мәдениеттермен синтездеу кезінде болатын категория ретінде абстрактілі түрде ұғындырылғаны мәлім. Ал жаңа қоғамдық қарым-қатынастарға көшкен қазіргі қауымдастықтың сипаттары ұлттық бітімді танытатын өлшеусіз құндылықтардың бірі – төл мәдениет, екіншісі – төл тіл екендігін мойындатып отыр» [91, 122 б.].

Ұлтаралық және мәдениаралық қарым-қатынас мәселесіне деген қызығушылықтың артуына байланысты әлеуметтік лингвистиканы көп салалы шаруашылық пен көптілділік орын алған Қазақстандағы тіл жағдайын зерделеу барысындағы басым бағыттардың бірі ретінде зерттеу қолға алынды. Кеңес заманынан кейінгі жаңа тілдік ахуал мен тіл саясаты орын алған уақытта Б. Хасановтың, М.М. Копыленконың, Э.Д. Сүлейменованың, А.М. Құмарованың, О.Б. Алтынбекованың және т.б. еңбектерінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде, ал орыс тілінің ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде қолданылуына ерекше көңіл бөлінді. Қазақ тілі үшін жиынтық жоспарлау мәселесі оның өміршеңдігі (қазақ-орыс тілдеріндегі қостілділіктің сипаты, қатысымдық күші, қолданылу саласы, әрекет ету түрлері) ескеріле отырып қаралады. Әлеуметтік лингвистикалық зерттеулердің қазіргі жағдайы «Әлеуметтік лингвистикалық терминдер сөздігінде» сипатталған [97]. Сөздікте негізгі әлеуметтік лингвистикалық терминдердің анықтамалары берілген, бұл тіл мен қоғамның өзара байланысы туралы ұғымдар мен түсініктерді қалыптастыру барысында өте жақсы анықтамалық материал бола алады.

Мәдениаралық қатысым теорияларындағы негізгі ұғымдардың бірі – *өзім-өзге* деген семантикалық үлгі. Қазақ менталитетіне ашықтық, қонақжайлылық пен шыдамдылық тән болғандықтан аталған үлгі қалыпты жағдайда көрінеді

деген ойдамыз. А. Сейдікенованың диссертациялық зерттеуінде қазақ және француз жазушыларының көркем шығармаларындағы материалдарда *өзім-өзге* бинарлық оппозициясының сипаттамасы берілген [98]. Автор мәдени ерекшеліктердің ара-жігін ажырата отырып, қазақ мәдениетіндегі «өзім» ұғымының кең мағыналы, әрі философиялық әлем танумен байланысты екенін, өзінің қарқындылығымен және ашықтығымен сипатталатынын алға тартты. Сондықтан, «өзім» ұғымының тұжырымдамалық өрісі жеке басы, туыстық және ұлттық өзара қарым-қатынаспен ғана шектеліп қалмайды, оған *«бір көрген – біліс, екі көрген – таныс, үш көрген – туыс»* деген қазақ мақалы жақсы мысал бола алады. Ал француз лингвомәдениетінде «өзім» ұғымының қолданылу аясы тарылып «мен» сөзімен шектеледі.

Біздің көзқарасымыз бойынша, өзім-өзге семантикалық үлгісі қазақ мәдениетінде қалыпты жағдайда келеді, себебі қазақ менталитетіне ашықтық, қонақжайлылық, төзімділік тән. Қазақ халқының толеранттылығы М.Б. Амалбекованың қос тілді тұлғаның қалыптасу мәселесіне арналған монографиясында сипатталған. [99]. Өзгенің өзіндікі болатынына нақты мысал Г.Бельгердің «Ауыл» деген эссесінде берілген: *«Ауыл – менің ауылым, менің тірегім, менің қорғаным, менің үйім, мен мұнда далада қалмаймын, мұнда менің жағдайымды жасайды, қиын кезінде тастап кетпейді, мен осы қауымның, осы қоғамның бір мүшесімін, ауыл менің алдымда, ал мен ауылдың алдында жауаптымын, егер мен ұятты нәрсе істесем, онда мен тек ата-анамды ғана емес, өз ауылымды да ұятқа қалдырамын, мен Әбілмәжін, Ерғали, Омар, Қоспан, Жайлаубай, Нұрқан, Қали, Сейітқожа аталарымның және басқа да адамдардың бетіне қарай алмаймын»* (аударма біздікі - С.М).

Мәдениаралық тілдесу барысында түрлі лингвомәдени қоғамдастықтар *«бөтен»* мәдениетті өзінің жергілікті мәдениеті арқылы қабылдайды, соның салдарынан «бөтен» мәдениеттің өзіне тән көрінісін түсінбеудің түрлі деңгейі туындайды. Қазақстандық зерттеуші В.Д. Нарожная [100] бұл түсінбеушілік түрлі факторларға: бөтен тілмен, әлемді мағыналық жағынан қабылдаудың өзіне тән емес ерекшеліктерімен, өзге мүдделермен, қажеттіліктермен, құндылықтар жүйесімен және тағы басқалармен байланысты болуы мүмкін дейді. Түсінбеушілік деңгейі мәдениет-коммуниканттар арасындағы мәдени қашықтықтар көлеміне байланысты және қарым-қатынастың қажеттіліктерімен және мақсаттарымен негізделеді. Бір лингвомәдени қоғамдастықтың өкілі үшін «өзге» мәдениетпен байланыс өз мәдениетінің тәжірибесімен жанамаланады, бұл ретте екі мәдениеттің салыстырылуы заңдылық, осы мәдениеттер арасындағы айырмашылық саналы түрде немесе ой елегінен өткізілмеген күйде тіркеледі. Осылайша, мәдениетті өзіне сіңіру үдерісі жеке тұлғаның рухани және материалдық мәдениетке қатысты белсенді әлеуметтік қызметінің нәтижесі болып табылады.

Әлеуметтік қызмет көпқырлы, оны мәдениетті бойына сіңіретін тұлғаның әлеуметтік рөлдерінің кейбір жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Н.В. Дмитрюк «Тұлғаның мұндай рөлдерінің бірі – ұлттық рөл болып

табылады: «орыс» рөлі, «қазақ» рөлі және т.б. бұл тұлғаның әлеуметтенуінің алғашқы кезеңдерінде (отбасылық, мектептік тәрбие көмегімен) қалыптасады және сол тілдің барлық иеленушілері үшін жалпы болып табылады. Осы рөлдің аясында меңгерілген мәдени білімдер *сананың ұлттық ерекшелігі* деп аталынатын феноменнің мәнін құрайды» деген тұжырым жасайды [101; 88 б.]. Осымен бірге, түрлі лингвомәдени қоғамдастықтардың өкілдері бір-бірімен байланысқа түскен кезде бірнеше жайт анықталады. Сұхбаттасушының тілін біле тұра, түрлі ұлттық мәдениет иелері «өздерінің» тәрбиесімен әрекет етеді, «өздерінің» кинесикалық (ым-ишара) және проксемикалық (проксемика - қарым-қатынасқа түсушілер үшін маңызды хабардан тұратын қарым-қатынастың кеңістік пен уақыт ситуациялары) жүйелерін қолданады, «өздерінің» мәдени білімдеріне сүйенеді.

Көп мәдениеттілік ұғымы мәдениаралық қатысым феноменінің жаңа мәнін ұғынудың маңызды алғышарты болып табылады және қазіргі көп ұлтты Қазақстан қауымдастығында оның маңызы зор. Қазақстан зерттеушілері ұлтаралық ерекшеліктер мәселелерін талдауға жете назар аударып отыр. Бұл қазақ лингвомәдениетінің ерекшеліктерін тереңінен тануға және басқа мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Қазақстанның этнолингвистикалық ахуалының өзгеруінде әлеуметтік-саяси өзгерістерге негізделген этнодемографиялық үдерістер ерекше рөл атқарады.

Қазақстанның мәдениаралық қатысым үлгісі 100-ден астам ұлт өкілдерінің этникалық сәйкестігі мен әрбір этникалық топтың бірыңғай мемлекеттік құрылымының маңызды бөлігі болып табылады деген ұғымды қалыптастыруға негізделген. Қазіргі Қазақстан талаптарына сәйкесетін мәдениаралық қарым-қатынас Н. Назарбаевтың бастамасымен 1995 жылы құрылған Қазақстан халықтары ассамблеясының қызметіне негізделген. Қазақстан халықтары ассамблеясы мәдениаралық қатысым үлгісін нығайту бойынша үлкен жұмыс жасап жатыр, оның аясында толеранттылық қалыптасып келеді, ол аталған ұйымның Стратегиясындағы міндеттерде нақты көрсетілген. Мәселен, этносаралық қарым-қатынастар саласында Ассамблея мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- заңның үстемдігі және адам мен азаматтың нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни ұстанымына, әлеуметтік топтарға тиістілігіне қарамастан олардың құқық пен бостандық теңдігі;

- қазақ халқының мәдениеті мен мемлекеттік тіл маңызы артқан ортада азаматтық және рухани-мәдени тұтастық негізінде Қазақстан этностарын шоғырландыру арқылы қазақстан қауымдастығын құру.

Қазақстан халқы ассамблеясының этносаралық және мәдениаралық қатынастарды нығайту ісіндегі маңызды рөлі жайында З.К.Ахметжанова: «Қазақстан халықтарының ассамблеясы ұлттық-мәдени орталықтар жүйесімен бірге мәдениаралық қатысымның ерекше үлгісін нығайту бойынша қыруар жұмыстар жасап жатыр, оны метафоралық түрде «мәдени мозайка» деп

атаймыз. Қазақстанда дәл осы үлгі кеңінен таралып және осы үлгі аясында толеранттылық орын алады» деп жазады [102, 64 б.].

Қазақстанда ұлтаралық және дінаралық үлгінің қатарынан қалыптасуы мен ары қарай даму тәжірибесі өте сәтті шықты. Бұл тәжірибе соңғы жылдары әртүрлі этностар мен діндегі адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселесі ушығып тұрған дүниежүзінің назарын аударды. Этностық диаспоралардың сақталуынан және олардың ұқсас болуынан Қазақстан көп ұлтты және көп мәдениетті болып қалыптасты. Диаспоралар бір жерде ұзақ уақыт өмір сүру кезінде диаспорадағы мәдени өзгерістердің әртүрлі деңгейі мен бағдары болатын өзара бірігу үрдісінің орын алатынына қарамастан «өзін» және «өзгені» қарама-қарсы қоя отырып, этностық сана-сезімін сақтап қалуға тырысады. Қазақстан Президенті Н.Назарбаев өзінің «В потоке истории» («Тарих толқынында») кітабында ұлттық диаспораларды негізі қаланған жалпы қазақстандық мәдени деректерде өзінің этноматериктік мәдениетінің жарықшақтары емес, Қазақстанның толық құқылы өкілдіктері, еліміздің басқа мемлекеттердің ұлттық-мәдени жүйелерімен өзара байланысу арналарының бірі болады деп есептейді [103].

Қазақстан қауымдастығында қазақ және орыс мәдениетінің өзара қарым-қатынасы туралы мәселе қашанда көкейкесті. Оған дәлел ретінде мынадай мысалдар келтіруге болады: бірнеше жүз жылдар бойы Ресей мен Қазақстан арасында тату көршілік қатынастар сақталып келеді, сондай-ақ, Қазақстанда ең көп тараған - орыс диаспорасы, сондықтан қазақ пен орыс мәдениеті үнемі өзара әрекеттесіп жатады, салғастырылып отырған мәдениеттерді мәдениаралық тілдесу стратегиясын жасауға мүмкіндік беретін, салыстыру үшін негіз ретінде қарауға болады. Екі мәдениеттің қазіргі өзара қарым-қатынасы бірыңғай экономикалық кеңістік, мәдениет пен білім қатынастары жағдайларындағы әлеуметтік экономикалық факторлармен анықталады. Мысалы, КСРО құлағаннан кейін орыс мәдениетіндегі адамдардың едәуір бөлігі күтпеген жерден тарихи отанынан қол үзіп қалды, содан кейін басқа мәдениет пен мемлекеттердің аумағында диаспоралар құрылды. Осыған байланысты басқа мәдениет ортасының ықпалына түскен осы диаспоралар өкілдерінің бастарынан өтіп жатқан әлемнің тілдік бейнесіндегі өзгерістер қарқынын зерделеу өзекті болып табылады. Мәселен, Е.Г.Свинчукованың «Языковая картина мира русской диаспоры в Казахстане» деген диссертациялық зерттеуінде еркін түрде жүргізілген ассоциациялық эксперимент негізінде әлемнің тілдік бейнесін талдау кезінде Қазақстандағы орыс диаспорасының тілдік сана-сезімінің ерекшеліктері қаралады [104, 104 б.]. Алдын-ала жасалған зерттеулердегі негізгі мәселе – Қазақстандағы «өзге» мәдениет ықпалына түскен орыс диаспорасының тілдік сана-сезімінің мазмұнының өзгеруі. Салыстыру үшін екі түрлі дәуірде (2010 жыл және 1988–1998 жылдар аралығында) өмір сүрген Ресейдегі орыстар мен Қазақстандағы орыстар секілді бір топ адамдар қарастырылады.

Алынған деректердің нәтижесінде зерттеуші мынадай тұжырым жасады: орыс диаспорасы орын алған экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайлардың салдарынан қазақ мәдениетімен бірікті, сөйте тұра орыс тілін, әрі орыс мәдениетін де сақтап қалды (жанасу стратегиясы - бөліну емес ықпалдасу). Соңғы 20 жыл ішінде орыстардың тілдік сана-сезімінен бір мемлекеттік құрылымнан басқа құрылымға ауысып отырған әлеуметтік-саяси өзгерістерді көреміз. Бұл ретте, орыс мәдениетінің негізгі түйіні өзгеріссіз қалды, ал орыстардың тілдік әлемінен көрінген жаңа ерекшеліктерде материалдық құндылықтар мен жекешілдік басым болып тұрған жалпы жаһандық үрдістер бар» [104, 16 б.].

Қазақ пен орыс мәдениетіндегі адамдардың тілдік сана-сезімдеріндегі көріністердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін сипаттауға арналған жұмыстарды зерделеу және тұжырымдау ісі Қазақстан ғалымдары жүргізген бірқатар зерттеулердің нысанына айналды. Мұндай жұмыстар психолингвистиканың соңғы жетістіктері мен әдіс-тәсілдері арқылы орындалып, РАН тіл білімі институтында (Мәскеу қаласында) қорғалды. Мысалы, Қазақстанның танымал тіл маманы Н.В. Дмитрюктің докторлық диссертациясы мәдениаралық қатысым барысында қарым-қатынасқа түскен, бірақ әртектес лингвомәдени топтарға жататын қазіргі адамдардың, яғни қазақ және орыс этностары өкілдерінің тілдік сана-сезімінің өмір сүру және қызмет ету түрлерін зерттеуге арналды. Сондай-ақ, осы топ өкілдерінің сөйлеу (ассоциациялық) әдебінің дәстүрлі үлгілерін олардың қалыптасуы мен жүзеге асуының ұлттық-мәдени ерекшеліктері тұрғысынан қарастырылды [105, 199 б.]. Психолингвистикалық, этнопсихологиялық және когнитивтік әдістерді қолдана отырып жүргізілген ассоциациялық эксперименттердің нәтижесінде бірыңғай, жинақталған және жүйеленген материалдар арқылы бір жерде ұзақ уақыт бойы бірге тіршілік еткен Қазақстанның екі ірі – орыс және қазақ этностары өкілдерінің сана-сезімінің бейнесі зерттеледі.

Р.А. Османованың «Национально-культурная специфика образов сознания русских и казахов» (гендерный анализ на материале слов семантического поля «Дом.Семья») еңбегінде әлеуметтік және геомәдени факторлардың ықпалына түскен орыс тілінде сөйлейтін адамдардың, яғни Қазақстандағы орыстар мен Ресейдегі орыстардың және орыс мәдениетін бойына сіңірген қазақтардың тілдік сана-сезімінің бейнесіндегі ерекшеліктер талданып, салғастырылған [106, 36 б.].

Әлеуметтік лингвистикалық және психолингвистикалық тәсілдер арқылы орыс және қазақ этностары өкілдерінің тілдік саналары зерттеледі [107, 100б.]. Бұл:

1) этникалық сәйкестендіру;

2) ұлттық сипат;

3) модальды гетеростереотиптер жүйесі деңгейінде этностық қатынастардың бағдарын анықтайтын мақсаттар;

4) ұлттық тарих пен этнос мәдениетінің жекелеген бөліктеріне (тілге, дәстүрге, салтқа) қатысын анықтайтын әлеуметтік мәдени мақсаттар мен бағалаулар;

5) әлеуметтік іс-әрекет ықпалына ұшырайтын жетістіктер жүйесі.

Осы деңгейлер этникалық тұрғыдан нақты модальды құндылықтар секілді белгілі бір көрсеткіштерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Мұндай жұмыстардың нәтижесінде Қазақстан тіл білімі ғылымында мәдениаралық қатысымның әлеуметтік лингвистикалық және психолингвистикалық бағыттар арқылы қалыптасатыны жөнінде тұжырым жасауға болады. Қазіргі психолингвистика әртүрлі этностық топ өкілдерінің мәдениаралық тілдесу мәселесі басты орында тұратын сөйлеу қызметін түсіну деңгейіне жетті. Психолингвистикада мәдениаралық қатысым мәселесі әртүрлі ұлттық сана-сезімдердің «сана-сезім бейнелерінің» тілдесу мәселесі ретінде түсініледі, сондықтан, XXI ғасырдың психолингвистикасы – сана-сезімнің психолингвистикасы.

Мәдениаралық қатысым мәселесінің өзекті болуы тек өзге мәдениетті танып-білуге қызығушылық таныту және өз мәдениетін байыту ғана емес, сонымен қатар әділ әлеуметтік саяси және экономикалық үрдістерге және бүгінгі таңдағы әр жердегі әртүрлі халық өкілдерінің арасындағы қарым-қатынас санының артуына байланысты. Қазіргі жаһандық өмірде мәдениаралық қатысымның ауқымы кеңейіп, қарқыны үдеп барады. Егер өткен ғасырларда әр елдің мәдениеті сауда-саттық пен әскери іс-қимылдар арқылы өзара байланысқа түссе, бүгінгі таңда экономика, саясат, спорт, ғылым, білім және т.б. секілді барлық салаларда мәдени қарым-қатынастардың нығайғанын байқаймыз. Осы жерде мәдениаралық бизнес қатынасын, яғни бизнес келіссөздерді ерекше атап өтуге болады, себебі іскерлік келіссөздер құрылымы мен сипаты бойынша жай келіссөздер мен пікір алмасудан өзгеше болады.

Мәдениаралық тілдесу ерекшеліктерін зерттеушілердің пікірі бойынша бизнес қарым-қатынас орнату кезінде өзге тілді елдің өкілдерімен келіссөздер жүргізу, белгілі бір коммуникативтік және манипуляциялық стратегия жүргізу жоспарланып отырған елдердің мәдениеті мен нормаларын ескеру қажет. Сондай-ақ, мәдениаралық өзара байланысқа түсу жағдайында қатысымның дұрыс үлгілері мен стратегиясын білу жеткіліксіз. Бұл жерде екі тарап өкілдерінің мәдениеті арасында туындайтын тілдік және мәдени кедергілерді ұмытпағанымыз жөн [108, 196 б.].

Біздің ойымызша, басқа ұлт өкілдеріне іскерлік келіссөздер жүргізу үшін қазақ халқының негізгі мәдени құндылықтарын және этностық сипатын көрсететін қонақжайлылық, үлкенді сыйлау, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпты құрметтеу, бірлік, отансүйгіштік, еркіндікті сүю, ашықтық, жомарттық секілді т.б. өзіндік ерекшеліктерін білу қажет.

Осы бөлімнің қорытындысы ретінде келесі тұжырымдарды белгілеп өтуге болады:

1. Қазақстан лингвистикасының дүниежүзілік лингвистика ғылымының бір

бөлігі ретінде зерттелу мүмкіндігі зор және тілді тарихи-мәдени әрі әлеуметтік құбылыс ретінде құрылымдық-жүйелік және рухани тұрғыдан зерделеу жолы көп. Қазақстан ғалымдары тіл мен мәдениеттің, тіл мен сана-сезімнің өзара әрекеттесу мәселелеріне, мәдениаралық, ұлтаралық және тұлғаралық қарым-қатынас мәселелерін әрдайым ғылыми назарда ұстаған.

2. Жалпы мәдениаралық қатысым жөніндегі лингвистикалық зерттеулердің бытыраңқылық сипаты бар, ол Қазақстан халқы ассамблеясының қызметі аясында этносаралық қатынастар, ұлттық-мәдени таңбаланған бірліктер және көркем шығармалар мен олардың басқа тілдегі аудармаларындағы құбылыстар, шет тілін үйрену кезіндегі мәдениаралық ықпалдасу мәселелерін, қазақ халқының мәдени құндылықтарының сиапттамасы және т.б. секілді мәселелерді талдаумен шектеледі.

3. Қазақстан лингвистика ғылымындағы қазіргі мәдениаралық зерттеулерді сипаттайтын басты үш факторды бөліп көрсетуге болады:

1) экстралингвистикалық факторлардың әртүрлі болуы – қазіргі Қазақстан қоғамындағы жалпы саяси, экономикалық және мәдени салаларда болып жатқан өзгерістер;

2) мәдениаралық зерттеулер барысында қол жеткізген теориялық тұжырымдардың Қазақстан лингвистикасында ғылыми назарға жиі ілінбейтіндігі, демек толық зерттеу нысанына айналмай отырғандығы;

3) санаулы проблемаларды қарастыратын жекелеген зерттеулердің көптігі және жалпылама сипаттағы үлкен жұмыстардың жоқ болуы.

4. Қазақстан мен дүниежүзілік қауымдастықты дамытудың қазіргі деңгейі мемлекеттер арасындағы байланыстың кеңеюі, жаһандану, интернационалдандыру, мәдениаралық диалог үдерістерінің күшеюі секілді маңызды мәдени және өркениетті өзгерістермен сипатталады. Қазіргі Қазақстан қоғамы қарым-қатынастың жаһандық үрдісіне қосылуға бет бұрған, бұған тез дамып келе жатқан ақпараттық-коммуникативтік тілдесу құралдарын пайдалану қарқыны дәлел бола алады. Бүгінгі жаһандану мен инновациялық қарым-қатынас құралдары тоқтаусыз дамып келе жатқан ортада мәдениаралық қатысым бірегей мәдени феноменге айналып бара жатыр.

2 МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЖӘНЕ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

2.1Қазақстандық орыстілді БАҚ дискурсындағы казахизмдердің лингвомәдени ерекшеліктері

Қазіргі ақпараттық кеңістікте БАҚ дискурсы –адамдардың әлем мен сол әлемде болып жатқан жағдайлар туралы білімінің негізгі көздерінің бірі. Бұқаралық қатысымның үздіксіз дамып келе жатқан мүмкіндіктеріне қарай қазіргі ақпараттық қоғамдағы жаһандық өзгерістер заманауи адамның тек өмір сүру жағдайларына ғана емес, ойлау қабілеті мен қабылдау, таным жүйесіне де әсер етеді.

Бүгінгі қоғамда БАҚ әлем мен адам арасында байланыстырушы мәдени көпір қызметін атқарады. Осыған орай, БАҚ дискурсы қатысымның әлеуметтік маңызды саласына сәйкес келгендіктен және әлеуметтік өмірдегі алатын орнының маңызды болуына байланысты дискурстың аса маңызды түрлерінің біріне жатады. БАҚ дискурсының шегі ақпарат тарату желісі болып қана қоймайды, сонымен қатар түрлі ақпараттық ағындар мен дискурстардың әралуан түрлері қатар игеріліп, өзгеріп тұратын орта – интернет байланысы арқылы барынша кеңейтіліп жатыр.

Сыртқы әлемде ел бейнесін жасайтын негізгі дереккөздердің бірі – БАҚ болса, онда мәдениеттің әлеуметтік коммуникативтік тұжырымдамалары айқын көрінеді. БАҚ бүгінгі заман тілінің, әлеумет тілінің қалыптасуына елеулі ықпал ете отырып, жаңа тіл мүмкіндіктерін көрсететін әлеуметтік доминанттар ретінде мәдени таңбаларды жинақтайды БАҚ тілі – бұл билік пен оппозиция (саяси дискурс) тілі, ғылым, мәміле, өнер, дін және т.б. тілі.

Ақпарат пен қатысым маңызының артуы, мәдениаралық қарым-қатынастың тереңдеуі заманауи әлеуметтік мәдени ахуалды жан-жақты бейнелейді. Соңғы жылдары болып жатқан әлеуметтік, саяси, экономикалық өзгерістер мен бұқаралық ақпарат құралдарының қарқынды дамуы мәдениеттегі кедергілерді еңсеріп, өзге мәдениет өкілдерімен өзара қарым-қатынас орнатуға толық мүмкіндік берді.

Медиадискурс – бұл бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен жасалатын, белгілі бір тіл құралдары арқылы кең және әртүрлі аудиторияның дүниетанымы мен қоғамдық пікірін қалыптастыруды мақсат еткен дискурс түрі. БАҚ дискурсының негізін адресант құрайды, сонымен қатар түрлі өңделген әлеуметтік ақпараттың нәтижесі ретінде медиамәтін және жағдаяттық пен әлеуметтік мәдени контекст енгізілген адресат құрайды.

БАҚ арқылы қалыптасқан әлемнің қоғамдық-саяси бейнесін зерделеу қоғамдық-саяси қатысымды әр қырынан түсінуге әсер етеді. Мәселен,

-когнитивтік-прагматикалық құрылымдық ұғым арқылы қоғамдық-саяси дискурсты бағдарлау;

-билік тілінде тұжырымдамалық тәсілді пайдалану;

-қазақ-орыс және орыс-қазақ қостілділік жағдайларында қоғамдық-саяси лексиканы функционалды-коммуникативтік тұрғыдан сипаттау.

Осының барлығы лингвистикалық құбылыстарды жаңаша пайымдауға мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар медиалық өкілдікке бағытталған қоғамдық-саяси қатысымды басқаша түсінуге әсер етеді.

Қоғамдағы әлеуметтік жағдай және қоғамдық қызметтер –тілдік тұлғаны әлеуметтендіру барысының маңызды құралдарының бірі. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдары тілінің рөлі ерекше. Қоғамдық саяси қатысымның бүгінгі жағдайы әлеуметтік саяси ақиқат туралы ақпаратты айқын ұғынуға басқа да көрнекті және басым тетіктердің қажеттігін көрсетеді.

Қазақстандағы БАҚ медиадискурсы мен тілінің ерекшеліктері және қазақ-орыс қос тілділік жағдайында қазақстандық орыс тіліндегі газеттердің лексика-стилистикалық құралдарын зерттеу Қазақстан лингвистерінің ерекше назарын аударады. Бұл мәселелер В.И. Жумагулова, З.К. Ахметжанова, Э.Д. Сулейменова, Б.К. Момынова, Е.А. Журавлева, Г.П. Байгарина, М.С. Абишева, Р.А. Омарова. Ш.А. Сабитова, Б.Ж. Раимбекова, Г.К. Ихсангалиева, Г.К. Рахимжанова Д.С. Сурова, Г.Н. Кенжебалина, А.Қ. Таусоғарова және т.б. ғылыми зерттеулерінің нысанына айналды.

Орыс тілді қазақстандық газеттердің ерекшеліктері туралы В.И. Жумагулова былай деп жазады: «Қазақстанның орыс тілді периодикасы қалыптасқан коммуникативтік жүйені білдіреді, оның айрықша құзыретіне ағымдағы жағдайлар туралы мәліметтердің жариялануымы, сондай-ақ сараптамалық материалдарға шолу кіреді. Егемендік алғаннан кейін олардың қызмет етуі республикалық орыс тілді газеттердің кейіпін, оның құрылымы мен сапалық жағын елеулі өзгеріске ұшыратты» [109, с. 23].

Қоршаған әлемді қабылдау ерекшеліктерін көрсететін Қазақстанның орыс тілді БАҚ, орыс және қазақ мәдениетін иеленушілердің ұлттық сипаты әлем бейнесі арқылы ұлттық-ерекше бояуы бар мәдениеттің бөлшегі болып табылады.

Полиэтникалық және полимәдени мемлекет ретінде қалыптасқан Қазақстан Республикасында мәдениаралық қатынас мәселесіне ерекше назар аударылады. Мәдениаралық қатынастың қазақстандық моделі осы елді мекендейтін халықтардың бірлігі мен татулығына негізделген. Көпұлтты Қазақстандық қоғамда қазақ және орыс өзара әрекеттес мәдениеттері ерекше орын алады. Ол –тек қана географиялық жағдайлармен ғана емес, сонымен қатар көпғасырлар бойы үздіксіз орнатылған мәдени-тарихи және қоғамдық-саяси байланыстардың нәтижесі. Қазақстанда орыс тілінің қызмет етуінің ерекше өзгешеліктерінің бірі – ол аймақтандыру, яғни оның ұлттық вариантын және қоғамдық-мәдени әртүрлілігін қалыптастыру. Осы үдерісте Қазақстанның орыстілдік БАҚ-та кеңінен таралып, қазіргі кезде узуста белсенді пайдаланатын **казахизмдер** үлкен міндет атқарады. Казахизмдер деген сөздің төркіні реалийлер болып табылады, яғни өзге мәдениетте сол немесе өзге түсініктің, мәннің, құбылыстың жоқ болуы. Бұл қазақ және орыс тілдерінің қарым-

қатынасындағы алуан түрлі үдерістермен, қазіргі қоғамдық-мәдени реалийлердің, жағдайлардың және оқиғалардың атауларымен, сонымен қатар казахизмдердің орыс тілінде қалыптасқан бейімделу жүйесімен байланысты. Э.Д. Сулейменова «Регионализация стандартных языков: от ‘советского’ к ‘казахстанскому’ варианту русского языка?» атты мақаласында орыстілді публицистикалық дискурстағы казахизмдердің саналуан мысалдары негізінде Қазақстандағы стандартты орыс тілінің тиісті кодификациялану нәтижесінде жүзеге асырылатын аймақтандыру мүмкіндігін қарастырады (аударма біздікі – *С.М.*) [110, 142].

Біздің пайымдауымыз бойынша, қазақ халқының және қазақстандық қоғамның саяси-мәдени реалийлерін айқындайтын кірме сөздер қатарына жататын казахизмдер лингвомәдени құбылыс болып табылады. Кеңес кезінде көптеген казахизмдер маңыздылығын жоғалтуына байланысты лексикалық жүйенің шегінен шығып, семантикалық жағынан өте аз ықпалдасқан кірме сөздер болып есептелген еді. Қазіргі тілдік деректерде казахизмдер лингвокультуреманы білдіретін әлеуметтік және мәдени маңызы бар сөздерге айналған.

Қазақ халқының этномәдени салт-дәстүрлері мен құндылықтарын өзектендіру жағдайында, сондай-ақ қазақ тілін дәріптеуде казахизмдер көп жағдайда орыс тілдің қазақстандық (өңірлік) нұсқасы арқылы меңгерілген. Экзотизмдерді басқа мәдениет өкілдері түсіну үшін тереңдетілген аялық білім қажет. Мысалы, қазақ көшпенді мәдениетінде "бәйге" деп аталатын қазақ халқының ең сүйікті ойын түрі бар: *құнан бәйге*– қысқа шақырымға арналған жарыс түрі, *аламан бәйге*– бұл жарыс түріне әртүрлі жастағы жылқы малы қатыса береді, *жорға жарыс*– жорға жылқы малы қатысады. Қазақтарда қазір ат бәйгесі спорт түрінің үлгісі ретінде насихатталады. Бұл казахизмдер тақырыбының бір түрі. Әрине, мұндай жарысты тек көзбен көріп, метатүсініктен кейін ғана нендей экзотикалық спорт түрі екенін меңгере алады.

Қазақстандық орыстілді БАҚ-тағы казахизмдердің мәдениаралық қатысымдағы атқаратын қызметі біздің «Орыстілді БАҚ-тағы казахизмдер: мәдениаралық қатынас мәселелері» атты мақаламызда көптеген мысалдарды талдау арқылы талданады [111, 2 б.]. Мақалада мерзімді баспасөз материалдары негізінде казахизмдердің орыс тілімен игерілу үдерісі талқыланады. Қазақ халқының және қазақстандық қоғамдық-мәдени реалийлерін белгілейтін казахизмдер лингвомәдени феномен ретінде қарастырылады. Сонымен қатар казахизмдердің семантикасында болған өзгерістер XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыстілді мерзімді баспасөз және заманауи газет материалдары негізінде салыстырылады.

Қазіргі кезде белсенді түрде жүзеге асатын мәдениеттердің өзара әрекеттестігі жағдайында казахизмдердің мәдени семантикасы Қазақстанның орыстілді БАҚ-тарында айқын көрініс табады. Казахизмдер дәстүрлі қазақ мәдениеті әлемінің моделін бейнелеп, Қазақстанды мекендеген көптеген ұлт өкілдерінің осы құндылықтарға көзқарастарын ашып көрсетеді. Бүгінгі таңда

бұқаралық ақпарат аясында жүзеге асатын, сонымен қатар техникалық және адами ресурс құралдары арқылы таратылатын орыстілді публицистикалық дискурс дербес қалыптасқан коммуникативтік жүйе болып табылады.

Заманауи Қазақстанның өміріне түркі кірме сөздерінің белсенді еніп кетуі әлеуметтік-саяси реформалар мен қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде мойындау факторларына байланысты. Заманауи қазақстандық публицистиканың ерекшелігін анықтауға мүмкіндік беретін лексиканың семантикалануы Е.А. Журавлеваның диссертациялық жұмысында кешенді түрде сипатталады [112, 77 б.].

Зерттеушілердің бақылауы бойынша экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлардың нәтижесінде орыс тіліне тарихи-мәдени және ел танымдық ақпарат қамтылған қазақ тілінің көптеген лексемалары енген. Осылайша, Б.Х. Хасанов «қазақтардың өзге ұлт өкілдерімен тұрақты байланыс орнатуы, қарым-қатынасқа түсіп отырған тілге көптеген казахизмдерді кіргізді, олардың көбісі әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен, тұрмыспен, қазақтардың бұрыннан бекітілген қағидаларымен, материалдық және рухани мәдениетінің құбылыстарымен, қазақтардың отбасылық өмірімен тікелей байланысты. Казахизмдер жиі фонетикалық, грамматикалық және семантикалық қайта құрылуларға, яғни кірме тілдің заңдарына бейім келеді» – дейді [113, с. 165].

Қазіргі Қазақстанның орыс тілді БАҚ-та орыс және қазақ лексикасының өзіндік қоспасы айқын байқалады. Бұл публицистерге екі этникалық және лингвистикалық жүйенің бірігуі жағдайында өздерінің авторлық көзқарастарын көрсетуге кеңінен мүмкіндік береді. Казахизмдер орыс экстралингвистикалық ортада қандай да бір қазақ мәдениетіне ғана тән айрықша бір зат немесе құбылыс жоқ болған жағдайда орыс тіліндегі лакуналарды (баламасы жоқ) алмастыру болып табылады, сондықтан олар «орыс тілді оқырманның тілдің әлемдік бейнесін кеңейту нәтижесінде мағыналардың өзіндік бір өрісіне ие лингвомәдени феномендер» деп танылады (аударма біздікі – *С.М.*)[109, с. 6].

Казахизмдерге маңызды мәдени ақпаратты тасымалдайтын, орыс тілмен игерілген, тілдік жүйеде тұрақталған сөздер жатады. Олардың қатарында қазақ мәдениетінің айқын көрсеткіштері болып табылатын, туыстық қарым-қатынасты, ұлттық салт-дәстүрлерді және қоғамдық-саяси реалийлерді таңбалайтын сөздер қамтылған.

Казахизмдер деген сөздің төркіні көбінесе нақты реалийлер болып табылатындығы белгілі. Демек өзге мәдениетте сол немесе өзге түсініктің, мәннің, құбылыстың жоқ болғандықтан кемшілігін толтырады. Орыс тілінің әлемдік көрінісінде өзгелерге (қазақтарға) тән тұрмыстық зат немесе кездеспейтін сәттер болады. Мысалы, реалий сөздер қазақтың әйел бас киімінің ерекше түрін сипаттауда пайдаланылады, орыс тілінде *саукеле* деп берілген.

Орыстілді газет мәтіндерінен мысалдар таңдау негізінде түркі-казахизмдерінің тақырыптық топтарды бөліп қарадық, оның ішіндегі ең жиі кездесетіндері: агентивтер (сөйлем ішіндегі көрсетілген немесе бейнеленген

жағдаятқа байланысты әрекет иесі), ұлттық салт-дәстүрлердің атаулары, ұлттық тағамдардың атаулары, локативтер (заттың кеңістіктегі сипаты және қимылдың іске асу орны), тұрмыстық заттары, киім және оның бөлшектері, әшекейлер және т.б. Орыстілді БАҚ-тан анықталған казахизмдердің жіктелуін келесі сұлбада көрсетеміз:



Сурет 6 - Қазақстандық орыстілді БАҚ-тағы казахизмдердің лексика семантикалық топтары

Қазақ лексикасының осы бір бөлігі революцияға дейінгі орыс тілді газеттерде ұзақ уақыт бойы қолданыста болып, мәтіндегі ұлттық ақпараттың айқын көрсеткішіне айналған. Мысалы, XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыстілді газеттердің тілінде жиі кездесетін казахизмдер қатарына тұлғаларды белгілейтін сөздер немесе агентивтік лексика жатады. Казахизмдердің аталмыш тобы семантикалық көлемін өзгертпегенмен, олардың өзекті, заманауи қолданыс үрдісін атап өтуге болады. Мысалы, XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыстілді газеттерінде «*бәйбіше»* сөзі ‘үлкен, яғни бірінші әйел’ мағынасында қолданылған:

«*Но это редкая на Востоке, исключительная и довольная жизнь Аналык не была благословлена богом, каравшим бая с* **байбишей** *за какие-то никому не*

ведомые грехи: наступает старость, а детей у них не было» (Туркестанские ведомости, 1870–1890. № 35.).

Қазіргі заманауи қолданыстағы контексте *«кәрі әйел»,* «шаңырақтың ұйытқысы» деген окказионалды семаның өзектілігін арттырады. Осындай мағына бүгінгі заман жағдайында өзгеше бір құндылықты стереотиптерге ие болған отбасы-туыстық дәстүрмен байланысты. Ұлттық санадағы сөздердің мағынасында бір ерекше бояулар пайда болуы қоғамдағы бағалаудың белгілерінің өзгеруімен сипатталады:

«*Прошу вас отведать хлеб-соль в моем доме, – обратился старик к окружающим.* **Байбише** *уже поставила самовар и бешбармак*» (Новое поколение, 2014. № 48).

Осыған ұқсас ‘кіші әйел’ мағынасындағы *тоқал* сөзінің «отағасының үлкен әйелі – бәйбішеге бағынатын құқығы жоқ әйел» деген жағымсыз коннотациясы бар. Қазақтар көптеген обьективті және субъективті жағдайларға байланысты екінші рет әйел алған. Біріншіден, көп бала тудыру үшін, әсіресе жерімізді жаулардан қорғайтын ұл балалардың санын көбейту үшін тоқал алса, екіншіден, ол заманда әйелдердің жұмысы өте ауыр болғандықтан, үлкен әйелге көмекші керек болған.

Қазақ тілінде «*тоқалдан туған бала»* деген түсінік бар, ол сөзбе-сөз ‘тоқалдан туылған, құқығы жоқ’, яғни тікелей мұрагер емес деген ұғымды білдіреді. Ал бүгінгі таңда бұл сөздің мағынасы өзгеріп, өзгеше ассоциациялар тудырады. Мысалы, өткен заманда *токал* екінші әйел ретінде еркінен тыс, зорлықпен күйеуге шығатын және бәйбішеге бағынып, күйеуіне қызмет ететін бақытсыз әйелді бейнелесе, бүгінгі заманның тоқалдары бай көңілдесінің арқасында шалқып өмір сүретін табысты әрі өзіне сенімді әйелдердің бейнесін көрсетеді. Сондықтан *тоқал* сөзі ‘қадірлі сүйікті әйел, ‘ресми тіркелмеген әйел’ деген жаңа мағынаға ие болған. Соңғы кездері БАҚ-та *тоқал* тақырыбы жиі талқыланып, көбінесе жақсы жағынан көрсетіліп жүр, қоғамда тоқал мәртебесі аса қолдауға ие болмаса да, жирікеніш те тудырмайды. Тоқал тақырыбының өзекті болғаны соншалық, оны «басты проблема» деп есептеп, әсіресе орыстілді газет пен әйелдерге арналған журналдар беттерінде, сондай-ақ, ток-шоу бағдарламаларында «Нет токал!» –«Тоқал жоқ!», «Стоп токализации!»–«Тоқал алу тоқтатылсын!» деген ашық сөздермен қызу талқыға түскен. Мысалы: «Катын, токал и жаным» –«Қатын, тоқал және жаным» мақаласында психотерапевтпен жүргізілген сұхбатта, ол бұл мәселені былайша түсіндіреді:

Знаете, модная нынче тема **токал** *для казахстанок весьма болезненна. И скажу вам откровенно, что ни одна из знакомых мне женщин, муж которой завел* **токал** *на стороне, не приняла данную новость с восторгом. Более того, жены предлагают супругу сделать выбор или же подают заявление на развод*» *–«Білесіз бе, бүгінде тоқал тақырыбы қазақстандық әйелдердің жанды жеріне тиеді. Ашығын айтар болсақ, өзім танитын әйелдердің күйеулері тоқал алғанда қуанғанын көрген емеспін. Керісінше, олар жұбайларын таңдау*

жасауға мәжбүрлейді немесе ажырасуға өтініш береді» (Экспресс К, 26.07.2017)(аударма біздікі – *С.М.*).

Негізінен жаппай тоқал алу үрдісін (*токализация*) Қазақстанның жаңа қаласы – Астананың құрылуымен байланыстырады, себебі көптеген шенеуніктер жұмыс бабымен әйел, бала-шағаларын Алматыда қалдырып, Астанаға (қазіргі Нұр-Сұлтан қаласы) кетті, ол жақта өздерінің көңілдестеріне үйленіп жаңа отбасын құрды.

Мысалы: «*– Говорят, что в мажилис парламента поступил законопроект "О* **токал***", появление которого связывают с ухудшением демографической ситуации и массовым отъездом чиновников (без жен) в Акмолу*» (Караван, 02.1998) «*–Парламент мәжілісіне «Тоқал туралы» заң жобасы түскен,ол демографиялық ахуалдың нашарлауына және шенеуніктердің (әйелсіз) жаппай Ақмолаға кетуіне байланысты болды)*(Караван, 02.1998) (аударма біздікі – *С.М.*)

Қазақ тіліндегі көптеген туыстық атауларының орыс тілінде тура мағынасы жоқ, себебі олар тарихи қалыптасқан полигамдық отбасылық және туыстық қарым-қатынастарды белгілей отырып, ер мен әйел жағынан туысқандарды, сонымен қатар туыстығы жалғасқан құда-жекжаттар. Қазақ менталитетінде туыс – аса құдіретті ұғым, сүйіспеншілік пен жанашырлық қасиеттері тән құндылық. Күнделікті сөйлеу мәдениетінде қазақтар сұхбаттасын туыстық қатынасына қарай атап, сөйлеу әрекетін орнатады. Осындай қарым-қатынас сөйлеушінің коммуникативтік стратегиясын болжай отырып, коммуниканттар арасындағы қатынасты неғұрлым жақын қашықтықта орнату мақсатында вокатив – қаратпа сөздер пайдаланады. Мысалы, «*– Кто же обидел вас, женеше*?» (Вечерний Алматы, 08.05.2013); «*Я понимающе киваю и радуюсь тому, что есть на казахской земле еще такие женщины, которые чтят и берегут традиции моего народа, что сегодняшняя* ***келин*** *завтра станет* ***ене*** *(свекровью) и передаст свои знания невесткам, и так будет продолжаться из поколения в поколение*» (Комсомольская правда, 17.02.2015).

Қазақ менталитентінде отбасын құру дәстүрі аса маңызды, ғасырлар бойы қазақ халқының жинақталған тәжірибесіне, тұрмысы мен салттарына, отбасылық және туыстық қарым-қатынасына, жас ұрпақ тәрбиелеу қағидаларына негізделген. Мысалы, *сүйек жаңғырту* дәстүріне тоқталсақ, сәбилер дүниеге келе салысымен, ата-аналары балаларын атастырып бесік құда атанады. Балалары бойжетіп, ер жеткенде қыздың ата-анасына барып құда түсуі қыз айттыру деп аталады:

«*Поздравить Абая с рождением внучки приехал богатейший человек Оразбай, который стал для нее* **бесиккуда** *(колыбельный сват), простватав за своего внука Санияза*» (Вечерний Алматы, 29.05.2008).

Әсіресе, қазақтың ұлттық дәстүрлері мен мерекелеріне, сондай-ақ олардың дәм-татымына байланысты ұлттық тағамдардың атауы кеңінен тарап, орыс тілді қазақстандықтардың санасына толығымен сіңісіп кетті.

Мысалы: «*Для своих гостей Меруерт и ее мама Рымкеш Толегенкызы решили приготовить* **бесбармак**, **коже**, *а к чаю* – **бауырсаки** и **коспу**» (Караван, 12.08. 2016). *«Меруерт пен оның анасы Рымкеш Төлегенқызы қонақтарына бесбармақ, көже, ал шайға* **бауырсақ** пен **қоспа** *дайындамақ болды»* (Караван, 12.08. 2016) (аударма біздікі – *С.М.*).

Бүгінгі қоғамда пайдалы тағам тақырыбы, табиғи тағамдар мен тіпті соңғы кездері шет елдерде де танымал бола бастаған қымыз, шұбат секілді сүттен жасалған сусындардың емдік қасиеттері өзекті мәселеге айналып, қызу талқыға түскен.

Мысалы: «*Я думаю, что сегодня кино рождается уже здесь. Западу не нужен казахский вариант кока-колы, им нужен* ***кумыс****. Это не значит, что мы должны надеть чапаны и играть на домбре перед камерой. Это значит, что мы можем продемонстрировать собственное мышление и мировосприятие*» (Новое поколение, 23.07.2014).

Мысалы:*«Бүгінгі таңда кино әлемі бізде де жақсы қарқын ала бастаған. Батысқа кока-коланың түрі қажет емес, оларға қымыз қажет. Бұл бізге камераның алдында шапан киіп, домбырада ойнауымыз керек деген сөз емес. Бұл - біздің де өз ойымыз бен дүниетанымымызды көрсетуге мүмкіндігіміз бар деген сөз»* (Новое поколение, 23.07.2014).

Әдетте казахизмдердің жиі қолданыстағы түрлері барлық оқырмандарға түсінікті әрі қазақ менталитетінің әлемді түсіну ерекшеліктері мен өзіндік келбетін сипаттайтын болғандықтан, қазақстандағы орыс тілді баспаларда аудармасыз сол күйінде қолданылады. Соңғы уақытта Қазақстан газетінің дискурсында *шашу* және *сүйінші* сөздері жиі қолданылып жүргенін байқаймыз. Бұл қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне, оның өмірлік философиясына байланысты:

«*После презентации нашего альбома мы были приятно удивлены: получили* ***суюнши*** *от наших друзей в виде забавных статуэток ручной работы, которые очень напоминали музыкантов нашей группы*» (Караван, 12.02.2010);

«*Под музыку* ***ажелер*** *бросали зрителям конфеты – традиционное казахское* ***шашу****. После приветствия ведущих, талдыкорганцев и гостей праздника поздравил аким города Текели Серикжан Бескемпиров, пожелавший горожанам новых успехов, здоровья и благополучия*» (Время, 24.10.2006).

«Альбомымызды таныстыру рәсімінен кейін бізді таңқалдырған тамаша жағдай орын алды: достарымыз бізге ***сүйіншіге*** *тобымыздың музыканттарға ұқсайтын қолдан жасалған қызықты мүсіндерді ұсынды* (Караван, 12.02.2010);

«***Әжелер*** *әуенмен бірге қазақтың дәстүрлі* ***шашуы*** *– кәмпиттерді көрермендерге қарай лақтырды. Жүргізушілердің амандасуынан кейін талдықорғандықтар мен мереке қонақтарын қала әкімі Текелі Серікжан Бескемпіров құттықтап, қала тұрғындарына зор денсаулық, мол табыс пен амандық тілей отырып, ізгі лебізін білдірді»* (Время,24.10.2006).

Бүгінде *шашу* сөзінің мағынасы кеңейген, ол тек қонақтарды, құдалар мен үйдің табалдырығын жаңа аттаған жас келінді қарсы алу кезінде кәмпит пен

басқа да тәттілерді шашуды білдіріп қана қоймай, ақшалай берілетін және музыкалық, поэзиялық шығармаларды орындау арқылы берілетін сыйлықты білдіреді:

Мысалы: «*Важные старушки держа в руках блюда с баурсаками, конфетами, куртом и прочими сладостями, так называемое* «***шашу***» *нетерпеливо поглядывали на дверь, в ожидании невесты-красавицы*» (Караван. 03.12.2015);

«*Старец с благообразной белой бородкой не спеша вышел на сцену и под мелодичные звуки домбры подарил зал свое* **поэтическое шашу**, *поздравил с началом айтыса*» (Огни Алатау, 24.11.2014)

«*Бауырсақ, кәмпит, құрт және тағы басқа тәттілер салынған,* ***«шашу»*** *деп аталатын табақты қолдарына ұстаған ақ жаулықты әжелер айдай ару қалыңдықты тағатсыздына күтіп, есіктен қайта-қайта сығалап қарай берді* (Караван. 03.12.2015);

Ақ сақалды қария аяңдай келіп сахна төріне шықты да, домбыраның әсем әуенімен ақындық жыр шашуын көрермендерге сыйға тартып, айтыстың басталуымен құттықтады»(Огни Алатау, 24.11.2014).

Әртүрлі құбылысты білдіретін, музыка өнерімен байланысты, казахизмдер: ұлттық аспаптардың, музыкалық шығармалардың атаулары, қызмет түрі музыкамен байланысты тұлғалардың есімдері:

Мысалы: «*Самой талантливой песней для детей была названа «Егеменді елім-ай» Марата Ильясова. Награду композитору вручил известный казахский* ***сазгер*** *Марат Омаров*» (Казахстанская правда, 12.02.2010);

«*Республиканский* **айтыс***"Алтын домбыра" проходит в пятый раз. Ежегодно выступления акынов собирают тысячи зрителей. Ранее подобные конкурсы проходили в Астане, но уже с прошлого года участники* **айтыса** «*Алтын домбыра*» *встречаются в Алматы*» (Казахстанская правда, 06.12.2017).

«Марат Ілиясовтың «Егеменді елім-ай» әні балаларға арналған ең үздік ән болып аталды. Композиторға сыйлықты қазақтың танымал сазгері Марат Омаров ұсынды (Казахстанская правда, 12.02.2010);

«Алтын домбыра» республикалық айтысы бесінші рет өтіп жатыр. Жыл сайын ақындар айтысына мыңдаған көрермендер келеді. Бұрын мұндай мүшәйралар Астанада өтетін, бірақ былтырғы жылдан бері «Алтын домбыра» айтысына қатысушы ақындар Алматы қаласында кездесіп жүр (Казахстанская правда, 06.12.2017) (аударма біздікі – *С.М.*).

Аса танымал ұлттық музыкалық аспаптарға домбыра мен қобыз жатады.

«*Сначала Ахмет Куанович сделал несколько аранжировок для этого коллектива, и он с успехом исполнил казахские народные* ***кюи*** *и песни; Жубанов создал музыкальную лабораторию и по образу и подобию русских домр преобразовал казахские* ***домбры*** *и* ***кобызы****, а баяны заменил* ***сырнаями***» (Вечерний Алматы, 01.04.2010).

«Ең алдымен Ахмет Қуанұлы осы ұжым үшін бірнеше аранжировка жасап, қазақ халқының ән-күйлерін асқан шеберлікпен орындап шықты; Жұбанов музыкалық зертхана жасады, орыс домбраларына ұқсас қазақтың ***домбырасы*** *мен* ***қобыздарын*** *түрлендіріп, баяндарды* ***сырнайларға*** *ауыстырды* (аударма біздікі – *С.М.*).

Домбыраның сазды әуені байтақ даланың, табиғаттың әсем көрінісін, қоршаған ортаның болмысын, тылсым сезімін, адамның көңіл-күйінің ғажайып көрінісін бейнелейді.

«*Взоры всех жадно впились в морщинистое лицо поэта-певца. Все застыли в напряженном ожидании и не шелохнутся... и вот опять поднялась ослабевшая рука старика, опять коснулась струн* ***домбры****, и полились из нее тихие, нежные, жалобно-ласкающие звуки. Казалось, прощающийся с миром старик-певец хотел передать им все, что за долгие годы наболело в его истрадавшейся душе*» (Огни Алатау, 12.06.2013).

Қазақстандық қоғамды демократияландыру және әлемдік қауымдастық мойындаған егеменді мемлекеттің жаңа моделін құру басқарудың әкімшілік бірлігін және басқару органдарының қызметкерлерін белгілейтін саяси-қоғамдық реалийлердің пайда болып, кеңінен таратылуына әсер етті. Мысалы: *аким, акимат, мажилис, маслихат, мажилисмен*. Осы атаулар орыс тілімен семантикалық тұрғыдан игеріліп, узуста белсенді қолданылады. Қазақстанның орыс тілді баспасөзінде осындай қызмет түрін белгілейтін сөздерді туыстық терминдермен байланыстырып қолданылуы жиі кездеседі:

*Каждая эпоха диктует свои прозвища. Сегодняшние невестки именуют родственников по линии супруга согласно духу нынешнего времени. Поэтому среди старшего поколения можно встретить «****аким ага****», «****депутат кайнага****», «****бизнесмен кайын****»* (Комсомольская правда. 24.09.2014).

Осындай мысалдар қоғамда жоғары мәртебеге ие туысқандық қатынастың маңыздылығы мен беделін арттырып, жандандыру мақсатын көздейді, сонымен қатар, қазіргі сөйлеу тәжірибесінде жиі кездесетін құбылысқа айналды.

Бастық казахизмі семантикасының ‘басшы, жетекші, басқарушы’ деген бастапқы мағынасы біраз өзгерістерге ұшырап, қазіргі реалийді сипаттайтын мәнмәтіндерде жағымсыз мағынада қолданылады және қарапайым халыққа қатысты ақылға сыйымсыз, әрі заңға қайшы шешімдер қабылдап, өзінің қара басын ғана ойлайтын бойкүйез бастықтарды білдіреді.

«*Бекен-****ата*** *за своего Золотого человека получил денежную премию, которую хватило только на то, чтобы отметить это событие с друзьями… В 1993 году он стал главным хранителем музея под открытым небом* ***«Сакские курганы»****. Поставил недалеко от места, где нашли Золотого человека, две* ***юрты*** *и стал проводить там экскурсии…Через полгода… сложил с себя полномочия руководителя, так как его взгляды не совпадали с требованиями районных* ***бастыков****. Но жить без музея уже не мог*» (Время, 03.02. 2016).

Осыған байланысты «бастық» сөзі ауыспалы мағынада қолданыла бастады, ол ресми дереккөздерде айтылып жүрген мемлекеттік қызметші лауазымын білдірмейді:

«*Еліміздегі мемлекеттік қызмет тізілімінен «**бастық**» сөзі алынып тасталды. Бұл туралы Астанада ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің дәстүрлі апталық брифингінде Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Әлихан Бәйменов осылай мәлім етті. Тоқтала кететін жайт, «**бастық**» сөзі тек «ҚР Президенті кеңсесінің бастығы» лауазымында ғана қалып, қалған тізілімнен толығымен алынып тасталды. Яғни, қалған барлық азаматтық және мемлекеттік қызмет лауазымдарындағы тізілімде «**бастық**» сөзі қазірдің өзінде қолданылмайды. Дегенмен, «**бастық**» термині құқық қорғау жүйесінде, Қорғаныс министрлігінде сақталып қалады. Өйткені, бұнда өзара байланыстың басқа сипаты, мемлекеттік қызметшілер мен басшылар арасындағы қарым-қатынастың басқаша қағидаларға негізделгені көрініп тұр», - дейді агенттік төрағасы.«Шынында да «**бастық**» сөзі теріс ұғымға айналып кеткен. Сол себептен де мемлекеттік қызметші лауазымындағы жаңа тізілімде бастық сөзі жоқ», - деді ол*» (Қазақпарат, 26.03.2013).

Газеттерден алынған мысалдарды таңдау арқылы *бастық* казахизмінің кекесін мағынасында жиі қолданылатындығын байқауға болады «*Тем вре*менем *в МИДе новый **басты**к появился. Знаток хинди и Ганди*» (Время. 06.06.2008). Сөз коннотациясын өзектендіру, ирониялық әсер беру гиперсемантизациялаудың салдары болып табылады, яғни сөздің мазмұндық құрылымын жеке автордың кеңейтуі, оған жаңа мән мен мағына беру, бұл контексте оның көрінісі жоқ. *Бастық* казахизмнің заттық-ұғымдық мазмұнының трансформациясы және оның ирониялық мазмұнын беру үшін басқа коннотацияға ие болуы керісінше әсер береді.

Қазақстанның тілдік жағдайына тән қазақ-орыс қостілділік заманауи қазақстандық орыс тілді газеттердің материалдарында айқын көрініс табады. Қазақстанның орыс тілді баспасөзінде орыс және қазақ сөздерінің қолданылу контекстері реалийлердің қоғамдық мәнін қабылдау мен бағалау ерекшеліктеріне тікелей байланысты болып келетін сөздердің стилистикалық сапасының трансформациялануын байқатады. Түрлі эмоционалдық-ассоциативтік қатарлардың өзара әрекет етуі байқалады, бұл казахизмдердің эмоционалдық бояуын өзектендіреді.

Мысалы: «– *Ойбай! Какая **токал** пропадает, – подумал **аким** и опасливо покосился на свою грузную **кемпир**. Но невозмутимо сидящая с виду **байбише** тут же приняла все меры безопасности и отправила молодую **кызымочку** от греха подальше с глаз любвеобильного супруга*» (Караван, 04.08.2012).

Қостілді тұлға қарым-қатынас барысында орыс тілді дискурсқа өзінің мәдениетіндегі концептілерді қосады, ол ауызекі дискурсында, БАҚ тілінде, поэтикалық тілде кездеседі. Мысалы, келесі орыстілді мәтінде этномәдени колорит ұлттық дүниетанымды белгілейтін казахизмдер арқылы берілген: «*У*


нас, у казахов, есть такое понятие «***ұзын-құлақ***» *(быстрое ухо). Мы его употребляем, когда хотим упомянуть о том, как необыкновенно быстро разносятся самые разные новости по бескрайней степи. Порой обгоняя даже гонцов, спешащих как можно быстрее передать эту новость другим. Прискакивает такой юнец в аул на взмыленном коне в надежде первым сообщить очередную степную сенсацию и, может быть, получить* «***суюнши***». *А в ответ белобородые старики, хитро прищурив глаза, усмехаются*: '*Эй,* ***балапан****, ты загнал коня, чтобы удивить нас новостью, которую только еще не рожденный не знает'*»(Н. Назарбаев. Эпицентр мира).

Зерттеушілердің пікірінше, мәдениаралық қатынас жағдайында әлемнің тілдік бейнелері өзара әрекеттеседі. Мәдениаралақ қатысым бірыңғай социомәдени кеңістікте өмір сүретін түрлі ұлт өкілдерінің әлемнің тілдік бейнесінің өзара әрекеттесуі [82, 118 б.].

Осындай қостілділік жағдайындағы мәдениаралық қатысымның үдерісі келесі жүйе бойынша іске асады: 1. сөйлеушіге қажет ой ақпараты (концепт) қостілді адамның өзінің (туған, қазақ) әлем бейнесімен сәйкеседі; аталмыш ой ақпараттың объективтенуі әлемнің қазақ тілдік бейнесінде іске асады. Кейін сол концепт орыс мәдениетімен және дүниетанымымен сәйкестендіріліп, орыс тіліндегі жаңа білім, жаңа атау болып объективтенеді. Жаңа номинативтік бірліктің пайда болу үдерісі тілдік (морфологиялық, лексикалық, фонетикалық) өзгерістерге ұшырайды. Мысалы *аким* сөзі мен концепт алдымен қостілді адамның әлем бейнесінің қазақ бөлігінде болып, кейін ол орыс дискурсына да ауысты. Әрине, мәдениаралық қатысым алдымен қостілді адамның санасында болды, ол бұл сөзді орыс тіліндегі *руководитель, глава, мэр* сөздерімен сәйкестендірді, нәтижесінде жаңа концепт пайда болды. Осылайша қазақ тілінен енген сөздер орыс тілінде фонетикалық, грамматикалық, сөзжасам бейімделуден өтеді.

Сөйлеуші өзінің, яғни әлемнің қазақ тілдік бейнесінің үзіндісін әлемнің орыс тілдің бейнесіне тасымалдайды. Қостілді адамдарға әлемнің қазақ және орыс үлгілері бірдей жақын болған себептен, олар мәдениаралық қатысымның негізгі дәнекері болып табылады. Например: «*С праздником* ***Ураза-айт*** *завершился священный для ислама месяц* ***Рамазан***» (Новое поколение, 28.11.2003); «*Вся земля была для кочевника вращающимся шаром, потому что он кочевал по кругу в семьсот километров от* ***джайляу*** *(кетовки) к* ***куздеу*** *(осенней точке откочевки), от* ***куздеу*** *к* ***кыстау*** *(к зимнеу месту жилья), от* ***кыстау*** *к* ***коктеу*** *(весеннему) и от* ***коктеу*** *снова к* ***джайляу***» («Космос казахской культуры», журнал «Евразия»); «*Свадебный* ***той*** *в дом жениха, завершающий длительный свадебный цикл, начинается с обряда открывания лица невесты –****беташар****. Далее следуют обрядовые* ***бата*** *и* ***арнау*** *(благопожелания и тосты) родных и близких, игры и веселье*» («Тенгрианский календарь и время в казахской культуре», журнал «Евразия»).

ХАБАРЛАУ



Сурет 7 – Қостілділік жағдайындағы мәдениаралық қатысым үдерісі

Өзінің экстралингвистикалық факторларымен (сюжеттің және сипатталатын жағдайдың күлкілі болуы) туындаған мысқыл әңгіменің күлкілі жағдайы лингвистикалық құралдармен мәтінге казахизмдердің енуімен нығая түседі, бұл баяндамаға ұлттық колорит, эмоционалдылық сипат үстемелейді және сол арқылы оның комедиялық әсерлілігін күшейтеді. Осындай комедиялық қабылдау мінездің үйлесім табуымен, мәдени дәстүрлермен, сондай-ақ, ұлттың өмірлік және көркемдік тәжірибесінің ерекшеліктері көрініс табатын эстетикалық идеалдармен негізделген.

Мысалы: «**Жаңалықтар**– *хорошо, а новости –**жоқ**?*» (Местное время. 01.07. 1999); «*Люди делятся на две категории: культурные, или по-казахски* «**мәдениетті**» *и* «**қараниетті**» *– алчные, с черными помыслами. Для употребления я их зову мадениетки и караниетки. Так, вот, айналайыны мои, господа из культуры – мадениетки устроили себе культурную жизнь*» (Шмель, 12.11.1997).

Күмпілдек сөзін Г. Бельгер бірқатар синонимдер арқылы түсіндіреді: *грохотала, славослов, пустобрех, краснобай, скудоумный, словоблуд*. Осы

сөздің жағымсыз мағынасын ашып, жеткізу үшін жазушы күмппілдектерді келесідей сипаттайды: «... *этих* **кумпульдеков** - *словоблудов развелось ныне пруд пруди. Они и болотную воду взбалтывают, вспенивают мутовками, точно перебродивший кумыс в бурдюке. ... Но больше таких, кто словом, точно бородой своей, приторговывает, сорит на потребу дня. Одни* ‘**кумпульдеки**’ *лижут ноги власти, пресмыкаются перед ней, уповая на премии, звания и награды, другие брюзжат, скулят по углам, третьи норовят кого-нибудь цапнуть исподтишка… … Вот трепачи! Худосочные литературные* **мыркымбаи***; Трепливые рыцари дастарханных тостов; Они до смерти зацелуют иудиными лобзаниями*…» (Г. Бельгер. Беседы на шумных перекрестках. У гения нет выбора).

Сондай-ақ, газеттегі хабарландыру:

«*Премьера! Первый центрально-азиатский* **кеспе-вестерн**. *Ежик в Туране. Допускаются только зрители Казахстана, Киргизии, Узбекистана и Таджикистана*» (Время. 06.06.2000) осыған айқын дәлел.

Хабарландыру мәтінінің сықақтық әсерлілігі *кеспе* және *вестерн* бөтен тілдердің сөздерінің енуіне байланысты болып отыр. Бұл контексте мағынаның үстеме мағына қосып алуын байқатады (салыстыратын болса, *кеспе* казахизмі – лапша, ағылшын сөзі *вестерн* –шытырман оқиғалы фильм). Контекстің ирониялық әсер алуына алынып отырған мәтіннің трансформациялануына ықпал етеді.

Орыс тілді басылымдарда казахизмдерді сықақ, ирония астарында қабылдау құралы етіп пайдалану шынында халықтың ұлттық және мәдени дәстүрінен хабар етеді. Бұл ретте комедиялық қырынан қарасақ әлемнің тұжырымдамалық үлгісінің қалыптасу үдерістерін түсінуге болады. Тілдік санада әлемді қабылдау ерекшеліктері мен ойлау стереотиптерінің өзгеше ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Орыс тілді БАҚ-та казахизмдерді ирония, әзіл, комизим құру құралы ретінде қарастыра отырып, зерттеушілер олардың қызмет етуіне ықпал ететін факторларға назар аударады. Мысалы, «Қазақстанның орыс тілді сатиралық баспасөзінің дискурсында қазақ және орыс тілдерінің өзара ықпалдасуы байқалады, бұл қазақ-орыс қостілділігін белгілейтін республиканың тілдік жағдайының ерекшелігі болып табылады» [109, с. 185–186].

Рухани құндылықтарды жандандыру – ұлттық дүниетанымның ерекше үлгісі болып табылатын діни-адамгершіліктің қайнар көзіне оралуы. Ұлттық мәдениеттердің ажырамас белгісі ретіндегі діни мерекелерді белгілейтін жоралғылар мен рәсімдер діни семантикаға ие сөздердің жануына ықпалын тигізді.

«*Малика Максуд рассказала о том, что в ее родительском доме тесно сплетаются две культуры. На* ***курбан-айт*** *они с отцом режут теленка или барашка, накрывая большой дастархан для всех гостей, а* ***на пасху*** *с мамой пекут куличи и красят яйца*» (Вечерний Алматы, 17.05.2013).

Қоғамды демократияландыру, деатеизация, деархаизация, десакрализация тілдік үдерістері қазіргі рухани өмірде өзекті болған діни лексиканың қайта жануына алып келді. Діни-нанымдық аясындағы сөздердің қайта оралып, белсенді қолданыста болу жағдайында, олардың біршамасы десемантизация үрдісіне ұшырады. Мысалы, кеңінен таралған жиі кездесетін *мулла* лексемасы «дін басы» узуалды семасынан басқа «сауатты» окказионалды семасымен байланысты толықтырылды. Е.Н. Шипованың «Словарь тюркизмов в русском языке» атты сөздігінде семантизацияланған: «Мулла (туркм.) грамотный человек, грамотей; молда (каз.) 1. Мулла; 2. Всякий грамотный, писарь-мусульманин у должностного лица» [115, 237]. Революцияға дейінгі орыстілді газеттерде *мулла* сөзі көбінесе «сауатты» деген мағынада қолданылған:

«*Догматы ислама темны и загадочны, да и* ***мулла*** *не старается пояснить своим ученикам трудные места, и потому дети с большим вниманием слушают неторопливую речь своего седого наставника, когда дело коснется вопросов веры*» (Киргизская степная газета, 1890, с. 213). Сонымен қатар *мулла* сөзі «ұстаз, мұғалім», «балаларды сауатқа үйретететін адам» мағынасында қолданылды:

«*Последний обучался родному языку и вере у приходского* ***муллы*** *и брал уроки русского языка у переводчика полицейского управления, дальнего родственника своего отца*» (Киргизская степная газета, 1891, с. 366).

Уақыт өте, кеңестік уақытында, социалистік және атеистік дәуірде діни семантикасына ие сөздердің мағыналары өзгеріп, олар негативтік бағалауға ие болды. XX ғасырдың соңында осындай сөздерді «оңалту» және қолданыс қайта оралуы қоғамдық-тарихи парадигмалардың кенет ауысуымен, қазақстандық қоғамдағы, әсіресе рухани аясында мәдени құндылықтардың жануымен байланысты. Қазіргі кезде *мулла* сөзі өзінің бастапқы, алғашқы *маула* араб тілінен енген «мұсылмандардың діни басылары», әмірші мағынасында қолданылады:

На ас (поминки) были приглашены близкие родственники покойного, его друзья по службе и ***мулла*** *из Туркестана*» (Казахстанская правда, 23.08.2014).

Қазақстандық БАҚ дискурсында шоу-бизнес өкілдерінің, әртістер мен суретшілердің, мәдениет пен ғылым саласы қайраткерлерінің сұхбаттарындағы репликаларда Жаратушы иенің құдыреті мен ұлылығына мойын ұсынып, Жаратушы – *Алла тағала* жиі еске алынады.:

Это то, что нам дает ***Аллах****, поэтому мы своих поклонников даже фанатами не можем назвать…Они дают нам силу и поддержку; Есть же пословица: народ только на год младше* ***Аллаха*** (Караван, 26.02.2010).

Бақсы, тұмар секілді т.б. казахизмдерді қолдану ата-бабаларымыздың әдет-ғұрып ұғымдарына, діни көзқарастарына, өмірлік философиясына байланысты, олар бүгінде ұмытылған қасиет, жойылған күш ретінде қабылданады.

Сал.: «*Я вырезал сначала по китайской и японской мифологии. Сейчас включаю образы из тибетских, монгольских и тюркских мифов. Делал фигуры*

казахских **баксы**, **Коркута**… *В фигурки Олега надо влюбляться, и это происходит с первого взгляда… Это мелкая пластика, но со смыслом –* **тумары**, *обереги (Олег Акимбек об Олеге Чекмезове)*» (Комсомольская правда Казахстан, 11.03.2010).

Зерттеушілердің пайымдауынша, қазақ тілінің көне лексикасы (*нөкер, төленгіт, мырза, хан, ханым*) қазіргі БАҚ тілдерінде «әртүрлі стилистикалық айшықтарда –мәтіннің атауында, басында, кульминациясында, соңында жарқын стилистикалық айқындамаларда (мәтін деңгейінде) қолданылады» [116, с. 30].

«*Алматинский* ***хан***» (Новое поколение, 23.10. 2013);

«*Что ж, да хранит вас дух ваших предков,* ***султан****-ага*» (Караван, 02.10.2009);

«*Министры-****туленгуты***» (Время, 25.02.2002).

Ал «*Ханымдармен мырзалар*» сөзі ресми түрде бекітілді. Мысалы ҚР Президентінің 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына жолдауында былай делінген: «**Ханымдар мен мырзалар*!*** *Санаулы күндерден кейін біз азаттық туын желбіретіп, Тәуелсіз Мемлекет атанғанымыздың 25 жылдығына аяқ басамыз. Бұл – тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт. Тәуелсіздікті баянды ету – оған қол жеткізуден де қиын. Мемлекеттігіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін бізге әлі талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келеді*».

Көне лексиканың жандануы деархаизация үрдісіне байланысты, яғни сөйлеу кезінде көнерген лексиканың көптеген сөздерін қолдануға қайта оралудамыз. Жаңғыру, үзілген жолдың жалғасы секілді деархаизация үрдісі тарихымызда жойылған рухани дәстүрлердің, мәдени құндылықтар мен қоғамдық реалийлердің белгілі бір бөлігінің қайта жануына байланысты болып отыр. Сондай-ақ, Қазақстанның тарихи даму жолына қайта оралу секілді әлеуметтік мәдени фактордың да маңызы зор.

Казахизмнің жеке тобын Қазақстан қоғамының материалдық және рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі ретіндегі өсімдіктер мен жануарлар әлеміндегі құбылыстарды, нысандар мен заттарды білдіретін сөздер құрайды. Қазақтың тұрмыс-тіршілігінде жануарлардың алатын орны ерекше, бұл олардың дәстүрлі тарихи әдет-ғұрпына, өмір сүру салтына, табиғат құбылыстарына байланысты.

Мысалы: «*В старину, в голодные годы, когда свирепствовал* ***джут****, один хороший ловчий* ***беркут*** *мог прокормить целый аул.* ***Сайгак****, горный джейран, косуля легко становились его добычей*» (Известия Казахстана, 24.08.2007);

«*Охотники-****беркутчи*** *с помощью специальной породы собак* ***тазы*** *и помощников-загонщиков выманивают из укромных мест в горах дичь. Традиционные объекты охоты – лиса, корсак, заяц*» (Известия Казахстана, 24.08.2007).

Тіл құбылысында болып жатқан барлық қарқынды үдерістер БАҚ тілінде тез, әрі айқын көрініс табады, сондықтан БАҚ тілдік құралдардың қолданылу артықшылығын талап ететін қазіргі қоғамның нақты «өмірін» бейнелейді.

Қазіргі БАҚ-ты бұқарашылдандыру қоғамның құндылықтар жүйесінен пайда болатын әртүрлі ұғымдар туғызатын сөздерді образды түрде қабылдап, ауыспалы мағынаның сан алуандығын туғызады.

Қазіргі орыстілді БАҚ-қа тән белгілердің бірі – казахизмдердің функционалдық-стильдік және эмотивті-бағалауыштық қасиеттерге ие стилистикалық таңбаланған бірліктер ретінде қолданылуы. Окказионалды экспрессия автордың айналасындағы шынайылықты субъективті сезініп, көруі арқылы оның шығармашылық санасында өзіндік құндылықтар жүйесін қалыптастыратын ерекше семантикалық ақпаратпен толтырады.

Казахизмдерді қазіргі және дәстүрден тыс пайдаланудың жаңа үрдісіне мәнерлілікті арттыру құралы етіп казахизмдердің негізінде туындаған окказионалдық жаңа сөздер жатады. Көп жағдайда олар орыс тілінің сөзжасам элементтерін түбір сөзге тіркеу арқылы жасалады, сондықтан да сөйлем контекстіндегі казахизмдер өзге тілдің мәнерлілігін көрсететін жаңа коннотативтік мағынаға ие болады. Бұл публицистикадағы тілдік құралдардың әлеуметтік бағалауыштығынан және окказионалды құрылымдарды тілдік ойындардың бөлшектері ретінде пайдаланудан болған жәйт:

«*Даешь* **махаббатизацию** *без* **балапанизации**» (Экспресс Казахстана, 10.03.2011).

Келтірілген мысалда орыстілді оқырмандардың бас бөлігіне түсінікті болатын *махаббат* пен *балапан* жалпы түрік сөздеріне «изация» компоненті, яғни орыс тілінің суффиксі жалғанып, канцеляризмге айналып кетті. Тағы бір мысал казахизмдердің орыс тіліне еніп кетуін көрсетеді:

«*Сабина Саякова: главное не "***жулдызнуться***"*» (Экспресс Казахстана, 10.03. 2011).

Бұл «махнуться», «крутануться», «засветиться» т.б. сөздерімен кіріккен, ауызша сөйлеуде кездесетін окказионалды неологизм.

Тілшілердің окказионализмдерді қолдануы – тілде жаңашыл болудың өзіндік тәсілі, әрі заттың ерекше нышанын айқындау, кез-келген затқа, белгіге немесе іс-әрекетке авторлық көзқарасын білдіру, авторлық ой-пікірін ұштау, сөйлеу мәнерін жаңғырту мүмкіндігі. Басқа сөзбен айтқанда өз мақаласына, өзінің төлтума шығармасына оқырмандардың назарын аудару қажеттілігі. Тілдің сөз жасам әлеуеті автордың сипатталатын құбылыстарға субъективтік көзқарасын білдіру тәсіліне, сөздердің белгілі бір мағыналарына оқырмандардың назарын аударуды өзектендіруге себеп болды.

Мысалы: «*О,* **шайтанство** *мира! Как тесно в нем*» (Новое поколение, 09.09.2001);

«*Из недавнего прошлого на ум первым делом приходит Петр Нефедов, к которому у эксгенпрокурора Юрия Хитрина возникли каверзные вопросы по поводу приватизационных чудес в Карагандинской области, где Петрович* **акимствовал**» (Время, 25.09.2011).

Мұндай жаңа құрылымдар (сөздер) тілдік ойынның нәтижесі мен жаңа семантикалық мағынаның пайда болуы болып табылады. Сөз тудырушы

үлгілер бойынша туындаған БАҚ-тағы жаңа тілдік бірліктердің белсенді қолданысы экспрессивтенуге, яғни экспрессивті лексика рөлінің ұлғаюына ықпал етеді. Осыған байланысты, окказионалдық сөздерді жасауда өнімді тәсілдерге қосымша және жұрнақ сынды сөз туындыларының узуалды тәсілдері енеді. Олардың артықшылығы осы тәсілдер арқылы туындаған сөздер морфемаларға оңай бөлінетіндігінде жатады. Оларды білу оқырманға жаңа туынды сөздердің мағынасын барынша нақты түсінуге көмек береді. Қосымша арқылы туындаған сөздердің экспрессивтілігі ең алдымен қосымшалардың мәніне тәуелді болады.

Мысалы, *супер-* қосымшасы күшейтпелі сапаны, аса жоғары дәреже мағынасын береді: «*Русскую девушку Полину, вышедшую замуж за казаха и принявшую мусльманство, стали называть* **суперкелин.** *Она очень вкусно готовит казахские национальные блюда. За помощью и советом к ней обращаются многие соседи. Полина Валерьевна живет в селе имени Малика Габдуллина в Зерендинском районе Акмолинской области*» (https: // /tengrinews.kz/kazakhstan_news).

Қосымша арқылы туындаған жаңа сөздердің экспрессивтілігі морфемалар тіркесіміндегі стилистикалық шектеулердің бұзылу есебінен күшейеді. *Суперкелин* жаңа туынды сөздің кеңінен таралуы оның мәнерлігіне және келіннің қазақ халқының дәстүрлі өмір салтындағы әлеуметтік рөліне негізделген. Қазақстанның әр өңірінде өтетін «Суперкелін» келіндер байқауы халық арасында кеңінен таралған.

Мысалы, «*В Кызылординской области празднование Наурыза началось с необычного, но захватывающего конкурса. В Жалагашском районе выбирали* **суперкелин**. *Помимо навыков мастерства в кулинарии*, **суперкелин** *должны были продемонстрировать знаний традиций и обрядов своего народа. И, как выяснила моя коллега Шарипа Сактапова, интернет невесткам не помощник*» (http://astanatv.kz/news/show/id/46634.html).

Орыс тілінің сөз тудырушы үлгілері бойынша туындаған казахизмдерді қолдану мысалдары көптеп кездеседі, олар көптік мағына формалары мен зат есімнің септік формалары: *аксюйек**и**, карасюйек**и**, об акырзаман**е**, узун-кулак**ом***. «Черно-белая кость» атты мақалада *ақсүйек*сөзіне түсінік берілген– «белая кость, аристократия»; *қарасүйек* – «черная кость, чернь».

Мысалы, «... **Аксюйеки** *...деловито-озабочены, они соблюдают новомодные диеты, только что вынурнули из бассейна, спешат на «стрелку» и вечно недовольны нами. Их дети учатся за границей, а если захотят вернуться в Казахстан, будут вынуждены стать нашими работодателями и вечно терпеть нашу нерасторопность и небойкость. Считается, что некоторые из них – выходцы из низов. Поэтому мы, карасюйеки виновато поглядываем на всяикие там «***Аксюйек-курылысы***» и робко надеемся на Шанс. Мы (**карасюйеки**) понижаем представление о человеке, контакт с нами чреват самыми эмигрантскими мыслями, совместное проживание рождает мысли об* **акырзамане** *(конце света). Конечно, легче всего отнестись к* **карасюйекам**

язвительно, запугать, призвать не раскачивать судно и коней на переправе не менять, как и поступают те, кто вступает с ними в контакт, но быстро теряет терпение» (Литер, 20.05.2004);

«*... Как говорили наши предки, еще в ту пору, когда за неимением цифровой мобильной связи пользовались обычным аналоговым "***узун-кулаком***": если звенит в ухе – не отвечайте*» (Время, 04.11.2004).

Кросс-мәдени неологизмдерге танылатын және әмбебап сөзжасам үлгілер бойынша туындаған сөздер жатады. Олар сөздіктерде тіркелмесе де, узуста қолданылуы мүмкін.

Мысалы, *салыкмен* – қазақтың *салық (налог)* сөзінен және ағылшын тілінің: *бизнесмен, супермен, спайдермен* және т.б. кірме сөздерін ұқсату арқылы ағылшын сөзінің *мен* (адам, адамдар) сөздерінің бірігуінен пайда болған.

«*… А бедные баи настолько смирились со своей спонсорской участью, что поборы салов воспринимали как налоги и другие обязательные платежи, и поэтому налоги так и прозвали в Степи –* ***салык****. И вправду – чем не салы своременные* **салыкмены**? *Ходят в красивых одеждах, гостят в юртах-офисах современных средних и малых баев и любят с друзьями распевать противным голосом стремные песни под караоке. Причем исключительно за счет бая*» (Экспресс К, 28.11.2013).

Қазіргі БАҚ-та ағылшын-американдық сөздердің қарқынды қолдану үрдісі байқалады, бұл ақпараттың экспрессивтік бастауы мен субъективизацияның күшеюімен тікелей байланысты. Бұдан басқа, ағылшын тіліне сараптама жүргізу шағын тілдік формалардың (орыс тілімен салыстырғанда) пайда болуына негіз болады.

Тілдік ауысудың бөлшегі ретінде окказионализмдер дыбыстық үйлесімділігі бойынша түбір морфемасының ауысуы есебінен тұрақты тіркестердің, сөздердің үлгілері бойынша құрылуы мүмкін, бұл тілдік нормаларды саналы және әдейі бұзу салдары болып табылады: «*Беды* ***ШАРУА****шкиной конторы*» (салыстырыңыз: *шарашкина контора*) (Экспресс К. 28.04.2004). Тақырыбы оқырмандардың назарын шаруалардың мәселелеріне аударады, мақала мазмұны осы жөнінде болмақ. Бұл көбінесе сыртқы факторға және терең мағынаны қозғамайтын тілдік ауысудың айқын бейнесі. Демек, тілдік ауысу тілдік тұлғаның креативті қызметінің нәтижесі болып табылады, өзін-өзі таныту мақсатында тілдік канонды әдейі бұзуға негізделген сөйлеу түрінің ерекше түрі.

Тілдік ауысу масс-медиялық дискурста сөйлеудің кең таралған құбылысы болады. Екі сөздің мағынасындағы дыбысталудың ұқсастығы мен айырмашылықтары сөйлеу кезінде олардың семантикалық жақындығына жағдай жасайды.

Мысалы:«.. *Взять, например, такое явление как* ***сал*** *(не путать с салом): уважаемый и беспечный джигит.* ***Салы*** *считались талантливыми и симпатичными, потому что были странствующими авторами-*

исполнителями. Как и у нынешних бардов, музыка ***сало****в была незатейливой, рифмы – простенькими (****айгыр – торайгыр****,* ***кемпир – каскыр, бай – ой бай****!),* *зато слова были искренними... Со скуки они разъезжали в поисках зрителей и богатых спонсоров, перебрасываясь на ходу* **сальными** *штучками*» (Экспресс К, 28.11.2013) (Бұл мысалда қазақ дәстүріндегі *сал* сөзінің *сері* сөзімен бірге қолданылатындығын ескермеген. Қазақ сөз әдебінде сал-сері болып қолданылады.).

«*… А потом англичанки, поняв, что с замужеством вышел полный облом, уезжали к себе на родину с прощальными возгласами "***Ой бай***!" (позже оно трансформируется в* **бай-бай***, то есть прощай надежда о богатом женихе), всхлипывая и шмыгая длинным британским носом*» (Экспресс К, 28.11.2013).

Қазақ тілінің сөздері негізінде орыс және ағылшын тілдерінің морфемалары арқылы пайда болған окказионалды құрылымдаркросс-мәдени неологизмдеркатарына еніп, ерекше функционалдық-стильдік және эмотивті-бағалауыштық қасиеттерге ие болды. Олардың сөзжасам элементтері кестеде беріледі.

1-кесте

Кросс-мәдени неологизмдердің сөзжасам элементтері

	Сөзжасам элементтері	кросс-мәдени неологизмдер
1	- *изация*	*махабат***изация***, балапан***изация**
2	- *уть(ся)*	*жулдыз***нуться**
3	- *ство*	*шайтан****ство****, аким****ство****вал*
4	көптік мағына формалары	*аксюйек****и****, карасюйек****и****, сал****ы**
5	зат есімнің септік формалары	*об акырзаман****е****, узун-кулак****ом****, айтыс****ов**
6	дыбыстық үйлесімділігі	***ШАРУА****шкина контора – шарашкина контора*
7	- *теп*	*салыкмены*
8	- *супер*	*суперкелин,*

Қазіргі сөз тудырушы үдерістер, жаңа фразеологизмдер, тілдік бірліктердің семантикалық көлемінде болып жатқан өзгерістер әлем бейнесін қиындату және ақпараттық кеңістіктің тығыздығын ұлғайту салдары болып табылады. Контекстік байланыс аясын арттыру қазақ халқының мәдени реалийлерінен алынған кірме сөздердің жаңа толқынын көрсетеді. Мәдениаралық қатысым жағдайында жаңа тілдік және концептуалдық туынды сөздер лексиканың бөлінбес бөлшегі және қазіргі білімді адамдар тобының сөздік құрамының үлгісін құрайды.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдық аясында Қазақстандағы саяси-қоғамдық және мәдени-әлеуметтік өмірінде түбегейлі өзгерістер орын алуда, ол жаңа саяси, идеологиялық реалийлердің номинация үдерістерін кеңейте түсті. Оның ішінде жас егеменді мемлекеттің бас қаласы – Астананың қарқынды дамуын ерекше атап өтуге болады. Бой көтерген әсем қаладағы көз жауын алатын сәулет ғимараттары мен нысандарының атаулары қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, рухани құндылықтарымен байланысты: *Ақ Орда, Байтерек, Хан Шатыры және т.б.*

Қоғамдық өмірді демократияландыру (әлеуметтік құрылымның ауысуы, цензураның жойылуы, сөз, тұлға, баспасөз еркіндігін жариялау) тіл жүйесін демократияландыруға, ал кейіннен ырықтандыруға әкеп соқты. Тіл ресурстарының бейнелілігі лексикалық бірліктерден және олардың семантикасынан көрінеді. Дәстүр бойынша БАҚ мәтіндеріндегі казахизмдердің орыс тілінде эквиваленті жоқ, ұлттық-мәдени реалийлерді белгілейтін эквивалентсіз лексика қатарына жатқызады. Орыс тілімен игерілуі ұзақ уақыт бойы жалғасқан дәстүрі бар казахизмдердің тобы көбірек болып келеді, олар XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыстілді мерзімді баспасөз беттерінде және қазақ әдебиеті шығармаларының орыс тіліндегі аудармаларында кездеседі.

Қазіргі уақытта заманауи қазақстандық қоғамның жаңа саяси, идеологиялық реалийлері орыс тілімен қарқынды игерілуде. Орыстілді БАҚ-та өзінің атқаратын семантика-стилистикалық қызметі, белсенді қолданылу арқылы орыс тіліндегі казахизмдердің санын арттыра түседі.

Казахизмнің «ену» ауқымын көрсету үшін мынадай мысалдар келтіруге болады. «Ресми құжаттың бірінде – Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолдаудың 2011–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында:


Основными мерами в данном направлении станут организация и проведение **айтысов, мушайра***, дебатных турниров и конкурсов* **жырау** *и* **жыршы.** – *Айтыстар, мүшәйра, пікірталас турнирлерін және жыраулар мен жыршылар конкурстарын ұйымдастыру және өткізу осы бағыттағы негізгі шаралар болып табылады* (аударма біздікі – *С.М.*).

Екінші – «МК в Казахстане» орыстілді газетіндегі (№11 21.03.–27.03.2012) Т. Аладинаның сұлулық сайысы туралы мақаласының «*Қыздарды көреМИСС*» деген атауы. Сондай-ақ, баламасыз лексиканы қолданудың табиғилығын немесе қазақша аталатын газет оқырмандарының назарын аудару мақсатын негізге алып, әртүрлі дәлелдер де келтіруге болады. Алайда, мәселе мұнда емес. Өзге рухани-мәдени жағдайдың бірліктері – қазақ сөздері әлемді қабылдаудың басқа ерекшеліктерін, құндылықтарын, феномендері мен жасандылықтарын көрсете отырып орыс тіліне жай ғана ене салмайды. Олар бір аймақтағы және бірыңғай коммуникативтік кеңістіктегі тұрғындар үшін өзекті болып табылатын жаңа атауларды тілдесуге қоса отырып,

біртұтастықтың көбірек немесе азырақ деңгейінде орыс тілімен игеріледі» (аударма біздікі – *С.М.*) [110, 142–143 б.].

Бұл ретте, казахизмдердің Қазақстанның қазіргі орыс тілді БАҚ-та қызмет етуі заманауи ақпараттық қоғамда болып жатқан инновациялық үдерістермен байланысты. Қазіргі БАҚ дискурсындағы эволюциялық үдерістер қоғамның демократиялануы аясындағы жаңа әлеуметтік жағдайлармен байланысты. Тілде болып жатқан динамикалық үдерістер адекватты, айқын және жанды түрде БАҚ-та көрініс табады, сондықтан баспасөзде тілдік құралдардың қолданылу басымдылығын ұсыну осы заман талабына сай, қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістермен тығыз байланысты.

Талданған контекстердің негізінде қазіргі заманауи қазақстандық орыстілді БАҚ-тағы казахизмдердің қолданылуының жаңа үрдістері ауқымын келесі диаграммадан байқауға болады:



Сурет 8 – Заманауи қазақстандық орыстілді БАҚ-тағы казахизмдердің қолдану аясы

1. Әлемнің тілдік бейнесінің бөлшегі.
2. Ұлттық-мәдени реалийлерді белгілеу.
3. Автордың креативті қызметінің нәтижесі және сөйлеу мағынасына бағалау мен экспрессивтілік беру мақсатында қолданылатын окказионалдық жаңа туынды сөздер.
4. Субъективті-бағалау ақпаратын білдіру мақсатында оның жеке тұлғалығының нәтижесі.

5. Түрлі жағдайларды, құбылысты сипаттау кезінде ирония және әзіл мен сықақ мазмұн жасау құралы.
6. Тілдік шығармашылық функцияны жүзеге асыратын тілдік ауысудың бөлшегі ретінде қолданылады.

Казахизмдердің БАҚ-қа кірігіп, мәтін семантикасы мен стилистикасында өз орнын ала білуі олардың орыс тілімен семантикалық игерілу мүмкіндігі қарастырылады.

Қазақстанның қазіргі орыстілді баспасөз материалдарынан алынған казахизмдердің тақырыптық-идеографиялық жүйелеуі негізінде қазақстандықтардың этностереотиптік түсініктері мен әлемнің тұжырымдамалық менталдық бейнесінің қалыптасуы туралы белгілі бір қорытындылар жасауға болады.

2.2 Түр-түс атауларының мәдениаралық қатысымдағы семантикасы мен символдары

Қатысым процесінде қарым-қатынас жасаушылар арасында екі жақтың хабар алмасуы, бір-біріне түрлі ақпараттардың берілуі қамтамасыз етіледі. Әдетте алынатын ақпарат белгілі бір таңбалық-символдық жүйе бойынша кодқа салынады. Декодтау немесе интерпретациялау арқылы адресант пен адресат арасында ақпарат алмасу жүзеге асырылады. Демек символдық жүйедегі таңбалар әлемі вербалдық коммуникация, яғни тіл арқылы жүзеге асырылады.

Мәдениаралық сұхбат шеңберіндегі тілдік феномендер көптеген гуманитарлық ғылымдардың базистік методологиясы және негізгі категориясы болып мойындалған адами фактор тұрғысынан зерделенеді. Қазіргі заманауи ілімдерде мәдениаралық қатынас әрекет ретінде талқыланады және субъект пен қоршаған ортаның өзара байланысының динамикалық жүйесі, ішкі (концептуализация мен категоризация) және сыртқы (арнайы саланың заттануы) әрекеттің көрінісі болып табылады. Аталған әрекеттердің нәтижесінде саналуан мәдени кодтар пайда болады, олардың анықтамасын зерттеушілер келесідей тұжырымдайды: «мәдени кодтар – ол белгілі бір социумның дүниетанымына, жалпы әлем бейнесіне негізделген, бір мағынаны жинақтау үшін әртүлі материалдық және формальдық құралдарды пайдаланатын екінші деңгейлі таңбалық жүйелер» (аударма біздікі – *С.М.*) [117, 8 б.].

Қазіргі заманда үздіксіз дамып келе жатқан әлем және оның мәдени кеңістік шекаралары ұлғайған жағдайында мәдениаралық қатынас аса маңызды, яғни мәдениаралық сұхбат үрдісінен туындайтын мәдениет қақтығыстарын ымыралы реттеу ғаламдық мәселелерді шешеді. Дәл осындай этномәдени стереотиптер мәдениаралық қатынас үрдісінде өзара түсінбеушіліктің бір де бір себебі болады. Әртүрлі лингвоқауымдастықтың тілдік таңбаларының мәдени семантикасын зерделеу ұлтаралық қатынаста аса маңызды мағынаға ие.

Қазіргі ғылыми ілімнің антропоөзектілік парадигмасы тілдік құбылыстарды лингвомәдениеттану қырынан қарастырудың мәнділігін жандандырады. Осы орайда тілдік таңбалардың мағынасындағы мәдени компонентіне және олардың мәдениаралық қатынастарға ықпалы зерттеушілердің назарын аудартып отыр.

Тілдік таңбалар мен бірліктер мәдени ақпарат тасымалдаушы ретінде әртүрлі мағыналар мен сипаттамаларға ие. Олар: «ұлттық-мәдени реалия» (С. Влахов, С. Флорин); «ұлттық-мәдени компонент және мәдени семалар» (Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров); «фондық білімдер» (Ю.А. Сорокин); «мәдени коннотация» (В.Н. Телия); «лингвокультурема» (В.В. Воробьев); «логоэпистема» (В.Г. Костомаров, Н.Д. Бурвикова).

Тіл мен мәдениеттің ұқсастығы сөздің мәдени семантикасымен белгіленеді және олардың өзара байланысы біркелкі міндеттерді жүктейді:

- коммуникативтік (қатынас жасау құралы ретінде пайдалану);
- кумулятивтік (жинақтаушы);
- рефлексивті (психофизиологиялық);
- трансмиссиялық (ақпарат тасымалдау).

Тіл – белгілі бір халықтың өмір сүру салтын, менталитетін, ұлттық болмысы, мәдени ұстанымдар мен сол этностың құндылықтарының көрсеткіші болып табылады. Сондықтан, «мәдениет – халықтың өзіндік қасиеті бар тарихи жады. Сонымен қатар, тіл атқаратын кумулятивті (жинақтаушы) міндетіне орай, сол тарихи ақпаратты сақтай отырып, ұрпақтар арасындағы диалогты қамтамасыз етеді (аударма біздікі – *С.М.*) [118, 226.].

И.В. Привалованың ұлттық–мәдени санадағы тілдік маркерлердің (айқын байқалатын сөздер) таксономиясына сәйкес, барлық «ұлттық–маркіленген бірліктер үш түрге бөлінеді: *лингвоқұрылымдық, лингвомәдениеттік және лингвокогнитивтік*» (аударма біздікі – *С.М.*) [40, 70 б.]. Сонымен қатар, біздің зерттеуіміз үшін салыстырылып отырған лингвомәдениеттегі заттар мен ұғымдарды көрсететін, санадағы бейнелердің үйлеспеушілігі нәтижесінде туындайтын лингвомәдени үлгісіндегі таксон (топтастыру) қызығушылық танытады.

Ұлттық дүниетаным элементтері аса айқын байқалатын тілдік феномендерге белгілі бір этнолингвомәдениеттің тәжірибесі мен білімін пайымдайтын, сонымен қатар, мәдени негізделген семантикаға ие болған түр-түс атаулары жатады. «Этникалық “түр-түс көзқарас” ұлттық-мәдени сананың тілдік маркері ретінде оның “түр-түс палитрасын” белгілейді, ол өз қатарында, индивидтің қабылдауындағы бағалауды, таптаурындарды және мақсаттарды негіздейді. Бір жақты көмескі түр-түс атаулары белгілі бір жергілікті фауна (*buff, peacock blue, dun, periwinkle*), флора (*avocado, heather, heliotrope, mistletoe*) және өмір салты ерекшеліктерімен (*moccasin, maple syrup, pop-corn white*) сипатталады» (аударма біздікі – *С.М.*) [40, 73 б.].

Тілдер мен мәдениеттердің болмысын толыққанды ашып көрсету үшін оларды салыстыру қажеттілігі туындайды. Түр-түс семантикасы мен

символикасын әр ұлттың тарихы, мәдениеті, діні мен дүниетанымын қалыптастырады, сондықтан оны зерттеу адамтану парадигмасы тұрғысынан шектелмей, мәдениаралық қатысым орнату мақсатында да, ұлттық-мәдени ерекшеліктерді байқап, салыстырып, ұлтаралық коммуникация барысында ескеруді, мәдени түсініктер арасындағы жанжалдың(конфликт) алдын алуын қажет етеді. Осыған байланысты Ресейдегі мәдениаралық қатысым бағытын қалыптастырушылардың бірі С.Г. Тер-Минасова өзінің кеңінен таралған іргелі еңбегі «Язык и межкультурная коммуникация» кітабында келесі мысалдар келтіріп, түр-түс атаулары «жалпы адамзаттық» мағына білдіретіне үлкен күмән келтіреді: «Абсолютті лексикалық сәйкестік тұрғыдан сол жасыл түстің «жалпыадамзаттық» ұғымды белгілейтіні үлкен күмән тудырады, себебі белгілі бір ауыспалы және стилистикалық коннотацияның болуы сөздің мағынасына ықпал етпеуі мүмкін емес, ал ол коннотациялар әртүрлі тілдерде сәйкес болмайды. Орысша *көк* (*жасыл) көз* әсемділікті сипаттап, романтикалық және поэтикалық әсер туғызады, сиқырлы су перісінің көздеріне ұқсас. Ағылшын тіркесі *green eyes*қызғаныштың метафорланған белгісі болып, жағымсыз коннотацияларға ие. Осы жағымсыз ассоциалардың пайда болуына *green eyes*– ол «Отелло» трагедиясында қызғаныш пен іштарлықты (*jealous*) көк көзді құбыжық (*a green eyed monster*) деп атағанШекспирдің «кінәсі». Тағы бір мысал: орыс тіліндегі *черная кошка* сөз тіркесі ағылшын тіліндегі*black cat* сияқты бір түстес үй жануарының атауы болып табылады. Алайда дәстүрге, ырымға сәйкес орыс мәдениетінде қара мысық бақытсыздық пен сәтсіздік алып келеді, сондықтан бұл сөз тіркесі жағымсыз коннотацияға ие. Керісінше, ағылшын мәдениетінде қара мысықтар – сәттілік пен күтпеген бақыттың белгісі, орыстарды таңғалдыратыны, «Good Luck» жазуы бар ашық хаттарда тап сол қара мысықтар отырады»(аударма біздікі – *С.М.*) [11, 59 б.].

Лингвомәдениеттегі ұлттық дүниетанымның бір маңызды элементі болып табылатын түр-түс атауларының феномені біздің «Түр-түс атауларының мәдениаралық қатынастағы семантикасы мен символикасы» атты мақаламызда қарастырылады [119].Қазақ және орыс мәдениеттеріндегі түр-түс атауларының символикасын салғастырмалы бейнелеу негізінде сол халықтардың тарихы, өмірлік философиясы және менталитетімен негізделген айырмашылықтар мен ұқсастықтар талқыланады. Дәл осындай сипаттау түр-түс атауларының мәдени семантикасын тек қана әлеуметтік-тарихи деректермен ғана сәйкестендірумен шектемей, сонымен қатар, субъективті-психологиялық және эмоционалды факторлармен шартталған түр-түс концептісінің бейнелі-ассоциативті байланыстарын орнатады. Зерттеу материалы өзара әрекеттес қазақ және орыс мәдениеттерін салыстыруына негізделген, себебі ұлттық-таңбаланған тілдік бірліктерді зерттеу тек қана тілдер мен мәдениеттерді контрастивті (салғастырмалы) сипаттау барысында жүзеге асады, яғни мәдениаралық қатынас теориясы шеңберінде қарастырылады.

Жалпы түр-түс атауларының социомәдени метафораланууы әр уақытта тілшілердің аса қызығушылығын танытады. Әртүрлі мәдениеттерде белгілі бір

түстердің символикасы алуан түрлі болатыны белгілі. Т.В.Антиповтың «Текст как явление культуры» атты еңбегінде бұл мәселе *ақ* және *қара* түстері негізіндежан-жақты сипатталған: «Қалыптасқан дәстүр бойынша **ақ** түс әртүлі тілдерде жақсылық пен игілік, тазалық пен пәктік, махаббат пен сүйіспеншілік және осыларға жақын ұғымдардың символы болып қабылданады. Грузиндік субмәдениетінді ақ түс –жақсылық, мейрімділік, махаббат символы. Қырғыз мәдениетінде осы түспен келесі коннотациялар байланысты: ақ түс Ш. Айтматовтың жақсы көретін түсі – нәзіктік пен қорғансыздық түсі, жақсылық пен үміт, махаббат пен көктемдегі гүлдену түсі. Шығыс елдерінде ақ түсті өлім символы және трауртүсі ретінде конфронтативті (салыстырмалы) түрде қабылдайды (Оңтүстік Кореяда қамаудағы адамдар ақ түсті киім киюі осымен байланысты)» (аударма біздікі – *С.М.*) [120, 59 б.].

Қазақ тілінде түр-түстің физикалық, физиологиялық және тілде қолдану ерекшеліктері Ә. Қайдаровтың «Сырға толы түр мен түс» атты еңбегінде қарастырылады [121]. «Ахроматты тур-түстерді бір-бірінен (ақ , кара, сұр т. б.) тек жарықтықтарымен ғана ажыратады. Өйткені оларда бір-ақ түрлі ө ң бар. Ал кез келген ахроматты түстерді қашанда ахроматты түстермен салыстыруға болады. Хроматты түстердің өңі неғұ лым солғындау болған сайын, олар соғұрлым ахроматты түстерге жақындай түседі. *Ақ түс*. Ақ түстің эталоны ретінде барийдын сульфатымен қапталған пластина алынған. Өйткені оның аппақ тығына еш нәрсе тең желмейді. Мұндай пластина өзін түскен монохроматты түр-түс сәулесінің бәрін түгел шағылыстырады. Барий пластинасына жақын, яғни шағылыстыру мүмкіндігі жоғары ақ түсті зат магнийден істелген пластина. Одан кейінгі орындарда мырыш пен титан пластиналары тұр. Ең ақ деген қағаздың өзі барий пластинасының касында солғындау, тіпті сұрғылт болып көрінеді. Қара түс. Егер спектрдің монохроматты түстерінің сәулелері белгілі бір дененің бетінен 1,5 процентten аспай шағылысса, ал сәуленің қалған 98,5 пайызы онын бойына сіңіп қалса, онда ол денені (өңін, түсін) қара түсті деп атайды. Мүлде қара түс тек абсолюты кара денеде ғана болады. Кейде шағылысқан сәулелерді айқындау үшін қара түстің эталоны ретінде кара барқытты алады. Қара бояулардын түсі пигменттерінің құрамына байланысты» [121, 19 б.].

Біз осы зерттеу жұмысымызда ахроматты (яғни, түрлі-түсті белгілеуден қарағанда, жарық сәуленің болуын / болмауын білдіреді) «ақ» және «қара» түстерін алған себебіміз, ұлттық мәдени ерекшеліктерді әрі жалпы, әрі даралық ретінде көрсететін «ақ», «қара» түстері. «Түр-түс атаулары мен реңктері» атты түсіндірме сөздігінде (Г.Смағұлова, Ә.Мәнкеева) ең көп қолданылатын түс «қара», содан кейін «ақ». Бұл, әрине, обьективті фактор. Ұлт пен этностар арасыендағы түр-түске деген көзқарас көбінесе олар ұстанатын салт-дәстүр, түсінік, пайымдар, тіпті жас ерекшелікке де байланысты. Көптеген елдерде «ақ» түс қайырымдылық пен пәктіктің түсі. Мәселен, көп ұлтта қалыңдық ақ киім киеді. Кейбір салт-дәстүрлерде жерлеу рәсімдерінде пайдаланылады.

Ұлттық-мәдени өзгешелік, әсіресе, қарама-қарсы сипатталған түс символикасында аса айқын көрініс табады. Мысалы, қазақ халқының түр-түс символикасында ассоциациялық өрісі кеңінен тараған екі ахроматты түс – *ақ* және *қара* басым. Көп мағыналы *ақ* эпитеті әртүрлі мәнмәтіндерде тазалық пен пәктік, мінсіз сезімдер, сұлулық, адалдық пен әділдік, сонымен қатар, сүттен жасалған ұлттық тағамдардың молшылығына сәйкес ассоциацияларды тудырады. Аталмыш эпитет фольклорлық және көркем шығармалардағы кейіпкерлердің, ұлттық әндер мен өлеңдердің, жер-су атауларында жиі кездеседі. Мәселен, *ақ* эпитетінің жиі қолданылуы ақын-жыраулар поэзиясында да кездеседі: *ақ мамығын таранған, аппақ мәрмәр інжіні* («Асан қайғы»); *ақ желкен, ақ қағаз, ақ ала тау, ақ ала жылқы, ақ киік* («Шалкиіз»); *ағала ордам қонған жұрт* («Қазтуған»); *ақ білегін жастанып, ағарып атқан таңды деп, Ақ Жайық, ақ балта, ақ найза, «ақ шымылдық»* («Доспамбет»); *ақ табан ару торы ат* («Ер Шобан») т.б.

Тілдік бірліктердің «мәдени жадымен» байланысты семантикасының компоненті тілдік таңбаның мағынасын белгілейді, тіл және мәдениет иеленушінің рухани құндылықтар жүйесінің көрсеткіші болып табылады. Ұлттық-мәдени дискурстың құрылу ерекшелігі дәстүрлі тілдік формулаларда айқын көрініс табады. Мысалы, шығыс күнтізбесіне сәйкес келетін жылдың басы, күн мен түннің теңелген кезі, барлық түркі тілдес халықтарға ортақ Наурыз мейрамын қарсы алғандағы негізгі дәстүр, мерекенің маңызды бір оқиғасы – ол жақсы тілек айтып, жылы лебіз білдіріп, адамдардың бір-бірімен амандасуы. Сол тілектер мен ниеттердің ең маңыздысы – «*Ақ мол болсын*!», осы бейнелі сөйлемшедегі *ақ* кілт сөзі сүттен жасалған ұлттық тағамдардың жалпылама атауы болып міндет атқарады.

Қазақ халқының көшпелі тұрмысы және салт-дәстүрі қазақ тілінің бейнелі жүйесінде тікелей көрінісін табады. Мысалы, құрамында *ақ* эпитеті бар тұрақты тіркестер мен сөйлемдер ізгі бастамалар мен ниеттерді, белгілі бір оқиғаның және жағдайдың салтанаттылығын, молшылық пен берекені білдіреді. *Ақ киіз* тіркесі қазақ хандарының ұлықтау рәсімін бейнелеумен байланысты:

«**Ақ киіз** *қайтадан жерге түскенде, Ораз-Мұхамедтің үстіне алтын, күміс ақшалар жаңбырдай жауды. Жаңа ханды жақынырақ жерден көрмек болып, жапырлай ұмтылған халық үстіне де шашу шашылған*» (М. Мағауин. Аласапыран).

Ақ түйенің қарны жарылды – молшылыққа, қуанышқа, жақсылыққа, үлкен тойға кенелді деген мағынада қолданылатын дағдылы сөз тіркесі – тоқшылықтың тағы бір метафоралық кеңістік образы. Бұл тіркестің мағынасы өте терең – қазақ халқы ақ түсті малды, әсіресе, байлықтың өлшеміне саналған түйе малының ақ түстісін ұстау бақыт әкеледі деп санайды. Себебі, ақ түйеге қасиетті Халифа Хазірет Әлінің мәйіті артылып келген-мыс. Қазақ халқы ақ түсті аруана, ақ інген, ақ бураларды төрт түлік малдың «басы», «киесі» деп қасиеттеп салтанат пен байлықтың көрсеткіші ретінде бағалаған.

Алайда, қазақ мәдениетінде *ақ* эпитеті сол «түр-түсті» тек көру арқылы қабылдау нәтижесі ретінде ғана қабылдаумен шектелмейді, сонымен қатар белгілі бір тарихи-мәдени деректермен, қазақ халқының дүниетанымы және көшпелі тұрмыс жағдайы ерекшеліктерімен, түр-түс атаулары тудыратын бейнелі-ассоциативті байланыстарымен пайымдалған басқа да мағыналық коннотацияларға ие. Осындай үдеріс әсіресе этномәдени феномендер болып табылатын омонимдерде – антропонимдер, топонимдер, гидронимдер көрініс табады: *Ақерке, Ақжол, Ақтілек, Ақторе, Ақтобе, Ақтау, Ақмола, Ақтерек, Ақсу* және т.б. Сонымен қатар, *ақ* эпитеті көптеген ұлттық әдеби-көркем бейнелерде, халық әндері мен аңыздарда жиі кездеседі: *Аққайың, Аққасқа, Ақбаян* және т.б.

Түрік халықтарында *ақ* түсі киелі мағынаға ие. Осыған байланысты тарихшы-ғалым Х. Көктәнді *ақ* сөзінің ежелгі нұсқасы ретінде *су* сөзіне де үлкен мән береді: «Су – ақ деген сөз. Судың ақ деген мағынаны білдіретінін көптеген деректер айғақтайды. Жапондарда да су дыбысталуы ақ мағынасын білдіреді екен. Сырдария өзенінің «Авеста» кітабындағы атауы – Ардвисур. Бұл өзеннің ежелгі аты –«таза ақ өзені» деген мағына берген. «Су» сөзінінің «ақ»мәнін білдіретіндігіне тағы бір мысал: Сурманак – жалайыр тайпасының Шыңғыс хан заманындағы бір тармағы, екінші тармағы – Шуманақ. Алғашқы тұлғалық атауы Су-ман, кейін Суман (мәні *ақ* деген мағынада), түсініксіз болған соң, алғашқы мағынасын калькалық тәсілмен көшіреаударып, «ақ»сөзін қосқан, содан кейін Сурманақ болып шыққан. Шуманақ тармағы да осындай тарихқа ие. Қазақ тіліндегі«су қараңғы соқыр»тұрақты тіркесі «көзі аппақ болып ағарып кеткен адам» деген ұғымды білдіреді»[122, 148 б.]. Ауызекі сөйлеуде жиі қолданылатын «сүттен ақ, судан таза» тұрақты тіркесіндегі мағынасы да аппақ, мөлдір түске қатысты айтылып, «кінәсіз» деген мағынаны білдіреді.

Түр-түс атаулары зерттеушілердің назарынан еш уақытта тыс қалмаған. Мысалы,заманауи жарнама мәтіндерінде кездесетін түр-түс атауларына сипаттама бере отырып, Б.С. Тәңірбергенова *ақ* сөзі де басқа түр-түс атаулары сияқты тура және ауыспалы мағыналарда қолданылады[123, 175 б.].Зерттеуші жарнама мәтінінде *ақ* сөзінің тура мағынада қолданылуын келесі мысалдар арқылы көрсетеді:

«*Гарньер колор нэчралс маған жарайды ма? - Иә, егер Сіз қанықты жарқын төзімді реңк іздесеңіз. - Иә, егер Сіз* ***ақ*** *шашыңызды толық боямағыңыз келсе. - Иә, егер Сіз жай түбірлерін боямақ болсаңыз*» (Гарьер Колор Нэчралс жарнамасы);

«*Микрогранулалары бар жаңа Orbit Professional White сіздің тісіңіздің табиғи* ***ақ*** *қалпына келуіне көмектеседі және тіс тазалығының шынайы сезіміне бөлейді*» (Orbit Professional White жарнамасы).

Ал *ақ* сөзінің жарнама мәтінінде ауыспалы мағынада жұмсалуы қазақ тілінде қалыптасқан, ұлттық-мәдени ақпаратты қамтитын тіркестер арқылы беріледі.

Мысалы: «**Ақ тілегіңізді** *жырмен өріп, ең қадірлі адамыңызды арнау өлеңмен құттықтағыңыз келсе, бізге хабарласыңыз. Мерейтойлар мен мүшел тойларға, туған күндер мен үйлену тойларына, алтын-күміс тойларға құттықтау папкілерінің мәтіндерін даярлаймыз. Ақысы келісімді. Байланыс телефонымыз: телефонымы*з: 328-21-96» (Алматы ақшамы, 14.02.2009).

Сонымен қатар, қазақ тілінде *ақ* сөзжасам компоненті тұрақты және күрделі сөздер құраманда кең қолданылады: *аққөңіл, ақ жүрек, ақпейіл, ақниет, ақсақал, ақ бата, ақ ана, ақ дастрахан, ақ жол, ақ жарқын*. *Ақ* компоненті бар сөздер тек жағымды коннотацияға ие, мейірімділік, тазалық, киелілік, ризашылық т.б адам бойындағы және өмірдегі ізгі қаситеттерді сипаттайды.

Ақ эпитетінің қазақ дүниетанымында ерекше орын алады, оның символдық және метафорлық мағыналары ұлттық құндылықтар жүйесіне негізделген. Осы қазақ колоремасының бірегейлігі *ақ* түсті этномәдени колоремді прототип деп түсүнуге мүмкіндік береді.

*Ақ*колоремасы мүлде бір жақсы, оңтайлы бастама ретінде қараңғылық пен түнекке қарсы тұрады, нұрлы қуанышқа үміт артады. Мысалы, орыс халқының тілдік әлем бейнесінде *ақ* (белый) эпитеті көбінесе тазалық, пәктілік, киелілік пен қасиеттіліктің символы болып табылатын «жарық» түсінігімен байланысты: «**Радостные, белые, белые** *цветы*» (З. Гиппиус). Сонымен қатар, ақ түс бақыт, қуаныш және оларға қарама-қарсы сезім уайым мен қайғы эмоциялардың концептілерімен тығыз ассоциативті байланыста: «*Рождество, праздник детский,* **белый**, *Когда* **счастливы** *самые несчастные*» (З. Гиппиус); «**Белыми** *светлыми крыльями веют и реют во мгле*» (К. Бальмонт).

Көне орыс дүниетанымында адамдың келбетіндегі сұлулық *ақ* түспен сәйкесетін: *белое лицо* (ақ бет), *белые руки* (қолдары ақ) және сурет салу өнерінде өз көрінісін табатын

Ақ түр-түс үшін түптұлғаның бірі ретінде орыс қыс мезгілінің атрибуты болып саналатын қалың қарды бейнелейтін табиғи көріністер сипатталады, себебі ақ қар шексіз қарлы жазықтар, жалғыздық пен жүректегі үрей, суықтық пен көңілсіздік, шарасыздық пен үмітсіздік ұғымдар тізбектерін тудырады.

Орыс тілінде *ақ*сөзі бар компонентінен құралған фразеологизмдер жиі кездеседі. Алайда, *белая ворона, белые люди, белые стихи* сияқты тұрақты тіркестер түр-түсті сипаттайтын коннотацияларымен байланысы жоқ, әдетте бұл белгілі бір топ тұлғаларды сапалы түрде белгілеуде қолданылатын идиоматикалық жинақтама бейне.«Белая ворона» концептісі тек қана орыс этнолингвомәдениетіне тән, тіпті ағылшын тіліндегі ең жақын семантикалық эквивалент «rare bird»–«сирек құс», «мыңнан бір кездесетін бірегей адам» деген ұғымдарды білдіре отырып, «ерекше, басқаларға ұқсамайтын, тұрмысқа үлесімі жоқ адам» семантикасын жүктемейді.

Көп жағдайда *қара* хроматоним колоремасымен жағымсыз ассоциациялар байланысты: *black mail* (бопса), *black-market* (қара базар), *black economy* (қара

экономика), *black humor* (қара әзіл-сықақ), *black sheep* (қотыр қой), black soul (қара ниет), blackmail (сөзбе-сөз: қара пошта, бопсалау мағынасында). Керісінше *white* – бейбітшіліктің, адалдықтың, тазалық пен пәктіктің, ақжүректіктің белгісі. Жағымды семантикаға ие *ақ* сын есімі жағымсыз мағынасы бар зат есімдермен тіркессе де оны жұмсартып, асылдандырады: *черная зависть –белая зависть*.

Ақ эпитетіне қарама-қарсы *қара* түр-түсі көптеген лингвомәдениеттерде қайғы-қасірет, торығу мен қажу, өшпенділік пен жек көру символы. Бірақ, қазақ мәдениеті мен қазақ тілінің бейнелі жүйесінде *қара* сын есімі тек қана түр-түс эпитеті ғана емес, сонымен қатар қалыптасқан танымдық ой-өрісінің ұлттық-мәдени сипатын анықтайды. Мысалы, *қара көз, қарақат көз, бота көз* сияқты теңеулер арқылы қазақ қызының әдемі, нәркес көздері бейнеленеді. Әдетте, осындай тіректі теңеулер мәдени негізделген семантикаға, ауқымды бейнелі әлеуетке, сан алуан ассоциативті типтерге ие.

Қара сөзі көшпенділер тіршілігіндегі қиын кезең, дала табиғатының қолайсыз құбылыстарын бейнелейді, ол қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет символы. Мысалы: «*Көк жүзін қапелімде* **қара бұлт** *басып,* **қап-қара боп түнеріп***, жерге бауырын төсеп, жөңкіп көшіп жатыр екен. Жел де дәл Темірқазықтан шығып алған. Қаптай соққан* **қара дауыл** *бүкіл әлемді былғалап, бірді бірге соғып, ойран қып жатқандай жердің топырағын суырып, шаңдатып, ышқына үли соғады. Кенет Ақбала жоғары қарады. Жүз* **қаралы қарға** *әлденеге жаны қалмай, қанаттары сатырлап, азан-қазан боп ыққа қарай ұшып бара жатты*...» (Ә. Нүрпейісов. Қан мен тер).

Сонымен қатар *қара* эпитеті түр-түсті белгілемейтін жағдайларда жағымды, мағыналы ассоциацияларға ие болады: *қара сөз,қара шаңырақ қара күш*және т.б.

Қара сөз– көркем әдебиеттің үлкен бір саласы. Өлең сөзден (поэзиядан) айырмашылығы – онда сөз ырғағы еркін. Қара сөзбен жазылған көркем шығармада өмір құбылыстарын, әр түрлі уақиғаларды баяндау тәсілі арықша болады. Сөйтіп, әдебиетте өлең мен қара сөздің бір-біріне қарағанда жасалу жолдары да, мәні де, әсері де өзгеше келеді. Қара сөзбен жазылған шығарманың көркемдік қуаты ерекше көрінеді. Ойлау, бейнелеу, суреттеу арқылы қара сөздің ішкі мәні ашылады. Мысалы, ұлы Абайдың «Қара сөздерін» оқи отырып, философиялық терең оймен қатар қара сөздің тапқыр да, ұтқыр қолданғанының куәсі боламыз. Абай өзін толғандыратын ойларын еркін айту үшін арнайы жанр ойлап тапқан сөз жанры

Қара шаңырақ ұлы, негізгі, киелі, байырға, мұрагер, үлкен шаңырақ, бас шаңырақ деген ұғымдарды қамтиды. Ол – ел қадірдейтін, не әкенің, не атаның, не бабаның дәстүр бойынша кенженің еншісіне тиген үлкен үй. Шаңырақ киіз үйдің күмбездік, жартышарлық ұлттық, көркемдік қаситін сақтап тұрады. *Қара шаңырақ* – ежелгі, ескі көзқарас тудырумен қатар, қасиеттілік күш-қуат та бере алады, себебі сол үй иелерінің тамырларының терең, ру басы бабалар

тарихымен астасып жатқандығы және оларды ата дәстүрін жалғастырып келе жатқан адамдар екенінің белгісі.

Көбінесе халық ауыз әдебиеті, көркем шығармалар мен ауызекі сөйлеу жағдайында *қара* сөзі ауыспалы мағынада кеңінен қолданылады: *қара күш, қара жұмыс, ірі қара, қара халық, қара жер, қара ниет*. Көркем әдебиетте бейнелі құрал ретінде – теңеу, метафора, бүкпелеу, анафора қызметінде қолданылып, қазақ халқының тарихын көркемдік пайымдауы мен қазақ сөз өнерінің экспрессивті ырғағы мен әсерін оқырмандарға қанық көрсетіп, толық жеткізеді. Мысалы: «*Сол ақ боз үйлердің төрінде, топ аққудың ортасына ұшып келген* **қара бүркіттей** *он алты қанат, шымқай* **қара қойдың** *жүнінен бастырған сұсты* **қара орда** *ерекше көзге түседі. Шаңырағына байланған Арғын руының көз таңбасы салынған сала құлаш құйрықты* **қара жалау**... **қара орданың** *түрі тым сұсты, бүкіл Арғын руының айбары тәрізді*» (І. Есенберлин. Көшпенділер).

Қара сапалық сын есімі адамзат баласының алғаш айырған түсінің бірі болған себепті, қолдану аясы да кең, мағыналық түрлері де көп. Қара сын есімі жер-су аттарын жасауда ерекше орын алады. Көбінесе, географиялық нысанның қара түсін білдіру арқылы бірінші сыңарда анықтауыштық мәнде келіп, біріккен атаулар жасайды. Қара сын есімі конверсия бойынша субстантивтеніп екінші (басыңқы) сыңары да қолданыс табады. Мұнда, негізінен, «тау, төбе, тоғай» мағыналырын білдіреді. Мысалы: Қара+шоқ (ағаш. СҚО, Есіл ауданы). Қара + тоғай (тоғай. СҚО, Есіл ауданы). Қара + ағаш (ауыл. СҚО, Есіл ауданы). Қарағаш ауылының аталу себебі: ертеде сол жерді мекендеген рулардың бастары бірігіп, бір ауыл құрмақшы болады. Рулардың аттары көп болғандықтан, талас тудырмас үшін ауыл маңында, аққайыңдар арасында өскен бір үлкен қара ағаш болған, сол себепті, ру ақсақалдары ақылдасып, ауылдың атын Қарағаш деп атап кеткен.

Әлемнің тілдік және мәдени бейнесінде *ақ* пен *қара* түстердің қарама-қайшылығы әртүрлі халықтардың дүниетанымында анық көрініс табады. Мысалы, ағылшын тіліндегі *white – black* (*ақ* пен *қара*) сөздерінің ‘адам’ деген мағынаны білідретін *man* сөзімен тіркесі арнайы қарастыруды қажет етеді. *White man*тіркесінің әлеуметтік-мәдени шарттылығы оның өзіне тән семантикасынан көрінеді.*White man* деген тіркес – ақ нәсілден шыққан, ақ сүйек, аққұбаша адам. Өз нәсілін басқалардан артық санайтын ақтардың қоғамында бұл тіркестің адал, әдепті, тәрбиелі деген мағынаға ие болуы, керісінше, *black man* тіркесіне *әзәзіл, жын, ібіліс* деген жағымсыз мағынаның болуы кездейсоқ жағдай емес. Мысалы, ағылшын көркем әдебиет үзінділерін салыстырайық: «*The* **whitest man** *that ever lived, f man with a cultured mind and with all the courage in the world*» (T. Hardy) – «**Ақ түсті адамдар** *жер бетіндегі адамдардың ішіндегі тектісі, ең білімдісі және батылы*» (Т. Гарди); «*Sit down and tell me about your sister and Jon. Is it a marriage of true minds? It certainly is. Young Jon a pretty* **white man**»(G. Meredith)–«*Отыр да, маған әпкең мен Джон*

туралы айт. Бұл қалауымен қосылған неке ма? Әрине. Жас Джон жақсы ***ақ адам*** *ғой*» (Дж. Мередит).

Қазіргі кезде *whiteman – blackman*тіркестерінің қолданылу ерекшелігі кейбір саяси және әлеуметтік жағдайларға байланысты қайта қарастырылып, метафоризация үрдісне ұшырай бастады. Мәселен, қазіргі заманда қара нәсілді адамдардың құқығы теңестіріліп, олар өмірдің барлық саласында өз белсенділіктерін арттыруда.

Әлеуметтік жағдайдың өзгеруіне байланысты, тілдік құбылыстың әлеуметтік-мәдени шарттылығы өткір саяси мәселеге айналды. Бұл «Political correctness»атты мықты мәдени, идеологиялық қозғалыстың бас көтеруіне негіз болды. Сөз тіркестердің әлеуметтік-мәдени шарттылығының мысалы ретінде Д.Г. Лоуренс шығармасынан үзінді келтірейік: «*He really loved to have* ***white men*** *staying on the place… And she was fascinated by the young gentlemen, mining engineers, who were his guests at times.He, too, wasfascinated by a real gentleman. But he was an old-time miner with a wife, and if a gentleman looked at his wife, he felt as if his mine were being looted, the secrets of it pryed out*» (D.H. Lawrence)– «*Ол үйіне* **ақ нәсілді адамдардың** *келгенін қалайтын...Ал әйеліне жас джентельмендердің, тау инженерлерінің үйіне тоқтағаны ұнайтын. Ол да нағыз джентельмендерге қызыға қарайтын. Бірақ ол ескі заманның кеншісі еді, оның үстіне әйелі бар. Джентельмендердің көзі әйеліне түскенде, ол кенішін біреу тонап, бар құпиясын ашып қойғандай күй кешетін кешетін»* (Д.Г. Лоуренс). Үзіндідегі барлық атрибутты сөздер әлеуметтік-мәдени шарттылықты сақтаған. Шынайы өмірдегі бір-бірімен байланстағы заттар мен ұғымдар сөйлеуші санасымен табиғи сәйкестік тауып, оның әлеуметтік тәжірибесін көрсетеді. *Real gentleman* тілдік құрылымының негізінде ағылшынтілді қоғамда қалыптасқан әлеуметтік құрылым, моральдық және этикалық кодекс жатыр. Сол сияқты *old-time miner* тіркесінің негізінде де маңызды әлеуметтік факторлар бар. Сондықтан мәдениаралық қатысым жағдайында фондық ақпаратты білу оте қажет.

Қазақ халқының дүниетанымында *көк* лингвокультеремасы ерекше орын алады. Жалпы осы сөздің семантикалық спектрі ауқымды: көк, көгілдір, жасыл және сұр. Мысалы, *көк шөп, көк аспан, көк ала ат*. *Көк* түстің культурологиялық мазмұны түркі халықтардың тарихында тенгриандық дінмен, яғни көк аспан құдайына – Көк Тәңірге сыйынумен байланысты. Қазақ тілінде *көк* компонентінен тұратын фразеологизмдер халықтың көк аспанның қасиетіне бас иіп, қадірлеуін көрсетеді: *көктен сұрағаны жерден табылды, төбесі көкке жеттіж*әне т.б. Көк түсі көк бөрінің пайда болу аңызымен де байланысты.

Компонентінде түр-түс атаулары бар фразеологизмдердің мағынасы күрделі болып табылады, себебі ол бірнеше деңгейден тұрады: үстіңгі (семантикалық) деңгей, терең (концептуалды) мағынаны білдіретін деңгей фразеологиялық бейнені қалыптастырады. Бірақ мәдениаралық қатысым жағдайында фразеологиялық мағынаның негізін семиотикалық (бейвербалды)

құралдардың жиынтығы ретінде мәдениет құрайды. Нәтижесінде нақты фразеологиялық бейнені қалыптастыратын тілдік-мәдени таңба құрылады.

Жалпы *қоңыр* түсі, ежелден Азиялық көшпелі халықтардың болмысына тән түс болғандықтан, бұл түсті тау-тас, құм мен дала, қой төлі мен шопан бала, самал жел, кеш, үй т.б секілді ұғымдармен ассоциацияланады. Мәселен, араб және иран тілдерінде қоң – қар – қор (*қорум, қорымтас)*, каф, қап (*Қап тауы*), қая, қия, құз, қыр, қыз (Қазбек), кур – гора, тау, биік мағыналарын білдірген.

Қоңыр түр-түс эпитеті – қазақ көшпелі халықтың мәдени әдет-ғұрпында кең таралған және метафорланған түр-түс атауы, ол дала пейзаждары, күз мезгіліндегі әсем табиғат көріністері, майсаң, жағымды қоңыр салқын табиғат құбылыстарымен ассоциация туғызады: *қоңыр күз, қоңыр жел, қоңыр кеш, қоңыр салқын*. Жалпы *қоңыр* түс жұмсақ реңктер, мейірімділік пен әсерлілікті сипаттау үшін кең қолданылады. Қазақ ұлтының дүниетанымында *қоңыр* түсті ахроматты *ақ, қара, сұр* түстер қатарына да жатқызуға болады, себебі ұлттық сана мен көркем әдебиет тілінде ол қанық түс бояуын сипаттамай, әсерлі табиғат көрінісі, домбыраның әсем үні, салқын самал желі, жанға жағымды күзгі ауа райы туралы түсініктер туғызады.

Мысалы: «**Қоңыр самал** *соғатын, итмұрын, қарақат, бөргездердің неше алуан иісі аңқитын. Бірақ ақ алманың — жабайы алманың қымыз иісі бәрінен де ерекше еді. Қай жағыңа қарасаң да бұтақтары сынып кетердей боп иіліп, көзді арбаған ақ алма сықасып тұратын. Тістеріміз жарқырап, қашыр-қашыр шайнайтынбыз*» (С. Мұратбеков. Жабайы алма)

Қазақ тілінде *қоңыр* түсі ерекше мағынаға ие, осы сөздің семантикасындағы тарихи-мәдени ақпарат қазақ халқының ұлттық дүниетанымын сипаттайды. Белгілі жазушы және ғалым М. Әуезов қоңыр түсті қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен қазақ даласының табиғат көріністерімен байланыстыру мен сипаттау: «Қоңыр – қазақ тіліндегі ең асыл сөздердің бірі. Көптеген атаулармен сөз тіркестерінде Қоңыр атауы аса бай лексикалық қор құрайды, бұл сөздердегі нақты мағыналардың саналуандылығы, ылғалға қанған құнарлы топырақ сияқты ортақ басым эмоциялық сырлы астарды бойына сіңіреді. Қоңырмен қосақтасатын сөздер адамның көру, есту сезімі, тәні мен жаны және парасаты үшін мінсіз сабақтастық құрайды. Ол жаймашуақ, мамыражай табиғатқа, хас сұлулар мен сәйгүлік тұлпарлардың ғажайыптығына, күміс көмей әншілер мен музыкалық аспаптардың «құлақтан кіріп бойды алатын тәтті әндері мен әсем күйлерінің» (Абай) құдыретіне, нағыз кемеңгерлердің этикалық дарындылығына және көптеген басқа да адамзат баласын тамсандыратын әдемілікке қолданылады. Бірақ бұл сонымен қатар сағым іспеттес Мінсіздік. Оған тағзым етуге болады, бірақ оны адам жасаған жоқ, сондықтан оны ұстап тұру пенденің қолынан келмейді. Бұдан қоңырдан кейін ілесетін сөздердің кіршіксіз мұнлы сарыны туындайды. Ұдайы толғандыратын, мәңгі саф мөлдірлігін сақтайтын осы атасөздің «мұң» сөзімен тіркесте жиі қолданылатыны барынша табиғи қалыптасқан құбылыс» [124, 29 б.].

Қоңыр түс – топырақтың және ағаш тақтаның реңі. Төзімділік және сенімділік береді. *Қоңыр*, сондай-ақ, жердің түсі. Жер халықтың тіршілік орны. Осымен байланысты қазақ елінің танымында ерекше жағымды мәнде ассоциацияланады. *Қоңыр* табиғи, тыныш, жайлы, ашық бір атмосфераны қамтамасыз етеді. Қоңыр түсінің ассоциациялануы, тыныштық өмір бейнесімен де астасып жатыр. Соған сай туған тіркестер қатары сан алуан: *қоңыр жел, қоңыр тірлік, қоңыр күз, қоңыр самал, қоңыр дала, қоңыр кеш, қоңыр жол, қоңыр ымырт, қоңыр төбе, қоңыр күй, қоңыр леп* т.б. Мысалы, қазақ поэзиясында анафора тәсілімен жазылған Ж. Нәжімеденовтың өлеңінде бірқатар ассоциативті тіркестер пайда болған: *қоңыр шешем, қоңыр кеш, қоңыр жол, қоңырқай ой, қоңырайған жол, қоңыр ән, қоңыр күпі, қоңыр төбе, қоңыр ымырт, қоңырайып отыру*. Бұл тіркестер оказзионалды семантикаға ие, ақынның ой-қиялынан пайда болған тілдік құбылыс ретінде қарастырылады.

Қазақ тілінде қалыптасқан ассоциациялық тіркестер қатарындағы *қоңыр үн, қоңыр дауыс* ер адамға тән, ер баланың белгілі бір даму кезеңіне сай пайда болатын, ән салғанда кәсіби әншілікті қажет етпейтін (қоңырлатып ән салды) дауыс, үн. Қоңыр түсінің адам санасында ассоциациялануына байланысты, психолог мамандардың пікірінше,қоңыр түсті ұнататындар өмірден мол тәжірбие алған жандар. Оның өз тәртібі бар, ойы кемелденген адам. Бұл түсті қалайтындар байсалды мінезімен тартымды келеді. *Қоңыр* түсті көбінесе шыдамды, байсалды жандар ұнатады. Ешкімге тәуелсіз, өзінің ойынан қайтпайтын адамдар қалайды.

Н. Аитова *қоңыр* түсінің *биік, жай, баяу, бос, салқын, қарапайым, бірқалыпты, жұтаң, момын* деген ұғымдардың мәні болатындығын айта отырып, *қоңыр үн, қоңыр дауыстың* жағымды екендігін, керісінше *шұбар, тарғыл*жағымсыз әсер қалдырады деген пікір айтады [125, 8 б.].

А.Қ Манкеева адамдардың жас ерекшелігіне байланысты «қоңыр» түсі тудыратын ассоциациялардың лингвомәдени ерекшеліктеріне талдау жүргізіп, көркем әдебиеттен алынған мәтіндер арқылы *коңыр* сөзінің философиялық мәнін ашып жазады: «Коңыр сөзінің мағынасы көптеген өмірдің құбылыстарын қамтиды, яғни, қарапайым тіршіліктен, философиялық және психологиялық тебіністерге дейін жетеді. Қаржасовтың *«Қоңыр»* туындысында жан-жақтың барлығы тыныштыққа бөлінген, оны көреген көрермен де сондай күйге бөленеді. Екі қарттардың қимылсыз отырысы суреттегі кейіпкерлердің қимылсыздығынан айрықша. «Қоңырдың» қарттары өзіне тереңнен үніліп, өзіне-өзі жол тапқанын көремі. Сол жақтағы қарт жастау көрінеді, оның бешпенті ашық, сақалы сәл ұзындау, басында бөрік, қолдары бір-біріне жақын қойылған. Ал, оң жағындағы қарт адам сол жақтағы отырған атмыздан жасы үлкенірек болуы тиіс, себебі оның бейнесі жинақы, сабырлы, әрі оның қолында жердің түсініксіз тесігіне бағытталған таяқшасы бар. Осы жерде суретшінің *қоңыр* түсін беруде қарт адамдарды таңдауы белгілі жайт. Себебі, қазақы таным-түсініктегі қоңыр түсі жас-ерекшелікке сай егде кісілердің түсі болып

табылады. Мәселен, *қоңыр ой, қоңыр жүз, қоңыр үн, қоңыр бешпент* т.б.» [126, 8 б.].

Орыс лингвомәдениетінде *красный* сөзі мен түр-түстің өзі айрықша культурологиялық маңызы бар. Бұл сөздің тарихы ерекше – ол көне орыс тілінде ‘красивый’ (әдемі) деген мағынаны білдіретін. Қызыл түс орыс санасының архетиптік бейнелерінде Ярила – славяндардың пұтқа табынушылық тәңірімен байланысты. Мысалы, орыс фольклорында *красна девица*, *красно солнышко, весна-красна*, тұрақты сөз тіркестері синкретикалық атауларды ғана емес, оларға қатысты жағымды бағалауларды да анықтайды, себебі қызыл – от пен өмірдің символы, оны күнге теңейді.

Орыс лингвомәдениетінде және орыс халқының тілдік санасында жеті негізгі әмбебап түр-түс атауларының ішінде қызыл түстің символикалық маңызы зор. *Қызыл* түсі орыс тілінің ұлттық базистік метафора жүйесіне сіңіп, ұлттық символиканың ажырамайтын бір бөлігі болып қалыптасқан *Красный* сын есімі нақты мәнмәтіндерде әртүрлі коннотативтік мағыналарды жүзеге асырады: ‘приятный’, ‘нарядный’, ‘радостный’, ‘почетный’ және т.б. және осы сөздің ассоциативті өрісі басқа түр-түс атауларымен салыстырғанда ауқымды болып келеді, сондықтан «красный» сын есімінің синонимикалық қатарынкөптеген сын есімдер қамтиды: *багровый, алый, вишневый, кровавый, томатный, клюквенный, рубиновый, гранатовый, малиновый, карминный, пурпурный, кумачовый, червонный, багряный, огненный, бордовый, пунцовый* т.б.

Егер *ақ* түс қазақ этномәдениетінің колоремді прототипі болып табылса, орыс мәдениеті мен тарихында осындай мәртебеге *қызыл* түсі ие болған. XVIII ғ. және XIX ғ.басында ‘красный’,‘красивый’ (әдемі) деген мағынада қолданса да (мысалы, ‘красная дубрава’, ‘красный стих’, ‘красная весна’ және т.б.), осы түс ғасырлар бойы өз маңыздылығын жоғалтқан емес.

Сонымен қатар, қызыл түс кеңес дәуірінің символикасы бола тұрып, кеңестік саяси метафора моделінің колористикалық негізі болды: *қызыл армия, қызыл галстук* (пионерлердің), *қызыл таң, қызыл жалауша* т.б. Орыс тіліндегі «красный» түр-түс атауы ұлттық негізгі метафоралар жүйесіне енгенін орыс колоремасының бірегейлігін дәлелдейді. Сондықтан да демократиялық өзгерістерге ұшыраған жаңа, заманауи Ресейде қызыл түс атаулары жиі қолданылады, бірақ олардың бағалау сипаттамасы ауысқан: *қызыл белбеу, қызыл аймақ* т.б.

Кейбір мәдениеттерде *қызыл* түс жағымсыз мағынада қолданылады. Мысалы, «red color» және «красный цвет» концептілерін салыстыратын болсақ, олардың бағалауыштық-ассоциативті белгілерінде айқын қайшылықтар табуға болады. Ағылшын тілінде қызыл түс жағымды ассоциациялармен сирек байланысты болады, көбінесе«red» сөзі жағымсыз, кері бағалаумен байланысты: *to catch smb. red-hander*–қолынан ұстап алу; *red tape*–кідіріс, бюрократиялық бөгеттер; *to be bleeding red ink*–қаржылық қиындықтарды кешу; *to be like a red rag to bull*–бұқаның алдына қызыл матаны желбіреткендей,

ашуын келтіру; *to be in the red*– қарыздар болу, банкте өтейтін қарыздары болу; *not to get one red cent*–бір тиын да ала алмау; *to see red*–күреңітіп кету, өзін-өзі ұстай алмау; *to paint the town red*– маскүнемдікке салыну.

Сонымен қатар, метонимия негізінде құрамында «red» түр-түс атауы бар жағымсыз коннотацияға ие идиомалар пайда болды: *better red than dead; reds under beds*. «АҚШ-тың өмірі мен мәдениеті»лингвомәдениеттану сөздігінде «red» сөзінің семантикасы коммунистік идеологияны теріс қабылдайтын қоғамдық көзқарас, саяси құбылыстармен байланысты: «*red–теріс бағалау. 'қызыл', солшыл, коммунистік, коммунист. АҚШ-та орын алған болжаулы большевиктерді қуғындау кезеңдері (1919-20 жж.) және коммунистерге аяушылық көрсеткен күдіктілерді 'қызыл қауіп-қатер' (red scare) деп атаған. 'Қызылдар төсек астында' (Reds under the beds) дегенкекесінді сөйлемше әсіресе екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңінен таралған болған; ол Дж. Маккарти қарсыластарының көзқарастарын көрсеткен; мемлекеттік қызметтегі адамдардың бәрін негізсіз жасырын коммунистер деп есептеуге бомайды*» [127, 303–304 б.]. «Байырғы» өздеріне тән американдық реалийлерді белгілеуде де «red» түр-түс лексемасының қолдануы бастапқы тілдік элементтерін жағымсыз коннотацияда белгідейді: «*red man*» (үндістің қорлауышы атауы); «*red neck*»(оңтүстік штаттарындағы ақ нәсілді кедейлердің атауы); «*red meat*»(көп мөлшерде холестерины бар еттің «зиянды» сұрыптары).

Жалпы, қазақ тіл білімінде колористикалық компоненті бар фразеологияны қазақ тілінде және басқа тілдермен салыстырмалы зерттеу ғалымдардың аса қызығушылығын танытады [128, 129]. Аталмыш фразеологизмдердің семантикасында әлемді пайымдаудаудың архетиптік, мифологиялық, философиялық, ғылыми т.б. формалары қамтылған. Мысалы, қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердегі *қызыл* түр-түс атауы ұрыс-керіс, жағымсыз әрекеттер белгілейді: *қызыл ауыз, қызыл көз пәле, қызыл өнеш, қызыл тілден безеді* т.б. Фазеологизмдердің мағынасы адамның когнитивтік қабілеттері және қоршаған ортаны сезімдік игеру тәжірибесінен қалыптасады.

Кез келген мәдениеттегі түр-түс атауларының семантикасы уақыт өте өзгеруі мүмкін, ол заманның ағымында болып жатқан қоғамдық-саяси, мәдени-тарихи факторлармен байланысты. Түр-түс атауларының тұрақты мағынасы өзермесе де, тіл иеленушілердің қабылдауы, онымен байланысты ассоциациялары өзгеруі мүмкін. Кеңестік кезеңінде өткізілген жаппай ассоциациялық тәжірибе нәтижелерінен құралған алғашқы «Қазақ-орыс ассоциациялық сөздік» [130] және 30 жылдан кейін жарық көрген заманауи «Қазақ ассоциациялық сөздігін» [131] салыстыру *қызыл* түсті қазақтардың әртүрлі ұрпақ өкілдерінің қабылдауы менолардың тілдік санасындағы өзгерістерді байқауға мүмкіндік береді. *Қызыл* түсті қабылдауындағы ең жиі ассоциацияларды салыстыру және талдау Ф.И. Артықбаеваның еңбектерінде қамтылған [132].

Кесте 2

Қызыл стимул-сөзіне ассоциациялық өрістердің үзіндісі

Қазақ-орыс ассоциациялық сөздік Н.В. Дмитрюк (1975–1977 жж. еркін ассоциациялық тәжірибе) 1000 адам	Қазақ ассоциациялық сөздігін 2014 ж. (жақшаға алынған ер және әйел адамдар саны) 1000 адам
160 – галстук	200 (96/106) –түр-түс
120 – жалау	91 (36/55) – гүл
73 – көйлек	85 (34/51) – алма
67 – алма	81 (33/48) – көйлек
62 – ту	40 (23/17) – қан
57 – орамал	28 (7/21) – әдемі
31 – гүл	20 (9/11) – кітап
23 – көк	19 (9/10) – жасыл
22 – сары	19 (8/11) – киім
18 – жасыл	17 (6/11) – орамал
16– алаң, түр-түс	16 (7/9) – галстук
14 – мата, тіл	15 (6/9) – қанның символы
12 – қара	13 (7/6) – қара
10– ақ	11 (5/6) – жапырақ
	10 (6/4) – от, ту

Жоғарыда айтылып кеткендей, қызыл түс кеңес дәуірінің символикасына айналған себептен ең жиі ассоциация ретінде *галстук* (160), *жалау* (120), *ту* (62), *алаң* (16) сөздері белгіленген. Кеңестік заманның атрибуттары сирек кездесуі – оларды белгілейтін сөздер тілдің перифериясына шығып кетуіне байланысты. Ал заманауи респонденттердің жауаптарында ең жиі кездесетін реакция-сөздер қызыл түстің колоремалық сипатымен байланысты: түр-түс (200), гүл (91), алма (85), көйлек (81), қан (40), қанның символы (15). Сонымен қатар замандастарымыздың санасында *қызыл*түр-түс әдемі де сәнді киім үлгілерін белгілейді.

Кеңестік дәуіріндегі сөздік пен заманауи сөздік материалдарын салыстыру ассоциациялық парадигманың жылжуына дәлел бола алады. Алайда, ассоциациялық өрістердің түйісетін аймағы – түр-түс атауларының колористикалық семантикасы және қалыптасқан этникалық дәстүр.

Казақ және басқа түркі тілдеріндегі *қызыл* мен *жасыл* сөздерінің түбі «қыз» бен «жас» деген пікір көптен бері айтылып келеді. Зерттеушілердің дәлелі ретінде - *ыл, - іл* жұрнақтары дара мағына бере алмаса да, оларды бөліп, сөз мағынасын зерттеуге болады. *Қызыл* сөзінің этимологиясын әртүрлі жер, су атауларымен байланыстырады. Мысалы, қазақ топонимикасында *қысыл* (*тар,*

қысылу) етістігінен пайда болған деген пікір айтылады. Осыған келтіретін дәлел ретінде – Жоңғар және Іле Алатауларындағы шатқал аты *–Қызылауыз* («узкие ворота» мағынасында). Алайда, қалыптасқан пікір бойынша қызыл түр-түс атауының түбірі *–қыз*: етістік мағынасында ‘краснеть’, ‘пламенеть’, сын есіммен байланысты болса –‘красный’, ‘багровый’. Ал сын есім мағынасында қолданылғанын дәлелдеу үшін *қызар* етістігін алып, *боз – бозар, көк – көгер, ақ – ағар* моделі бойынша талдауға болады. Бұл жердегі түбір тек зат есім немесе сын есім ғана болуы керек. Сонда қазіргі қазақ тіліндегі қызыл сөзінің құрамындағы о бастағы дербестігін жойған «қыз» түбірінің төркіні айқындалмақшы. Ол тек қызыл түстің ғана емес, тіпті қызу қанды, сұлу реңді мағынасындағы «қыз» сөзінің шығуына да негіз болса керек [133].

М. Қашқаридің «Диуани-лұғат-ат-түрік» сөздігінде *қыз* сөзінің түбірінің тағы бір мағынасы беріледі: *Бұ ат қыз алдым–Бұл атты қымбат алдым* [134]. Осыдан қыз түбірінің мағынасы: 1) қызыл; 2) қымбат.

Тілдер универсалиялары ұғымына сүйенсек, *жасыл* колерамасы көптеген тілдер мен мәдениеттерде *жас* деген ұғымға сәйкес келеді. Зерттеушілердің пікірінше мұнда заттық немесе сандық мағына болған. *Жас* сөзінің бастапқы мағынасы ‘жаңа шыққан көк, өсімдік, көкөніс’ кеңінен тараған пікір. «*Жас* сөзінің... бастапқы мағынасы ‘жаңа шыққан көк өсімдік’ деп ұйғаруға болады. *Жас* сөзінің жаңадан көгеріп шыққанөсімдікті білдіретін мағынасы жаңа өсіп келе жатқан балаға, одан кейін кісінің өмір сүрген жыл санына ауысқан. Көк өсімдіктің дымқыл, ылғалды болуымен, әсіресе таңертеңгі шық түскен кездегі күймен байланысты, бұл сөз көз жасы деген ауыспалы мәнге ие болған тәрізді» [135].

Ағылшын-америка мәдениетінде жасыл түр-түс те қана табиғатқа жақындығын, балғындықты емес (*green products – экологиялық таза, табиғи өнім, to have green fingers – бағбаншылыққа әуестік болу*), сонымен қатар тәжірибесіздік пен аңқаулықты білдіреді (*to see green in smb. еуе–біреуге аңқау болып көріну*).

Орыс мәдениетінде *жасыл* түр-түс жастық шақ, балғындықпен ассоциацияланады (*молодо-зелено, молодой лук, молодой картофель*), ал ағылшын тілінде осыған сәйкес ұғымдар өзгеше беріледі ‘freshman’, ‘spring onion’, ‘spring potatoes’.

Колоремалардың бірегейлігі – олар өз денотативтік құрылымдарына теңеулер, топонимдер мен антропонимдерде берілген ұлттық мағыналар жиынтығын біріктіреді. *Ақсу, Ақжарқын, Қызыл Орда, Алтын Орда, Қарасу, Көксу, Көкшетау, Сарыөзек, Ақжол* және т.б.

Жалпы этникалық «колоремдік көзқарас» әлемнің тілдік бейнесінде көрініс табады. «Белый» және «white» хромонемаларды салыстыру негізінде келесі мысалдар келтірейік: *белый гриб–boletus mushroom, белая береза–silver birch, белый медведь –polar bear, белая горячка – D.T., белая кость –blue blood, белый свет –wide world, белый стих –blank verse , средьбела дня – in broad daylight, белое пятно на карте –blank space, шито белыми нитками – easily*

seen, белый танец – lady's choice. Келтірілген мысалдардың ешқайсында екі салыстырып отырған этнолингвомәдениеттерде «колоремдік көзқарас» бір-біріне сәйкес келмейді. Ал «белый билет» (exemption from military service), «белая гвардия», «белогвардеец», «белоэмигрант» колоремалық реалийлердегі мәдени аллюзиялар ашылмай қала береді.

Этникалық «колоремдік көзқарас» колоремаларды қалыптастырады, өз кезегінде олар индивидтің бағалауын, стереотиптерін, нұсқауларын шарттайды. Осыған сәйкес әрбір этнолингвомәдениет негізгі базалық түр-түспен белгіленетін өз колоремдік прототипына ие. Колоремдік прототип ұғымы түр-түстік бейненің ұлттық қасиетке дару идеясына сүйене отрырып, дәстүр және тарихи-мәдени мұрамен байланысты әр халықтың өзіне ғана тән түр-түс «бейнесі» бар екендігі зерттеушілердің тоғысқан пікірлері болып табылады [136].

Қорыта айтқанда, ұлттық колоремалар мәдени реалийлерді белгілейтін компаративтік жиынтық ретінде белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің білімдері мен тәжірибесін анықтайтын ақпараттық құрылымдар. Мысалы, қазақ дүниетанымында қыз ұзату немесе тұсау кесуде ақ жол тілей отырып, ақ матаны жерге төсеу, түрік-моңғол халықтары табынатын аспан Құдайы – Көк Тәңіріне байланысты көк түсті аса құрметтеп, қалайтыны және өмір сүру қажеттілігімен байланысты күннің сәулесінің, қуаныш пен шапағаттың символы – сары түс қазақ дүниетанымында ерекше орын алады: *сары май, сары бидай, сары қыз, сары жәйлəу, сары уайым*. Осындай ұлттық мәдениетінде қалыптасқан спектралды үзінділер лакуна болып табылады, себебі тек қана қазақ тілін иеленушілерге жақсы таныс болады. Сонымен қатар, әлеуметтік және тілдік тәжірибесі жоқ болса, қазақтілді тұлға авокадо немесе енеке бұлғарысының түр-түстік гаммасын елестете де алмайды.

Сонымен қатар, орыс лингвомәдениетіне тән *белая ворона* концептісі басқа тілдерде тұра мағынасын беретін семантикалық эквиваленті жоқ. Ағылшын тілінде 'сирек кезедесетін құс', 'бірегей адам' мағынасында қолданылатын *rare bird* тіркесі де *белая ворона* – 'басқаларға ұқсамайтын, періден туған' семантемасына ие бола алмайды.

Мәдениаралық қатысымдағы тілдік бірліктердің мәдени шартталған семантикасы мен ұлттық кодтағы көрінісін зерттеу нәтижелері Scopus ғылымиметрикалық дерекқорына еңгізілген «Вопросы когнитивной лингвистики» атты журналында жарияланды [137, с. 91-98]. Мақалада әртүрлі лингвомәдениеттегі тілдік бірліктердің мәдени семантикасы сипатталады. Түр-түстік символикасының салғастырмалы талдауы арқылы әртүрлі халықтардың тарихы, өмірлік философиясы мен менталитетімен шартталған ерекшеліктер анықталады. Сонымен қатар, мақалада мәдени символ ретінде танылған дәстүрлі тілдік формулалар жаңаша қарастырылады. Нәтижесінде түр-түс концептісінің субъективті-психологиялық және эмоционалды факторлармен шартталған бейнелі-ассоциативті байланыстары белгіленеді.

Ұлттардың бірегейлігіне, бір-біріне ұқсамайтын, қайталанбайтын өзгешеліктеріне байланысты пайда болатын лакуналарды зерттеу – мәдениаралық қатысымның басты мәселелерінің бірі. Себебі колоротивтік лексика әртүрлі лингвомәдениеттегі эмоционалды концептілер туралы түсініктерді терең ұғынуға мүмкіндік береді.

2.3 Аударма – мәдениаралық қатысым үдерісінің басты көрсеткіші

Аударма – адамның рухани әрекетінің түрі болып көне заманнан қалыптасқан, жеке халықтардың мәдени тарихында және жалпы әлемдік мәдениетінің тарихында да маңызды қызмет атқарады. Адамзат тарихында тілдердің бір-бірінен айырмашылықтарына қарай топтасқан қауымдастығы құралысымен-ақ әртүрлі тілді қаумның, топтың өзара түсінісіп, тілдесуіне дәнекер болатын «қостілді» адамдар – тілмаштар пайда болған.


Аударматану өзінің теориялық негізі, концептуалды аппараты және терминжүйесі қалыптасқан дербес ғылым саласы. Қазақстандағы аударматанудың дамуы әртүрлі елдердің шығармаларының қазақ тіліне аудару дәстүрімен байланысты. Абай алғашқы рет орыс классикалық әдебиет шығармаларын – «Евгений Онегин» романының үзіндісі «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», М.Ю. Лермонтовтың жеке өлеңдері, И.А. Крыловтың аңыз әңгімелерін аударды. Аударма арқылы қазақ оқырманы У. Шекспир, Д. Байрон, И. Гете, Ги де Мопассан, Э. Хемингуэй, Д. Лондон, М. Твен шығармаларымен танысып, өзге елдердің тарихы мен мәдениеті туралы хабар алды.

XX ғасырдың ортасынан бастап аударматану теориялық ғылымы жеке сала болып қалыптаса бастады.Қазақстандық аударматану XX ғасырдың ортасына дейін көбінесе әдебиеттану ғылымымен ұштасады, сол кездегі кеңестік идеология бойынша ұлттық ақындардың шығармаларын орыс тіліне аудару арнайы тапсырыс бойынша іске асқан. Сондықтан да мақалалардың көбісі аударманың әдеби аспектісін қамтитын. Орыс классикасын қазақ тіліне аудару теоретикалық мәселелері А. Байтұрсынов, М. Сералин, Ж. Аймауытов, М. Әуэзов, М. Қаратаев, А. Сатыбалдиев, С.Талжанов, С. Сеитов, Г. Бельгер, К. Қанафиева-Кереева еңбектерінде қарастырылған. Оған А. Құсайынов, Ш. Сарыбаев [138] құрастырған «Аударма мәселесі» атты библиографиялық көрсеткіш дәлел.

XX ғасырдың 90-жылдары жарық көрген көптеген ғалымдардың еңбектерінде аударманың лингвистикалық аспектісі қарастырылады.Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеушілер әртүрлі аспектілерден қарастырған: прагматикалық және экстралингвистикалық факторлар (Бархударов); ұлттық өзгешелік пен прагматикалық бейімделу (Швейцер); сөйлеу жағдайы (Рецкер); аялық ақпарат (Виноградов); лингвоэтникалық тосқауыл (Латышев); культурологиялық аспект (Комиссаров). Аталмыш үлгілердің пайда болуына мәдениаралық қатысымның негізгі феномені болып табылатын «тіл мен мәдениет» ұғымдарының өзара қатынасы айқын белгіленеді.

Бұл ретте қазақстандық аударматанудың лингвистикалық және лингвомәдени мәселелері А.А.Алдашеваның еңбектерінде қарастырылады [91]. Зерттеуші-ғалым көркем-әдеби және публицистикалық мәтіндердің аудармаларына салыстырмалы лингвомәдени талдау жүргізеді. Сонымен қатар қазақстандық ғалымдар аудармашылық тезаурустың теоретикалық және әдіснамалық негіздерін жетілдіртті [139].

Қазіргі уақытта, жаһандану және интеграция жағдайында, халықаралық байланыстардың кеңейіп, ақпарат алмасуына орай, бір тілден екінші тілге аудару үрдісі ғалымдардың назарындағы үлкен мәселе. Заманауи аударматану мәдениаралық қатысым жағдайында іске асып, жаңа антропоөзектілік парадигма шеңберінде даму үстінде. Аудармада тіл мен мәдениет, тіл мен ойлау, мәтіндегі әлемнің тілдік бейнесі тоғысады. Коммуникативтік инфрақұрылымның даму және ақпараттың ауқымды көлеміне қарай аударма жаңа әлеуметтік мәртебеге ие болады. Қазақстандағы аударматанудың заманға сай қалыптасқан үрдістері қолданбалы міндеттер мен ақпараттық дәуірдің социомәдени реалийлерімен шарттасады. Жалпы қазақстандық аударматанудың жаңа үрдістері келесі сызбада көрініс табады:



Сурет 9 –Қазақстандық аударматанудың жаңа үрдістері

Мәдениаралық қатысым үдерісі – ол әртүрлі мәдениет өкілдерінің өзара қатынас жасау әрекеті болып табылады. Сондықтан көп жағдайда этномәдени өзгешелік коммуниканттардың өзара әрекеттесуімен қатар, оларды әлем бейнелерінің «қақтығысуына» алып келеді. Осындай жағдай аудармашы мен автор арасында да туындайды, аудармашының лингвоэтникалық құзыреті аударма мәтінінде көрініс табады. Сондықтан аударманың мәдениаралық қатысымның жанама әрекеті ретінде іске асатын жалпы механизмдерін және аударма мен мәдениаралық қатысым шектесетін межелерін анықтау қажеттілігі туындайды.

Мәдениаралық қатысым мен аударманың арақатынасын келесі тұжырымдар арқылы қарастырамыз:

1. Мәдениаралық қатысым теориясының негізін құрайтын тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттестігі. Аударматануда ол аударылу (переводимость) мәселесінде көрініс табады. Аударылу (переводимость) тіларалық әрекеттесу феномені ретінде келесі мағыналық аспектілерді қамтиды: денотативті, сигникативті, аксиологиялық және уәждемелік-прагматикалық.

2. Тілдегі аялық білімді ашып көрсету мәселесі. Лингвистикалық аударматанудың ең күрделі мәселесінің бірі – ол баламасыз лексиканың құрамын айқындау және сол сөздердің семантика-стилистикалық ерекшеліктерін жоғалтып алмай, басқа тілдерге аударудың амал-тәсілдерін талдау. Негізі баламасыз лексика – тілдердің ұлттық-мәдени, тарихи-әлеуметтік айырмашылықтары, сондықтан да аудару үрдісінде көптеген қиындықтар туғызатын, сөз топтамасы. Оларға ұлттық реалиялар – лингвокультуремалар, окказионализм, экзотизм, историзм және архаизмдер жатады.


3. Әлемнің тілдік және мәдени бейнелерінің өзара әрекеттесуі. Лингвистикалық ғылымда адамның қоршаған ортаны қабылдауы әлемнің нақты, мәдени және тілдік бейнелері арқылы іске асады. Мәдениаралық қатысым теориясында «әлемнің бейнесі» ұғымы ұлтаралық әрекеттесу үдерісінің мәнін түсіндіре алады. Тілдер мен этномәдениеттердің ықпалдарын ашып көрсету үшін мамандар «әлемнің алғашқы бейнесі» (коммуниканттар үшін өз тілі мен мәдениеті әсерімен қалыптасқан) және «кейінгі әлемнің бейнесі» (шет тілін меңгеру барысында қалыптасқан) терминдерін қолданады [11, 36 б.].

4. «Коммуникативті сәтсіздіктер» мәселесі. Мәдениаралық қатысым теориясында мәдениеттердің ерекшеліктерін белгілеп, олардың арасындағы алшақтарын анықтау үшін белгілі категориялар жүйесі қалыптасқан: вербалды және бейвербалды қатысым жүйесі; адамның өзін және кеңістікті сезіну; уақыт және оны қабылдау; тамақтану барысында ережелерді ұстану; ара-қатынас орнату; нормалар мен құндылықтар; діни ұғымдар мен түсініктер жүйесі; интеллектуалды әрекет пен оқыту әдістері; еңбекті ұйымдастыру мен жұмыскерлік қабілеті т.б.

Коммуникативті сәтсіздіктер себептеріне тілде қолдануын реттейтін лексика-фразеологиялық шектеуліктерді жатқызуға болады. Осындай ақаулықтар тіл бірліктерімағынасын адекватты түрде түсінбегендіктен, мысалы, жалған эквиваленті білмегендіктен туындайды.Коммуникативтік сәтсіздіктер тек қана қатысым кодын (тілді) білмегендіктен емес (лингвистикалық сәтсіздіктер), сонымен қатар, тілден тыс білімдердің болмауынан (семиотикалық сәтсіздіктер) пайда болады. Әдетте, жиі кездесетін семиотикалық ақуалдарға өзге мәдениетке тән символдар мен ымдарын түсінбеу, оларды адекватты түрде қабылдау. Осындай коммуникативтік сәтсіздіктерге ұшырау айтарлықтай мәдениаралық қақтығысты тудырады.

Этномәдениеттердің аударма барысында ықтимал «қақтығысуы» семиотикалық тұрғыдан болуы кумән тудырмайды.

Мәдениаралық қатысым мен аударма арақатынасы төмендегі суретте көрсетілген:



Сурет 10 –Мәдениаралық қатысым мен аударма арақатынасы

Аударма үдерісінде пайда болатын қиындықтарды белгілеу үшін «лингвоэтникалық кедергі» ұғымы қолданылады. Себебі аудармашы екі семиосфераның, яғни «өзім» мен «өзгенің» тоғысқан жерінде, екі тіл мен ұлттың арасында дәнекер болады. Сондықтан, әрбір шет тілді мәтін аудармашы үшін лакуналық болып келуі тілмаштың лингвистикалық және фондық білімін және оның әлемінің бейнесініске асыруды талап етеді. Әсіресе, этномәдени бірліктерді аударуда байқауға болады.

Дәстүрлі аударма теориясы көркем аударманы басқа аударманың түрлерінен (публицистикалық, ғылыми, техникалық) ажыратады. Осыған байланысты П.Ньюмарк аударманың екі әдісін белгілейді: семантикалық – ол түпнұсқа мен оның авторына бейімделген және коммуникативті – адресатқа

бағытталған [140]. Семантикалық аударма тек қана көркем мәтіндерді аударуда емес, сонымен қатар басқа да саяси, заңгерлік мәртебесі мәдени маңызды «авторлық» мәтіндерді тәржіма жасауда қолданылады. Коммуниативті аударма өзара, тіларалық және мәдениаралық қатынаста іске асып, стандартты, дағдылы қалыптасқан сөз қолдануды пайдаланады. Сондықтан, «авторлық» мәтіндердің қасиеті – ол сөздің мәнерлілігі, ал авторсыз мәтіндерде – ақпараттық немесе персуазивтік.

Аудармада лингвомәдени ақапаратты тасымалдайтын тілдік бірліктердің сипаттамасы мен олардың контекстуалды талдауы біздің «Мәдениаралық қатынастағы аударманың лингвомәдени бірліктері» атты мақаламызда көрініс табады [141]. Мақалада мәдениеттің феномені болып табылатын аударманың лингвомәдени бірліктері (реалийлер, идиомәдени жағдайлар, концептілер, тілдік бірліктердің құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері) қарастырылады. Аудармадағы лингвомәдени реалийлерінің мысалдары негізінде өзге ұлт оқырмандарының эмоционалды қабылдау деңгейінде белгілі бір ұлттық қасиетке ие ассоциациялардың пайда болып, одан ары ұлғаю ерекшеліктері қарастырылады. Мәдениаралық коммуникацияны жүзеге асырудағы ұлттық-мәдени ұғымдарды зерделеу мен түсіндірудегі жаңа ғылыми тәсілдемелерге негізделген аударманың лингвомәдени үлгісіне аса назар аударылады. Әртүрлі мәдениеттерді салыстыруда мәтіндегі мәдени маңызды элементтерін түсінуді жеңілдету үшін мәдени кодтарды интерпретациялау және аударма мәтінін бейімдеу қажеттілігі туралы көзқарас ұсынылады. Сонымен қатар, мақалада мәдениаралық қатынастың негізгі аспектісі болып қарастырылатын аударманы зерделеудегі жаңа тәсілдерін қолдану қажеттілігі және оның нәтижесінде тілдік феноменнің ұлттық-мәдени айқындылығы сөз етіледі.

Жалпы этномәдени ақпаратты, әсіресе ұлттық құндылықтарды жеткізуде көркем аударма кезінде аудармашы айтарлықтай кедіргілерге ұшырайды. Орыс тілінің экспрессивті сөзжасамының әртүрлі рефлекстері тілде жиі қолданыла отырып, өзге тілдерге аудару барысында көп қиындық туғызады. Себебі, орыс тіліндегі зат есім-деминутивтер сөйлеушінің эмпатиясымен байланысты күрделі эмоционалды-бағалы семантиканы білдіреді. Мысалы, М.Ю. Лермонтовтың «Тучи» өлеңіндегі алғашқы жолындағы **Тучки** *небесные, вечные странники*! эмпатикалық мағынадағы *тучки* сөзі ағылшын тіліндегі *clouds* ‘тучи’ деген мағынадағы баламалы сөзбен аударылады*:* **Clouds** *in the sky up there, rovers eternally*… (trans. by Pyman). Ағылшын тілінде сәйкес келетін, кішірейту мағынасына ие *cloudlet* лексемасының бар болуына қарамастан, аудармашы саналы түрде оны қолданбайды, себебі ол ‘кішкентай көлемді бұлт’ деген мағынаны білдіре отырып, өз семантикасына бағалауыш және эмоционалды компоненттерді қоспайды.

Сонымен қатар, орыс мәдениетінде кішірейту мағынасын білдіретін қосымшалар арқылы жасалған қаратпа сөздер жиі қолданылады: *голубушка, котеночек, рыбка, миленькая* моя т.б. Қазақ менталитетіне тән *айналайын, қалқам, шырағым* сияқты сөздер функционалды балама бола алмайды, себебі

орыс ұлтына тән мәдени ақпарат сақталмайды. Осыған байланысты, А.Алдашева көркем шығармадағы кейіпкердің сырт пішіні мен мінезін бейнелеуге, суреттеуге игерілетін екі тіл арасындағы лингвомәдени сыпаттардың аудармашы тарапынан ескерілуі және ескерілмеуі аударманың сапасын бағалау үшін негізгі межелердің бірі болады дей отырып, келесі лингвомәдени ерекшеліктерді белгілейді: а) образдың тірек компоненттерінің екі тілдегі сәйкестігін (*словно красная девица – қаздай сызылу*); ә) тірек-компоненттердің қолданымдық айырмашылықтарын (*как мокрая птица – жаураған торғайдай*); б) тірек-компонеттердің мағынасы жуық лексемалармен ауыстыру мүмкіндігін; в) ұлттық нышаны айқын образды тіркестердің функционалдық баламасын табу жайын (*как слепой котенок – жаңа туған күшіктей*) ұдайы қадағалап отыруды талап етеді [91, 138 б.].

Орыс тіліндегі *дом* сөзі бейтарап мағыналы болғандықтан баламасы дәл табылып, аударуда қиындық туғызбайды. Ағылшын тіліндегі *house* сөзіне қарағанда, орыс тіліндегі *дом* сөзінің мағынасы кең, бұл сөздің семантикасына «адамның өмір сүруі мен жұмыс істеуіне арналған кез келген құрылыс нысандары» деген ұғым енеді: *наше министерство – это высокий серый дом углу (біздің министрлік – бұрышта тұрған сұр үй); наш факультет переехал в новый дом, следующий за кинотеатром «Литва» (біздің факультет «Литва» кинотеатрынан кейінгі тұрған жаңа үйге көшіп кетті)* және т.б. Мұндай мәнмәтіндер жүйесінде *house* сөзін қолдануға болмайды, себебі *house*– бұл үй, ал сіздің жұмыс істейтін орныңыз –*building*.


Берілген сөздер семантикасындағы ерекшелікті Л.С. Бархударов келесідей түсіндіреді: «Орыс тіліндегі *дом* сөзінің баламасы ретінде ағылшын тіліндегі *house* бірлігін алуға болады; алайда бұл сөздер екі мағынада қолдынылғанда ғана бір-бірімен сәйкес келеді: «ғимарат, құрылыс» мағынасында (каменный дом –*a stone house*) және «династия» мағынасында» (Дом Романовых –*the House of Romanovs*). Қалған мағыналық қолданыстарда бұл екі сөз бір-біріне балама бола алмайды. Орыс тіліндегі *дом* сөзінің «домашний очаг» (отбасы – ошақ қасы), яғни «отбасын жинап, біріктіретін мекен» мағыналарға ие, ол ағылшын тіліндегі *home* сөзімен сәйкес келеді. Сонымен қатар *дом* сөзі ‘мекеме’ мағынасында қолданылады және осы мағына ағылшын тілінде нақты қандай мекеме екеніне байланысты ақпараттың мазмұнына сәйкес аударылады: *детский дом – childrens home торговый центр – commercial firm, сумашедший дом –lunatic asylum исправительный дом – reformatory* және т.б. [142, 79–80 б.].

Дом және *house* сөздері сөйлеу тілінде функционалды қолданысы жағынан да ерекшеленеді. Орыс тілінде *дом* сөзі кез келген мекенжайдың міндетті компонентін құрайды. Ағылшын тілінде дәл осы мәнмәтінде оның ешқандай баламасы жоқ және соған сәкес аудармасы да берілмейді.

Орыс тіліндегі *дом* сөзінің кең қолданысқа ие болуы, соған сәйкес *house* сөзіне қарағанда сөз семантикасының да кең болуы, осы сөздің тіркесу ерекшелігі –шет тілін үйрену мен оқытуда біраз қиындықтар туғызады.

Дом және *house* сөздерінің мағыналық тұрғыдан кейбір сөйлеу жағдаяттарында бір-біріне сәйкес келуі және олардың бір тілден екінші тілге аударылуы аталмыш зат немесе құбылыс туралы ұғым-түсініктің қалыптасуындағы мәдени ерекшеліктердің бар екені ескерілуі тиіс. *Дом* сөзімен таңбаланатын ұғымның ағылшын тіліндегі *house* бірлігін білдіретін мазмұны екі түрлі халықтың ұлттық дүниетанымын, ұлттық мәдениетін айқындайды. Мысалы, *That morning she had a headache and stayed upstairs* сөйлемін түсіну және адекватты аудару ағылшындардың үйлері екі қабаттан тұратындығына (оның екінші қабаты –жатын бөлмелер, сондықтан да *upstairs:* баспалдақпен жоғары көтерілу) сәйкес келеді. Сөзбе-сөз аударылуы: *В то утро она имела головную боль и осталась наверху*. Ал функционалды-баламалы аудармасы келесідей болады: *В то утро у нее болела голова и она не вышла к завтраку*.

Жалпы, аударма тілдер мен мәдениеттердің өзара әрекеттесу феномені ретінді үш негізгі деңгейлерге сәйкес бағаланады: *тіл – әлем – мәтін*.



Сурет 11 – **тіл – әлем – мәтіннің** өзара сәйкестігі

Аударманың, әсіресе көркем аударманың, күрделі тұсының бірі – ол тарихи-мәдени ақпаратты жеткізу, белгілі бір сөз, тіркестің астарлы ақпаратын адекватты түрде ашып беру, оның мағынасын жоғалтпау. Мысалы, І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан алынған үзіндінің сәтсіз аударма үлгісін қарастырайық: «... *он жеті жасар Әбілқайырды азулы тілектестері Дешті Қыпшаққа хан етіп* **ақ киізге** *көтерді. Бақ құсы басына қонып,* **ақ түйенің қарны жарылды**». М. Симашконың тәржімалауында жоғарыдағы үзінді осылай беріледі: «*Семнадцати лет от роду был поднят* **на**

белой кошме Абулхаир*, в знак правозглашения его ханом. Птица счастья опустилась на его голову и в* **жертву был принесен белый верблюд»**.

Әрине, сөзбе-сөз аудару *ақ түйенің қарны жарылды* тіркестің мағынасын және аударма мәтінінің мәдени коннотациясын бұрмалайды. Осындай маңызды тарихи-мәдени ақпараттың сәтсіз аударылуы аудармашының фондық білімінің жоқтығына дәлел. *Ақ түйенің қарны жарылды* – молшылыққа, қуанышқа, жақсылыққа, үлкен тойға кенелді деген мағынада қолданылатын дағдылы сөз тіркесі, метафоралық мәні бар, ұлттық дүниетанымның бір көрінісі. Ал орыс тіліндегі аударма мазмұныны жақсылық, қуаныш емес, құрбандық шалу мағынасына қарай аударылған.

Аудармашының шеберлігі – ол оның коммуникативтік құзыреттігінің толық қалыптасуының көрсеткіші, оған тілді жақсы меңгерумен қатар фондық ақпаратты, яғни көркем шығармадағы сипатталып жатқан дәуірдің реалияларын, белгілерін білу және де сол тарихи-мәдени ақпаратты толық жеткізу үшін функционалды-баламалы аударманың ментализациялану тәсілі қолданылады. Тіл иеленушілердің санасында сөздің ұғымдық ақпаратымен қатар, сол ұғымға қатысы жоқ семантикалық бөлшектер жиынтығы лексикалық фонды құрайды. Аудармашының ұғымдық деңгейден, оданда күрделі, көп тармақты фондық деңгейге көшуі – оның шығармашылық ізденісінің көрінісі.

Зерттеушілердің пікірінше, «сөздің фонындағы семантикалық бөлшектерін аудару, көнеславян тілінен еңген сөздерді тәржімалауда қолданылуы қажет. Мысалы, *град* – стилистикалық архаизм, оның орыс тіліндегі толықдауысты синонимі *город,* қазақ тіліне оны *қала* деген сөзбен-ақ аударады. Алайда, ол сөздің тек қана тура ұғымын береді, сондықтанда *город – қала* деп аударылуы тепе-тең. *Град* – ол тек қана қала емес, ол *көне шаһар*, көнеорыс сөйлеудің тілдік стилизация элементі, сондықтан да ол байырғылық, ұлылық қамтылған «жоғары» контекстілерде кездеседі, орталық және де саяси тұрғыдан маңызы бар, көрнекті тарихи қайраткерлердің есімдерімен байланысты: Петро*град*, Ленин*град*, Сталин*град*, Целино*град* және т.б. Көне орыс тіліндеде осы сөздердің мағыналары сараланған: *град* – «бекініс, қабырға-қорған», ал *город* – адамдар өмір сүретін елді мекен. *Град* деген архаизмді аударғанда ментализациялану тәсілін қолдану – сөздің тарихи-мәдени ақпаратын толық бере алады, бірақ өлең шеңберінде оны жеткізіп айту мүмкін емес. Мысалы А.С. Пушкиннің «Медный всадник» поэмасынан үзіндіде:

Прошло сто лет, и ***юный град****,*
Полнощных стран краса и диво,
Из тьмы лесов, из топи блат
Вознесся пышно, горделиво

Өттіжүзжыл. ***Балғын қала***
Солтүстіктің сән-сәулеті,
Түнек нұлы сол арадан,
Бойлап шығып, ірге тепті

Жүз жылдай уақыт өтті,
Жап-жас«град»
Түн жақ елдің еркесі,әсем,
сымбат

(пер. Г. Орманова) ***град*** **–** ***шаһар,*** ***қала***дегенсөз.
(аударма М. Даулетбаева)

Ғ.Орманов *град* лексемасын *қала – город* деген, сөздік баламасымен берсе, екінші аудармашы – М.Даулетбаев аударманың екі тәсілін бірдей қолданып отыр: транслитерация және түсініктеме. Егер екі нұсқада да *шаһар* деп аударылса – сол тәржімаланып отырған сөздің семантикасы мен коннотациясы сақталып, фондық ақпараты көрініс табатын болар еді, себебі *шаһар* – қазақ тілінде «көне қала» деген мағына береді. Ал осындай тарихи-мәдени маңызы бар сөздерге түсініктеме қажет, бірақта поэтикалық шығарма шеңберінде, яғни мәтін ішінде берілсе ол көлемді және оқырманға қолайсыз болады, сондықтанда ол кітаптың соңында, немесе әр беттің астында орын алуы тиіс» (аударма біздікі – *С.М.*) [143, 65 б.].

Біздің ойымызша, осындай тарихи-мәдени мәні терең ұлттық ақпаратты басқа тілге тасымалдап, мағынасын ашу және дәлме-дәл бейнелеу сипаттама аударуды немесе жолма-жол түсіндіру тәсілдерін қолдануды талап етеді.

Көркем шығарманың мағынасы көпқабатты құрылғы іспетті стилистикалық амалдар мен ауыспалы мағыналардан, көркем сөз айшықтары мен сөз тәртібі, оның фоносемантикалық қасиеттері мен дауыс ырғағынан құралады. Аудармада осы композицияны толығымен тасымалдау мүмкін емес, сондықтан көркем шығарманы аудару барысында маңызды мәдени кедергілер пайда болады. Әсіресе метафора, аллегория, теңеулер және т.б. троптарды өзге тілдерге аудару аса қиындықтар туғызады.

Мысалы: «*Жапан түз, елсіз, жолсыз сардалада жалғыз түп ағаш өсіпті. Айлар, жылдар, не замандар жасапты. Әрбір көктем күніне үмітін артып, шат қуаты жапырағын жарып гүлін атыпты... талай жылдар өтіпті. Әр жылы гүлдері мен дәндері ұшып, тарап кетіп жатыпты. Сан жапырақ сарғая солып, жоқ болыпты. Бір заман сол айдаладағы жалғыз ағашқа жай түсіпті де жайрапты. Бар бұтақтан, гүл жапырақтан, дән-нәрден айырылыпты, ажырапты... шөл даланы жарып аққан дәриғадай, ығілік өмір үзілді. Сонау бір жақта тасты тақыр, жылтыр биік басына жалғыз шыққан алып шынар құлады*» (М.О. Әуезов. Абай жолы).

Ұлы ақынның өмірі мен жарық дүниемен қоштасуын сипаттауында коннотация тізбегін тудыратын авторлық метафора, аллегория, символды бейнелер қолданылып, табиғат көрінісі арқылы беріледі. Үзінді мәдени маңызы мол, қазақ халқының тарихы мен ұлттық дәстүрі бейнелейтін, қазақтың көркем прозасын жоғары деңгейге көтеріп, әлем әдебиетіне биік эстетикалық талғам, көркемдік қуат әкелген үздік туынды– «Абай жолынан» алынған. Осындай шығарманы аудару, оның мәдени өзгешелігі мен экспрессивті мәнін жоғалтпай, өзге тілде адекватты берілуі – ол тәржімашының өнері мен біліктілігі. Аталмыш

үзіндінің аудармасы тұпнұсқаның символикалық және коннотативті ерекшелігін сақталуына дәлел:

«*В безлюдной и бездорожной степи росло одинокое дерево. Оно жило многие месяцы, долгие годы. С наждеждой и радостью ракрывало оно свои листья навстречу каждой весне... Каждый год цвело оно, и цветы опадали, а семена его ветер уносил в широкий мир... Много раз желтели, сохли и облетали его листья. Но дерево жило и плодоносило вновь и вновь. Но вот однажды молния ударила в одинокое дерево и расщепила его. Огонь спалил его ветви, уничтожил листья и семена. Благородная жизнь, подобная обильной реке, несущей свои животворные воды через иссыхающую от жажды пустынную степь, иссякла. Могучий чинар, одиноко выросший на голой, каменистой земле и поднявший вершину свою в сверкающую высь, рухнул*» (М.О. Ауезов. Путь Абая).

Сонымен қатар, қазақ ұлттық этномәдени бірліктердің орыс тіліне аударылуы әртүрлі стратегияларды қолдануды талап етеді.

Мысалы: «*Естай әнге жан тәнімен беріле түсіп, дәл қасында аққудың көгілдіріндей боп отырған Дүрияға қарап қояды. Кенет көз алдында бір әсем сурет оянады. Күміс қанаттары күнге шағылып, дүниені күміс сыңғыр үнге толтыра, аспанда топ аққу ұшып бара жатқандай. Сол аққулар бірте-бірте төмендеп, мамырлап барып, аңсаған айдын көлге жетіп қонғандай бір елес*...»(Қ. Жұмаділов. Соңғы көш).

Осы үзіндіні аудару барысында аса білікті аудармашы А. Самойленко мағынаны күшейту техникасын қолдана отырып, орыс тілінің тілдік құралдары арқылы суреттейді:

«*Тронутый до глубины души этой песней, Естай то и дело поглядывал на Дурию, и впрямь похожую сейчас на лебедицу. Перед его мысленным взором всатал удивительная картина: сверкая под лучами солнца, поблескивая крыльями и наполняя мир серебряным звоном, в небе парит стая белых лебедей. Постепенно, снижаясь, они плавно опускаются на желанное большое озеро... Песня кончилась*» (К. Жумадилов. Последнее кочевье).

Дәстүрлі этномәдени белгілермен қатар табиғаттық-климаттық жағдайлармен байланысты символдардың мәні терең болып келеді. Мысалы, жусан шөптің иісі туған жер, кеңбайтақ дала, балалық шақпен байланысты ассоциациялар туғызады:

«*Сол-ақ мұң екен, Ақжанның жүрегі атқақтай соғып, машинаның ашық әйнегінен баяу желпігін самалмен бірге коптен ұмыт болып кеткен бір ғажайып иіс аңқып қоя берді. Кәдімгі бұрқыраған боз жусанның сарайыңды ашар жұпар иісі ... Тәңірім-ау, неткен жаңға жайлы, жүрекке қандай етене жақын, неткен қолтума таныс иіс мынау? Кенет кеңсірігі дуылдай ашып, жанарына шыпылдап жас толып кетті*» (Қ. Жұмаділов. Атамекен).

Табиғат әлемімен байланысты ұлттық символиканың бейнелі-ассоциативті әлеуетін аударма арқылы жеткізу эмоционалды-экспрессивті мазмұнымен қатар мәтін үндестілігін сақтауды қажет етеді:

«*У Акжана внезапно забилось сердце, и он невольно предался мучительно-сладостному волнению чувств, в открытое окно машины вдруг повеяло полузабытым чудесным запахом. Это был терпкий аромат детства – аромат полыни... О, Аллах, какой же он приятный и естественный, как близок серду и душе. Скоро ощутил першение в носу и понял, что он сам того не желая, прослезился*» (К. Жумадилов. Земля отцов).

Табиғат көріністерін сипаттау барысында әлемді субъективті қабылдау және бейнелеу көркем шығарманың ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

Мысалы: «*Күз аспаны күнгірт, бұлыңғыр. Ауада дымқыл сыз бар. Таң салқыны қазір күздің суық желіне айналған. Маңайда қызарып солған құрайлар көп көрінеді. Бүрінен айрылған тобылғы да қуқыл реңді. Ұзарып сарғайған селеу мен бозғыл коде, жусан –бәрі де жел лебінен қалтырайды. Бас шұлғып елбек қағады. Қара жел қуған қаңбақ кең жазықта көп бұлыңдап, тынымсыз кезіп, жосып өтеді. Таң жаңада атқан. Салқынтүннің қалыңшығы жүргіншілердің аттарының тұяғын жылтыратып шашасына дейін суландырған*» (М.О. Әуезов. Абай жолы).

Жалпы табиғат көрінісін аудару мәдени кедергілерге жиі ұшырайды, себебі қоршаған ортадағы болып жатқан табиғат құбылыстары мен реалийлер ерекше ұлттық қасиеттерге ие: *қызарып солған құрайлар,ұзарып сарғайған селеу мен бозғыл көде, жусан, қара жел қуған қаңбақ* және т.б. Аудармада мәтіннің композициясын сақтау мақсатында баяу сипаттау, бейтараптандыру стратегиялары қолданылады:

«*Осеннее небо пасмурно. Воздух пронизан сыростью. Холодный ветер усиливает резкую свежесть раннего утра. Уныло чернеет голыми ветвями потерявшая листья таволга, краснеет пересохший тростник. Кивая облетевшими головками, колышится под порывами ветра пожелтевшая полынь и ставший белесым ковыль. По поблекшей траве катится гонимое ветром перекати-поле. День только что занимается. Обильная роса, рожденная холодной ночью, еще не просохла, ноги лошадей мокры до самых щеток, влажные копыта поблескивают в траве*» (М.О. Ауезов. Путь Абая).

Мәдени маркіленген тілдік бірліктер мен құбылыстардың заманауи топтастыруында паралингвистикалық және вербалды құралдар (бет қимылы, ым, дене қозғалысы, дәстүр мен әдет-ғұрып, этикет) ерекше орын алады. Олар қатысымның мәдени контекстісіне еңіп, маңызды мәдени ақпарат тасымалдайтын құралдар ретінде белгіленеді, сондықтан да мәдениаралық қатысымда пайда болатын жағдайларды қарастырып, оларды адекватты түрде жеткізуді талап етеді.

Мәдениаралық қатысымның нәтижелі болуы – аударма үдерісінде әртүрлі тіларалық ауысуларды (нақтылау, түрлендіру, модульдендіру, мағыналық және бірбүтіндікке келтіру) пайдалану. Сөйлемді аудару барысында тілдің синтаксистік мүмкіндектерін пайдалануды тиімді тәсіл ретінде пайдалануға болады. Мысалы, Ш. Айтматовтың «Боранды бекет» романындағы Найман ананың жылауын қарастырайық:

«**Когда** *сумрак затмения застилал навсегда изувеченный пытками разум,* **когда** *память твоя, разъятая силой, неотвратимо теряла сцепления прошлого, когда забывал ты в диких метаниях взгляд матери, шум речки подле горы, где играл ты летними днями, когда имя свое и имя отца ты утратил в сокрушенном сознании, когда лики людей, среди которых ты вырос, померкли и имя девицы померкло, что тебе улыбалось стыдливо, – разве не проклял ты, падая в бездну беспамятства, мать свою страшным проклятьем за то, что посмела зачать тебя в чреве и родить на свет божий для этого дня*?..».

«*Адам айтқысыз азаптан айныған ақыл-ойыңды біржолата қараңғылық басып, зорақыдан алжасқан жерде тумандanып, ананың дидарын, өзен жағасында жүгіріп ойнап жүретін тау бұлақтың сылдырын мәңгі ұмытып бара* **жатқанында**; *өз атың, әкеңнің аты, ағайын-туғандардың түсі, өзіңе қарап ұялып жымиятын қыздың аты жау жапырған жадыңнан мүлде шығып бара* **жатқанда**, *ақыл-ессіз түнғиыққа мәңгі бақи батып бара* **жатқанда**, *сен сонда, құлыным,сені жарық дүниеге әкелгенім үшін, сені туғаным үшін мына бейбақ анаңды қаһарлана қарғамадың ба екен?..*».

Когда деген сұраулы сөзі қазақ тілінде сөзге *-да* жатыс септігінің жалғауы жалғанып мезгілдік қатынасты білдіріп тұр.

Мәдениаралық қатысым жағдайында ақпаратты тасымалдау лингвоэтникалық кедергілерге ұшырайды. Лингвоэтникалық кедергілер басқа мәдениет пен тілде жоқ ұғымдарды, яғни лакуналарды беруде пайда болады. Әдетте лакуналар қатарына эквивалентсіз, мәдени коннотацияланған лексика жатады. Олар басқа тілдер мен мәдениеттерінде жоқ ұғымдар, атуалар және құбылыстарды белгілейді және аудармашының аялық (фондық) білім мен ақпаратты білуін талап етеді. Бірнеше мысал келтірейік.

Қазақ халқының табиғат құбылыстарына аса мән беруі тұрмыс тіршілігі мен дала философиясына негізделген. Мысалы, қазақ тілінде қар атуының сан алуан түрлері бар: *қар*–қыста жауатын ақ түсті тоңызыған атмосфералық тосап; *ақша қар* – жаңа жауған таза қар; *ала қанат қар* – бір аумаққа жауып, бір аумаққа жаумай жерге ала түскен қар; *жапалақ қар* – ірі түйіршікті жапырақтап жауған қар; *көбік қар* – жерге түскенде астыңғы қабаты ери беріп, беті көпіршіген жұмсақ қар; *күртік қар* – беті қатқан, жаяу жүргенде ақсақ ойылатын қалың қар; қиыршық қар – жентектелген түйіршік қар; *қырбақ қар* – жұқа жауған қар; *мұздақ қар* – үстін мұз торлаған, көкшіл түсті беті жылтыр сырғанақ қар; *омбы қар* – ат бауырлайтын қалың қар; *сүрі қар* – ерте түсіп ерімей, қыс бойы қалыңдаған тозаң топырақ сіңіп, беті күлгін тартқан нығыз қар; *сіреу қар* – ұзақ мезгіл мызғымай жатқан аяқ бастырмас, көлік жүрісіне бөгеу, қатты үрпек қар; *үйме қар* – боранды жел сырғытып, бір жерге тау-төбе үйілген қар; *үрме қар* – жел үрлеп, жиынтықтаған тығыз қар (Жәрдем Кейкін). Біздің ойымызша, лакуналарды басқа тілге аудару барысында түсіндіру (комменитирование) немесе семантизациялау арқылы мағынасын ашу тәсілін қолданған дұрыс.

Қазақ халқы көшпелі ел болғандықтан мал шаруашылығымен кеңінен айналысқан. Мифологиялық сенімдер бойынша ата-бабаларымыз төрт түлік малды аса қастерлейтін. Әсіресе жылқы малын ерекше бағалап, қасиетін білген. Қазақ халқында жылқы атаулары кеңінен таралған, оларды тәржімалауда да түсіндіру (комменитирование) немесе семантизациялау тәсілін пайдалану қажет: *құлын/құлыншақ* – жеребенок до 5 месяцев; *жабағы* – жеребенок до одного года; *тай* – стригун, жеребенок по второму году; *құнан* – жеребенок-трехлеток; *құнажын*– трехлетка (жен.род); *байтал* – кобылица, четыре года; *сойтал* – кобылица после четырех лет; *дөнен* – конь-четырехлетка, *бесті* – конь 5 лет; *айғыр* – главный в табуне, вожак табуна; *сәурік* – молодой конь, бие – кобыла; *құлық* – кобыла, уже имющая жеребенка; *қысырақ*– молодая кобылица, приведенная молодым конем в табун; *бедеу* – не жеребившаяся лошадь; *ат* – конь (после 5 лет); *жылқы* – лошадь (жен. рода после 5 лет); *мәстек* – кляча; *сауран* – порода выносливых саврасых коней; *арғымақ* – породистая лошадь, *қазанат* – чистокровная скаковая порода лошади; *тұлпар* – сканун (поэт.); *пырақ* – крылатый конь (сказочный персонаж); *дүлдүл* – миф, сказочный конь.

Қазақ халқының дәстүрлі тұрмысында отбасындағы қарым-қатынасқа ерекше назар аударылады. Қазақтың полигамды отбасы өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұртына қатысты көптеген туыстық атауларын қалыптастырған. Кейбір туыстық атаулардың басқа тілдерде тура эквиваленті жоқ, сондықтан аудармашылар сипаттау амалын қолданады. Мысалы, *жиен*-внук, рожденный от дочери. Мысалы, *жаулық* сөзі мен *ақ жаулық* тіркесінің семантикасы күрделі болып табылады, себебі ол тек қана бас орамал емес, ол ер азаматтың адал жары, ардақты ана, шаңырақтың ұйтқысы, тұрмыс құрған әйел адамның символы, сондықтан *платок* деген сөзбен аудару – *жаулық* сөзінің семантиклық және этномәдени өрісін сақтай алмайды: «*Женщины, сбившись в прихожей, вытирали кончиками жаулыков глаза; А еще какие-то апа и аже в платках, жаулыках, длинных платьях и неизменных кебисах, радостно кричат; Он заметил несколько старух в белых жаулыках»* (Г. Бельгер).


Қазақтың дүниетамында нәрестенің дүниеге келгенінен бастап оған аса қамқорлық жасап, тәрбиелеу барысында баланың жас ерекшелігін ескереді. Қазақ тілінде *бала* сөзінің синонимдерді өте көп, олардың әрқайсысының жеке мағнасы бар: шарана – қырқынан шықпаған бала; нәресте – қырқынан шыққаннан бастап екі жасқа дейінгі бала; сәби – екі жасар бала; бүлдіршін – үш-төрт жас; бөбек – бес-алты жас; балдырған – жеті-сегіз жас; жеткіншек – тоғыз-он жас; жасөспірім – он бір-он бес жас арасындағы ұл бала; балғын – осы жастағы қыз бала; бозбала – кәмелет жасына жеткен он алты-он сегіз жасар ұл бала, ұлан аталатын кезі; бойжеткен – осы жастағы қаз бала.

Заманауи лингвистикалық аударма теориясында тәржімалау – мәтінді бір мәдени жүйеден екінші мәдени жүйеге аударатын үдеріс болып табылады. Аудармашы екі мәдени ортасындағы «көпір» тәрізді мәдениаралық қатысымды жүзеге асырып, жеңілдетеді. Ол мәдениаралық қатысымға белсенді қатыса

отырып, бір тілдік мәдениеттінің белгілерін екінші тілдік мәдениетінің белгілерімен жеткізеді.

Аудармашының шеберлігі – ол оның коммуникативтік құзыреттігінің толық қалыптасуының көрсеткіші, оған тілді жақсы меңгерумен қатар фондық ақпаратты, яғни көркем шығармадағы сипатталып жатқан дәуірдің реалийлерін, белгілерін білу және де сол тарихи-мәдени ақпаратты толық жеткізу үшін функционалды-баламалы тәсілін қолданады.Ал тіл иеленушілердің санасында сөздің ұғымдық ақпаратымен қатар, сол ұғымға қатысы жоқ семантикалық бөлшектер жиынтығы лексикалық фонды құрайды.

Мәдениаралық қатысымда қабылдаушы мәдениетте белгілі прецедентті мәтіндер мен жағдайлардың болмауымен шартталған мәдениаралық ауысулар болуы – заңды құбылыс, сондықтан арнайы аударма амал, тәсіл мен әдістерін қолдануды талап етеді.



Сурет 12 –Мәдениаралық аударма трансформацияларының әдістері мен тәсілдері

Аудару үдерісі – аудармашының әлем бейнесі ерекшелігімен негізделген мәдениаралық қатысымның әрекеті, сондықтан мәтін мазмұнында өзегрістер болуы ықтимал, ал ол кейбір жағдайларда жалған түсіндіруге әкелгені – коммуникативтік сәтсіздіктер деп аталады.

Коммуникативтік сәтсіздіктердің ең кең таралған дерекөзі – айтылымның жасырын мағынасын кодтау және қайта кодтауы үшін қолданылатын сөйлеу стратегияларының қайшылықтары. Мәдениаралық қатысымда, әсіресе аударма жағдайында, диалогқа қатысушылар әртүрлі әлеуметтік және этникалық

топтарға тиесілі болса, осы айырмашылықтар айтарлықтай болуы мүмкін. Мысалы, сот ісін жүргізу шеңберіндегі аударма барысында пайда болатын қайшылықтарды алайық. Американдық заңнама мен салты бойынша ағылшын тілін меңгермеген кез келген сот процесінің қатысушысы аудармашының қызметін пайдалануға құқылы. Әдетте сот процесінің сайыскерлігіне сәйкес аудармашы құқықтары тым шектеулі болады. Аудармашы бәрін сөзбе-сөз аударуға міндетті, ол аударылатын ақпаратқа қатысты «жасырын мағынаны» немесе айқындалмаған ассоциацияларды жақын мағынамен ауыстыруға және тәржімаланған ақпаратты түсіндіріп жеткізуге құқығы жоқ. Ол сөзбе-сөз аударылған ақпаратты аударма адресаты дұрыс түсінбегеніне көзі жетіп тұрса да, оны өзгертіп, адекватты түрде жеткізуге мүмкіндігі болмайды.

Қорыта айтқанда, аударма алдына қойылған міндетті іске асырған жағдайда ғана сәтті деп есептеледі және дәл осы міндетті шешу үшін аударма стратегиясы таңдалады. Тілішілік аударма (сол тілде, бірақ өткен дәуірлерде жазылған мәтіндерді қабылдауда немесе сол тілдің, бірақ өзге аймақтық немесе әлеуметтік бір түрін пайдалнған мәтіндерге қатысты) барысында да тіларалық аудармада пайда болатын мәселелер орын алады. Қарым-қатынас жасау барысында сұхбаттасшы адамдар бір-бірімен тіл табыса алмай, әртүлі тілдерде сөйлескендей болады. Ол коммуникацияға қатысушылар үшін тілдік таңбалардың «жасырын семантикасы» және сонымен байланысты ассоциациялар мен презумпциялардың әртүрлі болуына байланысты. Сондықтан, аудармашының коммуникативтік және линнгвоэтникалық құзыреті мәдениаралық қатысым үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылатын аударманың сапасын бағалайды.

3 МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМДАҒЫ ТІЛДІК САНАНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

3.1 Шетел азаматтарының қазақстандық этномәдени реалийлерді қабылдауы: ассоциациялық тәжірибе нәтижелері

Тілді антропологиялық аспектіде, яғни адаммен, оның санасымен, ойлауымен, рухани-тәжірибелік әрекетімен тығыз байланыста қарастыру - қазіргі лингвистиканың басты міндеті. Тіл - сана мазмұнын білдіретін негізгі құрал. Бұл ретте «тілдік сана» ұғымының күрделілігі назар аудартады. Тілдік сананың динамикалық сипаты бойынша сананың жай-күйіне вербалдық түрде сөйлеу әсер етеді. Сондай-ақ, субъектінің менталдық тәжірибесі және сана әрекетінің нәтижесі сананың құрылымдық сипатын айқындайды. Бұл тілдік құрылымдармен жасалады.

А.А. Леонтьев өзінің «Основы психолингвистики» [144, 110 б.] атты еңбегінде «тілдік сана» ұғымын «әлем бейнесі» ұғымымен салғастырып, «әлем бейнесін» «индивид психикасындағы заттық мағыналар және соған сәйкес когнитивтік сызбалар арқылы және рефлексияға бағынатын заттық әлемнің бейнеленуі» ретінде анықтайды. Әлем бейнесі әлемнің өзі секілді көпқырлы, сондықтан әлем туралы білім біздің әрекетімізбен біртұтас екендігін атап көрсетеді. Демек тілдік сана тілдік құралдардың көмегімен ғана айқындалады. Мәселен, сөздер, сөйлемдер, тұрақты тіркестер, мәтіндер және ассоциативтік өрістердің көмегімен құралып, санадағы бейнелер анықталады. Бұл арада сана тек айқындалып ғана қоймай, тілдің көмегімен құралатындығын байқауға болады.

Әдетте, тілдік фактілерді психолингвистикалық сипаттау тәжірибесі эксперименталды зерттеу нәтижелерін көрсетеді. Атап айтқанда, әртүрлі ассоциативтік эксперименттер арқылы анықтайды.

Субъектілердің жаңа білімдері мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды айқындау қажеттілігін сезінгенде қалыптасады. Себебі жаңа мәдениетті игеру бөтен мәдениетті тану болып табылады.

Мәдениаралық қатысым – «сананың патологиялық (жалпы нормадан ауытқыған) жағдайларында қызмет етуі, қарым-қатынасқа түсушілердің түсініктерінің ортақтығы болмаған кезді көрсетелді. Бөтен мәдениет 'қалыптан ауытқу' ретінде түсініледі, бұл ретте табиғи түрде өз мәдениетінің бейнелері қалыпты деп есептелінеді және бөтен мәдениет өзге бейнелерді алдымен өз мәдениетіне сәйкестендіру арқылы көрінеді» (аударма біздікі – *С.М.*) [73, 18].

Мәдениаралық қатынастың үдерісі түрлі этномәдениет өкілдерінің өзара тілдесуін білдіреді. Бүгінгі Қазақстанның мәдени мемлекет ретінде дамуында ұлтаралық өзара қарым-қатынас мәселелері өзекті болып қалуда. Қазақстанда тұратын түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы ұзақ өзара әрекеттесуі жалпы құндылықтар мен стереотиптердің құрылуына әкеледі. Нақты екі мәдениеттің өзара қатынасының ерекшелігін зерттеу мәдениаралық байланыстың тәжірибелік мәні болып табылады.

Зерттеу жұмысында бақылаудың негізгі жалпы ғылыми әдістері, алынған нәтижелерді қорытындылауға бағытталған салыстырулар мен сипаттаулар, деректер сараптамасы мен интерпретациясы, оларды жүйеге келтіру мен топтастыру қолданылады. Әртүрлі этнолингвомәдениет өкілдерінің санасындағы бейнені анықтауға бағытталған тәжірибелік зерттеулердің бірі психолингвистикалық әдіс болып табылады. Бұл әдіс этнолингвомәдениет өкілдері туралы көп ақпарат беретін, сондай-ақ зерттеуге алынғандардың сөздік қорын сараптауға бағытталған. Белгілі бір сөзге берілген реакция тілдік сананың ерекшелігінен көрініс табады және оның ұлттық-мәдени компонентін көрсетеді. Ассоциациялық тәжірибе вербалды ассоциациялар арқылы сана бейнелерін зерттейтін тәсіл ретінде тіларалық және мәдениаралық зерттеулерде кеңінен қолданылады.

Беделді орыс ғалымы, психолингвистика ғылымының негізін қалаушы А.Н. Леонтьев пікірінше, психолингвистикалық тәжірибенің нысаны болып «әрдайым таңбалық бейненің субъективті мазмұны немесе оған қатысты іс-амалдар болып табылады. Субъективті мазмұн болғандықтан мұндай тәжірибе шынайы, ғылыми негізделген болады» (аударма біздікі – *С.М.*) [145, 63 б.].

Тәжірибенің теориялық негіздері Ресей Ғылым академиясының Тіл білімі институтының психолингвистика және коммуникациялар теориясы секторының қызметкерлері Е.Ф.Тарасов, Н.В.Уфимцев, Ю.А.Сорокин әзірлеген тілдік түсінік (ұғым, сана) бейнесі туралы ережелерге сүйенеді. Вербалды реакциялардан құрылатын ассоциациялық өрістер тәжірибенің нәтижесі болып табылады. «Тілдік сананың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін іздеу тілдік сананың мәртебесін анықтай түседі: ол өзге мәдениеттің заттық, қызметтік және менталды формасы арқылы тану құралы ретінде, сонымен қатар өз мәдениетін танудың да құралы ретінде қаралады. Айналадағы шындықты қабылдауға өз немесе өзге мәдениет қалай және қандай түрлерімен әсер ететіндігі жаппай жүргізілген ассоциативті тәжірибелердің нәтижелерін түсінуге көмектеседі» (аударма біздікі – *С.М.*) [146, 4 б.].

Е.Ф.Тарасовтың пікіріне қарай тілдік сана бейнесі ретінде сөйлеу барысында субъект құратын ақыл-ес білімдерінің және пәндік қызметінде сезім органдарынан алынған перцептивтік деректерді өңдеу нәтижесінде санада туындайтын сезім білімдерінің жиынтығы деп қарастырады (аударма біздікі – *С.М.*) [147, 3 б.] .

Зерттеудің нәтижелерін нақтылап алу мақсатында қосымша әлеуметтік-мәдени сауалнама жүргізілді. Сауалнамада Қазақстан, қазақ реалийлері және қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары туралы сұрақтар қамтылды. Осы сауалдарға берілген жазбаша жауапта түсініктер, ойлар және респонденттердің Қазақстанға және қазақтарға деген жеке қарым-қатынасы қамтылған, бұл бізге мәдениаралық өзара қарым-қатынас мәселелерін сипаттауға және талдауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, мәдениаралық қатысымда түсінбеушіліктің басты себебі қарым-қатынасқа түсушілердің ұлттық түсініктерінің сәйкес келмеуінен

деп білеміз. Біздің зерттеуіміз американдық респонденттердің тілдік санасында туындайтын Қазақстан және қазақтар туралы ассоциация көмегімен мәдениаралық қатынастағы этномәдени стереотиптерді анықтауға бағытталған. Сондықтан диссертациялық жұмыста ассоциациялық тәжірибенің нәтижесі ретінде ассоциациялық өріс талданады және сипатталады.

Зерттеу жұмысының міндеттерінің бірі ретінде қазіргі Қазақстандық қоғамның аксиологиялық сипаттамалары және тәжірибе деректері негізінде американдық жастардың қабылдауындағы ұлттық ерекшелікті сипаттау болып табылады. Сондықтан, біз құндылықтарды мәдениеттің маңызды сипаты ретінде қарастырамыз, бұл когнитивті лингвистика мен лингвомәдениеттану саласында заманауи зерттеулердің басты нысаны болып келеді (Н.Д. Арутюнова, А. Вежбицкая, С.Г. Воркачев, В.И. Карасик, Е.С. Кубрякова, Ю.С. Степанов, В.Н. Телия В.А. Маслова, В.В. Красных).

Негізі мәдениаралық қарым-қатынас үдерісінің қатысушылары ең алдымен түрлі ұлттық тұтастықтың өкілдері ретінде қаралады. Сондықтан, мәдениаралық қатысым мәселелерін зерттеу оған тәжірибе жүргізу арқылы анықталады. Оның мақсаты – түрлі ұлттық лингвомәдениет өкілдерінің ассоциативті «әрекетінде» тілдік сананың (түсініктің) ұлттық мәдени ерекшелігін анықтау.

Біздің зерттеуіміздің өзектілігі – «алшақ» және қарама-қарсы қазақ және америка, сонымен қатар шығыс мемлекеттерінің өкілдері – қытай, корей, жапон, вьетнам этнолингвомәдениеттерін мәдениаралық қатысым жағдайында өзара әрекеттесу (взаимодействие) арқылы салыстыру. Бұл Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің дамуы барысында заманауи Қазақстан туралы тілдік санадағы әлеуметтік мәдени ассоциациялар мен этностереотиптерді зерделеу қажеттілігін сипаттайды.

Олардың қабылдауындағы заманауи Қазақстан және титулды ұлт болып табылатын қазақтар туралы ой-пікірлері аса маңызды, себебі кейінгі кезде ғана танымал болып, әлемдік аренаға шыққан қазақ елі туралы тек БАҚ-тан немесе басқа да деректерден алған ақпараттары жеткіліксіз болды.

Қазақстанға академиялық мақсатпен келіп, бір жыл бойы білім алған американдық студенттерде қалыптасқан бейнелік-бағалау сипаттамаларды анықтау үшін қалыптасқан, әрі нәтижелі психолингвистикалық әдіс ретінде жиі қолданылатын еркін ассоциациялық тәжірибе жүргізілді. Осы тәжірибе барысында ақпарат берушілер ұсынылған стимул сөздер жиынтығына белгілі бір уақыт аралығында олардың санасында пайда болған өзге бейнені білдіретін кез келген тілдік бірліктермен жауап берді.

Қазақ реалийлері туралы деректерді тұжырымдау және мәдениаралық ерекшеліктер мен қазақ менталитетінің өзгешелігін сипаттау мақсатында американдық және шығыс мемлекеттерден келген азаматтардың қатысуымен ассоциациялық тәжірибе жүргізу – ол көп ұлтты Қазақстанды мекен ететін түрлі ұлт өкілдері (орыстар, кәрістер, немістер, ұйғырлар, ингуштер және т.б.),

яғни басқа респонденттермен салыстырғанда анағұрлым дәлелді нәтижелер берді.

Тәжірибеге 2014–2015, 2015–2016, 2017–2018 оқу жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де «Флагман» білім беру бағдарламасы бойынша білім алған 200-ден астам американдық азаматтар қатысты. Сонымен қатар, осындай тәжірибе шығыс менталитетін иеленушілер – қытай, корей, жапон, вьетнам елдерінен келген жастармен өткізілді. Олар – ҚазҰУ-дің дайындық факультетінің студенттері. Академиялық мақсатпен Америка және шығыс елдерінен біздің мемлекетімізге келген шетел жастарының негізгі мақсаты – орыс тілі мен мәдениетін терең меңгеріп, білу. Сондықтан сауалнама орыс тілінде жүргізілсе де, Қазақстан жерінде қазақтар арасында өмір сүргендіктен оларға этнос туралы жалпы түсінік, мәдени өмірін түсінуге жалпы ұмтылыс, тіпті экзотикалық жағдайдағы салт-дәстүрлер және т.б. мәдени өмір ерекшеліктері оларды айналып өткен жоқ. Тәжірибе нәтижелерін өңдеу американдық жастардың және шығыс менталитет өкілдерінің санасында Казақстан мен қазақтарға байланысты мәдени ассоциацияларын талдауға бағытталды. Зерттеу нәтижесінде алынған ассоциаттарды сандық саралаудан өткізгеннен кейін, стимул сөзінің ассоциациялық өрісін құрайтын ең жиі қолданылған реакция жиынтығы болып табылатын лексикалық бірліктер анықталды.

Жаппай ассоциациялық тәжірибенің нәтижесінде пайда болатын ассоциациялық өріс сол мәдениеттегі сөздің астарында, мағынасында тұрған білімдердің бейнесі, яғни сол сөздің мағынасын социомәдени шынайылық ретінде ашып көрсетеді. Тіл иеленушілердің реакцияларынан қалыптасатын ассоциациялық өрістер олардың сана бейнелерінің сапасын сипаттауға мүмкіндік береді. Осы орайда А.Н. Леонтьевтің еңбектерінде қағидалы түрде айтылып кеткен «сөздердің семантикалық және ассоциациялық белгілерінің психологиялық табиғатының бірлігі» деген пікірі өте маңызды [148, 268 б.] .

Психолингвистикалық ассоциациялық тәжірибені жүргізу сынаққа алынатын стимул сөздер, реакция-сөздердің сөздік байланыстарын өңдеуге негізделген.

Тәжірибе материалы ретінде лексикалық бірліктердің екі кластері ұсынылады:

а) Қазақстан Республикасын тәуелсіз мемлекет ретінде сипаттайтын қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени мазмұндағы қазақстандық реалийлер: *Қазақстан, қазақтар, Назарбаев, Астана, Алматы, қазақ тілі, қазақ отбасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*;

б) ұлттық мәдени қазақ реалийлері – американдық азаматтар үшін лакуналық лексикалық бірліктер: *наурыз, бешбармақ, бауырсақ, қымыз, теңге*.

Сауалнамада барлық ұсынылған стимул-сөздерге реакцияларды сараптау негізінде американдық этнолингвомәдениет өкілдерінің тілдік санасындағы қазақ ұлттық мәдениеті мен қазақстандық реалийлер туралы тұжырым жасалды.

Жүргізілген ассоциациялық тәжірибенің қорытындылары мен сипаттамасы біздің «Мәдениаралық қатысымдағы тілдік сананың этномәдени ерекшеліктері» атты ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналында жарияланған мақаламызда көрініс табады [149, 70-75 б.]. Мақалада ассоциативті эксперимент негізінде өзге мәдениет өкілдері тұлғаларының санасындағы Қазақстан мен қазақтарға байланысты социомәдени ассоциациялар талданды. Ассоциативті өрістер мысалдарында тілдік сананың этномәдени ерекшеліктері сипатталды.

Сауалнама нәтижелері әртүрлі дүниетанымдағы этномәдени құндылықтарды анықтауға ықпал етіп, мәдениаралық қатысымдағы социомәдени реалийлерді салыстыруға мүмкіндік берді. Автор ассоциаттарда берілген субъективті ақпаратқа талдау жүргізді. Тілдік құралдар арқылы берілген гендерлік айырмашылықтар мен оларды бағалауға, салыстырмалы сипаттауға аса назар аударылды.

Мәдени ассоциацияларды жалпылау мен талдауға бағытталған ассоциациялық тәжірибе мен әлеуметтік сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша:


а) қолдану жиілігінің деңгейі, сонымен қатар олардың семантикалық көлемі бойынша сараланатын ассоциациялайтын тұлғалардың жиынтығын;

б) әрбір стимул сөз бойынша аксиологиялық сипаттамаларды анықтауға және сипаттауға мүмкіндік берді.

Тәжірибе нәтижелерін өңдеу американдық жастардың санасындағы Қазақстан және қазақтармен байланысты мәдени ассоциацияларды талдауға бағытталған.

Барлық ассоциацияға қатысушыларды сандық саралағаннан кейін стимул сөздің семантикалық өрісін құрайтын жиі лексикалық бірліктер белгіленді.

«Қазақстан» стимул-сөзінің ассоциативтік өрісіне *дала, Назарбаев, киіз үй, көшпенділер, жылқы, көк ту, кеңістік, аспан, қонақжай, бүркіт, құрт, бешбармақ, Алматы, Астана, үлкен ел, бұрынғы КСРО, мұнай, уран, алтын, Алтын адам, киіз үй, ЭКСПО орыс тілі, керемет, күлімсіреген жандар мекендейтін ел* секілді тілдік бірліктер енеді. Жеке-дара ассоциациялық реакцялар болып *көк, көгілдір* түр-түс атаулары белгіленгені Қазақстанның туының түсімен байланысты. *Дала, Назарбаев, көшпенділер, мұнай* сөздерінің басым болуы заңды құбылыс екеніне дәлел керек емес, себебі аталмыш сөздер – отанымыздың маңызды символдары және тілдік санада анық көрініс табатын еліміздің «бейнесі» екені мәлім. Бұл ассоциаттар табиғи-климаттық, аймақтық, саяси, тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық факторлармен байланысты дәстүрлі және объективті белгілер болып табылады.



Сурет 13 - «Қазақстан» стимул-сөзінің ассоциативті өрісі


Осы реакцияларды талдау олардың семантика жағынан әртүрлі болатыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, этномәдени қазақ реалийлер атауларымен (*киіз үй, көк ту, дала, бешбармақ, құрт* және т.б.), адамның жеке тұлғасы мен оның мінезін сипаттайтын дескриптивті тілдік бірліктер (*қонақжай, кең пейілді, мейірімді, бір қалыпты, сабырлы, жуас, қара торы, ашық мінезді, шыдамды, төзімді*) қатар прецедентті феномендер, атрибуттар және мәдени символдар кездеседі. Мысалы, антропонимдер – *Назарбаев, GGG, Шыңғысхан*; топонимдер – *Алматы, Астана, Сарыарқа, Шарын*.

Біздің пікірімізше, субъективті және бағалау сипаттамалары әртүрлі фрейм-құрылымдарда жеке әсерлермен қамтылған. Мысалы, әсіресе американдық азаматтардың санасында Қазақстанның «бейнесі» көбінесе атақты боксшы қазақтың қазіргі ұлттық батырындай Геннадий Головкин арқылы

көрініс табуы – кросс-мәдени мағынаға ие. *GGG* аббревиатурасы мәдени-таңбалық код ретінде жалқы есімнің метафорасына айналды.

Аса қызықты және күтпеген нәтижелер американдық этнолингвомәдениет өкілдері үшін лакунар (ұлттық компоненті айқын болатын, баламасыз түсініктер) ұлттық-мәдени қазақ реалийлерін белгілейтін сөздер тобында берілген: *наурыз, бешбармақ, бауырсақ, қымыз, теңге*. Осы стимул-сөздерге берілген ассоциативті жауаптар әртүрлі және субъективті болғаны сауалнамаларды талдау барысында анықталды. Мысалы, қазақтың ұлттық тағамдары – *бешбармақ* пен *бауырсақ* сөздер-стимулынан құралған ассоциациялық өрісінде біріншіден, олардың дәмдік қасиетін белгілейтін реакциялар, содан кейін ол қандай өнімдерден жасалатындығы туралы түсініктер беріледі. Осыған сәйкес *дәмді, майлы, тойымды* сын есімдері қазақтың ұлттық тағамдарына байланысты тілдік санада пайда болатын ассоциациялар тізбегі. Мысалы, *бауырсақ* – қамырдан жасалып, майда қуырылған кішкентай дөңгелек нан деген жауаптар берілген. Әдетте, белгілі бір нысан немесе құбылыс бейнесімен байланысты ассоциат-атрибут сөздер ұлттық маркіленген қасиетке ие болады. Мысалы, американдықтардың түсініктері бойынша ұлттық тағамдардың дайындалуы келесі адамдар мен оқиғаларға байланысты: *апашка* (кішірейтіп, еркелету мағынасында)*, қонақ* (жайылатын дастарқанның негізгі атрибуттары – *бешбармақ* пен *бауырсақ*), *наурыз* (түркі тілдес халықтарына ортақ ұлы мейрам), *мереке* және т.б. Сонымен қатар, өз сауалнамаларында американдық респондеттер аталмыш *бешбармақ* ұлттық тағамына байланысты ассоциация ретінде қандай малдың етінен дайындалады және оны қалай жейді деген түсініктерін белгілеген: жылқы еті, саусақтар (тағамның атауымен байланысты, себебі қазақтарда бешбармақты қолымен жеу дәстүрі қалыптасқан).

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы *теңге* стимул сөзіне берілген ассоциация тізбегі, бір жағынан, оның эстетикалық тартылымдығымен, яғни банкнотты ұлттық-мәдени символдармен безендіруімен байланысты: *Қазақстанның ұлттық валютасы, әдемі ақша, купюралар, түр-түс сан алуандығы, өнер, доллардан әдемірек, ерекше, татымды дизайн, ірі сандар*; ал екінші жағынан, американдық студенттердің Қазақстан Республикасына келген сәтіндегі орын алған әлеуметтік-экономикалық жағдайға – теңгенің құлдырауы, құнсыздануына байланысты пайда болған ассоцияцалардың басымдығы: *теңгенің құлдырауы, доллар бағамы, құнсыздану, әлсіз, арзан, тұрақсыз, экономика*. Сонымен қатар, субъективті пікірді білдіретін реакциялар да кездеседі; *теңгенің нығаюын қалаймын*. Алынған нәтижелер субъективті семантиканың тілдік санада қалыптасқан әлем бейнесінің айырықша ассоциативті құрылымдарын туғызатына дәлел.



Сурет 14 – Тілдік санадағы «теңгенің» жағымды және жағымсыз ассоциациялары

Жалпы, тілдік сананы зерттеу онтологиясы саналардың ортақ болмауына байланысты коммуникативтік қайшылықтарсыз іске аспайтын әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениаралық қарым-қатынасы болып табылады. Осыған байланысты мәдениаралық қарым-қатынастағы түсінбеушіліктің басты себебі – ол коммуниканттардың ұлттық саналарындағы айырмашылықтар.

Тәжірибе деректері негізінде американдық этнолингвомәдениет өкілдерінің қабылдауындағы заманауи қазақстандық қоғам реалийлері мен этникалық мінез-құлықтың аксиологиялық ерекшеліктері сипатталды. Ақпарат берушілердің жауаптарын талдау кезінде стимул-сөздердің синтагматикалық және парадигматикалық үлгілерімен байланысты жалпы реакциялар (жауаптар) белгіленді. Ассоциациялық реакциялардың (жауаптардың) нәтижелері этномәдени ерекшеліктер коммуниканттардың әлем бейнелерінің «қақтығысуына» әкелетінін дәлелдейді. Сондықтан, мәдениаралық қатысым үдерісінде ұлттық менталитет, ғасырлар бойы өмір салты мен әлеуметтік мәдени нұсқау тұрғысынан екі қарама-қайшы аксиологиялық жүйелердің алшақтығы аксиологиялық бейімделу арқылы жақындасады, яғни тарихи-мәдени түсініктемені пайдалану өзге елдің мәдениеті мен тарихын ұғынып, түсінуге ықпалын тигізеді. Мысалға, көшпенді өмір салты және сонымен байланысты терең философиялық дүниетаным, XX ғасырдың басына дейін сақталған қазақ отбасының патриархатты тұрмыс салты, қазақ дәстүрлі қоғамында көп әйел алу институтының болуы.

Алынған тәжірибелік деректер ассоциаттардың көбінесе жағымды және бейтарап сипатқа ие екендігі жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Өз ассоциациялық тактикаларында батыс менталитетін иеленушілер әлеуметтік мәселелерге, оның ішінде қазақстандық қоғамда қалыптасқан гендерлік стереотиптерге сыни көзқараспен қарайды.

Жалпы, ассоциациялық өрістер тілдік белгінің ұлттық-мәдени таңбалануына куә және Қазақстан бейнесі мен оның реалийлерінің өзге мәдени тілдік тұлғаның санасында концептуалды құрылым пайда болуына мүмкіндік береді. Шетел (американдықтар мен шығыс елдерінің өкілдері) азаматтардың ассоциацияларын талдау көп мәдениетті қазақ қоғамында мәдениаралық қатысым мәселесін жаңаша қарастырып, зерделенуіне мүмкіндік береді.

3.2 Мәдениаралық қатысым жағдайында қазақ жастарының тілдік санасындағы жаңа бейнелердің қалыптасуы

Мәдениаралық қатысым – қарым-қатынастың бір түрі, коммуниканттардың сөйлеу және оны қабылдау барысындағы сөзбен ассоцияланатын заттың, құбылыстың санадағы бейнесі. Заманауи ғылыми парадигмалар мен көзқарастар бойынша мәдениаралық қатысым теориясы тілдік сананы талдаудың жаңа онтологиясы (болмысы) болып қарастырылады.

Тілдік сананың феноменін мәдениаралық қатысым арқылы қарастыру бірнеше тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

1. Мәдениаралық қатысым – әртүрлі тіл мен мәдениет өкілдерінің өзара әрекеттесуі;

2. Мәдениаралық қатысым үдерісі тілдік саналардың әрекеттесу жағдайында іске асады, сондықтан қарым-қатынас барысында орын алатын өзара түсінбеушіліктің негізгі себебі – тілдердің айырмашылығы емес, ол коммуниканттардың ұлттық саналарының айырмашылықтары болып табылады.

3. Мәдениаралық қатысым әрекетіне өзінің және өзге мәдениет бейнелерінің айырмашылықтарына рефлексия амалдарын жүргізетін тілдік тұлғалар қатысады (Рефлексия - сананың өзіне назарын аударып, өзінің психикалық күйіне ой жүгірту).

4. Мәдениаралық қатысым үдерісінде тілдік белгілер функционалды бірлік ретінде тілдік сананың вербалды құралы болады, яғни тілдік сана мен мәдениаралық қатысым механизмі үшін бірыңғай «дерекқор» құрайды.

Кез келген мәдениет өкілдерінің тілдік санасының ұйытқысы туралы мәліметтерді қолдану дәстүрлі лингвистикалық талдауды толықтыруға және мәдени айырмашылықтарға белгілі мәдениеттің әлем бейнесінің жүйе тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді.

Қазақ және орыс мәдениетін иеленушілердің тілдік санасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды айқындау зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес. Әдетте, осындай еңбектер психолингвистика ғылымы және оның әдістерінің соңғы жетістіктері арнасында орындалып, Ресей ғылымдар Академиясының тіл білімі Институтында (Мәскеу қаласы) қорғалған. Мысалы,

танымал қазақстандық лингвист Н.В. Дмитрюктің докторлық диссертациясы [105] ұзақ уақыт, ғасырлар бойы бір аумақта өмір сүріп келе жатқан орыс және қазақ этнос өкілдерінің тілдік санасының тіршілік формаларын зерттеуге арналған. Ғалым мәдениаралық қатысым мәселесін зерделеуде үнемі қарым-қатынаста жүретін, бірақта гомогенды емес лингвомәдени қауымдастықтардың заманауи иеленушілерінің ассоциациясын салыстырады. Сана бейнелерін зерттеу психолингвистикалық, этнопсихологиялық, когнитивтік әдістемелерді қолдану арқылы бірқатар ассоциациялық тәжірибелер нәтижесінде жинақталып, жүйеленген материал негізінде жүзеге асады.

Қазақстандық лингвистикада кеңестік кезеңінде өткізілген жаппай ассоциациялық тәжірибе нәтижелерінен құралған бірегей «Қазақ-орыс ассоциациялық сөздігі» [130] қазақ тілінің ассоциациялық деректер қорының кеңейіп, ары қарай дамуына өз ықпалын тигізді. Сөздік материалдары қазақтардың санасындағы вербалданған үзінділерді және тіларалық салыстырудағы вербалды құралдардың ұлттық-мәдени ерекшелігін көрсетеді.

Кейінгі кезде жарық көрген «Қазақ ассоциациялық сөздігінде» [131] заманауи қазақстандықтардың жаһандану, интеграциялану, трансмәдениеттену үдерістері жағдайындағы тілдік санасындағы бейнелер жүйесі қамтылған. Қазіргі қазақ тілінің ассоциациялық тезаурусын осы сөздіктің негізін қалаған жаппай ассоциациялық тәжірибе нәтижелері құрастырады.

Кеңес дәуіріндегі және заманауи ассоциациялық сөздіктерден белгілі бір стимул-сөзге алынған ассоциацияларды салыстыру олардың қоғамдағы саяси, мәдени өзерістерді қамтитынын дәлелдейді. Осы орайда өткен заман мен қазіргі уақытта бір ұғымды әртүрлі қабылдау заман ағымы, сыртқы факторлар және субъективті бағалауға байланысты болады. Ф.И. Артықбаева [132, 121 б.] өткізген еркін ассоциациялық тәжірибе нәтижелеріне сүйене отырып, *партия* стимул-сөзіне берілген жауаптарға назар аударайық.

Кесте 3

S – ПАРТИЯ

Орыс ассоциациялық сөздігі Н.В. Дмитрюк (1975 ж. еркін ассоциациялық тәжірибе) 500 адам	2014 ж. Қазақстанда өткізілген еркін ассоциациялық тәжірибе – Ф.И. Артықбаева 200 адам
66 – Коммунистическая	*26 – Нұр Отан*
36 – наша	*17 – Н.Ә. Назарбаев*
34 – Ленин	*12 – ел басы*
26 – шахмат	*11 – Ақ жол*
18 – КПСС, рулевой	*8 – президент, президенттің*
16 – народ	*7 – басшы*
15 – большевиков	*6 – қолданылған*

Орыс ассоциациялық сөздігі Н.В. Дмитрюк (1975 ж. еркін ассоциациялық тәжірибе) 500 адам	2014 ж. Қазақстанда өткізілген еркін ассоциациялық тәжірибе – Ф.И. Артықбаева 200 адам
14 – коммунистов	*5 – лидер, парламент, Әділет*
13 – правительство	*4 – айғақ, мәжіліс*
12 – руководитель	*3 – басқару, мәжілісмен, өкімет*
10 – вперед, геологи	*2 – Руханият, Қазақстан коммунистік халықтық партиясы*
7 – молодежь, советская	

Әр дәуірде бір стимул-сөзге берілген ассоциациялық өрістердің әртүрлі болуы біріншіден, кеңес дәуірінің идеологиясы және сонымен байланысты атрибуттық символика, советизмдер қамтылған; екіншіден, заманауи Қазақстанның саяси жағдайы, демократиялық бағыты, қоғамдық өмірдегі өзгерістер – жаңа саяси және идеологиялық реалийлердің пайда болуына ықпалын тигізді. Аталған факторлардың орын алуы ассоциациялық тактикалардың өзгеруіне себеп болғаны айқын.

Қазақстандық қоғамның жағдайында қазақ және орыс мәдениеттерінің қарым-қатынасы әрқашанда өзекті мәселе болып қалады. Ғасырлар бойы қалыптасқан үзілмес саяси-мәдени өзара әрекеттесу ұлтаралық, мәдениаралық қарым-қатынаста нығая түсіп, екі тіл мен мәдениет бір-біріне ықпал етті. Орыс тілі мен мәдениеті қазақстандықтардың тілдік санасындағы өзге бейнелердің пайда болып, қалыптасуына әсер еткеніне тәжірибе нәтижелері дәлел.

Сонымен қатар, әлемдегі жаһандану, интеграция үдерістері, шекараның ашықтығы, қазіргі электронды-ақпараттық қоғамдағы мәдениаралық қоғамдық санаға үлкен ықпал тигізетін жаңа кеңістік қалыптастырды. Ағылшын тілінен енген сөздер оларды белгілейтін реалийлермен бірге кеңінен тарап, біздің өміріміздің ажырамас бір бөлігіне айналды. Сондықтан кейбір ұғымдармен байланысты ассоциациялар орыс, ағылшын мәдениеттерімен байланысты немесе халықаралық мәртебеге ие, латын және грек тілінен енген сөзжасам элементтері, сөздер, тұрақты тіркестер арқылы беріледі. Мысалы: *хомо сапиенс*, *супер, супермаркет*.

Мәдениаралық қатысым жағдайында қазақстандықтардың тілдік санасындағы өзге бейнелердің қалыптасуына өзге мәдениет пен тілдердің әсерін айқындау мақсатында қаладағы орыс тілді білім алып жүрген жоғарғы оқу орындарының студенттерінің (250 адам) қатысумен тәжірибе өткізілді. Әрине, сауалнама қазақ тілінде жүргізілді, бірақ респонденттер кейбір сөздермен байланысты ассоциацияларды орыс, ағылшын мәдениетімен маркіленген реакция-сөздер арқылы берді.

Ассоциациялық тест тілдік узуста жиі қолданылатын бірнеше стимул-сөздерден тұрады. Қалыптасқан дәстүр бойынша стимул-сөздерді белгілегенде

1910 ж. Америкада ең алғаш осы тестті қолданып, бірінші вербалды ассоциациялық сөздікті жарыққа шығарған Кент пен Розановтың [150, p. 235] белгілеген ең жиі қолданылатын 100 стимул-сөзі тізімінен іріктеп алынды.

Ассоциациялық тесте жалпы адамзаттық құндылықтарды белгілейтін стимул-сөз қатарын ұсындық: *адам, бала (лар), ер адам (еркек), әйел адам, дос, үй, жанұя (отбасы), еңбек, қызмет (жұмыс), уақыт*.

Сонымен қатар, сауалнамаға ұлттық дүниетаным мен салт-дәстүрге байланысты стимул-сөздерді қостық: *шаңырақ, Ұлы дала, ауыл, келін, той, тұсау кесу.*

Кесте 4

Жалпы адамзаттық құндылықтарды белгілейтін стимул-сөздер

№	стимул-сөз	Ассоциация	жиілігі
1	адам	*хомо сапиенс*	8
		человек	7
		вселенная	5
		душа	3
		разум	3
		Адам и Ева	2
		тел	2
		self-made man	1
2	бала(лар)	*дети*	10
		мультфильм	7
		школа	5
		гимназияда оқиды	4
		лицей	3
		паркте ойнады	3
		шумные	2
		мороженое	
		цветы жизни	2
		все лучшее - детям	1
		наше будущее	1
		boy	6
		girl	5
		baby	4
		бэби-бум	3
		аквапарк	2
		аниматор	2
		games club	2
		holiday	1

3	ер адам (еркек)	*папа*	15
		муж	10
		глава семьи	7
		женщина	4
		брутальный	3
		машинасы бар	3
		костюм, часы	2
		men	2
		work	1
		friends	1
4	әйел адам	*мама*	50
		жена	20
		красивая	15
		мудрая	13
		добрая	11
		духи	6
		цветы	5
		8 марта	4
		шопинг жасауды ұнатады	3
		бизнесвумен	3
		бойфренд	3
		мать Тереза	2
		Леди Ди	2
		фитнес	2
		уважать ету керек	1
		beautiful	1
4	дос	*помощь*	30
		дружба	20
		футбол	15
		собака	5
		компания	5
		братан	4
		компьютерный клуб	4
		братишкалар	3
		верный болады	2
		чат	2
		в контакте	2
		my friends	2
		hallowen	1
5	үй	*моя крепость*	15
		уют	10
		еда	9

		семья	8
		защита	7
		home	6
		family	6
		rooms	4
6	жанұя (отбасы)	*мама*	100
		мама и папа	78
		бабушка	55
		бабушка и дедушка	45
		дети	42
		внуки	39
		близкие люди	10
		счастье	9
		путешествие	8
		бытовые проблемы	7
		новый год	6
		рождество	5
		happy	5
		good	4
		children	3
		I love you	2
		always together	1
7	еңбек	*бизнес*	56
		деньги	54
		хозяйство	37
		кто не работает, тот не ест	15
		карьера	13
		хорошо отдыхать етеміз	2
		трудиться, не лениться	2
		good life	1
8	қызмет (жұмыс)	*бизнесмен*	87
		карьера жасау	21
		диплом	13
		офис	12
		резюме	12
		супермаркет	11
		супервайзер	10
		договор	10
		программист	6
		босс	6
		коллектив	5

		проблема болады	2
		бабки	2
		испытательный срокқа алу	2
		чиновник	2
		кофе	2
		шеф	2
		менеджер	2
		совещание	1
		консилиум	1
		официант	1
		карщик	1
		work and travel	11
		job	2
		car sity	1
9	уақыт	*деньги*	97
		не хватает	76
		таймменеджмент	67
		минута, секунда	32
		расписание	25
		экзамен	23
		лимит қою	4
		стоп	3
		біздің история	1
		many	12
		busy	2

Сауалнамадағы берілген орыс, ағылшын тілдік бірліктері және халықаралық деңгейде қолданылатын тілдік элементтер сұрыпталып, талданды. Себебі зерттеу тәжірибесінің мақсаты – мәдениаралық қатысым жағдайында қазақ жастарының тілдік санасындағы бейнелердің қалыптасуына өзге мәдениеттердің ықпалы бар екендігін дәлелдеу. Тәжірибені өткізу талап бойынша ойға келе қалған сөздер мен тіркестерді тез, көп ойланбай жазу. Біздің ойымызша, осындай жағдайда жауап беру әрекетіне келесі факторлар әсер етеді: жиналған өмірлік тәжірибе, қоршаған орта, қоғамдағы өзгерістер, жанұядағы тәрбие, білім деңгейі, ой-өрісі, интернет және БАҚ құралдары. Жалпы, алынған нәтижелер бойынша келесі тұжырымдар жасауға болады:

1. Жиі кездесетін реакция-сөздер өмірдегі тәжірибеден алынған, әрбір қоғам мүшесіне белгілі құндылықтар, бейтарап мағынада айтылып, кеңінен тараған немесе адамның дүниетанымын қалыптастыратын философиялық ұғымдар болып келеді: *мама, вселенная, разум, красивая, семья, бабушка и*

дедушка, внуки, помощь, дружба, наше будущее, бизнесмен, трудиться, не лениться, собака және т.б.

2. Орыс тілінде берген жауаптар қоғамдағы екі тілдің араласып, қолданылатын жағдайын көрсетеді. Кейбір санадағы пайда болатын бейнені орыс тілінде беруі – ол айналасындағы құбылыстарды қабылдауына байланысты ойын тура және әсерлі етіп жеткізудің ұмтылысы және қоғамда қалыптасып, жастар арасында жиі колданылатын тілдік элементтер деп түсінеміз: *братан, братишка, глава семьи, брутальный, все лучшее – детям, шумные, мороженое* және т.б. Сонымен қатар қазақ және орыс тілдерінің сөздерін араластырып айту – қоғамда ұзақ уақыт бойы қалыптасқан қазақ-орыс билингвизмнің белгісі: *гимназияда оқиды, паркте ойнайды, машинасы бар, біздің история, уважать ету керек, шопинг жасауды ұнатады,испытательный срокка алу, лимит қою, верный болады, карьера жасау, проблема болады*. Осындай екі тіл араласқан тіркестердің жиі кездесуі – біздің қоғамның қалыптасқан бір үдерісіне айналғанына дәлел.

3. Қазіргі жастар қоғамдағы өзгерістерге ашық, жаңалықтарды тез қабылдап алуға бейім және ақпараттық технологияның қарқынды дамуына ілесіп, меңгеріп алады. Сондықтан жастардың әлеуметтік статусына, өмір сүру салтына, қарым-қатынас жасау амалдырына сәйкес ассоциаттар (әсіресе, *дос, уақыт* стимул-сөздеріне байланысты) кездеседі: *чат, в контакте, футбол, копьютерный клуб, экзамен, расписание, стоп, не хватает*.

4. Жаһандану заманында, мәдениеттер тоғысып, бір-біріне жақындасқан жағдайында және ағылшын тілі мен батыстық мәдениеттің элементтері барлық халықтарға ортақ болып, қазіргі өміріміздің ажырамас бір бөлігіне айналғаны мәлім: *men, self-made man, шопинг, бойфренд,бизнесвумен, бизнесмен, фитнес, boy, girl, baby, бэби-бум, аквапарк, аниматор, games club, holiday, men, work, friends, happy, good, children, I love you, always together, home, family, карьера, офис, резюме, супермаркет, супервайзер,босс, менеджер, тайм менеджмент, родество, I love you, happy* және т.б. Осындай ассоциат қатарының сан алуандығы жастардың ағылшын тілін үйренуге мотивациясының жоғарлығының, аталмыш ұғымдардың қоғамда кең таралуының, интеграция үдерісінің нығая түскенінің белгісі.

5. Жалпы адамзатқа белгілі мәдени символдар тілдік санада пайда болатын бейнелерге әсер етеді, себебі олар адамзаттың рухани дамуы және тарихи-мәдени ақпаратпен байланысты ортақ құндылықтар, прецедентті феномендер: *Адам и Ева, Мать Тереза, Леди Ди, хомо сапиенс, кто не работает, тот не ест, self-made man.*

Кесте 5

Ұлттық дүниетаным мен салт-дәстүрге байланысты стимул-сөздер

№	стимул-сөз	Ассоциация	жиілігі
1	шаңырақ	*Дом*	56
		Юрта	50
		Семья	20
		предки	5
		Казахстан	47
		казахский народ	28
		флаг и герб Казахстана	14
		символика	13
		Home	2
2	ауыл	*деревня*	48
		ездим в гости	6
		Пыль	3
		апашки и аташки	3
		скотина	2
		природасы күшті	4
		огород егеміз	3
		картошка	2
		Лето	3
		самовар	2
		свежий воздух	12
		ферма	2
3	келін	*Сноха*	24
		терпеливая	2
		келинка Сабинка	36
		Побег из аула	23
		келинка тоже человек	19
		супер келинка	15
		ходит в платке	9
		хомо сапиенс	1
4	Ұлы дала	*великая степь*	11
		наша родина	8
		бескрайние просторы	6
		кочевники	5
		история	4
		свобода	3
		Средняя Азия	3
		патриотизм	2

		прерия	1
		номады	1
5	той	*свадьба*	41
		Гости	22
		ресторан	20
		концерт	13
		артисты	12
		все красивые и веселые	3
		Шоу	3
		Party	1
5	тұсау кесу	*разрезать путы*	5
		светлая дорога	3
		дают благословление	2
		топ-топ	2
		отправить в путь	1
6	бешбармақ	*Гости*	12
		Конина	5
		Вкусно	4
		едят руками	3
		казахская национальная еда	3
		бешбармак шоу	2

Ұлттық дүниетаным мен салт-дәстүрге байланысты стимул-сөздерге берілген ассоциаттар адамның әлеуметтену, қоршаған ортаны қабылдау мен бағалау факторларымен байланысты.

1. Әдетте, *Ұлы дала, шаңырақ* стимул-сөздеріне қатысты ассоциациялар ұлттық құндылықтар патриоттық сезімді білдіретін реакция-сөздермен жиі беріледі: *великая степь, наша родина, бескрайние степи, казахский народ, флаг и герб Казахстана, символика*. Сонымен қатар, шетел мәдениетін белгілейтін ассоциаттар да кездеседі: *номады, прерия*

2. *Ауыл* стимул сөзіне берілген жауаптар қалыптасқан тұрмыс, күнделікті тіршілік, ауыл өмірінің ерекше атмосферасымен сипатталады: *апашки и аташки, лето, самовар, свежий воздух, ферма, огород егеміз, природасы күшті* және т.б.

3. *Келін* сөзінің семантикасының өзгеруі қазіргі қоғамдағы стереотиптермен, келін бейнесін мысқыл қабылдау үдерісімен байланысты болу керек. Әсіресе, қазақстандық кинематографта комедия жанрында түсірілген кинокартиналар көбейіп, олардағы келіннің образы кекесін, мысқыл мағынада сомдалады: *келинка Сабинка, Побег из аула, келинка тоже человек, ходит в платке*

4. Ұлттық дүниетаным мен салт-дәстүрді және ұлттық тағамдардың дәмдік қасиетін белгілейтін *той, тұсау кесу, бешбармақ* стимул-сөздері сол іс-

шаралардың атрибуттары және салтанатты атмосферамен байланысты: *гости, ресторан, все красивые и веселые, концерт, артисты, разрезать путь, дают благословление*. Сонымен қатар, батыс мәдениетінің белгілері де аталып өтеді: *шоу, party* және т.б.

Жалпы, тәжірибе нәтижелері заманауи қоғамдық үдерістердің айқын сипатын беріп, тілдік санадағы бейнелердің қалыптасуына мәдениаралық қатысым феномені тікелей әсер ететінін дәлелдеді. Тиімді мәдениаралық қатысым құру мақсатында коммуниканттардың тілдік, мәдени және коммуникативтік құзыреттіліктері өзара тең болу қажет. Әдетте өзінің динамикалық табиғатына сәйкес мәдени компетенция жүйелі түрде мәдени білімдерді байытуды талап етеді.

Әлемнің бейнесі ақиқат болмыстан, өмірлік тәжірибе мен рефлексиялық әрекеттен құралады. Сондықтан да заманауи қоғамда мәдениаралық қатысымның сәтті іске асу мақсатында әртүрлі модельдер ұсынылады: мәдениеттердің өзара диалогы, ашықтық пен төзімділікті қалыптастыру, «үшінші мәдениетті» құру.

3.3 Мәдениаралық қатысымда этностереотиптердің қалыптасуы

Мәдениаралық әрекеттесу ұлттық мәдени стереотиптерді білуді міндеттейді, олардың феномені тек лингвистердің ғана емес, сондай-ақ, әлеуметтанушылардың, этногрофтардың, когнитология мамандарының, психологтардың, этнопсихолингвистердің (У Липпман, И.С. Кон, Ж. Коллен, Ю.Д. Апресян, Ю.А. Сорокин, В.А. Рыжков, Ю.Е. Прохоров, В.В. Красных, П.Н. Шихирев, А.В. Михеев, С.М. Толстая, Е. Бартминский, А.К. Байбурин, Г.С. Батыгин, С.В. Силинский және т.б.) еңбектерінде кездеседі.

Т.Г. Грушевицкаяның айтуынша, «мәдениаралық қатысым көршілес елдердің мәдени ерекшеліктерін түсіну және өзара бейімделу арқылы және өзара айтыс-тартыс арқылы жүзеге асырылады» (аударма біздікі – *С.М.*) [151, 21–22 б.]. Расында, этностереотиптер мәдениаралық қарым-қатынас барысында айқындалып, жадыда қалыптасады.

Коммуниканттардың жолында басқа да кедергілер кездеседі, мәселен, адамның жеке мәдениетінің деңгейі, этноцентризм, наным мен стереотиптер, бейвербалды коммуникация. Сонымен қатар, Г. Кельцтың пікірі бойынша, мәдениаралық қарым-қатынаста саналы немесе санасыз түрде мәдениеттерді бірнеше деңгейде салыстыру іске асады. Мысалы, әлем бейнелерінің деңгейі (Werte), құндылықтар (Werte), ережелер мен нормалар (Normen), шарттылық (Konventionen), мінез-құлықтық үлгілер (Verhaltensmuster) [152, 248 б.].

Т.Н. Персикова өзінің «Межкультурная коммуникация и корпоративная культура» атты еңбегінде шетелдік антропологтар белгілеген, мәдениетпен негізделген коммуникация үдерісінің құрастырушы сегіз элементін келтіреді [153, 25–27 б.]:

1. Қарым-қатынас – әрекеттердің алдын ала анықтайтын психологиялық жағдаяттары.

2. Стереотиптер – мәдени, кәсіптік, жыныстық немесе жас ерекшелігі бойынша адамдардың белгілі бір қасиеттерге, сипаттамаға ие болуы.

3. Ойлау бейнесі (оны жеткізу амалы) және дәлелдеу әдістері.

4. Мәдениеттің әлеуметтік ұйымдастыруы.

5. Әлеуметтік рөлдер және сонымен байланысты мәдениетпен шартталған мінез-құқықтық нормалары.

6. Өзге халықтың тілі.

7. Кеңістікті қабылдау – коммуникативтік үдерістегі маңызды факторы.

8. Адамдардың өзара қарым-қатынасына әсер ететін уақыт мөлшеріне көзқарасы.

Осы жіктеу бойынша әртүрлі мәдениет өкілдерінің өзара тиімді әрекеттесуін қамтамасыз ету үшін тек қана тілдік кедергілерден өтумен шектелмей, мәдени кедергілерді де жеңу керек.

Жалпы «стереотип» терминін ғылыми айналысқа У. Липпман («Public Opinion») [154.] енгізген, олар «біздің санамыздағы бейнелер» (the pictures in our heads) дегенді білдіреді. Осыдан кейін пайда болған тілдік, философиялық, әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретіндегі «стереотип» ұғымының дефинициялары осы Липпманның анықтамасына сүйенеді. Липпман стеротиптерді зерттеудің теориялық негіздерін қаласа, ал К. Брейли мен Д. Кац ұлттық стереотиптерді зерттеушілер үшін ұзақ уақыт бойы өз маңыздылығын жоғалтпаған және кең тараған әдістемесін әзірлеген. К.Брейли мен Д.Кац этникалық стереотипті «елестетіп көрсетуге ұмтылған реалийлермен аса келіспейтін қалыптасқан түсінік деп, сосын адамға тән қасиеттер пайда болады – ол бірінші құбылысты белгілеу, содан кейін ғана оны бақылау» (аударма біздікі – *С.М.*) [155, 288–289 б.].

Кросс-мәдени зерттеулермен айналысатын американдық ғалымдар стереотиптерді жағымды және қауіпті (dangerous), сондай-ақ, лайықсыз мақсаттарды көздеу үшін құрылған деп бөледі [71]. Стереотиптерден жалпылама сипаттауларды осылайша ажыратады: «Stereotypes emerge out of incomplete or distorted information about a certain country, its residents and their behavior. Stereotypes both positive and negative are not always wrong, but their weak point is that they are limiting. Generalization cause us to attribute qualities or characteristics to a person on the basis of the group to which that individual belongs» – «Стереотиптер белгілі бір ел туралы, оның тұрғындары мен олардың мінез-құлқы туралы толық емес немесе бұрмаланған мәліметтерден пайда болады. Оң және теріс стереотиптер әрқашан қате емес, бірақ олардың әлсіз жері олардың шектеулі болуында. Жалпылау белгілі бір топқа тиесілі сипаттамалар бойынша адамды анықтауға себепші болады» (аударма біздікі – *С.М.*) [72].


Стереотип ұғымы қазіргі лингвистикада да кең қолданылады. Ресей ғалымдарының ішінде Е. Бартминьский, Е.Л. Березович, У. Квастхофф, И.М. Кобозева, Л.П. Крысин, В.А. Плунгян, Е.В. Рахилина және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазақ тіл білімінде стереотиптік түсініктер М. Копыленко, Р.Сыздықова, Э.Сулейменова, Н. Дмитрюк, Н. Шаймерденова, Р. Амренова, К. Головина, Ш. Жаркынбекова, Ж. Джамбаева, С. Исабекова, Г. Исина, Г. Смағұлова, А.Салқынбай, Р. Авакова, Б. Момынова және т.б. еңбектерінде зерттелген. Олар әртүрлі тұрғыдан тілдік-мәдени, ұлттық-мәдени, этникалық және аксиологиялық стереотиптерді зерттеген.

Лингвистер тұрғысынан стереотиптерге объектінің тілдік-мәдени бейнесін қалыптастыратын тұрақталған семантикалық немесе формальды құрылымдар жатады. Сондықтан, стереотип тілдің екі түрлі жағынан қарастырылады: формальды (фразеология, тілдік клише, тілдік құрылымдар шегінде тіркесімділік қағидалары) немесе семантикалық (тілдік бірліктердің негізгі, алғашқы мағынасына ілесетін мағыналық коннотациясы). Лингвистикалық тұрғыдан стереотипті зерттеу үшін келесі аспектілер маңызды: стереотип және оның тілдік таңбасы, стереотип және сөздің мағынасы (стереотип және когнитивтік семантика), стереотиптің когнитивтік құрылымы, тілдік болмысты концептуалдау амалдары. Қалыптасқан түсініктер бойынша стереотип – сипаттама және бағалауыштық белгілері қосарласқан белгілі бір затты немесе құбылысты субъективті түсініп қабылдау.

Біздің ойымызша, стереотип – қоршаған ортаның үзіндісін түсініп қабылдау, санадағы әлем бейнесінің ментальды «суреті», яғни адамдардың ойындағы өзі немесе басқа ұлттық топтар туралы ой-пікірлері.

Стереотиптер феномен ретінде екі түрге бөлінеді: *мінез-құлық стереотиптері* – коммуникативтік жағдаяттарда іске асып, санада бекітілген қағида ретінде сақталады; *ұғым-стереотиптері* санада клише түрінде сақталып, эталон (үлгі) ретінде қызмет атқарады, олар мінез-құлықпен байланысты. Стереотиптердің жіктелуі келесі сызбада көрсетілген.



Сурет 15 – Стереотиптердің жіктелуі

Зерттеушілердің көрсетуінше, «этникалық стереотиптер қоғамдық санада және тұлға сана-сезімінде ерекше орын ала отырып, біріншіден, этникалық сәйкестіліктің сақталуына, екіншіден, этниканы топтастыруға, үшіншіден, этниканың ортаға бейімделуіне қызмет етеді.

Бүгінгі күні этностереотиптер идеологиялық салаға енгізіліп, идеологиялық күрестегі басты құралға айналып отыр. Этникалық стереотиптер этникалық қарым-қатынас мәдениетінде бағдар белгілейтін сипатқа ие, себебі кез келген этнос өкілдерінің тұлғааралық, сондай-ақ ұлтаралық қатысымда көрініс беріп, әдет-дағдылары мен мінез-құлқы туралы алдын-ала хабардар ету мүмкіндігі зор» (аударма біздікі – *С.М.*) [69, 5 б.].

Жалпы этностереотиптер келесі қызметтерді атқарады:

– *әлеуметтік-этникалық* қызметі. Бір жағынан стереотип психикалық қажеттілікті қанағаттандырады, екінші жағынан – бір қауымдастықты екінші қауымдастықпен салыстырып, олардың ішкі ауызбіршілігін қолдап, қоғамдық қажеттілікті қанағаттандырады;

– этностереотиптердің *қорғау* қызметі – өз қауымдастығына (автостереотиптер) және «өзгелерге» (гетеростереотиптер) қатысты құндылықтардың дәстүрлі жүйелерін сақтауға мүмкіндік туғызады;

– этностереотиптердің *коммуникативтік* қызметі «өзімнің» қауымдастығымның («өзгелердің» арасында «өзімдікін» және «өзімдікілердің» арасында «өзгені» танып алу) өкілдерінің арасында ақпаратпен алмасуды жүзеге асыру үшін қызмет атқарады.

– *манипулятивті* (айла-шарғы жасау) қызметі – белгілі бір жағдайларда олар идеологиялық және саяси мақсаттармен көпшілікке ментальды түрде әсер ету құралы ретінде қолданылады.

Этностереотиптер өз ішінен авто- және гетеростереотиптерге жіктеледі. Автостереотиптер өз ұлтына байланысты ұғымдар болса, гетеростереотиптер автостереотиптермен салыстырғанда сыни көзқарасты білдіре отырып, өзге ұлттарға қатысты болады. Мысалы, орыс халқының немістерге байланысты стереотиптік ұғымдарын келтірейік: сыраға деген құмарлығы, немістердің бюрократ болуы, іске көзқарастары, тиянақтылығы, немістер өздерінің ұқыптылығы мен жинақтылығы, тәртіп сақтауға деген құлшынысы, әйгілі және қол алысып амандасуы. Сонымен қатар жағымсыз қасиеттеріне дөрекілік пен тәкаппарлығы, әзілді түсініп, қабылдай алмауы, Германияда нұсқама мен ережелер көп деген ұғымдар жиі кездесіп тұрады.

Стереотиптер ұлттық мәдениеттің ажырамас бір бөлігі бола тұра, елдің тарихи-мәдени дамуының ықпалымен қалыптасатын ұлттық мінезбен тығыз байланысты. Біздің пікірімізше, стереотип ұғымына келесі анықтама беруге болады: индивидтің өзінің мәдени және тілдік кеңістік өкілдеріне немесе өзге ұлт өкілдеріне тән біршама қалыптасқан жалпылама бейне, белгілер (кейбір кезде жалған) қатары және түсініктер жиынтығы (жалпы ұғымдар, сөйлеу қарым-қатынастың нормалары, мінез-құлық, моральдық және этикеттік

нормалар, салт-дәстүрлер). Сондықтан, авто- және гетеростереотиптердің қалыптасуының ортақ негізі – ұлттық мінездің ең маңызды қасиеттерін айқын көрсету. Осындай жағдайда «өзгенің» жалпылама бейнесін қалыптастыру – «өзін» «өзгелермен» салыстыру негізінде жүзеге асады, яғни «өзгенің» бейнесі «өзінің» құндылықтар жүйесі арқылы қабылданады.

Мәселен, В.Т. Кудрявцев [156. с. 156] авто-гетеростереотиптерді қалыптастыратын бірнеше параметрлерін белгілейді:

1. *Мінез-құлықтың жалпы стилі*. Осы категорияларға адамның әрекеттері мен оның мінез-құлық рекцияларын белгілейтін қасиеттері кірді. Мысалы, қарапайымдылық (аққөңілдік), жасырмаушылық (тік мінезділік), адалдық, шыдамдылық, инабаттылық, парасаттылық, ақжүректік.

2. *Іс-әрекеттің жалпы стилі*. Бұл категорияға адамның жалпы іс-әрекет пен қызметке, соның ішінде еңбекке деген көзқарасы. Мысалы, бір жағынан, еңбекқорлық, шыдамдылық пен төзімділік, ал екінші жағынан – жалқаулық, әрекетсіздік, малшашпақ.

3. *Адамдарға деген көзқарасы*. Осы категорияға тұлғааралық қатынаста аса айқын көрінетін қасиеттерді жатқызады. Мысалы, бір жағынан, қонақжайлылық, аққөңілділік, елгезектік, қайырымдылық, аңқаулық, көпшілдік, ал екінші жағынан – көре алмаушылық, сенімсіздік, әдепсіздік.

4. *Өзіне деген көзқарасы*. Жоғарыда айтып өткен қасиеттерге қарама-қайшы қасиеттер кіреді. Мысалы, бір жағынан, тәкаппарлық, өзін-өзі сүю, өзіне сенушілік, екінші жағынан – жасық, ұялшақ болу, өзін-өзі ұнатпау, өзіне қанағаттанбаушылық.

5. *Ақыл–ой қасиеті*. Адамның рационалды мінез-құлығы, қабілеті, интеллектісінде көрініс табатын қасиеттер қамтылады. Мысалы, бір жағынан, ақыл-ой, зеректік, білуге құмарлық, дарындылық, екінші жағынан – ақылсыздық, надандық, топастық, дарынсыздық, қабілетсіздік.

6. *Эмоциялық қасиет*. Өз болмысын сыртқа шығарудың эмоционалды-сезімдік аясымен байланысты қасиеттерден тұрады. Мысалы, бір жағынан, сезімталдық, аяушылық, екінші жағынан – қатыгездік, албырттық пен қызуқандылық.

7. *Әлеуметтік мінез-құлық*. Осы категорияға тұлғаның әлеуметтік және саяси белгілері жатады. Мысалы, отаншылдық, ұжымшылдық, ұлттық мақтаныш немесе маскүнемдік, ұрлық жасау, арамтамақтық.

8. *Ментальды белгілер*. Жіктеудің жалпылама және шартталған белгілері, яғни ұлттың психологиялық болмысы мен менталитетін сипаттайтын толық пайымдаулар. Мысалы, «бәлкім» өте шығар деп көңіл аудармауы, дағдарысты жағдаяттарда күтпеген әрекеттерге бару, ақыл-ой тарлығында кеңпейілді болуы және т.б.

Ұлттық стереотиптер жүріс-тұрыс қағидасын, әдет-ғұрып, жоралғыларды, нормалар мен құндылықтарды қоса алғанда, ұрпақтан ұрпаққа ұлттың әлеуметтік және адамгершілік тәжірибесін берудің құралы болып табылады. Ұлттық стереотиптердің жүйесі ата-бабаларымыздың қалай өмір сүргендігімен

қалай әрекеттер жасағандығына негізделген, жеке тұлға үшін қалыпты әрекеттер тетігін, белгілі бір тәрбие үлгісін көрсетеді.

Стереотиптер мәселесі философиялық және этноәлеуметтік тәсілдердің көпшілігі олардың құрылу негізінде пайда болған этникалық ұғымдар жүйесінен туындайды. Ұлттың қоғамдық санасында қалыптасқан дәстүрлі пікірлер негізінде туындайтын этникалық ұғымдар әлеуметтік мәдени ортаның нәтижесі болып табылады.

Этникалық топтардың тұрақты, жалпыланған және эмоционалды қанық бейнелік-ұғымдары ретіндегі ұлттық стереотиптер ұлтаралық қабылдау мен мінез-құлықты реттейтін қызмет атқара отырып, ұлтаралық қатынастардың тәжірибесінде қалыптасады. Этностереотиптердің маңызды белгілеріне:

-бейнелілік,

-схемалылық,

-жалаңдық;

-тұтастық,

-жарқын бейнеленген бағалау;

- құндылықты реңк: басқаны ұнату немесе ұнатпау түріндегі қарым-қатынасы жатады.

Бұлар өзге этникалық топпен байланысқа түскен кездегі мінез-құлықты білдіреді, символдылық, көмескі түсінік, «қате компонентпен» берілгендік және субъективтілікті аңғартады.

Қоғамдық және жеке санада қызмет атқаратын ұлттық стереотиптердің туындауының, бекіту және көрініс табуының түрлі тетігі бар, соған сәйкес оларды екі топқа бөлуге болады. С.В. Гладкихтің дәлелі бойынша, стереотиптердің бірінші тобы мінез-құлықтың ұлттық стереотиптері көптеген ғасырлар бойы құрылады; олар мифке өтті және мәдени өзгерістерге берілмейтін тұрақты болып табылады. Оған Лаос, Тайвань, Жапония ұлттық стереотиптері жатады. Стереотиптердің екінші тобы ойлау ұлттық стереотиптері мәдениаралық қатысым, ұлттық қақтығыстар үдерісінде, бұқаралық қатысым құралдары көмегімен қалыптасады. Олар жылжымалы, өзгермелі болып келеді (аударма біздікі – *С.М.*) [74, 59–60 б.].

Бірінші топтың стереотиптері бірнеше ұрпақтан ұрпаққа тәжірибе арқылы тексерістен өтіп қалыптасқан. Сыртқы әрекеттердің ықпалына төтеп беретін қатаң туындыны білдіреді. Балалық шақта бойға сіңген әдеттер, мінез-құлық үлгілері, тән әрекеттер мен көзқарастар мінез-құлықтың ұлттық стереотиптерінің қалыптасуына негіз болып табылады. Ол кейіннен ас ішуден бастап басқа ұлтқа деген қарым-қатынастан байқалады.

Кез келген мінез-құлықтың ұлттық стереотипі тарихи даму, әлеуметтік ұйымның және экономикалық жағдайлардың нәтижесі болып табылады. Мінез-құлықтың ұлттық стереотиптері (бірінші топтың стереотиптері) көне ғасырлардан бастау алады, яғни сол ғасырдағы топтардың (немесе басқа ұлттарға тән деңгейде) географиялық және экономикалық жағдайларына байланысты стереотиптер туындаған.

Екінші топтың стереотиптері жағымсыз болып келеді, мұны өзара әрекет етудің сәтсіздігімен немесе идеологиялық мақсаттарда берілетін ақпараттың ықпалымен түсіндіруге болады. Жағымсыз стереотиптердің оң және теріс жақтары бар. Біріншісіне ұлттардың рухани мәдениетін сақтау жатады, екіншісіне ұлттық стереотиптердің ұлтаралық тілдесуде бөгет ретінде көрініс табуы тән. Бұл қарым-қатынастың сәтті шығу мүмкіндігін мейлінше азайтады, даулардың туындауына ықпал етеді. Ұлттық стереотиптер әлеуметтік қатынастардың көптеген константалары түсінікті болмайтын бірқатар маңызды қызметтерді атқарады.

Стереотиптену қызметіне:

1. қарым-қатынасты түсіндіру, әлеуметтік мәдени ақпаратты топтастыру және реттеу;

2. Мәдени-тарихи тәжірибені шоғырландыру және беру, мінез-құлық үлгілері мен стандарттарын жасау;

3. Топтық құндылықтарды қорғау жатады.

Қазіргі экономикалық және саяси тұрақсыздық уақытында ұлттық сәйкестілікті бекіту аясында мәдениаралық қатысым бірқатар мәселелерді туындатып отыр. Өзге ұлтты қабылдау ойлау мен мінез-құлықтың автостереотиптері арқылы жүзеге асырылуда. Ұлтаралық тілдесу мәдениеті байланыс жағдайындағы мінез-құлық стереотиптерінің жүйесін ғана емес, сондай-ақ, тұтастай ұлт мәдениетін білдіреді. Тілдесудің ұлттық стереотиптері ұлттың өзіндік және бірегей ұлттық мәдениетінің көрінуі мен өмір сүруі тәсілдерінің бірін білдіреді.

Стереотиптер ұлттық топтың тұрмысын сипаттайтын мәдени, саяси және экономикалық факторлардың әрекет етуімен құрылады. Жеке тұлғаға ұлтқа әсер ету мақсатында (мысалы, саяси тапсырыс бойынша БАҚ-тың ұлттық қақтығыс жасау жағдайында тараптардың бірі теріс стереотип құруға тырысады) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таңылатын ұлттық стереотиптер өте өзгермелі және серпінді болып келеді.

Жалпы этностереотиптер БАҚ-та кең қолданылады, журналистер өз мақалаларында этностереотиптерді әлеуметтік мәселелермен байланыстыра отырып, тілдік құралдар, амал-тәсілдер арқылы бағалауды ұлттық қасиеттерді эмплицитті және имплицитті береді. Мысалы, «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық газет материалдары негізінде А. Таусоғарованың [157, 89-93 б.] жүргізген контент-талдауы этностереотиптердің тілдік ерекшеліктерін жинақтап көрсетеді:

1) Этнос туралы баға, түсінікті өз семантикасында жасырын қамтып тұратын мақала атаулары. Мысалы, «Қазақ десе, көз алдыма Абай атам келеді (Егемен Қазақстан газеті, 14.01.2015 ж. №7. 3-бет) немесе «Қазақ жеріне ұзатылғаныма еш өкінбеймін» (Егемен Қазақстан газеті, 27.01.2015 ж. №16. 2-бет) деген мақала атаулары қазақ ұлты туралы жағымды ассоциация тудырады және ол имплицитті берілген.

2) Мақала атауы атрибутивті тіркес түрінде келіп, тіркесте этноним – анықтауыш (этноним – этностың аты) екі түрлі қызмет атқарады: а) субъектіге тән белгіні; ә) этнос туралы пікір, бағаны терең семантикасында қамтиды. Мысалы, «”Орыс” Қасымбек» (Егемен Қазақстан газеті, 18.02.2015 ж. №32. 13-бет) атты мақала атауындағы этноним тырнақша ішінде алынған, себебі Қасымбек деген есім қазақтарға тән кісі аты. Яғни, атау қазақ Қасымбектің бойында орыс этносына тән қасиеттер көп болғандықтан, солай атаған.

3) Бір этнос қасиетінің басқа этнос қасиетімен ұқсастыруға құрылған тілдік жағынан үнемді сөйлемдерде этностереотиптер орын алады. Мысалы: *Корей жақсылықты ұмытпайтын, ізгілік, бауырмалдық, үлкенді сыйлау сияқты азаматтық қасиеттерімен қазақ халқына ұқсас* (Корей жұрты // Егемен Қазақстан газеті, 30.01.2015 ж. №19. 2-бет).

Шетелдік азаматтардың тілдік санадағы қазақ халқы туралы этностереотиптерді зерттеу мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де оқитын американдық студенттерге жүргізілген ассоциациялық тәжірибенің нәтижелері келесідей:

«**Қазақ**» стимул-сөзінің семантикалық ауқымына көбінесе қазақтардың ұлттық ерекшеліктерін сипаттайтын дискриптивті бірліктер – сын есімдер құрды: *қонақжай, қайырымды, мейірімді адамдар, азиаттық, қара торы, кең пейілді, сабырлы, жомарт, қолы ашық, бидай өңді, кейде жалқау, көшпенділер, мұсылмандар, дәстүрлі, салт аттылар, Шыңғыс хан, орыстілді, орыстар, ескі сәндік, арық, бешбармақ, аз ғана, кеңестік, дастарқан, тоқ, тағамдар.*


Этникалық «портретті» құрастыратын және ұлттық дүниетаным мен мінез-құлықты белгілейтін адъективті тілдік бірліктерді этнодескриптор деп атаймыз, сондықтан да, олар ең жиі кездесетін ассоциаттар қатарына жатады. Этнодескрипторлар жеке мәдениет өкілдерінің менталитетін ашып көрсететін негізгі құндылықтар қасиетін сипаттайды, сондықтан оларды салыстыру белгілі қиындықтар туғызады. Мысалы, зерттеушілер орыс және ағылшын этникалық мінез-құлықтарын салыстыру барысында сын есімдерді сәйкестендіру мүмкін еместігіне келесі мысал келтіреді: «... мінез-құлықты сипаттауда қолданылатын орыс тілінің сын есімдеріне ағылшын тілінде аналог табу оңай емес (болмауы да мүмкін): *долготерпимый, совестливый, смиренный, бесшабашный, милосердный, дурной, чуткий, стихийный* және т.б.

Өз кезегінде орыс тілінің де мүмкіндіктері келесі ағылшын тілді дескрипторлардың мағынасын беруге шектеулі: *creative, supportive, helpful, friendly, easy-going, positive, efficient, funloving*, and so on. Осы жағдайда сөз әртүрлі семиотикалық жүйелердегі тілдік бірліктердің үйлесімділігі туралы емес, ерекше аксиологиялық мазмұнына қарай салыстырылған бейнелер» (аударма біздікі – *С.М.*) [40, p. 321].

Деректерді өңдеу барысында ең кең таралған этнодескриптор – ол *қонақжай* сын есімі болып табылды. Дәстүрлі құндылық және қазақ ұлтын сипаттайтын негізгі мәдени түсінік ретінде *қонақжай* реакция-сөзі әр

сауалнамада кездесе отырып, «қазақтар» стимул-сөзінің ассоциациялық өрісінде бірінші және негізгі орын алды. Шынында қазақтардың наным, сенімдерінде *құдайы қонақ* деген ұғым бар, ол үйге құдайдың елшісі болып келіп, өзімен бірге молшылық пен береке әкеледі. Қазақ қонағын кең пейілімен қарсы алып күтеді және үлкен құрметпен шығарып салады. Сондықтан да, қазақ тілінде қонақты сыйлап, құлы болуды үйретететін халық даналығы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мақал-мәтелдер көп кездеседі. Мысалы, *қонағыңның алтынын алма, алғысын ал*; «*асына тойғызбасаң да, ақ ниетіне тойғыз* және т.б.

Жалпы ассоциациялық тәжірибенің нәтижелері бойынша жасалған сандық көрсеткіштерде сирек және жеке кездесетін реакциялар қатарына келесі ассоциаттар кіреді: *орыстілді, ашық мінезді, шыдамды, төзімді, ескі сәнмен киінеді, кейде жалқау болады, мұсылмандар, саны аз, домбыра, киіз үй, ет, жылқы, күлімсірейтін, GGG, Шынғысхан* және т.б



Сурет 16 – «Қазақ» стимул-сөзінің ассоциативті өрісі

Шығыс елдерінен (Қытай, Корея, Жапония және Вьетнам) келген азаматтардың қазақтар туралы этностереотиптері біркелкі, бейтарап, жағымды. Олар американдықтармен салыстырғанда ойларын ашық айтпай, жасырып, жұмсақтау сөйлегенді қалайды. Себебі, осындай мінез шығыс халықтарына тән қасиет, олар ашық жанжалға, басқыншылық көрсетуге бармайды және кез келген қиын жағдайда да сыпайы болуға тырысады. Ал американдық азаматтардың коммуникативтік мінез-құлықтарының ерекшеліктеріне өздерінің мүдделерін сақтау, сұхбаттас адамның сөзін бөліп тастап, өз ойын айту, кез келген коммуникативтік жағдайда тез және вербалды түрде жауап беру болып табылады. Олардың аксиологиялық құндылықтары ұлттық дүниетанымда қалыптасқан философиялық және әлеуметтік ұғымдармен белгіленеді. Мысалы, *privacy* – тұлға айналасындағы ерекше кеңістік ұйымдастыру: субъектінің жеке кеңістігіне және сол жерде бар заттарға қол сұқпауға құқылы, коммуникативтік кеңістігіне кіріп кетуге шектеуліктер қойылады (проксемиканың ерекше талаптары). Сондықтан қазақтардың ұлттық қасиеттерін – гетеростереотиптерді белгілеу барысында олар өздерінің мәдениеті, өмір сүру салты және құндылықтарымен салыстыра отырып, қазақтардың өзіне үйреншікті, дәстүрмен қалыптасқан кейбір қасиеттеріне түсінбеушілікпен қарайды. Қазақ ұлтына қатысты этностереотиптер салыстыру төменгі кестеде беріледі.

Кесте 6
Қазақ ұлтына қатысты этностереотиптерді салыстыру

Батыс мәдениет өкілдерінің көзқарасы		Шығыс мәдениет өкілдерінің көзқарасы	
Этнодескрипторлар		Этнодескрипторлар	
жағымды	жағымсыз	жағымды	жағымсыз
қонақжай, қайырымды, мейірімді қара торы, кең пейілді, сабырлы, ашық мінезді, шыдамды, төзімді, күлімсірейтін, көңілді тоқ	*жалқау, ескі сәнмен киінеді, аз ғана, орыстілді, зейінсіз, кеңестік (советский), ысырапшыл, жасқаншақ*	*мейірімді, қонақжай, жақсы, сыпайы, толерантты, сұлу, қызықты, дарынды, жайдары, көпшіл, ашық, жылы шырайлы ұялшақ*	*кішкентай, шуылдап қалған, орыс тілді, батысқа еліктейтін*

Кестеден белгілі болғандай, этностереотиптер ұлттық мінезді сипаттайтын дескрипторлық бірліктер – сапалық белгілері мен адамға тән қасиеттерді сипаттайтын сын есімдер. Олар аксиологиялық концептілермен қатар әртүрлі мәдениеттерде кездесетін эмоцияны шығару ерекшеліктерімен де байланысты. Этнодескрипторлар белгілі бір халықтың мәдениеті мен мінез-құлығындағы жеке фактілерін бақылап, жинап сипаттайды, өз кезегінде олар қалыптасқан әдетті белгілер мен қасиеттер ретінде қарастырылып, этникалық «портрет» құрылуының негізін қалайды. Осындай тілдік бірліктер, сөйлеу формулары іспетті, тіл шығармашылық үдерісіне қосылмай, дайын түрде қабылданып айтылады.

Батыс және шығыс мәдениеттерінің өкілдері қазақтардың ұлттық жағымды қасиеттерін біркелкі этнодескрипторлар арқылы беріп отыр: *қонақжай, қайырымды, мейірімді, кең пейілді, сыпайы, дарынды* және т.б. Ең жиі, әр сауалнамада кездесетін этнодескрипторларға *қонақжай, қайырымды, мейірімді, кең пейілді, сыпайы, жалқау* сын есімдері жатады, сондықтан, олар қазақ ұлтын сипаттайтын гетеростереотиптердің негізгі (базалық) қасиеттерін құрайды. Қазақ ұлтына тән жағымсыз қасиеттерінің бірі – *жалқаулық* негізгі (базалық) этностереотиптер қатарына кіреді. Бұл туралы Абайдың өзі «Қара сөздерінде» жазған. «*Ақымақ күлкіге тоймайды, жалқау ұйқыға тоймайды*» халық даналығы, мақал-мәтелдер жалқаулыққа мін таға отырып, еңбекті сүюге шақырады.

Сонымен қатар, перифериялық (негізгі емес), яғни сауалнамаларда сирек немесе дара кездесетін этнодескрипторлар: *қара торы, төзімді, толерантты, сұлу, қызықты, дарынды, көпшіл, ашық, жылы шырайлы, ұялшақ орыстілді, зейінсіз, кеңестік (советский), ысырапшыл, жасқаншақ.*

Сауалнамаларда кездескен жағымыз этнодескрипторлар қазақ ұлтының перифериялық (негізгі емес) қасиеттерін сипаттайды, сондықтан да оларды субъективтік пікір деп айтса болады. Қазақтардың жағымсыз қасиеттерін американдықтар ашық және жиірек берген, себебі өз пікірін ашық айту, өмірге прагматикалық тұрғыдан қарау, іскери қабілетті дамытып, табысты болу бытыс менталитетіне тән. Ал шығыс мәдениеттері өкілдерінің көзқарасы позитивті, жағымсыз пікірлері болса да, адамның көңілін аулап, айтпауға немесе жұмсартып, жасырын түрде айтуға тырысады.

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей американдықтардың жағымсыз пікірлері көбінесе әлеуметтік жағдайлармен, әсіресе Қазақстандағы гендерлік мәселелермен байланысты. Этнодескрипторлар гендерлік маркілену арқылы айқын көрініп, жағымды немесе жағымсыз ассоциациялар арқылы беріледі.

Қазақ жігіті мен қазақ қызы бейнелері және оларға тән қасиеттермен байланысты стимул-сөздеріне әртүрлі мағыналы сипаттамалар берілген. Олар тек гендерлік айырмашылықты ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар қарама-қарсы аксиологиялық ерекшеліктерді білдіреді. Олар төмендегі кестеде көрсетілген, ассоциаттардың жиілігі кемуіне қарай беріледі.

Кесте 7

«Қазақ жігіті» және **«қазақ қызы»** стимул-сөздеріне реакция ретінде анықталған синтагматикалық ассоциациялық параллельдері

Қазақ жігіті		Қазақ қызы	
ассоциаттар		ассоциаттар	
жағымды	жағымсыз	жағымды	жағымсыз
азиаттық, күшті, мықты, еңселі, биік, ата-анасын құрметтейді, еңбекқор, сабырлы, мықты, күшті, биік бойлы, жылы шырайлы, көп сөйлемейді.	*советтік (кеңес одағына қатысты), сәнді емес, бойы аласа, сексист, агрессивті, жалқау, қырсық, темекі тартады, жауапкершіліксіз, зейінсіз, патриарх, өзіне сенімсіз, көңілдестері бар, кей кезде дөрекі мінезін көрсетеді.*	*сұлу, әдемі сәнді киінеді, азиаттық, шашы ұзын, бойы ұзын, қара торы, еңбеккор, отбасын қадірлейді, отбасын құрғысы келеді, отағасына мойынсұнады, жанұя, мықты, әдемілік, мықты да, әлсіз де эмоционалды, қызықты, қысаң, ұялшақ, киімі мен макияжы әдемі, талғамы жоғары*	*мінезі ашулы, долы, бетін қанық бояған, қатты сөйлейді, айғайлайды, жүкті әйел (американдықтың қабылдауында олар тозған, шаршаған), біреудің қарамағында болады.*

Кестеден көріп отырғанымыздай, ассоциациялардың көбі қысқа және әлеуметтік сипатты иеленген стереотиптер. Сонымен бірге, қазақ қызына шығыс әйелі, от анасы және отбасылық құндылықтардың сақтаушысы ретінде оң баға берілген. Американдық респонденттер абыройына қарай оның сыртқы бейнесін белгілейді: *сұлу, сәнді, азиаттық, қолаң шаш, қара торы, бойы ұзын, ұстамды, әлсіз*. Осыған ұқсас баға беру сын есімдері жалпылама сипатқа ие. Біздің көзқарасымыз бойынша, қазақ қызының бейнесі алынған жауаптарда жағымды мінезбен келтірілген: *әдемі*, *еңбексүйгіш, сезімтал*, *батыл*, сондай-ақ, *әлсіз, қызық, ұян, отбасын қадірлейді, отбасын құрғысы келеді*.

Расында қазақтар ежелден қыздарына қырағылықпен қараған, олардың тәрбиесіне ерекше назар аударған, жақсы әдет пен әдепке баулыған, болашақта қыздардың жақсы ана болуын қадағалаған. Үлкенге деген құрмет, отбасы құндылықтарын қадірлеу, сыпайылық, тіл алғыштық, еңбекқорлық, шыдамдылық ұлттық-дәстүрлік құндылықтар болып табылады.

Сонымен қатар *жүкті, шаршаған әйел* деген реакциялар дара болып келеді. Бұл ассоциаттар қазіргі қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық реалийлерімен байланысты. Соңғы жылдары Қазақстанда бала туу мәселесі артқан, ол үдерісті «бэби-бум», яғни демографиясы ұлғая түсті деген мағынада айтылады. Сондықтан, Алматы қаласы көшелерінде жүкті әйелдер көптеп кездеседі. Жалпы алғанда ассоциациялық жауаптардың бірізділігі тәжірибеге қатысушылардың ойында қалыптасқан бейнелердің ұқсастығын көрсетеді.

Ассоциациялық жауаптардың мазмұны: *ата-анасын құрметтейді, еңбексүйгіш, кең пейілді, сабырлы, аз сөйлейтін* сынды жағымды қасиеттерді белгілейді. Ал "қазақ" деген стимул сөзге сексист (адамды оның гендерлік белгісі бойынша менсінбеушілік), *жалқау, дұшпаншыл, қырсық, жауапсыз, қамқоршыл емес, ұқыпсыз, өзіне сенімсіз, арасында дөрекілік мінез көрсетеді* іспеті жағымсыз белгілері көрсетілген. Мысалы, американдық ұлттық менталитетін иеленушілер үшін заманауи демократиялық қоғамда әйел құқығын қысым жасау деген жат дүние. Сондықтан, *сексист* ассоциаты жиі кездескен жауаптардың бірі болды және осы гендерлік кемсітушілікпен байланысты әлеуметтік құбылысқа сыни қатынастың көрінісі болып табылады. *Біреудің қарамағында болады* деген пікірде осы гендерлік оппозиция, әйел адамның бостандығын шектеу, құқық теңдігі ер адаммен бірдей болса да, оның әлеуметтік статусы әсіресе отбасында төмендету мәселерімен байланысты.

Жоғарыда айтып өткендей, гетеростереотиптерді қалыптастыру барысында өзге елдің құндылықтарын өз елінің стереотиптерімен салыстырады. Осындай салыстыру барысында дәстүрлі қазақ отбасында үй жұмысы, балалардың тәрбиесімен әйелдер айналысып, тұрмысты ұйымдастыру көбінесе әйел адамға жүктелетінін жағымсыз пікір ретінде айтады. «*Қазақстандағы әйелдер мен ерлердің рөлі қандай? Сіздің елдегі гендерлік қатынастармен салыстырыңыз*» деген сауалға американдық респонденттер келесідей түрде жауап берді: «*Қазақстандағы әйелдер құқығы Америкамен салыстырғанда төмен. Мен жұмыс, білім беру, саясат пен отбасылық өмірді айтқан едім. Әйелдер мен еркектер үшін дәстүрлік түсініктері әлі де Қазақстанда орын алған*» (Конрадтың сауалнамасынан); «*АҚШ-та әйелдердің құқықтары еркектермен тең. Әйелдер мемлекеттік лауазымдарда еңбек етеді. АҚШ-тың келесі президенті әйел адамы болуы мүмкін. Қазақстанда әйелдер Батыспен салыстырғанда толық құқықтарға ие емес. Мемлекет әйелдің ең бірінші кезектегі мақсаты ана болу және бала тәрбиелеу деп санайтын сияқты»* (Виллямның сауалнамасынан); Бұл комментарийлер гендерлік кемсітушіліктің

әлеуметтік мәселе екендігін білдіреді, бұл көптеген даулар мен қарсылықтарды туындатады.

«Қазақ қызы» стимул-сөзіне көбінесе жағымды сипаттама берілсе, «қазақ жігітіне» қатысты жағымсыз ассоциаттар көбірек берілді: *сәнді емес, бойы аласа, сексист, агрессивті, жалқау, қырсық* т.б. Осындай үдеріс заманауи қазақстандық қоғамды қабылдауда субъективтік фактордың басым екенін дәлелдейді. Өздерінің құндылықтар жүйесін біздің дүниетаныммен, өмірлік тәжірибемізбен, қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрлермен салыстыра отырып, өз ойындағы пікірін ашық айтты. Ол жалпы америка мәдениетінің ерекшелігімен (өз ойын тік айту, сөз бостандығын кең пайдалану, өмірге прагматикалық көзқарас т.б).

Осылайша «қазақ жігіті» және «қазақ қызы» стимул-сөздеріне берілген ассоциациялық реакциялар дәстүрлі отбасылық құндылықтар мен қазақстандық қоғамдағы гендерлік қатынастардың әлеуметтік-мәдени факторлары туралы американдық және шығыс мәдениет (қытай, корей, жапон, вьетнам) өкілдерінің көзқарасын анықтауға мүмкіндік береді. Олардың пікірінше, гендерлік ерекшеліктерге байланысты ассоциациялары, көзқарастары және ой-пікірлері көбінесе Қазақстанда өмір сүру тәжірибесі мен мәдениаралық қатысым барысында қалыптасты.

Этностереотиптердің қалыптасу дереккөздері: қазақ және орыс тілді қазақстандық масс-медиа ықпалында түзілген этностереотиптердің 88%-ы ғаламтор арқылы, 70%-ы кинофильмдер арқылы, 70%-ы күнделікті коммуникация арқылы, 56%-ы әдеби шығармалар арқылы, 38%-ы БАҚ арқылы қалыптасатыны анықталды.

Ассоциациялық тәжірибенің және социомәдени бағыттағы сауалнама нәтижелері сауалдарға берілген жауаптардағы түйінді сөздер мен жиілік ассоциациялар қазақтардың ұлттық «портретін» жалпылайтын анағұрлым маңызды бағаларды қамтитындығын көрсетті.

Этномәдени стереотиптердің айырмашылығында мәдениаралық қатысымда түсінбеушілік пен қақтығыстың себебі болуы мүмкін. Түр-түске келтірілетін мысалдар, әртүрлі мәдениеттегі эмоционалды концептілер «Культурная семантика цветообозначений в межкультурной коммуникации» атты мақалада қарастырылады [158, 199-205 б.].



Сурет 17 – Мәдениаралық түсінбеушіліктің себептері

Мәдениаралық қарым-қатынас тек қана стереотиптерді айқындаумен шектелмей, сонымен қатар наным-сенімдерді де белгілейді. Наным-сенім – ол тек қана адамды кейбір топпен сәйкестендіру негізінде адамға қарсы бағытталған айып тағу, қате түсінік. Этникалық топтың бейнесі ол туралы стереотиптер, түсініктер, барлық ерекшеліктерінің жиынтығы ретінде қабылданады. Коммуникация үшін стереотиптер пайдалы да, зиян да болып келеді, себебі олар «өзгелерге» қатысты болғаннан кейін наным-сенімге өтіп, алдын ала жағымсыз (негативті) көзқарас қалыптастырады. Осылайша стереотиптердің қақтығысу (бір-біріне үйлеспеушілігі), басқа халықтың мәдениетін түсінбеу және мойындамау нәтижесінде мәдени жанжалдар пайда болады, олар қарым-қатынаста қиындықтар туғызып, «мәдени шок» алудың себебі болуы мүмкін.

Сонымен қатар, заманауи кросс-мәдени зерттеулерде әлем бейнесіндегі эстетикалық қағидалар да ескеріледі, олардан кросс-мәдени әрекеттесудің келесі әдістері туындайды.

Өзге мәдениеттің, өзге эстетиканың болуын ұғыну және өзгенікі болса, ол жаман, нашар деп қабылдауға міндетті емес. Осы мәдениет пен осы адам мені қызықтырады, себебі олар бізге және біздің мәдениетімізге ұқсамайды. Сондықтан толеранттық – мәдениаралық қатысымның міндетті шарты.

Транспозиция (ауысу) – бір мәдениеттен екінші мәдениетке әртүрлі эстетикалық және мәдени компоненттердің ауысуы.

Әртүрлі мәдениеттерге тән ортақ негізгі компонентті іздеп табу. Аталған әдістердің маңыздылығы мен қолдану аясы «Мәдениаралық қарым-қатынастың ғылым деңгейінде зерттелуі жөнінде» атты мақалада қарастырылып, халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияда баяндалды [159, 179-181 б.].

Қорыта айтқанда, стереотиптер мәселесі философиялық және этноәлеуметтік тәсілдердің көпшілігі олардың құрылу негізінде пайда болған этникалық ұғымдар жүйесінен туындайды. Ұлттың қоғамдық санасында қалыптасқан дәстүрлі пікірлер негізінде туындайтын этникалық ұғымдар әлеуметтік мәдени ортаның нәтижесі болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста жаһандану және интеграция заманында қарқынды дамып, халықаралық қатынастарды нығайту жағдайында өзекті мәселелердің бірі болып табылатын медениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері қарастырылды.

Әрине, тиімді мәдениаралық қарым-қатынас құру мақсатында коммуниканттардың тілдік, мәдени және коммуникативтік құзыреттіліктерінің ара қатысы шамамен бірдей болу керек. Бірақ мәдениаралық қатысым үдерісінде лингвистикалық фактордың рөлі ерекше болып табылады.

Диссертацияда зерттелген мәселелер бойынша келесі нәтижелер алынды.

1. Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері анықталып, мәдениаралық қатысым мәселелері жаңа ғылыми парадигмалар жүйесінде қарастырылды. Қазақ тіл біліміндегі мәдениаралық зерттеулердің негізгі үрдістерінің ерекшеліктері сипатталды.

2. Мәдениаралық қатысымдағы тілдік бірліктердің мәдени шартталған семантикасы қарастырылып, әлемнің тілдік бейнесіне кросс-мәдени талдау жасалды. Қазақстандық орыстілді БАҚ дискурсындағы казахизмдер лингвомәдени феномен ретінде қарастырылып, олардың әртүрлі мағынада қолданылған мәнмәтіндері (контекстілері) талданды. Казахизмдердің БАҚ-қа кірігіп, мәтін семантикасы мен стилистикасында өзіндік сипат алуына қарай, орыс тіліндегі семантикалық игерілу мүмкіндігі қарастырылды. Қазақстанның қазіргі орыстілді баспасөз материалдарынан алынған казахизмдердің тақырыптық-идеографиялық жүйеленуі негізінде қазақстандықтардың этностереотиптік түсініктері мен әлемнің тұжырымдамалық ментальдық бейнесінің қалыптасуы туралы қорытындылар жасалды.

3. Ахроматты және хроматты түр-түс атауларының мәдениаралық қатысымдағы семантикасы мен символикасы талданды. Колоремалар мәдени реалийлерді белгілейтін компаративтік жиынтық ретінде белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің білімдері мен тәжірибесін анықтайтын ақпараттық құрылымдар болып табылады. Сондықтан, олардың семантикасы мен символикасындағы тарихи-мәдени ақпарат жан-жақты талданды.

4.Ұлттардың бірегейлігіне, бір-біріне ұқсамайтын, қайталанбайтын өзгешеліктеріне байланысты пайда болатын баламасы жоқ ұғымдарды (лакуналарды) зерттеу – мәдениаралық қатысымның басты мәселелерінің бірі. Белгілі бір ұлт пен мәдениетке тән белгілер, қасиеттер, ұғымдар, құбылыстардан хабардар болмау мәдениаралық қатысымның іске асуын қиындатады, түсінбеушілік пен қақтығысқа әкелуі мүмкін. Сондықтан мәдениаралық қатысым үдерісінде екі тіл мен мәдениет арасындағы көпір ретінде аударманың рөлі ерекше болып табылады. Зерттеуде мәдениаралық қатысым мен аударма арақатынасы анықталып, аударма мысалдары сипатталды. Көркем шығармалардың аудармалары тарихи-мәдени ақпаратты тәржімалау тұрғысынан талданды.

5. Мәдениаралық қатысымда шетел азаматтарының қазақстандық этномәдени реалийлерді қабылдауы ассоциациялық тәжірибе арқылы зерттелді.

Жалпы, ассоциациялық өрістер тілдік белгінің ұлттық-мәдени таңбалануына куә және Қазақстан бейнесі мен оның реалийлерінің өзге мәдени тілдік тұлғаның санасында концептуалды құрылым пайда болуына мүмкіндік берді. Шетел (американдықтар мен шығыс елдерінің өкілдері) азаматтардың ассоциацияларын талдау көпмәдениетті қазақ қоғамында мәдениаралық қатысым мәселесі жаңаша қарастырылып зерделенді.

6. Мәдениаралық қатысымда қазақ жастарының тілдік санасындағы өзге бейнелердің қалыптасуы зерттелді. Жалпы, тәжірибе нәтижелері заманауи қоғамдық үдерістердің айқын сипатын беріп, тілдік санадағы бейнелердің қалыптасуына мәдениаралық қатысым феномені тікелей әсер ететінін дәлелдеді.

7. Мәдениаралық қатысымда жағдайында қалыптасқан этностереотиптер (авто-гетеростереотиптер) сипатталды. Зерттеу нәтижелері бойынша біз мынандай қорытындылар жасадық:

а) американдықтардың жағымсыз пікірлері көбінесе әлеуметтік жағдайлармен, әсіресе Қазақстандағы гендерлік мәселелермен байланысты. Сондықтан, этнодескрипторлар гендерлік маркілену арқылы айқын көрініп, жағымды немесе жағымсыз ассоциациялар арқылы беріледі;

ә) «Қазақ қызы» стимул-сөзіне жағымды сипаттама берілсе, «қазақ жігітіне» қатысты жағымсыз ассоциаттар көбірек берілді: *сәнді емес, бойы аласа, сексист, агрессивті, жалқау, қырсық және* т.б. Осындай үдеріс заманауи қазақстандық қоғамды қабылдауда субъективтік фактордың басым екенін дәлелдейді;

б) этностереотиптердің қалыптасу дереккөздері: қазақ және орыс тілді қазақстандық масс-медиа ықпалында түзілген этностереотиптердің 88%-ы ғаламтор арқылы, 70%-ы кинофильмдер арқылы, 70%-ы күнделікті коммуникация арқылы, 56%-ы әдеби шығармалар арқылы, 38%-ы БАҚ арқылы қалыптасатыны анықталды;

в) ассоциациялық тәжірибенің және социомәдени бағыттағы сауалнама нәтижелері сауалдарға берілген жауаптардағы түйінді сөздер мен жиілік ассоциациялар қазақтардың ұлттық «портретін» жалпылайтын анағұрлым маңызды бағаларды қамтитындығын көрсетті.

Зерттеудің болашақтағы бағдары мәдениаралық қатысымның бірқатар бағыттарымен байланысты.

1. Әртүрлі коммуникативтік стильдерді зерттеу және оларды коммуниканттардың қолдануы. Аккомадацияның, яғни бейімделудің, психологиялық ұғымы коммуникацияның келесі параметрлеріне қатысты зерттеледі: сөз қарқыны, сөйлеу жағдаяттарына байланысты сәйкес лексиканы таңдау, грамматикалық құрылымдарды күрделендіру немесе жеңілдету.

2. Лингвистикалық методологиялардың ішінде мәдениаралық қатысым феномендерін зерттеу үшін коммуникацияның этнографиясы, этносемантика, дискурстық талдау, тұрмыстық коммуникацияны зерттеу, кросс-мәдени прагматика, тіларалық прагматика. Коммуникативтік әрекет үшін ортақ үдеріс болып табылатын дискурсты зерттеу лингвистикалық зерттеулердің маңызды

бағыты. Болашақтағы зерттеулеріміз дискурсты мәдениаралық салыстыру мақсатында зерттеуге бағытталады.

3. Коммуникативтік іс-әрекетті белгілейтін кросс-мәдени прагматика мәселелері, соның ішінде сөйлеу актілерімен байланысты тыйым салу, өтініш айту, сұрақ қою, сыпайылық және басқыншылық жасау болашақтағы зерттеу аясына кіреді.

4. Болашақта іске асатын кросс-мәдени лингвистикалық зерттеулер функционалды бағытта жүргізіледі. Мысалы, бір тілдік кодты пайдаланатын екі мәдени қарама-қарсы топтардың (мысалы, балалар мен ересектердің, әйелдер мен еркектердің коммуникативтік мінез-құлықтары) «тілдерін» салыстырмалы зерттеуін болашақта жүргізу көзделеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Kluckhohn F.R., Strodbeck F.L. Variations in Value Orientations. – Evanston, III: Row Peterson, 1961. – 437 p.
2. Gumperz J., Hymes D. Directions in Sociolinguistics. – New York, 1972. – 71 p.
3. Hall E., Trager D. Culture as Communication. – Garden City, N.Y.: Anchor Press / Doubleday, 1954. – 240 p.
4. Hall E. The Silent Language. – Garden City, New York: Anchor Press / Doubleday, 1959. – 240 p.
5. Абдыгаппарова С.К. Развитие теории и практики межкультурной коммуникации в Республике Казахстан. http: / inlang. linguanet.ru. 15.01.2014.
6. Ержанова А.М. Массовые коммуникации и их влияние на глобальные трансформации культуры. – Алматы: [б.и.], 2010. – 275 с.
7. Досхожина Ж.М. Культурологический анализ межкультурной коммуникации в условиях глобализации: Дис. доктора PhD. – Алматы, 2015. – 120 с.
8. Everett M. Rogers, William B. Hart, & Yoshitaka Miike. Edward T. Hall and The History of Intercultural Communication: The United States and Japan. Keio Communication Review No. 24. http://www.mediacom.keio.ac.jp/publication/pdf2002/review24/2.pdf. 2002
9. Hofstede G. Culture Consequences: International Differences in Work-Related Values. – Beverlly Hills, CA: Sage Publications, 1980. – 475 p.
10. Hofstede G. Cultures and Organizations: Software of the Mind. – N.Y..: McGrow-Hill, 1997. – 279 p.
11. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация: Учеб. пособие. – М.: Слово/Slovo, 2000. – 624 с.
12. Залевская А.А. Вопросы теории и практики межкультурных исследований // Этнокультурная специфика языкового сознания: Сб. статей. – М.: ИЯ РАН, 1996. – С.23–40.
13. Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П. Основы межкультурной коммуникации: учебник для вузов. – М.: Юнити-Дана, 2002. – 352 с.
14. Casmir F.L., Asuncion-Lande N.C. Intercultural Communication Revisited: Conceptualization, Paradigm Building, and Methodological Approaches // Anderson J.A/ (Ed.) Communication Yearbook. – 1989. – №12. – P. 278– 309.
15. Kim Y.Y. Communication Patterns of Foreign Immigrants in the Process of Acculturation // Human Communication Research. – 1977. – № 4 (1, Fall). – P. 66–77.
16. Kim Y.Y. Interethnic Communication: The Context and the Behavior // Communication Yearbook. – 1994. – № 17. – P. 511–538.
17. Гумбольдт В. О различии строения человеческих языков и его влияние на духовное развитие человечества / В. Гумбольдт // Психолингвистика в очерках и извлечениях. – М.: Академия, 2003.
18. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – 2-е изд. – М.: Русский язык, 1990. – 248 с.

19. Герд А.С. Введение в этнолингвистику. Курс лекций и хрестоматия. – СПб.: Изд-во СПб. ун-та, 1995.
20. Толстой Н.И. Язык и народная культура. Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике. – М.: Индрик, 1995. – 262 с.
21. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. 285 с.
22. Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и практика)» – М.: Изд-во РУДН, 1997. – 321 с.
23. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 223 с.
24. Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г. Краткий словарь когнитивных терминов / Под общей ред. Е.С. Кубряковой. – М., 1996.
25. Cole M. Cross-Cultural Research in the Socio-Historical Tradition // Human Development. – 1988. – № 604. – P.23/
26. Lee W. et al. A Sociohistorical Approach to Intercultural Communication // The Howard Journal of Communication. – 1995. – Vol. 6. – №4. – P. 262–291.
27. Маркарян Э.С. Очерки теории культуры. – Ереван: Изд. АН Арм. ССР., 1978. – 228 с.
28. Culture Matters: The Peace Corps Cross-Cultural Workbook. – Washington D.C.: Peace Corps Information Collection and Exchange, 1999. – 258 p.
29. Гумбольдт В. фон Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 415 с.
30. Сепир Э. Язык. Введение в изучение речи // Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Прогресс, 1983. – С. 183–193.
31. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.: Русские словари, 1997. – 416 с.
32. Мамонтов А.С. Язык и культура: сопоставительный аспект изучения. – М.: Сов. писатель, 2000. – 187 с.
33. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Языки русской культуры, 1996. – 228 с.
34. Тарасов Е.Ф. Язык как средство трансляции культуры // Язык как средство трансляции культуры. – М.: Наука, 2000. – С. 45–53.
35. Кубрякова Е.С. Роль словообразования в формировании языковой картины мира // Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – С.141–172.
36. Кубрякова Е.С. Языковое сознание и языковая картина мира // Филология и культура. Материалы II Международной конференции. – Тамбов: Изд-во ТГУ им. Г.Р. Державина, 2004. – С. 9–16.
37. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – 2-е изд., стереотип. – М.: Эдиториал УРСС, 2002. – 264 с.
38. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград:

Перемена, 2002. – 477 с.
39. Байрак Н.В. От функциональной к когнитивно-дискурсивной парадигме лингвистических исследований (по следам недавно прошедшего научного семинара) // Вестник ВГУ. – 2004. – № 4. – С.142–144.
40. Привалова Е.В. Интеркультура и вербальный знак (лингвокогнитивные основы межкультурной коммуникации): Монография. – М.: Гнозис, 2005. – 472 с.
41. Халеева Н.В. Вторичная языковая личность как реципиент инофонного текста / Язык – система. Язык – Текст. Язык – способность. – М., 1996
42. Casmir F.L. Third-Culture Building: A Paradigm Shift for International and Intercultural Communication // Communication yearbook. – 1993. – Vol. 16. – P. 407–498.
43. Shuter R. On Third-Culture Building // Communication yearbook. – 1993. – Vol. 16. – P. 429–436.
44. Бергельсон М.Б. Межкультурная коммуникация как исследовательская программа: лингвистические методы изучения кросс-культурных взаимодействий // Вестник Московского университета. Серия 19. Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2001. – Т. 4. – С. 166–181.
45. Гудков Д.Б. Теория и практика межкультурной коммуникации. М.: ИТДГК Гнозис, 2003. – 288 с.
46. Донец П.Н. Теория межкультурной коммуникации: специфика культурных смыслов и языковых форм: Дис**.** докт. филол. н. – Харьков, 2003. – 333 с.
47. Клюканов И.Э. Динамика межкультурного общения: к построению нового концептуального аппарата: Дис. … д-ра филол.н. – Тверь, 1999. – 320 с.
48. Красных В.В. «Свой» среди «чужих»: миф или реальность? – М.: Гнозис, 2003. – 375 с.
49. Леонтович О.А. Системно-динамическая модель межкультурной коммуникации между русскими и американцами: Дис**.** докт. филол. н. – Волгоград, 2002. – 673 с.
50. Bennet J.M. Basic concepts of intercultural communication. Selected Readings. – Yarmouth, 1998. . – 276 p.
51. Dahl S. Communications and Culture Transformation. Cultural Diversity, Globalization and Cultural Convergence. – Barcelona, 1998. – 234 p. Web: http://www.stephweb.com/capstone/ndex.htm.
52. Jandt F. Intercultural Communication: An Introduction. – 2 ed. – Thousand Oaks, CA: Sage Publications, 1998. – 489 p.
53. Lewis R.D. When Cultures Collide: Managing Successfully Across Cultures. – London, Naperville, III.: Nicholas Brealey, 2000. – 462 p.
54. Samovar, L.A.; Porter, R.E. Intercultural Communication: A Reader. – Belmont, CA: Wadsworth Publishing Company Inc., 1997. – 343 p.
55. Yaple P. Achieving Understanding in Culture: A Comparative Discussion of the Traditions of L.S. Vygotsky and G.H. Mead; The Implications of a Sociohistorical

Concept of Culture and Activity as its Unit of Analysis for the Study of Intercultural Communication // www.http: // yaple.tripod.com/index.html 2001.
56. Леонтович О.А. Русские и американцы: парадоксы межкультурного общения: Монография. – Волгоград: Перемена, 2002. – 435 с.
57. Гудков Д. Б. Семиотика России и русских в мифологии западного кино // и русские в восприятии инокультурной языковой личности. – ЦП Васиздаст Москва, 2008.
58. Куликова Л.П. Межкультурная коммуникация: теоретические и прикладные аспекты. На материале русской и немецкой лингвокультур: Монография. – Красноярск: РИО КГГУ, 2004. – 196 с.
59. Стернин И.А., Ларина Т.В., Стернина М.А. Очерк англоязычного коммуникационного поведения. – Воронеж: Изд-во «Истоки», 2003. – 184 с.
60. Лань Ся Социальная динамика межкультурных коммуникаций России и Китая: Дис. … канд. культуролог. – М., 2010. – 193 с.
61. Цуй Юн Образы Китая и России в межкультурной коммуникации: Дис. … канд. культуролог. – М., 2011. – 180 с.
62. Нестерова О.А. Современные коммуникативные практики в пространстве российско-китайского межкультурного взаимодействия: Дис. … докт. филос. наук. – М., 2010. – 450 с.
63. Лоу Жучжуан Особенности процесса межкультурной коммуникации между Россией и Китаем в сети Интернет: Дис. … канд. социолог. наук. – М., 2003. – 180 с.
64. Апресян Ю.Д. Образ человека по данным языка: Попытка системного описания // Вопросы языкознания. – 1995. – № 1. – С. 37–69.
65. Сорокин Ю.А. Стереотип, штамп, клише: К проблеме определения понятий // Общение: теоретические и прагматические проблемы. – М.: Наука, 1978. – С. 133–138.
66. Байбурин А.К. Ритуал в традиционной культуре. Структурно-семантический анализ восточнославянских обрядов. – СПб.: Наука, 1993. – 237 с.
67. Маслова В.А. Лингвокультурология: Учеб. пособие. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
68. Толстой Н.И., Толстая С.М. Язык и народная культура: Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике. – М.: Индрик, 1995. – 509 с.
69. Бартминский Е. Этноцентризм стереотипа: Результаты исследования немецких (Бохум) и польских (Люблин) студентов в 1993-1994 гг. // Речевые и ментальные стереотипы в синхронии и диахронии: Тез. конф. – М.: ИСБ, 1995. – 160 с.
70. Прохоров Ю.Е. Национальные социокультурные стереотипы речевого общения и их роль при обучении русскому языку иностранцев. – М.: Педагогика-пресс, 1996. – 215 с.
71. Bennet J.M. Towards Ethnorelativism: A Developmental Model of Intercultural Sensitivity // Education for the Intercultural Experience / Ed. by R.M. Paige. – Yarmouth, MN: Intercultural Press, 1993. – P. 21–71.

72. Kohls R.L. Survival Kit for Overseas Living. – Yarmouth, MN: Intercultural Press, 1993. – 88 p.
73. Тарасов Е.Ф. Межкультурное общение – новая онтология анализа языкового сознания // Этнокультурная специфика языкового сознания. М., 1996. С. 7–22.
74. Гладких С.В. Этнические стереотипы как феномен духовной культуры: Дис. … канд. философ. наук. – Ставрополь, 2001. – 154 с.
75. Стернин И.А. Коммуникативное поведение в структуре национальной культуры // Этнокультурная специфика языкового сознания. – М., 1996.
76. Гудков Д.Б. Теория и практика межкультурной коммуникации. – М.: Гнозис, 2003. –
77. Бергельсон М.Б. Лингвистические методы исследования в области (межкультурной) коммуникации // Коммуникация: концептуальные и прикладные аспекты. Материалы II Международной конференции РКА "Коммуникация: концептуальные и прикладные аспекты" ("Коммуникация-2004"). – СПб., 2004. –
78. Porter, R.E., Samovar, L.A. (Eds.) Intercultural Communication: A Reader. – 5 th. . – Belmont, Calif.: Wadsworth Pub. Co., 1988. – 329 p.
79. Gudykunst W.B., Kim Y.Y. Communicating with Strangers: An Approash to Intercultural Communication. – 2 th. . – N.Y.: McGraw Hill, 1992. – 450 p.
80. Kohls R.L. Survival Kit for Overseas Living. – Yarmouth, MN: Intercultural Press, 1984. – 88 p.
81. Тузлукова В.И., Богуславская В.В. Абстрактно-логическая модель коммуникативной концептосферы // Методы современной коммуникации: проблемы теории и социальной практики: Мат.1-й междунар. науч. конф. – М.: МГЛУ, 2002. – С. 71–74.
82. Бадагулова Г.М. Коммуникативная модель в условиях межкультурного общения и билингвизма (на материале русского языка Казахстана) // Acta Linguistica. 2010. Vol. 4. 116–126.
83. Культура взаимопонимания и взаимопонимание культур: Коллективная монография / Под ред. Л.И. Гришаева, М.К. Попова. – Воронеж: Воронежский государственный университет, 2004. – 234 с.
84. Проблемы межкультурной коммуникации в современном обществе: международный сборник научных трудов (Казахстан – Венгрия) / Отв. ред. Е.А. Журавлева. – Астана: Изд-во ТОО «KazServicePrint LTD», 2014. – 280 с.
85. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: Евразия, 1995. – 178 с.ччч
86. Кайдаров А.Т. Тысяча метких и образных выражений (казахско-русскийчч фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями). – Астана: ТОО «Білге», 2003.
87. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнтивтік негіздірі: эиоция, символ, тілідік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 137 с.

88. Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 140 б.
89. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздірі. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 353 б.
90. Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы: ғылыми монография. – Алматы: Ан Арыс, 2007. 312 б.
91. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. – 215 б.
92. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері: Монография. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2010. – 244 б.
93. Смағұлова Г. Мәдениаралық қатысым және аударма мәселелері // «Қазақ тілінің коммуникативтік, фунционалдық бағытта зерттеу және оқытудың инновациялық технологиялары» атты проф. Р.С. Әмірдің 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конф. мат-ры. – Алматы: Арыс, 2010. 179–184 б.
94. Авакова Р.А. Фразеология теориясы – Алматы: «Қазақ университеті» 2009. – 290 б.
95. Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. – 2-е изд. – Алматы: «Демеу», 1996. – 208 с.
96. Жумабекова А.К. Основы системного описания лексики казахского и русского языков. – Алматы: Ғылым, 2000. – 176 с.
97. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж. Словарь социолингвистических терминов. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 170 с.
98. Сейдикенова А. Қазақ және француз тілдеріндегі «Өзім»-«өзге» концептілер (мәтіндер негізінде). Филология ғылымдары кандидатының тарасовдиссертация автореферат. – Алматы, 2009.
99. Амалбекова М.Б. Феномен билингвальной личности в этноязыковом ландшафте Казахстана. – Астана, 2009. – 122 с.
100. Нарожная В.Д. Оппозиция «свой» – «чужой»: проблемы межкультурной коммуникации // www.rusnauka.com. 10.09.2014.
101. Дмитрюк Н.В. Языковое сознание в негомогенной лингвокультурной среде. – М.: ИЯ РАН, 2000. – 118 с.
102. Ахметжанова З.К. К вопросу о казахстанской модели межкультурной коммуникации // Вестник Карагандинского государственного университета. – №1. 2015. – С.6–11.
103. Назарбаев Н. А. В потоке истории. – Алматы, 2005.
104. Свинчукова Е.Г. Языковая картина мира русской диаспоры в Казахстане: Автореф. дис. … канд. филол. наук. – М., 2011. – 28 с.
105. Дмитрюк Н.В. Формы существования и функционирования языкового сознания в негомогенной лингвокультурной среде: Дис. … д-ра. филол.н. – М, 2000. – с.

106. Османова Р.А. Национально-культурная специфика образов сознания русских и казахов (гендерный анализ на материале слов семантического поля «Дом.Семья»): Автореф. дис. … канд. филол. наук. – М., 2011. – 24 с.
107. Шаяхметова А.А. Языковое сознание и особенности его проявления у представителей русского и казахского этносов (социолингвистический и психолингвистический аспекты): Автореф. дис. … канд. филол. наук. – Алматы, 2007. – 24 с.
108. Акижанова Д.М., Сатенова С.К. Культурные ценности казахского народа и деловые переговоры в Казахстане // Perspestive of Science and Education. 2013. №5. – С. 195–201.
109. Жумагулова В.И. Сатира и юмор в русскоязычной прессе Казахстана: лингвистический аспект: Автореф. дис. … д-ра филол. наук. – Алматы, 2001. – 55 с.
110. Сулейменова Э.Д. «Регионализация стандартных языков: от ‘советского’ к ‘казахстанскому’ варианту русского языка?» // Материалы IX Международной научно-исследовательской конференции «Центральная Азия: регионализация и глобализация». Астана, 2012. С. 142-144.
111. Керимова С.М. Орыстілді БАҚ-тағы казахизмдер: мәдениаралық қатынас мәселелері // Қокшетау ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – № 6 (158). – 2015. – 332–336 б.
112. Журавлева Е.А. Семантизация лексики в газетном тексте (на материале казахстанской прессы 1988–1998): Автореф. дис. … канд.филол.наук, 2000. – 131 с.
113. Хасанов Б.Х. Казахско-русское художественно-литературное двуязычие. – Алма-Ата: Рауан, 1990. – 191 с.
114. Рахимжанова Г.К. Тюркизмы в русском газетном тексте (на материале СМИ южного региона Республики Казахстан): Дис. … канд. филол. наук. – Астана, 2004. – 173 с.
115. Шипова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке. Алма-Ата: Наука, 1976.
116. Ханкишиева Э.М. Казахизмы как средство формирования комической картины мира в русскоязычной прессе Казахстана // Вестник КазНУ. Серия филол. – №4–5 (128–129). – 2010. – С. 184–186.
117. Гудков Д.Б., Ковшова М.Л. Телесный код русской культуры: материалы к словарю. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2007. – 288 с.
118. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Языки русской культуры, 1996. – 228 с.
119. Керимова С. Түр-түс атауларының мәдениаралық қатынастағы семантикасы мен символикасы // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – № 6 (158). – 2015. – С. 332–336.
120. Антипов Г.А., Донских О.А, Марковина И.Ю., Сорокин Ю.А. Текст как явление культуры. – Новосибирск, 1989.

121. Қайдаров А.Т., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З.Т. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Қазақстан, 1986. – 93 б.
122. Көктәнді Х. Аспан мен даланың арасындағы 4 ұмытылған тарих. – Алматы: Қасиет, 2001. – 462 б.
123. Тәңірбергенова Б.С. Жарнамадағы түр-түс атауларының берілі сипаты // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – № 2 (132). – 2011. – С. 174–177.
124. М. Ауэзов
125. Аитова Н. Қазақ тіліндегі түске байланысты «қара» және «көк» сөздерінің семантикалық сипаты.Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 224 б.
126. Мәнкеева А.Қ. Адамдардың жас ерекшелігіне байланысты «қоңыр» түсінің ассоциациялануының лингвомәдени ерекшелігі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – № 5 (157). – 2015. – С. 273–277.
127. Леонтович О.А., Шейгал Е.И. Жизнь и культура США: Лингвострановедческий словарь. – 2-е изд. – Волгоград: Станица – 2, 2000. – 416 с.
128. Калимова Ж.У. Фразеологизмы с компонентами цветообозначения в казахском языке): Дис. … канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1992. – 180 с.
129. Артыкбаева Ф.И. Колористический компонент *қызыл* / *красный* / *red* в казахской, русской и английской фразеологии: черты общности и специфичности // Материалы межд. научн. конф. «Инновационные технологии XXI века в сфере науки и образования». – Шымкент, 2012. – С. 151–158.
130. Дмитрюк Н.В. Казахско-русский ассоциативный словарь. – Шымкент; – М., 1998. – 246 с.
131. Дмитрюк Н.В., Молдалиева Д.А., Молданова Ж.И., Нарожная В.Д., Мезенцева Е.С., Сандыбаева Н.А. Қазақша ассоциациялық сөздік. Казахский ассоциативный словарь. – Алматы; М.: Медиа-ЛогоС, 2014. – 330 б.
132. Артыкбаева Ф.И. Внутриэтнические межкультурные сопоставления языкового сознания казахстанцев: диахронический аспект // Вестник Новосибирского университета. Серия. Лингвистика и межкультурная коммуникация. 2015. Т.13, вып. 4. – С. 28–36.
133. Лауланбекова Р. Түр-түс компонентті күрделі аталымдардың танымдық сипаты (сын есім + зат есім үлгісі бойынша): Канд. дис. автореф. – Алматы, 2010. – 29 б.
134. Кашқари М. Түркі тілінің сөздігі (Дивани-лұғат-ат-түрік): III т. шығармалар жин. – Алматы: Хант, 1997. – 536-б.
135. Құрманалиева А. Қазақ тілінің гомогенді омонимдердің этимологиялық негіздері. Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым,1997. – 40-б
136. Нарлох А. Термины цветообозначения в русском и польском языках // Этика и социология текста: Сб. Ст. – Вып.10. – СПб. – Ставрополь: Изд-во СГУ, 2004. – С.420–424.

137. Керимова С.М. Культурно обусловленная семантика языковых единиц в межкультурной коммуникации // Вопросы когнитивной лингвистики. – №1. – 2017. – С.91–98.
138. Кусаинов А., Сарыбаев Ш. Вопросы перевода. Библиографический указатель. – Алматы: РИК КАО им. И. Алтынсарина, 1999.
139. Загидуллин Р.З. Теоретические и методологические основы переводческого тезауруса: Дис. … д-ра филол. наук. – М., 1994. – 397 с.
140. Newmark P. Approashes to Translatoin. Oxford, 1981.
141. Керимова С.М. Лингвокультурные единицы перевода в межкультурной коммуникации // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – №. – 2015. – С.
142. Л.С. Бархударов Двенадцать названий и двенадцать вещей // Русский язык за рубежом. 1969. №4, С. 79-80.
143. Киынова Ж.К. Казахстанская Пушкиниана в контексте художественного перевода: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 110 с.
144. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – М.:Смысл, 1997. – 287 с.
145. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1986. – 304 с.
146. Уфимцева Н.В. Предисловие // Языковое сознание: теоретические и прикладные аспекты: Сб.ст. / Под. ред. Н.В. Уфимцевой. Барнауал: Изд-во Алт.ун-та, 2004. С.3–5.
147. Тарасов Е.Ф. Предисловие // Языковое сознание: устоявшееся и спорное: тез. XIV межд. симпозиума по психолингвистике и теории коммуникации. Москва, 29–31 мая 2003 г. М., 2003. С.3.
148. Леонтьев А.Н. Психолингвистические единицы и порождение речевого высказывания. – М.: Наука, 1969.
149. Керимова С.М. Мәдениаралық қатысымдағы тілдік сананың этномәдени ерекшеліктері // Ш. Уәлиханов атындағы Қокшетау ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – № 3. – 2017. – С.70–75.
150. Kent G.N.& Rosanoff A.J. Study of Association in Instality // American Journal of Instality, 1910. V. 67. No.1–2. – P. 37–96
151. Грушевицкая Т.Г. Основы межкультурной коммуникации: учебник для вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. – 352 с.
152. Kelz H.P. Interculterelle Kommunikation und Wirtschaftsdeutsch-Didaktik // Das Wort. Germanistischer Jahrbuch. – Moskva: Metatatext, Ltd,. 2000.
153. Персикова Т.Н. Межкультурная коммуникация и корпоративная культура: учеб. пособие. – М.: Логос, 20027 – 225 с.
154. Lippman W. Public Opinion. – N.Y., 1950.
155. Katz D. Braly K. Racial Stereotypes in One Hundred College Students // Journal of Abnormal and Social Psychology. 1933. – Vol. 28.
156. Кудрявцев В.Т. Психология развития человека / Основания культурно-историчекого подхода. – Рига, 2001. – Ч. I. – 219 с.

157. Таусоғарова А.Қ. Этникалық стеротиптердің тілдік рәсімделуі (Егемен Қазақстан, Қазақия газеттері материалдары негізінде) // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – №5 (157). – 2015. – С. 89–93.
158. Керимова С.М. Культурная семантика цветообозначений в межкультурной коммуникации // «Перевод как средство взаимодействия культур». Краков, 2015ж. –
159. Керимова С.М. Мәдениаралық қарым-қатынастың ғылым деңгейінде зерттелуі жөнінде // ф.ғ.д., профессор Р.С.Әмірдің 85 жылдығына арналған "Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде: теориясы мен практикасы" атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы, - Алматы қ., 24 сәуір, 2015 ж. 179-181 бет.
160. Чертовских О.О. Межкультурная коммуникация как методологическая основа построения учебного процесса в университетах Великобритании и Российской Федерации: Дис. канд. педагог.н. - М., 2003.
161. Хорошавцева О.П. Средства массовой коммуникации в межкультурных взаимодействий современной России: Дис. канд. культурологии. - Екатеринбург, 2011. – 120 с.
162. Герман Н.Ф. Лингвокультурная идентичность субъекта межкультурной коммуникации: Дис. канд.культур.н. - Челябинск., 2009.
163. Лекции по дисциплине «Введение в теорию межкультурной коммуникации
164. Садохин А.П. Введение в теорию межкультурной коммуникации. М.: Высшая школа, 2005.
165. Тарнаева Л.П. Взаимодействие когнитивных пространств в переводческом дискурсе // Альманах современной науки и образования. Тамбов: Грамота, 2007. № 3. Ч.3. С. 214-216.
166. Рябова М.В. Межкультурная коммуникация как совокупность механизмов столкновения культур // Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов, Грамота, 2010. № 3(7). С. 134-136.
167. Голубева С.С. Проявление различий языкового сознания в разноязычной межкультурной коммуникации // Речевая деятельность. Языковое сознание. Общающиеся личности // Сб. научных трудов / Под ред. Е.Ф. Тарасова. 2006. – М. – С. 77-78.